

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ пәні бойынша  
ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ**

**(Заң факультеті бөлімінің 6В12301 – «Құқық қорғау қызметі» мамандық білім  
алушылар үшін).**

**АЛМАТЫ 2024\2025 ж.**

## **1 Тақырып. Жедел іздестіру қызметі: түсінігі және мазмұны (Кіріспе дәріс)**

### **Лекция жоспары (1 сағ):**

1. Жедел-іздестіру қызметінің маңыздылығы, негізгі сипаттамасы.
2. Жедел-іздестіру қызметінің мақсаттары мен міндеттері.
3. Құқықтық мемлекеттің құрылуы және дамуы кезіндегі жедел іздестіру аппараттарының қалыптасуы.
4. Жедел іздестіру қызметінің маңыздылығы және оның негізгі сипаты

**Түйінді сөздер:** жедел іздестіру қызметіні, құқықтық түсініктер, Сюртэ, ереже, хабарлама, бұйрық.

### **1. Жедел-іздестіру қызметінің маңыздылығы, негізгі сипаттамасы.**

Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары әлеуметтік өмірдің саяси - әкімшілік салада қызмет атқарып жүрген мемлекеттік аппараттың бір бөлігі. Олар әлеуметтік бағытта қызмет атқарады. Сондықтан да әрбір әлеуметтік құбылыстың табиғатын тану үшін оның алғышарттарына көңіл бөлген жөн.

Ерте заманнан бастап алғашқы қауымдағы адамдардың қоректі тауып, оны ұсталуынан кейін әлеуметтік мәнге ие бола бастады. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырап, қоғамның топтарға бөлініп, мемлекеттің пайда болуы, түрлі мемлекет қызметінің пайда болуына әкеліп соқтырды. Тарихи әдебиеттерде құл иеленушілік, феодалдық және капиталистік мемлекеттердің басты мемлекеттік қызметтері ретінде қылмыстық және саяси іздеу қызметін айтуға болады. Мысалы, Ежелгі Египетте табылған ескерткіштер сол елде құпия полицияның болғандығы туралы ақпарат бере алады. Ал, Ежелгі Үнді елінің Ману заңдарында көршілес елге арнайы адамды алаяқтық мәселесімен жіберген еді. Сонымен қатар, Мәскеудің ұлы князі Дмитриймен елші ретінде жіберілген Захарий Тютчевтің Алтын Ордадан алып келген құпия ақпараты Куликов шайқасындағы жеңісте үлкен рөл атқарды.

Петр 1 1711 жылы ұрлықпен күрес жүргізетін Фисскалколлегияны құрып, оның мүшелеріне құпия ақпаратты жинауға мүмкіндік береді. 19 ғасырда Батыс Еуропа мен АҚШ-та кең таралған қылмыстылықпен күрес жүргізуде полицияның арнайы мекемелері құрыла бастады. (Франция - "Сюртэ", Англияда - "Скотланд - ярд" АҚШ-та "Пинкертон агенттігі ") олар қылмыскерлер жайында құпия мағлұматты алып, оның негізінде өз қызметтері жүзеге асырып отырады. Жалпы қылмыстылықтың күшейіп, таптық күрестің шиеленісу нәтижесінде 19 ғасырдың 2-жартысында мемлекеттік кәсіптік деңгейде өз жұмысын саяси және қылмыстық іздеу жүйесі басталды. Ішкі істер органдарында қылмыстылықпен күресті жүргізетін ең алғашқы орган 1917 жылдың желтоқсан айынан 1918 жылдың маусымында РСФСР - дің бүкіл губернияларында өз қызметін жүзеге асыра бастады.

1918 жылдың 5-қазанында жұмысшы шаруа милицияның бас " басқармасының аясында екі бөлімнен тұратын қылмыстық іздестірудің "Центророзыск" Орталық басқармасы жұмыс істей бастады. Оның бір белсенді бөлігі анықтаумен айналысты, ал екінші бөлігі экономикалық құпия саласындағы қылмыстылықпен күрес жүргізумен айналысты.

Құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінің тарихы өткен кезеңде де, қазіргі уақытта да қылмыстылықтың ерекшеліктері мен қоғамға қауіптілігі бейнеленіп көрсетіледі. Қылмыстылық сипатының өзгеруімен осы қызметтің бағыты да өзгеріп отырады.

Көптеген қылмыстардың анализі аса ауыр қылмыстардың алдын ала дайындалып құпия түрде, ал қылмыскерлер өздерінің қылмыстық тәртібін жасырып жүретінін көрсетеді. Соңғы жылдары құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмыстық топты

анықтау үшін қазіргі жаңа техникалық құралдарды және бақылау құралдарын пайдалануда. Рецидивті қылмыстылықтың саны өсуде. Жалпы ауыр қылмыстардың мәнді өсуімен қылмыс өте жоғары дәрежеде сақталуда. Міне, осы қылмыспен күресу жариясыз күштерді, әдістер мен құралдарды қолдану қажеттігін негіздейді.

Сонымен жоғарыда келтірілген тарихты шолу арқылы келесі қорытындыларға келуге болады:

қылмыстың болуы бұл қоғамға қарсы күрес жүргізуге арналған мемлекеттік органдарды құру қажеттігін туғызады.

Қылмыспен күресу жасырын тәсілдер мен жедел аппараттардың тәрбиелік қызметінің қалыптасқан нысаны болып саналады. Олар қылмыстың өзінің ерекшелігіне байланысты құқық қорғау тәжірибесіне енгізілді.

Нақ іздестіру (тыңшылық) функциясы атам заманнан қылмыстарды ашылуын, кінәлілерді анықтап, іздестіру және сонан соң оларды сот билігінің қолына тапсырылуын қамтамасыз етті. Тыңшылық қызметік римдік прсторлардың жарлықтарында, ортағасырлық трибуналдардың инквизициялық процестерінде, ресейлік тыңшы бұйрығының тәжірибесінде өз көрінісін тапқанын деректер дәлелдейді.

Қылмыскерді әшкерелеу және ұстау тек қылмыскердің қолынан келсді деген сенім баяғыдан болған. Сондықтан да Ресей, Франция, Англияның қылмыстық құпиялы тыңшылық қызметінің бастауында авантюристер, қылмыскерлер тұрды. Мәселен, ресейлік қылмыстық тыңшылығының тарихында елсулі із қалдырған тұлға Ванька Каин деген лақап аты бар ұрлықшы-рецидивист Иван Осипов болды. 1741 жылдың желтоқсанында ол өзіне белгілі және өтініш-арызда атап көрсетілген 32 қылмыскерді "ізіне түсіп ұстау" үшін оны қызметке алу өтінішімен тыңшылық бұйрыққа арыз берді. Оның өтініші қанағаттандырылып, ол бірнеше жыл бойы шын мәнінде қылмыскерлерді іздеп, "сөз тасушылықпен айналысты. Алайда осымен қатар өзі де Тыңшылық бұйрықпен полиция шенеуніктерімен бірлесе қылмыстар жасады. Оның ісінің әшкерелсуі мен тергелуінсн кейін 1755 ж. Ванька Каинға қамшылау мен айдалу жазасына ауыстырлған өлім жазасы шығарылды.

Францияның полицейлік қызметінің тарихы өзінің түп-тамырымен Наполеон заманына барып тіреледі. Бастапқыда оның басты міндеті қылмыстардың жолын кесу емес, корольдердің саяси қарсыластарымен күресу болды. Кейінірек қылмыстылықпен күресу үшін Париж префектурасының бірінші бөлімі құрылды. Алайда саны аз аппарат қылмыстылықтың: қарақшылықтың, ұрлықтың бетімен кетуі жағдайында жағдайды қолға алуға шамасы келмеді.

Тек 1810 жылы, қылмыстылықтың толқыны Парижді басуға дайын болғанда, Сюрте (қауіпсіздік) француздық қылмыстық полициясының тууының сәті түсті. Оның негізін қалаушы Эжен Франсуа Видок болды. Осы аңызға айналған адамның тағдырының құбылмалылығын Ю.Торвальд былайша суреттеп жазады.

Видок 35 жасқа дейін оқиғаға толы ретсіз өмір кешті: артист, солдат, матрос болды, тұтқынға алынған кезінде бірнеше рет түрмеден қашты. Қашуға қанша батыл әрекеттер жасағанымен, жолы болмады: әр кезде ұсталынып қалатын. Ақыр соңында Видок азапты жұмысқа кесіліп, бұғауға салынды. Түрмеде Видок аса қауіпті қылмыскерлермен жылдар бойы іргелес өмір сүрді. 1799 жылы ол кезекті сәтті қашқындық жасайды да, саудамен айналысып, Парижде он жыл заңсыз тұрды. Осы жылдары түрмелердегі бұрынғы көршілері оның өкімет қолына тапсырумен қорқытып, бопсаға салды. Оларды жек көріп, Видок Париждың полицейлік префектурасына аттанады және оның қылмыстық өткенкетксіне кешірім жасалсын деген шартпен қылмыстық әлем жөніндегі келісімдерін қылмыскерлерді ұстау үшін пайдалануды ұсынды.

1810 жылы Париждік полиция префектурасының Бірінші бөлімінің бастығы мен париждік полицияның префектісі Паське аса ауыр криминогендік жағдайды есепке ала отырып, Видоктың ұсынысымен келісті. Олар Видокке Париждегі қылмыстылықпен күрссуді тапсырып, ерекше шешім қабылдады. Қазіргі тілмен айтқанда, жедел-

тактикалық комбинация өткізілген болатын. Жасырын әрекет мақсатында Видок қайта тұтқынға алынып, онан соң қашуды сахналаумен босатылды. Видоктың резиденциясы полицейлік префектураға жақын орналасты. Ол қылмысты тек қылмыскер ғана жеңе алады деген сенімде болды. Міне осы принцип бойынша Видок өзінің қызметіне қызметкерлерді іріктеп таңдаған. Көп ұзамай ол құпиялы кордан ақы төлеген және одан темірдей дағды алған бұрында тұтқынға алынған 20 адамды қабылдады. Жұмыстың нәтижесіне қарағанда, Видок батыл және дарынды тыңшы болды. Ол сирек кездесетін көзқаперіне, ішкі түйсігіне ие болды, шыдамдылықпен және өз рөліне төселумен ерекшеленді, қылмыстық әлемін жақсы білді. Ол өзіне таныс барлық қылмыстар жөнінде мәліметтер жиналған мұрағат құрды. Тек бір жылда ғана Видок өзінің 12 қызметкерлерімен — бұрынғы қылмыскерлермен 812 кісі өлтірушіні, ұрыларды, қарақшыларды, тонаушылар мен алаяқтыларды тұтқынға алды, оған дейін өкімет қол тигізуге тәуекел етпеген притондарды жойды. Видоктың ұйымы "Сюртэ" ("Қауіпсіздік") деген атқа ие болды. Француздық криминалдық полиция дәл осыдан бастау алады.

1883 жылы Видок қызметтен кетті, өйткені полицияның жаңа префектісі криминалдық полицияның бұрынғы қылмыскерлерден құралуының қарсыласы болды. Видок өмірінің қалған кезеңін қызықты өткізді, жеке меншік тыңшылық бюросын құрды, аумақты комерсант, жазушы, ұлы жазушы Бальзактың досы болды. Видоктан кейін "Сюртэ" бастықтары буржуазия өкілдерінен құралды. Бұрындарда қылмыскер болған қызметкерлер орнын буржуаға берді.

Бірақ олардың қызметінде Видоктың принципі сақталды — көптеген бұрынғы қылмыскерлер қылмыстық әлем жөнінде ақпарат беріп, "Сюртэге" құпия түрінде жұмыс істеді.

"Сюртэнің" кейінігі бастықтары Луи Лепин, Гарон қылмыскерлерді әшкерелеу үшін күрделі жедел-тактикалық комбинацияларын ұйымдастырып, өткізуге тамаша қабілеттеріне ие болғанын атап кеткен жөн. "Сюртэ" бастығы Гарон аты аңызға айналған тұлғаға айналды. Қылмыскерлерді қудалау оның құмарлығы болды. Оның тыңшылары қылмыскерлер олшемімен жұмыс істеп, притондардың ішінде еніп, қылмыстық әлем жайында қажетті құнды ақпарат беріп отырды. Сотталғандармен бірге олар ортүрлі түрмелерге түсіп, онда маңызды мәліметтерді барлап біліп отырды. "Өліп", басқа құжаттармен басқа жерлерде құпиялы полицейлік қызметін жалғастырды. Жауап алу кезінде Горон "қамшылау және арбау" әдісін пайдаланды. Ол шынында да Парижді террорға алған талай бандыларды жоюға қол жеткізді.

Англияда құпиялы полицияның бастауында Джонатан Вильд (Уайльд) тұрды. Ол XIX ғасырдың бірінші он жылдығында талай таралған еркін, жалған атақты "детективтерді" ең атақты өкілі болды. Бүгінде Ю.Товальдтың сол кездегі Англия полициясының әлсіздігінің себептері жөніндегі сөз жолдарының қызығушылық тудырмауы мүмкін емес. Ағылшындықтардың азаматтық бостандықтар туралы асырып жіберген зиянды түсініктері сол кезде ағылшын жұртшылығының полицияның кез келген түрінде осы бостандықтарға қауіпті деп санауына әкелді, ал XIX ғасырдың 30 жылдары Лондонды қылмыстылық басып, лондондықтар қылмыстылық, зорлау, заңсыздық батпағында батып жатты.

Қылмыстылықпен жанжал ерікті детективтерді, құпиялы тыңшыларды, сөз тасушыларды тудырды. Олардың көбісі бұған пайда табу немесе қызықты оқиғалар іздеу үшін барды. Қылмыскердің ұсталуы мен оның сотталуы кезінде олар ақшалай айыппұл мөлшерінен сыйайы немесе сыйлық алып отырды.

Джонатан Вильд (Уайльд) ұры және өшедегі қарақшы, Лондонның қылмыстық әлемін ұйымдастырушы болды. Ол өзін құпиялы тыңшы, Ұлы Британия мен Ирландия генералы" деп атады. Лондонда оның кеңсесі мен қызмет көрсетушілердің үлкен штабы бар виласы болды. Вильд оған бағынғысы келмеген жүздеген қылмыскерлерді сотқа беріп, дарға жіберді.

1725 жылы Вильдтің өзі тонаушылық жасағаны үшін дарға асылды. 25 жыл өткен

соң Лондондағы Вестминстрдің бұрынғы бітім судьясы, жазушы Генри Филдингтың табанды тілегі бойынша криминалдық полиция құрыла бастады. Алайда оның қызметкерлерінің әдістері Видоктың әдістерінен айырмашылығы шамалы еді және олар лондондық қылмыстылықпен күресте айтарлықтай табысқа жетті.

Полиция өткенде де, қазіргі кезде де қылмыстық әлсмінің қызмтіне сүйенді, өйткені дәл осы ортада қылмыстарды болдырмау және ашу үшін құқық қорғау органдарына қажет көлемді және құнды ақпарат сақталатынына назар аударған жөн. Үлкен әлеуметтік зиян төндіретін қылмыстық құрылымдарды ашу үшін қазіргі жағдайларда мұндай жұмыс қауіпті әрі қиын. Ол жау тылындағы күрес тактикасымен тумалас және қылмыстардың кашанға жасалғанына шйін шарасыз. Және де бұл арам жұмыс деп екіжүзділік көрсетпеу қажет.

XIX ғасырда әртүрлі елдерде қылмыстық (тыңшылық) полиция пайда болып, дами бастайды. Ресейде тыңшылық полиция 1864 жылғы сот реформасынан кейін көп ұзамай Санкт-Петербургте ISMi жылы, ал одан соң Мәскеуде, Варшавада, Ригада құрылған болатын. 1908 жылдың 6 шілдесінде "Тыңшылық бөлімді құру туралы" заң қабылданып, ол бойынша 89 губерниялар мен елсулі уездік қалаларда полиция құрылымында тыңшылық бөлімшелер құрылды. Сонымен бірге ІІМ тыңшылық бөлімшелер бастықтары қызметіне кандидаттарды даярлауға ерекше көңіл болді. Петербургте қылмыстық тіміскілеудің даярлау курстары ұйымдастырылған болатып. Курс бағдарламасы тындаушының тіміскілеу тәжірибесін және "сот полициясы мен прокуратура қызметкерлері үшін кейбір шет елдік университеттерде бірнеше жылдар бойы енгізіліп, Австро-Венгрия мен Германияда "криминалистика" және Швейцария, Бельгия, Франция мен Италияда "ғылыми полиция" деген атқа ие ғылым секілді қажетті пәнін" оқуды белгіледі.

Қылмыстық тіміскілеуде криминалистика (ғылыми полиция) ұсыныстарының пайдаланылуы озінің жиынтығында қылмыстық-полицейлік тактика деген атқа ие болуын құрады. Оның мазмұнын қылмыскерлер мен қылмыстармен күрестің сот-полицейлік амалдарды, қылмыстарды алдын алу, жолын кесу. табу және ашудың тәжірибелік әдістері құрады. Тыңшылықтың ғылыми "техникаландыруы" сонымен бірге осы қызметтің дәстүрлі құралдары мен амалдарымен тыңшылық полиция қызметкерлері жузге асыратын сыртқы бақылаумен қылмыстық ортадан шыққан жасырын мәлімет берушілерді пайдаланумен және тб. сай келді. Ол үшін нормативтік негіз "алдын ала анықтау кезінде полиция өзіне керек барлық мәліметтерді тінтулер, үйде алуды жүргізбейсіздерулер, ауызша сұрастырулар мен жасырын бақылау арқылы жинайды" деп жариялаған 1864 жылғы Қылмыстық іс жүргізу Жарғысының 254 бабы болды.

Ресейдің патшалық үкіметі полицейлік аппаратты күшейтуде белсенді шаралар қолданды. 1880 жылы ІІМ Полиция департаменті құрылып, бүкіл полицейлік аппараттың орталықтандырылуы аяқталады. Сонымен бірге орталық полицейлік орган өз қолында патшалық құрылыстың мемлекеттік бастауларын қорғау бойынша кең өкілеттіліктер шоғырландырды. Жандармдардың саяси полиция аппаратын нығайту және кеңейтуге ерекше көңіл бөлінді.

Жандармдардың жекс корпусының саны өсті, бүкіл Ресей бойынша жандарм органдарының жүйесі ұлғая түсті. Күзет бөлімшелері туралы Ережеге сәйкес оларға мемлекеттік қылмыстар жөніндегі істер бойынша жасырын тергеу жүктелді. Әрбір күзет бөлімшесі сыртқы бақылау агентурасы (филерлер) мен жасырын агенттеріне ие болды. Агентура құрамы Полиция департаментімен аса мұқият таңдап алынды.

Революциядан қорыққан үкімет бүкіл елді құпиялы агенттер жүйесімен қамтыды. Құпиялы қызметкерлер жұмысының тиімділігін жоғарлатуға ұмтылып, Полиция департамент 1914 ж. жандармдық және іздестіру мекемелерінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша Нұсқау дайындап, онда құпиялы агентураның фабрикалық, кәсіби (кәсіподақтарда), ағарту (ағарту және өзге қоғамдарда), ауыл шаруашылық, шекаралық, ойлап табу ("спорт және кәсіп ретінде авиация, су астында

жүзумен айналысатын қоғамдар мен студентік үйірмелерде"), түрмелік секілді әртүрлі түрлері белгіленді. Жасырын агенттерінің негізгі міндеті революциялық ортаға және олармен партиялық қатарға ену болды. Полиция департаменті күзет бөлімшелерінің бастықтарына "хабардарлықты қамтамасыз ететін бірден бір толық сенімді құрал ретіндегі ішкі және құпиялы ісіпураны алу мен сақтауды" жүктеді. Полиция департаментінің ирективаларында "революциялық ортада орын алған құпиял қызметкерлерді, ... ешкім және еш нәрсе ауыстыра алмайды" деп арнайы атап өтілді.

Кейде күзет бөлімшелерінің құпиялы қызметкерлеріне партиялық қатарға енуге, революциялық ұйымдардың тұрақсыз бөлігінде агентураны қызметке тартуға мүмкін болды. Бұл тұрғыда эсерлер партиясының ОК-нің мүшесі бола тұра, ұзақ жылдар бойы күзеттің ақылы агенті болған Азефтың мысалы аса жарқын болып көрінеді.

1908 жылы 6 шілдедегі Заңмен қылмыстық қылмыскерлерді қудалаудың арнайы аппараты — қылмыстық тіміскілісу құрылды. Губерниялық полицейлік басқармалар құрамында және ірі қалаларда жалпы қылмыстық сипаттағы істер бойынша қалаларда, сол сияқты уездерде іздестіру жүргізу үшін тыңшылық бөлімдер ұйымдастырылған болатын. Тыңшылық бөлімшелер қызметкерлеріне сот жарғылары мен өзге заңнамаға сәйкес қылмыстарды тергеу үшін қажетті құқықтар мен міндеттер берілді. Сонымен бірге дөрекі заңсыздық, паракорлық, сатқындық патшалық Ресейдің өзге де барлық бөлімдерінде сияқты полицияда ксінен таралды. Сол кездесгі Ресей шындығының өзіне тән ерекшелігі қылмыстың үнсімі өсіп отыруы болды.

Әрине, полиция тарихи процеспен алдын ала анықталға оқиғалар барысын өзге реттеуге дәрменсіз болды. Ақпан төңкерісі аяқталып, патша құрылысы құлады және осымен бірге халыққа жек көрінішті полиция да жойылды. Қарсы шыққандар және оларға қосылған қылмыскерлер полицейлік учаскелерді талқандап, ғимараттарды өртсіді және істерді, картотекаларды жойды. Сол кездегі оқиғаларды көзімен көрген және оның белсенді қатысушысы А.Ф. Керенскийдің сөздерін келтірейік: "Ақыр соңында, таң сәріде (1917 ж. 2 наурызда) мен үйге аттануды шештім. Құпиялы полиция агенттерінің еріп жүруімен таныс көшелер бойымен жүру, қарауылшылар маңынан өтіп, онда 1905 жылы менен жауап алынған жандармериядан шығып жатқан түтін мен өрт жалынын көру түсініксіз еді". Сол күндерді секе алып, А.Ф. Керенский әрі қарай былай деп жазады: "Біз, әрине, II Николайдың басқаруы осы жек көрушілік шаралар легіне мол азық болғанын ойладық". Халық арасында ескі ржымге жек қорышылық кең етек алды.

1917 жылы 11 наурызда мәселе шешілді: монархия мен династия өткен уақыттың атрибутына айналды, ал жоғарғы билік — атқарушы және заң шығарушы — бұдан былай Құрылтай жиналысын шақыруға дейін Уақытша үкіметтің қолына көшті.

Елдегі жағдай өте ауыр еді. Күн сайын Мәскеуде өрескел қылмыстар — кісі өлтіру мен тонау жасалынды. Ұрлық әдеттегі құбылысқа айналды.

Өкіметтің қызметі икемсіздік пен тиімсіздікпен срекшеленді. Қылмыстардың басым бөлігі ашылмай қалды, соттар жүйелі түрде жұмыс істеген жоқ. Тергеу аса баяу жүргізілді, лауазымды тұлғалар пара алды, бұзықтық істер және т.б. жасады. Мемлекеттікбилік өзінің сипатына орай қылмыстылықпен шын мәнінде күресе алмады.

Қоғамдық пікірдің қысымымен Уақытша үкімет қылмыстармен табысты күресу мақсатында іздестіру полициясының арнайы бөлімін құрды, бірақ бұл бөлімнің құрылуы іс жүзінде ештеңе өзгертепеді.

Шын мәнінде Уақытша үкімет тұсында қылмыспен күрес жүргізілмеді. Уақытша үкіметтің мәліметтері бойынша 1917 жылдың алғашқы алты ай ішінде Мәскеу ішінде жасалынған қауіпті қылмыстар саны төрт есе өсті. Қала тұрғындары террорға ұшырады. Қылмыскерлер ашық түрде қимыл жасады, олардың арсыздығы шегіне жеткен сияқты көрінді.

Нәтижесінде Мәскеуде және Мәскеу губерниясында 1917 жылдың екінші жартысында кәсіби кісі өлтірушілер мен тонаушылардан құралған 30-дан астам банда жазасыз әрекет жасады. Олардың орталық және оңтүстік Ресейдің дерлік барлық үлкен

қалаларының қылмыстық әлемімен кеңінен тәртіпке салынған байланыстары болды, олардың қарауында ұрылар притондары, тоналғанды сақтау және сатып алу орындары жүйесі болды, бірқатар жағдайларда қылмыскерлер полиция және тыңшылық бөлім қызметкерлерінің келісімімен және олармен бірлесе іс-қимылдар жасады. Кісі өлтіру, тонау, зорлау саны ұлғая түсті. Мәскеулік газеттерде ауыр қылмыстардың жасалғандығы туралы хабарламаған бір де бір күн өтпеді.

Мәскеуде түзелмес қылмыскер-рецидивистер: Плещинский Гришка-адвокат"), Сафонов ("Сабан"), Филиппов, әрі Павленко әрі Крылов ("Козуля"), Кошельков ("Яйька Кошелек") және басқалар басшылық еткен бандалық топ ең өрескел және белсенді әрекет жасады.

Плещинский, мысалы, барып тұрған рецидивист болды, шабуыл кезінде ол, әдетте, өзінің құрбандарын өз қолымен өлтірген. Кошельков бандасы да өзінің қарақшылық шабуылдарын құрбандардың санын есепке алмай, бұрын-соңды болып көрмеген қатыгездікпен жасады. Топ басшысы Кошельков әкесімен бірге бірінші рет 1912 жылы сотталды, бірнеше ай өткен соң оны қайтадан соттады, 1913 жылы ол екі рет сотталады, ал 1914 жылы оны бесінші рет соттады. Түрмеден кезекті қашудан кейін Кошельков 1914 жылдың желтоқсанында бұзумен жасаған ұрлық үшін үш жылға сотталды, бірақ көп кешікпей қайтадан қашты. 1916 жылдың і і і арында Кошельков оныншы рет сотталды. Уақытша үкіметтің рақымшылығынан кейін ол қайта Мәскеуде пайда болып, онда ұзамай-ақ өрескел шабуыл жасаушылардан жиналған үлкен плотны ұйымдастырды. Оның қарақшылық бастан кешкендері жайлы Мәскеуде ғана емес, басқа да көптеген қалаларда білетін. Тіпті ысылған қылмыскер-рецидивистер барлық жағдайларда тәни күшпен пән кісі өлтіруге ик артқан Кошельковтан қорқақтайтын. Кошельковтың бандасында қылмыскер- рецидивистер Емельянов (Сережка барин"), Хохлов ("Ванька Хохол"), Мартазин және басқа көптегендер әрекет жасады. Банда 60-тан 100-ге дейін адам құрады; Кошельковқа "сенімді адамдар" керек болғанда, оған Мәскеуде жеке оның маңайында әрекет жасайтын барлық қылмыскерлер көмектесетін.

Мәскеудің бейбіт тұрғындары үшін "Чума" және "Сашка Хромой" деген лақап аттары бар қарақшылар басшылығындағы топ үлкен қауіп төндірді. Оған негізінен Хитров базары ауданында әрекет жасаған 83 қылмыскер кірді. Олар дерлік заңды түрде, көбінесе түнде ғана емес, күндіз де әрекет етті.

Сол кездегі жағдайды 1917 ж. 30 шілдесегі "Ресей таңы" газетінде жарияланған Мәскеу сот палатасы прокурорының хабарламасы пқын көрсетеді: "Сот әлсіреген, елсіз қалған. Қылмыстылық соғыс кезінде және әсіресе соңғы айлар ішінде айтарлықтай ұлғайды, ал тергеу жүргізетін ешкім жоқ. Бұл құбылыс бүкіл Ресей үшін ортақ секілді, жалғыз Мәскеу ғана одан зардап шегіп отырған жоқ". Бұған көп жағдайда Уақытша үкіметтің саясаты мүмкіндік берді.

1917 ж. 18 наурызда әділет министрі А.Ф. Керенский ақпан төңкерісіне дейін сотталған барлық қарақшыларға, тонаушылар мен кісі өлтірушілерге толық рақымшылық жасау жөнінде жарлық шығарды. Рақымшылық., заңның мәтініне сәйкес, "қылмыстарға ұшыраған азаматтар үшін жаңартылған және жарқын өмірге" жол ашатын жаңа мемлекеттік тәртіпті қорғауға "халықтың барлық творчестволық күштерін күшейтуге" жәрдемдесу қажеттілігімен түсіндірілді. Рақымшылық алған қылмыскерлер "жаңа құрылыста заңдылықты орнату" мақсатында отан қорғауға шақырылды.

Рақымшылық алғандардың көбісінде бостандыққа шыққан соң не ақшасы, не киімі болмады. Бұрын оларды қажетті киімдер мен ақшамен қамтамасыз еткен түрме комитеті енді көмекке келу мүмкіндігінен айырылды. Осы жағдайларда рақымшылық алғандардың көбісіне тіпті өзінің ықпалына қарамастан бұрынғы кәсібімен қайтадан айналысуға тура келді. Алайда бұл Уақытша үкіметті көп мазалаған жоқ.

Қазан төңкерісінен кейін (1917 ж.) қылмыстылық аса елеулі болып қала берді, өкіметтің бақылауынан шығып, бандитизмнің жүгенсіздігімен сипатталды.

Жаңа үкімет қылмыстылықты басуға шешімді шаралар қолданды, бірақ бұл процесс

ұзаққа созылған және күрделі болды. Қылмыстылықтың бетімен кетушілігімен максатты күресу үшін 1918 ж. 5 қазанда РКФСР НКВД алқасының шешімімен Қылмыстық іздестіру құрылып, қылмыстық, сипаттағы қылмыстарды жасырын тергеу және бандитизммен күресу жолымен революциялық тәртіпті қорғау үшін құрылады деп корсетілген Ереже бекітілді. Қылмыстық іздестіру жұмысына жалпы басшылық жасау үшін ішкі істер наркоматының карауындағы жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасы жанында Қылмыстық іздестіру орталық басқармасы құрылды.

Қылмыстық іздестіру орталық басқармасының жұмысы біраз уақыт іс жүзінде елдің орталық ауданымен, бірінші кезекте Мәскеу және Мәскеу губерниясымен шектелді, өйткені жекелген қалалар мен аудандармен байланыс жүйсілі болмады.

1918 жылдың қарашасында 1918 ж. 5 қазандағы жергілікті жерлерде қылмыстық іздестірудің арнайы бөлімдерін құру жөніндегі **Н К В** Далқасының қаулысына еойкес Мәскеуде ақырында қылмыстылықпен күрсс пен бандитизмді талқандауда өзінің табыстарымен танымал болған қалалық қылмыстық іздестіру басқармасы і

### **ҚЫСҚАРТЫЛҒАНЫ МУУР** құрылды.

Ресей Федерациясының қалаларында қылмысты іздестіруді, ұйымдастыру туралы жұмысшылар мен солдат депутаттарының жергілікті Кеңестеріне арнаған өзінің хатында Орталық қылмысты іздестіру былай деп жазды: "Тыңшылық ісін ғылыми биіктікке көтеріп шын мәніндегі тәжірибелі қызметкерлер, ғылыми мамандар кадрларын құрудың кезі жетті. Қарғыс атқан патшалық режимненбізге мураға қылмыстық әлеммен өзінің жеке шаруаларын істеген, көп жағдайда, халықтың басым бөлігі күдікті өнгеліліктің бір бөлігінен караган (көбінссе әділ) жартылай қиратылған, ешқайда жарамсыз тыңшылық аппарат қалды". Мұндай жағдайды әрі қарай шыдау мүмкін емес.

Осының барлығын түзстіп, тіміскілеу ісін онегелілікті және мемлекеттің бастауларын қорғайтын қылмыстық іздестіру қызметкерінің ізгі атағына күдіктіңколенкесі де түспейтіндей етіп қалыптастыру қажет".

Танымдық көзқарас тұрғысынан қылмыстық іздестіруді ұйымдастыру туралы ең алғашқы нормативтік актілер аса қызық болып көрінеді.

Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасының ВЧК Төрағасы жолдас Ф.Э. Дзержинскийге Ресейдегі Қылмыстық іздестірудің орталық басқармасын құру туралы **ХАБАРЛАМАСЫ № 684 9 қазан 1918 ж.**

Үстіміздегі жылы 5 қазанда өткен Ішкі істер халық комиссариаты алқасының қаулысы негізінде милиция Бас басқармасы жанында Ресейдегі қылмыстық іздестірудің Орталық басқармасы құрылды, ол туралы Басқарма жолдас төрағаның назарынажеткізеді.

Қылмысты іздестіру бөлімдерін ұйымдастыру туралы **ЕРЕЖЕ** 16 қазан 1918 ж.

1. РКФСР-дің әртүрлі тарауларында (бөлімдерінде) рволюциялық тәртіпті қорғау үшін қылмыстық сипаттағы қылмыстарды жасырын тергеу және бандитизммен күресу жолымен келссі срсже негізінде усздік қалаларда, сол секілді кем дегснде 4000045000 тұрғыны бар ел халқы тұратын қыстақтарда кеңестік-шаруа милициясының барлық губсрниялық басқармалары жанында бір бастық басшылығында және қызметкерлердің қажетті санымен қылмыстық іздсетіру бөлімдері құрылады.

Ескерту. Қылмыстық іздестіру штаттары әрбір жеке мекемеде халықтың санымен, қылмыстылықтың көлеміне және өзге мән-жайларға сәйкес анықталады және губерниялық қылмысты іздсетіру бастығымен басқарма бөлімі мсңгерушісінің бекітуіне ұсынылады және НКВД-ның қорытынды бекітуіне ұсынылады.

2. Қазіргі барлық қылмыстық-іздестіру мскемслері аталмыш ережеге сәйкес қайта құрылып, өзге ретелуі тиіс.



Ескерту. Осы срежеден шегінуге және шығаруға оған әр ретте тек Ішкі істер комиссариатының ерекше келісімімен жол беріледі

РКФСР-де НКВД-ның Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасы жанында қылмыстық-ізвестіру ісінің қызмстіне жалпы басшылық жасау және оны басқару үшін ерекше бөлім — Қылмыстық ізвестірудің орталық басқармасы құрылады.

НКВД-ның Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасы жанындағы Қылмыстық ізвестіру орталық басқармасы қылмыстық ізвестірудің қалалық және губерниялық бөлімдерінің қызметі үстінсн бақылау құқығына ие.

НКВД-ның Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасы жанындағы қылмыстық ізвестірудің Орталық басқармасының бастығы ішкі істер халық комиссарының бекітуімен НКВД-ның Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясы басқармасының меңгерушісімен тағайындалады және босатылады.

Губерниялық, және қалалық милиция басқармалары жанындағы қылмыстық-ізвестіру бөлімдерінің бастықтары полиция Бас басқармасы меңгерушісінің ұсынысымен губерниялық атқару комиссариаты басқармасы бөлімінің меңгерушісімен тағайындалады және ішкі істер халық комиссарымен бекітіледі.

7. Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының губерниялық басқармасы жанындағы қылмыстық ізвестірудің бөліміне мыналар тиесілі:

- 1) губерния аумағында қылмыстық ізвестіру ісінің қызмстіне басшылық жасау;
- 2) бұйрықтар шығару, тиісті нұсқаулар беру, тарату және түсіндіру;
- 3) губерния ішіндегі қылмыстық ізвестіру қызмсті үстінсн қадағалау, сондай-ақ ревизия жүргізу;
- 4) сондай-ақ, губерниялық, қала ішіндегі қылмыстық іс-әрекетпен, бандитизммен, ұрлықпен, тонаумен және тағы басқа **қылмыстық** құбылыстармен күрес.

8. Қылмыстық ізвестірудің қалалық (уездік және қыстақтағы) бөлімдері өзінің ауданы ішінде қылмыстық іс-әрекетпен, бандитизммен, ұрлықпен, тонаумен және тағы басқа қылмыстық құбылыстармен күрес жүргізуі тиіс.

9. Көпшіліктің жиналуы орындарында қылмыскерлер үстінен бақылау мақсатында қылмыстық ізвестіру қызметкерлері басқарма бөлімі меңгерушісінің қолы қойылған ерекше куәлігімен театрларға, цирктерге, кинофотографтарға және тағы басқа мекемелерге ақысыз кіріп шығу құқығын пайдаланады.

10. § 14, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 32, 37, 41, 45, 46 және 47 Әділет және ішкі істер халық комиссариаты

1918 жылы қазанда шығарған кеңестік жұмысшы-шаруа милициясын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулар қылмыстық ізвестіру үшін де қолданылады.

Ескерту. Қылмыстық ізвестіру мекемелері үшін НКВД-ның кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасымен жасалынатын толық нұсқасы қосымшашығарылатын болады.

Қылмыстық ізвестірудің жаңа аппаратының құрылуы кезең-кезеңмен, ойластырылып жүрді. Шаралар қайта құру кезеңінде жұмыста сабақтастықты қамтамасыз ету үшін қолданылды. Осыған орай 1918 ж. 12 желтоқсаннан №351 губерниялық милиция басқармаларында қылмыстық-ізвестіру үстелдерін құру туралы барлық атқару комиссариаттарына кеңестік жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасының бұйрығы шығарылды.

*"Жақын уақытта жұмыс жағдайларын жан-жақты ашықтап, жалпы қарқында саны аз халқы мен үлкен емес қылмыстылығы бар уездік қалаларда қылмыстық-ізвестіру ісін қайта құруға дейін қылмыстық ізвестірудің арнаөлімдерін құруға әзірге қажеттілік жоқ. Аталмыш уезде қылмыстылық үстінен үнемі бақылау үшін милицияның осы секілді уездік басқармалары жанында және оның барлық аудандарының қарамағында осы уезд немесе ауданда қылмыстық ізвестіру және қылмыстар бойынша тергеу болуы тиіс*

қылмыстық-іздестіру немесе қылмыстық-тергеу үстелін құруға қажет. Осы үстелді жалпы меңгеру милиция бастығы немесе оның көмекшісінің міндетінде жатыр. Тіміскілеуді жүргізетін тұлғалар (милиционерлер, аға милиционерлер немесе ол үшін арнайы тағайындалған немесе қызметке уақытша келген әскери агенттер) өздерінің ісәрекеттерінде қызмет бабына орай милиция бастығы алдында жауапты және барлық милиция қызметкерлерімен ортақ негізде оған бағынады.

Ерекше жағдайларда милиция бастығының карамағына және оған көмекке іздестіруді жүргізу үшін, қажетіне орай қылмысты іздестірудің губерниялық бөлімінен бірнеше агенттер қызметке уақытша келе алады.

Милиция бастығы оған сеніп тапсырылған милиция басқармасы агенттерінің қызметі туралы толық және дәл есепті ай сайын (есептік айдың соңынан 5 күнінен кеш емес) жіберу қажет болғанда қылмысты іздестіру бойынша Орталық іздестірудің барлық бұйрықтары мен ережелерін басшылыққа алу міндетті.

Есептік бланкілер үлгілері және түсіндірулер мен ережелері бар кітаптар барлық уездік және қалалық милиция басқармаларына уақытылы таратылған болған.

Жоғарыда баяндағанның барлығы өнінде барлық уездік және қалалық милиция басқармалары бойынша дереу іске асыру үшін сіздің жедел өкіміңізді сұраймын ".

Қылмысты іздестіру органдары Ережеде милицияның бірыңғай аппаратының бір бөлігі ретінде қарастырылды. Милицияның Бас басқармасы құрамында бастығы Ішкі істер халық комиссарымен бекітілген РКФСР қылмысты іздестірудің Орталық басқармасы (Орталық іздестіру) ұйымдастырылған болатын. Қылмысты іздестірудің Орталық басқармасы қылмысты іздестірудің губерниялық, және қалалық органдарының жұмысын бақылау құқығына ие болды

Қылмысты іздестірудің губерниялық басқармалары губерния ішінде қылмысты іздестіру органдарының қызметін басқарды. Олар дербес бұйрықтар шығарды, қажетті нұсқаулар берді, қадағалауды жүзеге асырды, қылмысты іздестіру органдары қызметіне тексерулер жасады.

Сөйтіп, қылмысты іздестіру органдары милицияның бірыңғай аппаратының құрамдас бөлігі бола тұра, қылмыстық қылмыстылықпен күрес бойынша өздерінің тікелей функцияларын жүзеге асыруда белгілі жедел дербестік алды. Осындай дербестіктің қажеттілігі қылмысты іздестіру органдары жұмысының өзіндік ерекшелігінен, қылмыстарды жасырын тергеу формалары мен әдістерінің қолданылуынан туындады.

Қылмыстармен күрестің нақтылы міндеттері, өзіндік ерекшелігі бар формалары мен әдістері қылмысты іздестіру органдары қызметінің арнайы құқықтық реттелуін белгіледі, оны қылмысты іздестірудің Орталық басқармасы айтарлықтай жүзеге асыратын Орталық іздестіру заңи күші мен мазмұнының сипаты жағынан ведомствалық әкімшілік актілер болып саналатын бұйрықтар мен жарлықтарды, құқықтық актілерді шығарған.

РКФСР қылмысты іздестіру Орталық басқармасы азғантай уақыт кезеңі ішінде қылмысты іздестіру органдары жұмысында техникалық құралдарды қолданумен байланысты мәселелерді құқықтық жағынан реттеу жасалынған бірқатар бұйрықтар мен жарлықтар шығарды.

Қылмысты іздестіру жұмысының, алғашқы күндерінен бастап қылмыстылықпен күрестің ғылыми әдістеріне, бірінші кезекте, белгілі криминалистік амалдар мен құралдармен қылмыскерлерді тіркеу жүйесін құруға үлкен мән берілді.

Оны келесі құжаттар дәлелдейді.

**Кенестік жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасының барлық губерниялық Басқарма бөлімшелеріне БҮЙРЫҚ № 694 9 қазан 1918 ж.**

Кенестік жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасы губерниялардағы қылмысты іздестіру мекемелерінің барлық бастықтарына тікелей өз атынан қолға алынған

күннен бастап бір ай ішінде суретке түсірілген барлық қылмыскерлердің фотосурет карточкаларын 3 данамен, сонымен бірге міндетті түрде алфавит (аты-жөні), сол секілді қылмыстардың түрлері бойынша жеке тандап алынған бланкі үстіндегі дактилоскопиялық таңбасымен жеке фотосуреттерді ұсынуға тәуелді өкім шығаруды сұрайды. Бірінші кезекте жаңадан тіркелген қылмыскерлерден сол мөлшердегі данамен түсірілген барлық фотосурет карточкалары жүйелі түрде жедел тәртіппен жіберілуі тиіс.

*Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасының меңгерушісі Орталық іздестірудің Бастығы Кеңес меңгерушісі*

Криминалистік құралдар мен әдістерді қылмысты іздестіру жұмысына енгізуге ұмтылудың дәлелі **Ресейдегі қылмысты іздестірудің орталық басқармасының кеңестік жұмысшы-шаруа милициясының Бас басқармасына қылмыскерлерді тіркеудің жаңа тәртібін құру қажеттілігі жөніндегі ұсыныстары** болып табылады (12 қазан 1918 ж.).

"Қылмыстарды ашу бойынша жұмыс жасайтын тұлғаларға іздестіру аппараттары үшін қылмыскерлерді мүмкіндігінше толық тіркеу мүмкіндігіне ис болудың қаншалықты маңызды екені жақсы мәлім.

Олардың фотосуреттері жәбірленушілер мен куәгерлерге көрсету үшін күнделікті қажет, іздестіру агенттері карточкалар бойынша өз ауданының қылмыстық әлемімен танысады, карточкалардың суреттері жасырылған қылмыскерлерді іздестіру үшін бұйрықпен жан-жаққа жіберіледі, дактилоскопиялық таңбалар қылмыс орындарында жасалынған із-таңбалар бойынша сараптама үшін қолданылады, барлық фотографиялық және дактилоскопиялық материал тұтқынға алынғандардың, өзінің атын тапсырғандардың және т.б. жеке басын анықтау кезінде қажет.

Сонымен бірге қылмыскерлерді тіркеу ісінің қазіргі танда тиісті д еңсәйдс тұрмауы төңкәріс кезінде көптеген тыңшылық бөлімдердің талкындалуына және талқандалу кезінде көптеген жылдар бойы жинақталған барлық материалдың жойылуына және бір жағынан тіркеу тіркелушіге міндетті емес сипатта болып қала беруімен байланысты, ал қылмыскерлердің уақытысымен арыздануы кезінде аса маңызды және қауіпті қылмыскерлер тарапынан тіркелуге тартылудан үзілді-кесілді бастартуды жиі-жиі кездестіруге мәжбүрміз.

Сонымен бірге толық және дұрыс қойылған тіркеусіз ідестіру ісін дұрыс жолға қою мүмкін емес және жұмыстың өнімділігі күрт төмендейді.

Мұндай жағдайды жою үшін заң жолымен келесіні орнату қажет

1) қылмыстық-іздестіру бюролар жанында фотосурет пен дактилоскопияның көмегімен қылмыскерді тіркеу енгізіледі;

2) тіркелген қылмыс жасағаны үшін абақтыда бір рет жаза өтеген тұлғалар тартылуы мүмкін;

3) атын анықтау мақсатында тіркеуге өзінің жеке басы жөнінде қажетті дәлелдер келтіре алмайтын тұтқындалғандар тартылады;

4) қылмыстық істер бойынша сараптама жүргізу үшін дактилоскопиялық түсіруге қылмыс жасауда сезіктенген барлық т ұ л ғ а л а р бұрын сотталды ма жоқ па, соған қарамастан тартылуы мүмкін, бірақ егер олардың кінәлілігі сотта дәлелденбесе, олардың суреттері мен таңбалары қылмыскерлердің жалпы тіркеуіне келіп түспейді;

5) тіркеу материалы құпиялы қызметтік сипатқа ие және тіркеуден өтуден бас тартқаны үшін кінәлілер Жаза жөніндегі жарғының 29 бабы бойынша жауапкершілікке тартылады және күш арқылы тіркеуден өтуі мүмкін, ол туралы ерекше акт жасалынып, жергілікті сотқа жіберіледі;

6) бекітілген және жедел тәртіп жағдайында атап өтілген ереже қазіргі кезде қылмысты іздестіру жүргізетін мекеме дайындап жасайтын жалпы нұсқауға енгізілетін болады. Баяндалған жөнінде үкім шығаруға ұсынамын".

Жаңа билік кезінде де қылмысты іздестіру мәлімет беріп тұрушылардың, агентураның қызметінен бас тарта алмады. Сол кезде жүрген нұсқаулар қылмысты іздестірудің әрбір белсенді қызметкеріне жасырын мәлімет берушілерді тартуға және олардан жүйелі түрде ақпарат алып тұру міндетін жүктеді. Сонымен қатар қылмысты іздестіру қызметкерлері қылмыстылықпен күресте бұқара халықтың топтарына сүйенді.

Бандитизммен күрес бойынша жедел шаралар тәртібін көптеген ірі бандалық топтарды анықтауға және зиянсыз етуге мүмкіндік берді. Бандит-рецидивистерді ұстау үлкен қауіпке кезікті: қылмыскерлер ашынып қарулы қарсылық көрсеткен. Мәскеулік қылмысты іздестіруге бандитизммен күрес жөніндегі Мәскеу Төтенше комиссиясының ерекше тобының берілуі жағымды рөл атқарды. Жұмысты дұрыс ұйымдастырудың арқасында көп ұзамай елеулі табыстарға қол жеткізілді. Халыққа жасалған үндеулер, бандидтерді жасырғанына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту туралы қатаң ескертулер, қайда және кімге өтінішпен баруды дәл көрсету, — мұның барлығы бандитизммен күресте үлкен рөл атқарды.

1919 ж. 29 қаңтарда қылмысты іздестіру және МЧК ерекше тобының қызметкерлері ірі қылмыскер-рецидивистер бандаларының орналасқан орнын анықтады. Бандиттер ашулы қарулы қарсылық көрсетті. Атыстан кейін бандиттердің төртеуі ұсталынды. Тінту кезінде олардан ақша, револьверлер, бомбалар тартып алынды. Тергеу барысында мәлім болғандай, ұсталынған бандиттердің бірі Волков көптеген өрескел қылмыстар жасаған, соның ішінде кісі өлтіру бар, ол бандит Кошельковпен бірлесе 1919 ж. 19 қаңтарда В.И. Ленинге қарсы қарулы шабуылға қатысты. ұсталынған барлық бандиттер ату жазасына кесілген болатын. Үкім көп кешікпей орындалды.

1919 ж. ақпанда табанды ізденістердің нәтижесінде ірі шабуылшы Павловты (лақап аты "Козуля") ұстаудың сәті түсті. Тінту кезінде одан екі револьвер мен бағалы алтын заттар тартып алынды. Бұл бандит мекемелер мен банкілерге ірі қарулы шабуылдардың ұйымдастырушысы болды, 1919 ж. 22 қаңтардың түнгі күзетші милиционерлерді және 1919 ж. 29 қаңтарда ВЧК-ның самокат үстіндегі адамдарды өлтіруге қатысты. Сол күні 1919 ж. 22 қаңтарында бандиттер автомобильмен жүріп, 22 милиционерді мерт қылды.

Көптеген тонаулар, кісі өлтірулер мен ойрандау үшін бандит Кириллов және онымен бірге ұсталынған бандит Кириллов атылған болатын. Баспасөзден қауіпті бандиттер тобының атылғаны жөнінде біліп, халық ойрандатушылар мен қарақшылар жазасыз бұзықтық жасаған кез артта қалғанын сезінді.

Қылмысты іздестіру қызметкерлері қылмыскерлер пана табуы мүмкін барлық қонақүйлер мен жеке пәтерлерді аралау мен тексеру жүргізді. Осы операцияның нәтижесінде 200 қылмыскер, соның ішінде 65 қауіпті рецидивист ұсталды. Жасалған қылмыстардың көбісі жоғарыда атап көрсетілген бандиттерді табысты ұстаудың арқасында ашылған болатын. Қылмыстарға қатысқан бандиттердің жеке басы дәл анықталған, бандиттердің жиналу және қандай да бір қарақшылық шабуыл жасаудың алдындағы кеңес құру орны болған пәтерлері де табылды. Осындай "пәтерді" бірін тінту кезінде мылтық, 2 наган, 2 маузер, 3 браунинг, мылтықтар мен револьверлердің 1000 дана патроны мен 8 бомба табылып, тартып алынды. Бандитизммен күрестегі табыстар осы кезеңде қылмыстар толқынын тоқтатуға мүмкіндік берді.

Кеңестік Ресейдегі Қылмысты іздестіру аппараты жағдайға байланысты бірқатар жылдар бойы құрылды. 1920 жылдың қазанында Қырғыз (Қазақ) Автономдық Кеңестік Социалистік Республикасының (РКФСР құрамына кіретін) Ішкі істер халық комиссариаты Қылмыстық іздестіруді құрды. Республика милициясының Бас басқармасы жанында ішкі бөлім ретінде қылмысты іздестірудің орталық басқармасы құрылды. Барлық ірі қалаларда қылмыстық-іздестіру бөлімшелері ұйымдастырылды.

1920 жылдың аяғында Қазақстандағы милициялық аппарат қайта ұйымдастырылып, 1920ж. маусымдағы "Жұмысшы-Шаруа милициясы туралы Ережеге" сәйкес құрылды. Милиция жалпы ( уездік-қалалық), қылмыстық-іздестіру, өнеркәсіп және темір жол болып бөлінді.

**Дегенменде 1918 жылдың 5 қазанын отандық Қылмыстық іздестірудің құрылуының басталу кезеңі деп есептеген әділ.**

Іздестіру жұмысының ғылыми негіздері жөнге келе бастады. Криминалистік жөне жедел есептер құрылды, қылмыстарды тергеудің криминалистік құралдары мен әдістері енгізілді. Бандитизммен, ұрлықпен, мал ұрлығымен күрес белсенді жүрді (Қосымшаны қар.).

Қылмысты іздестіру қызметкерлерін даярлау үшін Қазақстанның Бас милициясы арнайы курстарын ашты. Басында жедел құрамның оқытылуы милицияның басқарушы құрамының Орынбор мектебінде өтті.

Оқу бағдарламасының қаншалықты өнімді, мазмұнды болғанына келесі мысал дәлел. Милицияның орта басқарушы құрамының мектептеріндегі қылмыстық-іздестіру бөлімшесінде екі пәнге: іздестіруді ұйымдастыру мен қызметіне және қылмыстық техникаға (криминалистика осылай деп аталды) үлкен назар аударылды. Оқытудың екі жылдық мерзімі кезінде жедел-іздестіру жұмысының курсы 252 оқу сағат құрады, қылмыстық техника мен методология (тергеу әдістемесі) — 800 оқу сағатынан асты.

Кейінгі жылдары жедел-іздестіру қызметінің мәселелері жедел-іздестіру қызметінің жиынтығы құрылған НКВД-МВД басшылық құрамының Алматы мектебінде, "Жедел-іздестіру қызметінің" кафедралары бар КСРО ИМ Алматы арнайы милиция мектебінде, ПМ Қарағанды және Алматы жоғары мектептерінде жүйелі түрде оқытылды. Қазіргі таңда мұндай жиынтықтар мен кафедралар аталмыш пәннің оқытылуы арнайы әдебиет пен материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етілген Республика ПМ-нің барлық арнайы оқу орындарында бар. Оқыту процесі қылмыстарды ашу, тергеу және болдырмау тәжірибесімен тығыз байланысты.

Жедел-іздестіру қызметінің және оның негізгі субъектісі — қылмысты іздестірудің теориясы мен тәжірибесін танудағы тарихи көзқарас өткенді саралауды қажетті түрде белгілейді. Тарихи көзқарас оқыту процесінде де үлкен рөл атқарады. Ол жедел-іздестіру қызметінің теориясы мен тәжірибесі жөніндегі дұрыс емес көзқарасқа жақсы қайтарым болады, алғашқы деректемелерге сүйену қажеттілігін тудырады, аталмыш құбылысты объективті бағалауға жәрдемдеседі.

Отандық қылмысты іздестіру мен жедел-іздестіру қызметінің пайда болуына қатысты тарихи құжаттар алғаш қадамдарынан бастап оперативті жұмыста заңдылықты, демократиялылықты, жеделділік пен ғылымилықты орнатуға, жалпы милиция бөлімшелерімен және халықпен, сондай-ақ сот билігімен өзара әрекеттесуге ұмтылғандығын дәлелдейді.

О л т у р а лы қылмысты іздестірудің жұмысын ретке келтіретін алғашқы құжаттардың бірі: 1919 жылдың аяғында (дәл күні белгісіз) орталық іздестіру жасаған, кеңестік жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасының Меңгсрушісі мен Орталық іздестірудің бастығы қол қойған "Қылмысты іздестіру жөніндегі нұсқау" айқын дәлелдейді.

Өте қызықты және маңызды бұл құжатты, менің пікірімше, жедел іздестіру қызметінің пайда болуының бастауын жақсырақ түсіну үшін осының барлығының болған уақыты мен орнын жақсы ұғыну көз алдына елестету үшін білу қажет.

Нұсқау ең әуелі жедел жұмысты жүзеге асырушы Қылмысты іздестіру аппараттарының бағыну тәртібін (иерархиясын) анықтады.

Мәселен Ресейде қылмысты іздестірудің барлық бөлімшелері қылмысты іздестірудің Орталық басқармасына бағынды. Нұсқау бөлімшелер бастықтарына, олардың көмекшілеріне, инспекторларға, субинспекторларға және барлық дәрежедегі агенттерге қатысты болды. Сол жылдары қылмысты іздестіру қызметкерлерінің лауазымы осылай деп аталды. Қылмысты іздестіру қызметінде заңдылықты сақтау және сонымен бірге ресми түрде жарияланған нормативтік актілерді басшылыққа алу талабы назар аудартады.

Барлық іс-әрекеттерінде аталған тұлғалар "Жұмысшы-Шаруа ү к і м е т і н і ң

заңдары мен үкімдері жинағын", сондай-ақ ресми органдарда жарияланған үкіметтік биліктің декреттері мен қаулыларын дәлме-дәл басшылыққа алуы тиіс деп айтылады Нұсқауда.

Қылмысты іздестірудің жұмыс мақсаты айқын, нақты анықталып жедел қызметтің өзіне тән әдістері көрсетілді.

Қылмысты іздестіру бөлімшелері жасырын агентура мен сырттан бақылау жолымен қылмыстардың дайындалып жатқандарын алдын алу, жасалынғандарын ашу және мәлім болғандардың жолын кесуді мақсат етеді".

Ол үшін оларда қылмыстық және теріс элементтер үстінен жүйелі қадағалау болуы керек ұрылардың пәтерлері, тонағанды алып-сатарлар контрабандистер, жалған ақша жасаушылар жөнінде мәліметтер, күдікті адамдар үстінен, әсіресе көпшілік жиналған орындарда, мысалы: театрларда, көңіл ашатын базарларда, процессияларда және т.б. бақылау, қылмыстық сипаттағы барлық оқиғалар жөнінде хабардар болуы тиіс. Тиісті жағдайларда қылмысты іздестіру бөлімшелері алдын ала анықтау жүргізеді".

Қылмысты іздестірудің сот билігі органдары мен жалпы милициямен өзара әрекеттесу механизмін мен мақсаты белгіленген болатын. Бұл орайда ең бастысы мүмкіндігінше істелінген қылмыстардың бір де бірі ашылмай қалмауын, кінәлілердің іздестірілуіне көңіл бөліп, қылмысты іздестіру өз қызметінде сот билігі органдарымен және жалпы милициямен тығыз байланыс ұстап тұратындығы айтылған. Ерекше жағдайларда, қызметкер бастығының тапсырмасы бойынша өзінің, губерниясы немесе қаласының сыртында да, әсіресе қандай да бір шара қабылдауда кешіктіру қылмыс ізінің немесе кінәлінің жасырылуына қауіп төндірген кезде, іздестіру мен алдын ала анықтауды жүргізе алды.

Басқа қалаларға қызметке жіберілген қызметкерлер орнына келісімен қылмысты іздестірудің жергілікті бөлімше бастығына келіп, онымен бірлесе және одан тиісті жағдайларда тіптуге, алу мен тұтқындауға ордер алып, оның көмегімен іс бойынша әрі қарай тергеу жүргізуге міндетті болды.

Қылмысты іздестіру қызметкерлері қажет болған жағдайларда жәрдем алу үшін жалпы милицияға сүйене алатын, қылмыстарды тергеу, кінәлілерді іздестіру мен ұстау, сондай-ақ, сұрау салу, тіпту, алу сәкілді жексеген тергеу іс-әрекеттерін жүргізу бойынша сотбилігі мен жалпы милицияның тапсырмаларын орындауға міндетті болған.

Қылмысты іздестіру қызметкерлеріне тапсырмалар сот билігімен жазбаша түрде қылмысты іздестіру бөлімшелері арқылы беріледі деп қарастырылды. Ал ауызша тапсырма алып, қылмысты іздестіру бөлімшесі оны орындаудан бас тартпай, оның жазбаша расталынуын сұрату тиіс.

Сот билігінің тапсырмаларын қылмысты іздестіру қызметкерлері алған жағдайда соңғылары ол жөнінде тікелей өзінің бастығына немесе оның көмекшісіне хабарлауға міндетті.

Қандай да бір іс бойынша бір уақытта республиканың әртүрлі жерлерінде іздестіру шараларын қабылдау қажет болған жағдайда немесе іздестіру барысында қылмысты іздестіру бөлімшесінің шет елдік өкіметпен катынас жасау немесе қызметкерлерді шет елге қызметке жіберу қажеттілігі туындағанда бөлімше бастығы Орталық іздестіруге ұсынумен кіруге міндетті болды.

Нұсқау жедел ақпарат көздерін, оны тіркеудің іс жүргізу рәсімі мен тексеру тәсілдерін қамтыды. Қылмысты іздестіру қызметкерлер қатарында: халықтың қауесеті; сөз тасулар; қылмыстың куәсі болмаған тұлғалардың мәлімдемелері; қылмыстың куәсі болған тұлғардың мәліметтері; мекемелердің, ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың хабарламалары; жәбірленушілердің шағымдары; қылмыспен оның іздерінің бар екенін тікелей жеке куәландыру; кінәсін мойындап келу секілді әр түрлі дерек көздері не сүйсініп жасалған қылмыстар жөнінде мәліметтер жинап қабылдауға бұйрық берілді. Өтініш қабылдаушы арыз берушіні оқиғаның мән-жайы жөнінде немесе оған белгілі қылмыстық іс-әрекеттердің белгілері жайында сұрастыруға және ауызша өтініштің мазмұнын

толығымен хаттамаға түсіріп, хаттама жасауға, ал жеке берілген шағымның мазмұнын арыз берушінің сұрау салуымен дереу тексеруге міндетті болды. Арыз беруші берген заттық дәлелдемелер мен құжаттар жөніндегі ми и мәліметтер олардың толық сипаттамасымен хаттамаға түсірілді.

Өтініш хаттамасына арыз беруші және өтінішті қабылдаған лауазымды тұлға қол қойған. Қайсы біреуді қылмыстық іс-әрекетінде анық кінәлау жағдайында арыз беруші жалған хабар бергені үшін жазаланатыны жөнінде ескертілді.

## **2 Жедел-іздістіру қызметінің мақсаттары мен міндеттері.**

Жедел іздістіру қызметінің қалыптасуы мен даму кезеңдері жедел іздістіру ғылыми негіздерінің дамуына жағымды әсер етті. Өз уақытында бұл процесс қылмыстық іс жүргізу ғылымдарынан - криминалистика ғылымдарынан жедел іздістіру қызметінің теориясы пайда болды.

Криминалистика жедел іздістірудің де, тергеудің де бір ғылыми негізі болып есептеледі. Одан басқа іздістіру мен тергеу әрекеттері кейде ұқсастырылды және әр кезде бір ыңғай қызметтің элементтері сияқты қарастырылды, оның процессуалды емес сипаты көңілге алынбады.

Сонымен бұл жағдай криминалист - ғалымдардың өз ғылымының ерекшелігін жедел іздістіру қызметінің проблематикасына жақындағанымен байланысты.

Олардың көбі, мысалы, И.Н.Якимов, С.М.Потапов және т.б. ұзақ уақыт қылмыстық іздістіру аппараттарында қызмет атқарды немесе бұл аппараттармен қызметтесті. Бұл әрине олардың жариясыз қылмыстарының тәсілдерін криминалистика зерттеу пәніне жатқызуға болады.

Қылмыстық іздістірудің, ал кейін БХСС аппараттарының іздістіру жұмыстарында соттық фотосуреттердің берілгендері, сөздік портрет туралы зерттеуі, дактилоскопия, тінту, қарау сияқты тергеу әрекеттерін жүргізуінің тактикалық тәсілдері кең қолдана бастады. Алайда криминалистиканың қалыптасуы мен дамуымен сәйкес келген қылмыстық іздістіру аппараттардың өмір сүру алғашқы жылдарында қылмыстық іздістіру қызметінің негізгі институттары қалыптаса бастады. Олар өз мақсаттарымен, тапсырмаларымен және мазмұнымен криминалистикадан тыс шықты және кейін тиісті теориялық негізін алды.

20-30 жылдары мемлекеттік қылмыстық іздістіру мекемелерінің' жедел іздістіру қызметіндегі келешек ғылыми зерттеуге және жалпыламаларға негіздер салынды. Мысалы: Ф.Э.Держинскийдің бұйрығынша Бүкіл Ресейлік төтенше қомессия (ВЧК) мен қылмыстық іздістіру органдары тәжірибелік полицияның түрлі нұсқаулары оқытылды, іздеу жұмысының тактика-техникалық тәсілдерге критикалық жасалынды.

Бүкіл Ресейлік төтенше қомессия (ВЧК) органдары іздеу полиция жұмысының жағымды да, жағымсыз тәжірибесін зерттеп және талдау жасап, өз қызметінде бұрынғы мамандардың білімдері мен тәжірибелерін, қылмыстық тіркеудің материалдарын пайдалана бастады.

Бұл кезеңге 1925 ж. наурыз айында әкімшілік бөлімдердің және қылмыстық іздістіру бөлімшелердің басқарушыларының 1-бүкіл ресейлік съезінде жарияланған іздістіру жұмысындағы ғылыми ұйым тапсырмаларының қалыптасуы жатады. Қылмыстық іздістіру аппараттарының жедел қызметінің ғылыми қамтамасыз етудегі үлкен жұмыс негізінен ғылыми - техникалық бөлімінің орталық іздістіру құрамы мен сонымен бірге қылмысты және қылмыскерлерді зерттеу ведомства аралық институтымен жүргізіледі.

20-жылдары жедел іздістіру қызметі туралы И.Н. Якимовтың алғашқы жұмыстары шыға бастады. Кейін ол мемлекеттік университеттің профессоры болып жұмыс істеді. Оның "Әкімшілік хабаршы", "қазіргі іздістіру өмірі" жалпы тақырыбы мен жарияланған шығармаларында, "Криминалистика", "қылмыстық техника мен тактика" атты криминалистикалық оқулықтарда жедел іздістіру әрекеттерінің тактикасы, олардың

қылмыстарды ашумен тіркеуі деген сұрақтар қарастырылады, іздестіру өнерінің теорияны құру идеясы қойылады. Бұл өнерді ол "ең қиын өнерлерге" жатқызды. Өйткені, оның объектісі адам. И.Н.Якимовтың жұмыстары мәнді дәрежеде компилятивті мен еліктеуі түрінде болғанымен олар сол уақыттың басқа криминалистердің жұмыстары сияқты жедел іздестіру ғылыми негіздерінің дамуына жағымды әсер етті.

Жедел іздестіру тәжірибесі тұрғысындағы пікірлер С.М. Потапов, С. Тагер, В.И. Громов және т.б ғалымдарды еңбектерінде орын тапқан. Дактилоскопиялық және жедел іздестіру ақпаратының жүйелерін жетілдіру қылмыстық іздестіру қызметі жөншеп ұйымдастырушылық құрлыстық сұрақтарды тәртіпке келтіру, милицияның жедел іздестіру аппараттары мен бас бостандығынан айыру орындары мен ара қатынасты ұйымдастыруды ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) үлкен жұмыс жүргізді. Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлаумен күрес жүгізудің жедел іздестіру шараларын ұйымдастыру және олардың тактикасы жөніндегі сұрақтардың терең жетілдірілуі басталды.

40-ж 1-жартысы мен 50-жылдары жедел іздестіру қызметіне байланысты ғылыми зерттеудің деңгейі төменгі көрсеткіштер болады.

Бұл кезеңде жедел іздестіру қызметі теориясын тәжірибелік пән ретінде дамыту үлкен қиындыққа әкеп соқты. Бұның нәтижесінде жедел іздестіру қызметі теориясы жалпы пәндер қатарынан шыққан жоқ. Себебі, ішкі істер халық комиссариаты - ПМ (НКВД-МВД) органдарының қызметі барысындағы белгілі бір құпиялылықтың болуы. Осыған байланысты ғалымдардың жедел іздестіру қызметті туралы мәселелерді зерттеулер жүргізуге мүмкіншіліктері болмады.

Кейінгі уақытта қылмыстық іс жүргізу заңдылығының, қылмыстық құқық ғылымы, криминалистиканың дамуы жедел іздестіру қызметі теориясының жеке-дара сала ретінде дамуына негіз болды.

Жедел іздестіру қызметінің теориясының жеке дарылған ғалым-криминалист Р.С. Белкин қолдады. 1968 жылы Р.С. Белкин: "Криминалистика жедел іздестіру қызметі органының мазмұнын, мақсаттарын, ұйымдастырылуын қарастыратын ғылыми пән мен байланысты" -деп жазған.

Криминалистикада әсіресе қылмыстың жеке түрлерін тергеу әрекетінің тактикасы мен әдістері сияқты бөлімдерінде жедел іздестіру қызметінің мүмкіншіліктері, тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларының ара қатынасы қарастырылады. Сонымен қатар жедел іздестіру қызметіндегі криминалистикалық құралдарын, әдістерінің және тәсілдеріне қолданудың жолдары мен әдістері қарастырылады.

Нәтижесінде бұл пікірталасқа басқа да көптеген ғалымдар қосылды. Жедел іздестіру қызметі криминалистикалық тактика қатарына жатқызатын А.Н. Васильев 1976 жылы бұл мәселеге өз ойын білдірді, яғни ол: "Жедел іздестіру қызметі жекедара ғылым саласы ретінде қарастырылуы тиіс" - деп айтты.

1980 жылы ол: "Қылмыстардың алдын-алу, ашу, шектеу мақсатындағы қолданылатын жедел іздестіру әрекеттері өз бетінше ерекше пән құрайды"- деген ойды ортаға шығарды. Жедел іздестіру қызметінің дәріс пәні және оның ғылыми негіздемесінің құрылуы мен дамуына орталық милиция мектебі үлкен үлес қосты. и Кейіннен 1954 жылы ол КСРО ПМ Жоғарғы мектебі деп қайта құрылды. 1942 жылы орталық милиция мектебінде оқытушы болып жұмыс істеген милиция полковнигі С.Д. Соловьев редакциясымен "Милицияның жедел жұмыстары" - деген дәріс материалдары жарық көрді.

1944 жылы С.И.Бабушкиннің редакциясымен "Милицияның жедел жұмыстары"- деген дәріс жинағы шықты.

1948 жылы Қылмыстық элементтерінің жедел іздестіру тактикасы мен ұйымдастыру мәселелерінің кең жиынтығын қамтитын Г.В.Ефименко редакциясымен дәріс стенограммасы жарыққа шықты.

50-жылдардың бірінші жартысында "Жедел іздестіру қызметі" курсының негізгі



тақырыптары болып алғашқы оқулықтар басылымы шығарылады. Олар дәріс материалдары және милицияның жедел аппараттары мен мемлекеттің еңбектік-түзеу мекемелері үшін тәжірбиелік оқулық ретінде қолданылды.

Жедел іздестіру қызметі теориясын қамтитын мәселенің ғылыми тұрғыда жетілдіруі 1956 жылы КСРО (СССР) ПМ жоғарғы мектебіндегі жедел іздестіру жұмысының жеке кафедрасының ашылуымен байланысты. Оның алғашқы бастығы А.Г. Лекарь, кейігі бастығы Д.В. Гребельской басшылығымен кафедра коллективі жиналған тәжірбиелеріне негізделіп жедел іздестіру қызметінің мәселелерін жоспарлы түрде шешуін таба бастады.

Бұның нәтижесінде курстық нақтыланған құқықтық негізі пайда болып оның өзіндік заң сыйымдылықтары айқындалды.

Осы кезеңде нақтырақ 1957 жылы ең бірінші кең көлемдегі жұмысы баспаға шықты: оқулық әдістеме "Ерекше бөлімінің жедел іздестіру қызметі", авторлар ұжымы: В.Я. Кокуева, А.Г. Лекаря редакциясымен жарық көрді.

### **3. Құқықтық мемлекеттің пайда болуы мен дамуы кезеңдеріндегі жедел аппараттың құрылымы.**

Дамушы мемлекеттің материалдық техникалық базасын ыңғайлы етіп құрастыру, демократиялық қоғамдық қарым-қатынастарды құрастыру және адамды жаңа кезеңге тәрбиелеу сол құқықтық мемлекеттің ауыспалы кезеңдегі тәжірбиелік қызметінің мақсаты болып табылады. Барлық қатаң емес заңды сақтау қағидаларының барлық республика аудандарында, шаруашылық пен қоғамдық өмірінде бірдей. Сондықтан Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің жоспарында мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың алдында мақсат қойды, қатаң заңдылықты сақтау қамтамсыз етілмеді.

ҚР Президенттің заң күші бар "ПО туралы" жарлығының 1-бабына сәйкес бұл мәселе ПО үшін маңызы зор, олар жедел іздестіру қызметін жүзеге асырады және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін атқару және орындау қызметі, қылмыстардың және адамдардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерді ескерту және тыйым салу, мемлекет пен қоғам мүддесін сақтауды жүзеге асырады.

Аталған қызметті ПО-ның жүйесінде жедел бөлімде жүзеге асырады, тергеу аппараттары, жедел-техникалық есепті тіркейтін және бұл шараларды өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асыратын қылмыстылықты ескертетін және тыйатын, себебі шартын белгілейтін басқа да бөлімдер де жүзеге асырады. 1918 жылы Ресейде кәсіби қылмыстардың саны едәуір дамыды, соған сәйкес жедел іздестіру аппараттары құрылды.

Мәскеу мен Петроградтың түрмелерінен шыққан қылмыскерлер полицияның іздестіру бөлімдерінің тіркелетін материалдарын қауіпті қылмыскерлердің фото суреттерін, дактилоскопияның картотекаларды жойып, теріс қылықтар жасады. Сонымен қатар қылмыстың өсуіне көптеген басқа да мән-жайлар әсер етті, әсіресе мемлекеттік мекемелердің дұрыс жұмыс істемеуі, мемлекетте шаруашылық өмірдің мемлекеттік бастықтармен назарсыз қалуы, жұмыскерлерді қамтамасыз ету саласындағы қиыншылықтар және т.б.

1917 жылы ақпан және қазан төңкерісінен кейін кәсіби емес және тәжірбиесі жоқ ұйымдардың пайда болуы және қылмыстық полиция жүйесінің бұзылуы мынадай нәтижеге әкелді, арнайы күзіреті бар адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, жеке мүліктерін, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан қамтамасыз ететін органдарсыз мемлекетте құқықтық тәртіп орнатылмайды. Жедел іздестіру жүйесін дамыту көптеген қиыншылықтарға әкепсоқтырғанын ескеруіміз қажет. Оның мақсатқа сәйкес қрылу нысаны тез арада табылған жоқ. Сондай-ақ жалпы халықты қаруландыру мен құқық қорғау органдарына ауыстырылуы болжанған.

Осы есептерді шешу үшін 1917 жылы 28-қазан (10-қазан) жұмысшы милиция туралы Халық комиссияратының ішкі істер қаулысына бағытталған. ұрлық, бұзақылық және т.б. қылмыстарға қарсы белсенді күрес жүргізу үшін Кеңес қарулы отрядтарының қызметі ойластырылған. Жұмысшы милиция отрядтары Қызыл армия отрядтарына

сүйенді. Осыдан милиция аппараттары және оның жедел бөлімшелерінің құрылуы туралы сөз болған жоқ. Тек мемлекет құрылым тәжірибесінің жеткіліксіздігі және т.с.с. Оны тудырған мәселерін тез жою туралы қате пікірдің болуы тұрақты милиция мен жедел іздестіру органдар аппаратының қылмыспен күресу үшін құрылуының қажетсіздігін тудырады.

Сонымен бірге қылмыспен күресуде белсенді құқықтық ұйымдық және тактикалық нысандағы күресті қажет етті, оларды мемлекет масштабында өзіндік бағытын талап етті.

5-қазан 1918 жылы Ресей Федерациясының ішкі істер халық комиссариаты (НКВД РСФСР) коллегиясы қылмыстық ізге түсу бөлімшесін құру туралы қаулысында

"...Революциялық тәртіптің сақталуын қылмыстылық белгісіндегі қылмыстарды тергеу үшін және бандитизммен күресу". Жоғарыдағы қаулы мемлекеттік жедел іздестіру органының орталық жүйесін құру үшін негізі болды. Белгіленген қаулы мемлекеттегі жедел іздестіру органының қылмыспен күресудің бір бір жүйесі мен жалпы қылмыспен күрес жүргізудің негізі болады. Сонымен қатар, ол осы 1-нормативтік акті, бір жүйелі ғана емес, содай-ақ ол жедел іздестіру органының орталық, жергілікті аппараттарының күзіреттерін белгілейді.

Өз жұмыстарының алғашқы жылында қылмыстық іздестіру аппараттарының құқықтық ұйымдастыру бағытындағы қызметі керекті дәрежеде өңделмегендіктен толық шешілуін қажет етті. Осының нәтижесінде өздерінің 1 -жылдық жұмысын қорытындылай келе 1919 жылы іздестіру орталығы осы мәселені нұсқаулық ретінде басып шығарды.

Аталған нұсқаулық қылмыстық іздестіру бөлімшелерінің мақсаттарын толығымен анықтады. Дәлірек айтқанда, қылмыстардың барлық түрлерін алдын-алу мен жоюға негізделген. Іс жүргізу саласында қылмыстық іздестіру бөлімшелері тергеу жүргізу құқығын иеленеді.

Сонымен жедел іздестіру шараларын өткізу қылмыстық іздестіру бөлімшелерінің іс жүргізу қызметімен тығыз байланыста болады, яғни жедел іздестіру шаралары мен іс жүргізу қызметі ортақ мәселені -қылмыстылықты жоюға бағытталады. Қылмыстылықты жою мәселесі жедел іздестіру шаралары мен тергеу әрекеттерінің дұрыс жүргізілуіне байланысты болады.

Республикамыздың қылмыстық іздестіру басқармасының келесідей міндеттері болады:

а) жергілікті қылмыстық іздестіру органдарының жұмысын бақылау және ұйымдастыру;

б) қылмыстық іздестіру қызметінде ғылыми техникалық әдістерді өңдеу мен қолдану;

в) аса ауыр қылмыстар бойынша іздестіру мен тергеуді ұйымдастыру.

1923 жылдың тамыз айында Ресей Федерациясының ішкі істер халық комиссариатының құрамында милицияның бас басқармасын, орталық іздестіру басқармасы мен әкімшілік бөлімшенің қосылу нәтижесінде орталық әкімшілік басқармасы құрылды.

Құрылған жаңа құрылым мамандандыру қағидасы негізінде құрылған еді. Сонымен қатар, қылмыстық іздестіру бөлімшенің құрамына әкімшілік - ұйымдастыру, ғылымитехникалық, орталық қызметтік іздестіру итерін дайындау және белсенді бөлімшелері кірді.

Әкімшілік бөлімінің құрамында қылмыстық іздестіру бөлімшесі кіреді. Ол белсенді - құпиялы және тіркеу бөлімдерінен тұрып келесідей міндеттерді атқарды:

а) губерниядағы қылмыстарды тауып, ашумен және революциялық тәртіпті бұзушылар мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

б) орталық және жергілікті биліктің қылмыстықпен күрестегі бұйрықтарды орындау;

в) қылмыстар бойынша тергеуді, тінтуді, қамауды және басқа да мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру;

- г) қылмыскерлерді іздеу мен оларды ұстау;
- д) тергеу бөлімшелері келгенге дейін тергеуді жүргізу;
- е) аяқталған тергеу істерін қажетті сот -тергеу мекемелеріне жіберу.

Полиция органдарында екі басты аппараттарының құрылу қылмыстық іздеу аппараттарының бүкіл бөлімшелерінің қайта құрылуына әкеліп соқтырады. Сөйтіп қылмыстық іздестіру аппараттарының құрамынан милицияның ғылыми - техникалық аппараттары, сырттай бақылау қызметі жедел орнату қызметі бөлімшелері бөлініп шығып, өзіндік жеке органдарға айналды.

30-жылдардың соңында ПО-ның жүйесінде жедел іздестіру функцияларымен қамтамасыз етілген үш негізгі аппарат қалыптасты. Олар: қылмыстық іздестіру аппараттары Социалистік меншікті талан-таражылаумен күрес (БХСС) және түзеу мекемелерінің жедел аппараттары.

Енді қылмыстық іздестіру аппараттарының қызметіне келейік.

Қылмыстық іздестіру органдарына жүктелген міндеттер мен мақсаттарды орындау олардың кеңімен қамтамасыз етіледі. Әзінің күнделікті қызметін қылмыстық іздестіру аппараттары Қазақстан республикасының президентінің "ПО-ры туралы" жарлығының 4 және 1 баптары негізінде жүзеге асырады. Осыған сәйкес олардың басты мақсаты болып: қылмыстардың алдын-алу, ашу, жою, тергеу жүргізу, оны жасаған қылмыскерлердің ізіне түсу мен оларды ұстау, тергеу мен соттан жалтарып жүрген тұлғаларды табу, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу болып табылады.

Қылмыстық іздестіру ПО-ның жүйесіндегі ең жедел, көп сатылы аппараты болып табылады. Қылмыстық іздестіру бөлімшелері ІІ министірлігінен бастап полицияның қалалық және аудандық бөлімшелерінің, яғни дерлік барлығында да құрылған. Қылмыстық іздестірудің орталық аппараты болып ҚР-ның ІІМ-нің қылмыстық іздестіру басқармасы болып табылады.

#### **4. Жедел іздестіру қызметінің маңыздылығы және оның негізгі сипаты**

Жедел-іздестіру қызметі мемлекет тарихи даму үрдісінде қылмыспен күресудегі негіздер арқасында әлеуметтік өкілеттікті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылған.

Заңда Адамның құқығы мен бостандықтары мемлекетпен қорғалады. Жедел - іздестіру қызметі арқылы негізгі қызметі - заңда көзделген мемлекетпен қорғалатын азаматтардың құқығымен меншігі болып табылады. Бұл қызмет қылмыспен күресу жүйесінде мемлекетті мінезімен анықталады. Уақыт өте келе ведомствалық нормативтік актілер де, арнайы әдебиеттерде бұл қызмет әр түрлі терминдерді қолданған, яғни дыбыссыз іздестіру, қылмыстық іздестіру жұмысы, Жедел – іздестіру жұмысы "Жедел іздестіру қызметі" туралы термин тек 1958 ж бастап тәжірибеде қолданды.

Қылмыстық сот ісін жүргізу негізі СССР союзы, республикалық союзы және қылмыстық іс жүргізу Кодексі РСФСР жазуларында болды.

Жедел іздестіру Қызметі арнайы уәкілдік берілген мемлекет органдар өз құзыреті шегінде мемлекеттік заңдарына сәйкес қылмыспен күресу және қылмыс жасаған адамдарды анықтау органымен байланысты болады.

Жедел іздестіру Қызметінің барлық бағыттарын қарастыра отырып, оның мазмұнын атап көрсетуге болады.

тікелей тәжірибеде қолданылатын қызмет, оның бағыты объектілерді қорғау үшін, арнайы күштермен құралдарды қолдану ұйымдасқан басқарушылық қызметі, Жедел Іздестіру қызметкерлерінің тәжірибелік жұмыс бағыттарында жүзеге асырылады.

Зерттеу жұмыстары.

Жедел іздестіру қызметі мемлекеттік мінездемесі оның қылмыспен күресудегі оның мемлекеттік жүйеде алатын орны ерекше. Қазіргі уақытта кше түрлі қылмыстың жасалып жатқаны бізге мәлім, сондықтанда ПО-ң қылмыстарды ашу маңызды болып отыр.

ПО-да қылмыспен күрес жүргізу жұмыстарында маңызды мән атқаратын Жедел іздестіру шаралары болып табылады. Бұл шаралар өзінің құрамына әлеуметтік-экономикалық,

құқықтық арнайы және басқа қоғамдық шараларды енгізуі арқылы жүзеге асырылады. Қарастырылып отырған қызмет өз бойына объективті мінездеме мен ұйымдасқан-басқарушылық қызмет жүйесін құрайды. Олар заңдарды сақтай отырып, Жедел Іздестіру Қызметінің нормативтік актілер шегінде жүзеге асырылады.

Жедел қызмет бөлімдерінің қызмет жұмысы ҚР "Жедел іздестіру қызметі туралы" заңның 11 бабына міндеттері көрсетілген. Яғни қылмыс әлеуметтік жағынан қарастырғанда өте ауыр құбылыс, онымен күресуде уәкілетті органдардың өз қызметі мен функцияның арақатынасы көрсетеді.

Жедел іздестіру қызметі жұмыстарын орындау барысы 3 -түрге бөлінеді : Бұл 3 түрі ҚР "Жедел іздестіру қызметі " туралы заңында көрсетілген.

1-ден қоғамға қауіпті аса ауыр әрекеттерін ескерту 2-ден бұлтартпау алдын-алу және қылмысты ашу

3-ден қылмысты, хабар-ошарсыз кеткен адамды, жазадан бой тасалаған адамды анықтап табу.

Жедел іздестіру Қызметін қылмыстық іс жүргізу қызметінен айыра білу керек.

Жедел іздестіру Қызметі мен қылмыстық іс жүргізу қызметімен бірбірімен тығыз байланысты болса да, атқаратын қызметтері әр түрлі. Жедел іздестіру Қызметі мен қылмыстық іс жүргізу қызметі ортақ мақсаты: - қылмыстықпен күресу болып табылады. Сонымен, жедел іздестіру қызмет мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Ол тікелей ҚР-ң "Жедел Іздестіру қызметі туралы " - заңдардың 6 бабында көрсетілген. Ал қылмыстық іс жүргізу ол тікелей қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрсеткен субъектілермен жүзеге асырылады. (Алдын ала тергеу және сот). Жедел іздестіру қызметі өз жұмысын ведомствалық құқықтық нормативтік актілерге сүйенсе, ал қылмыстық іс жүргізу — ол қылмыстық іс- жүргізу кодексінде көрсетілген нормаларға сүйенеді.

Жедел іздестіру қызметі өз қызметін жария және жария емес күштермен құралдарды қолдана отырып, жүзеге асырылса, қылмыстық іс жүргізу қызметіне мұндай әрекеттерге тыйым салады. Сонымен қатар осыдан қылмыстық іс жүргізу қызметі кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тарта алады.

Сонымен жедел іздестіру қызметі жария және жария емес күштерді қолдана отырып жүзеге асырады.

Қылмысты ашуда Жедел іздестіру қызметі жариялы емес күштерді қолдануды міндеттейді. Қасақана ауыр қылмыстарды жасауға дайындалу мемлекетке қарсы қылмыс деп табылады. Сондықтан, қоғаммен мемлекет қоғамға қауіпті тұлғаларды, қылмыс жасаушыларды растап қоймай Жедел іздестіру қызметінің заңдық жүйесіне осы қылмыстармен күресуі міндетті болып келеді. Қасақана ауыр қылмыс жасайтын қылмыскерлерді, қылмысқа қатысушыларды жауапкершілікке тарту, біздің басты мақсатымыз.

Жедел іздестіру қызметін социалистік пайдалы мақсаттардың шыңына бағыттап отыра, заң шығарушы тұлғаларға көңіл бөліп,

объектілерді қорғаудың маңызды рөл атқарады. Конституцияда көзделгендей адам және оның құқығымен бостандығы еліміздің ең құндылығы делінген. Адамның және азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын қорғау - мемлекеттің міндеті.

Жедел Іздестіру Қызмет көмегімен адамның өмірін қылмыстылықтан қорғау конституциямен әдістеледі, себебі әр адам өмір сүруге құқылы. Сонымен қатар конституциямен әдістеледі, себебі әр адам өмір сүруге құқылы. Сонымен қатар конституциямен кепіл берілген адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мемлекетпен қорғалып қылмыстылықты болдырмауды алдын алады.

Бұл қорғау Жедел іздестіру қызметі арқылы мемлекет өзін қорғауды жүзеге асырады. Мемлекеттің қауіпсіздігі ҚР-да ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементі. Ұлттық қауіпсіздікті қорғаудың негізі қоғам оның материалды және ішкі сенімдердің құндылығы, егемендігі және территориялық шекарасы.

Мемлекет - саяси институттың негізгі жүйесінің қоғамы. Ол қоғам бағытымен, ішкі және

сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етумен құрылымдардың жетілдірумен түсіндіріледі. Жедел іздестіру қызметінің мақсаты ҚР ішкі және сыртқы қылиыстықтан қорғау болып табылады.

Қылмысқа жатпайтын әрекеттер Жедел іздестіру қызметінің юрисдикциясына кірмейді. Осы жерде Жедел іздестіру қызметінің мақсаты мен операцияларын заңмен қадағаланбайды. Бұл адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының тыйым салу кепілімен жедел іздестіру шараларында жүргізіледі. Мұндай жағдайда жедел іздестіру қызметі- мемлекеттің арнайы құзыретті органдарында пайда болады, нақты бағыттағы құқықтың негізі болып табылатын құқықтың мемлекет заңдылықтың талап етуімен жүзеге асырылады. Осы қызмет мемлекет сипаттайтын заңды қызметтерінің бірі болып келеді. Жедел Іздестіру Қызметі маңызын сипаттап практикада мемлекеттік қызметкермен және басқа да Ішкі Істер Органдарының қызметкерлерін тағайындайды және дербес мемлекеттің өкілдерімен көрініс табатындығымен сипатталады.

## **2 Тақырып. Жедел іздестіру қызметі негіздерінің жүйесі, қағидалары және басқа пәндермен байланысы (Ақпараттық дәріс) Лекция жоспары (1 сағ):**

1. Жедел - іздестіру қызметінің түсінігі, оның мазмұны.
2. Жедел – іздестіру қызметі негіздері оқу пәнінің әдістемесі және пәні.
3. Жедел – іздестіру қызметі негіздері оқу пәнінің жүйесі. Оның міндеттері.
4. Жедел іздестіру қызметінің мақсаты, міндеттері мен қағидалары.
5. Жедел – іздестіру қызметі негіздері оқу пәнінің өзі тектес басқа пәндерімен байланысы.

**Түйінді сөздер:** Жедел іздестіру түсінігі, жедел іздестіру пәні, әдістері, жүйесі

### **1. Жедел - іздестіру қызметінің түсінігі, оның мазмұны.**

Жедел-іздестіру қызметі - азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмысты қол сұғуынан, сондай-ақ барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жеделіздестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

Жедел – іздестіру қызметі (ЖІҚ) – «Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Жедел - іздестіру қызметі» туралы заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес арнайы уәкілеттілік берген жедел іздестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі»

Жоғарыда келтірілген түсініктеме заңды сипатта болғандықтан оны кең талқылауға мүмкін емес.

Сонымен қатар жедел – іздестіру қызметі теориясының мамандары «жедел – іздестіру қызметіне» авторлық түсініктеме береді, олардың келесілері көңіл бөлуді қажет етеді және жоғары деңгейдегі мүдде тудырады:

- 1) Сысалов М.П.: «Жедел – іздестіру қызметіне - ол азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау,

қоғаммен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзреті шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, Жедел іздестіру қызметі туралы заңына, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен қалыптық құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел іздестіру және басқарушылық шараларының ғылыми негізделген жүйесі» дейді.

2) Плетнев В.С.: «Жедел – іздестіру қызметіне – ол құқықтық сипаттағы қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыстылықпен күресуге бағытталған мемлекеттік құқықтық шаралар жүйесінің маңызды құрамдық бөлігі болып табылады, жедел – іздестіру қызметі арнаулы уәкілеттілік берілген мемлекеттік органдармен, мемлекеттік мүддесінде және бұйрығымен, нақты құқықтық негізде және бағытта, заңмен бекітілген талаптарға сәйкес жүргізіледі» дейді.

3) Шумилов А.Ю. келесідей түсініктеме береді: «Жедел іздестіру қызметіне – ол мемлекеттік тәжірибелі іздестіру қызметінің бір түрі, оның мазмұнын федералдық ЖІҚ туралы заңына сәйкес алдына қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешуге бағыттылған, ереже бойынша жасырын, немесе жариялы түрде жүзеге асырылатын қатысушылардың тәртіптік актілері құрайды ».

4) Давыдов Я.В.: «Жедел – іздестіру қызметіне – ол мемлекеттік органдарының жедел іздестіру бөлімшелерінің олардың құзреттерінің шегінде жариялы және жасырын әдістерді пайдалану арқылы, жедел іздестіру шараларын жүргізу жолымен жүзеге асырылатын арнаулы қызмет... » дейді.

5) В.А. Лукашовтың, А.С.Овчинскийдің, В.С.Овчинскийдің пікірлері бойынша: «ЖІҚ тар мағынада – ол федералдық заңға сәйкес негізделген, заң шығарушылармен арнаулы уәкілдік берілген субъектілердің тәртіптік жүйеге сәйкес жариялы және жасырын актілерді, арнаулы күштерді, амалдарды, тәсілдерді пайдалану жолымен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдасы бар заңды мемлекеттік қызметтің бір түрі, сонымен қатар адамдарды және қоғамды қылмыстық қол сұғушылықпен қорғау мақсатымен жеделіздестіру әрекеттерін жүргізу және жедел-іздестіруге маңызды шешімдерді пайдалану, ал бұл мақсаттарға жету қиындық тудырған болса немесе шешілуі мүмкін болмаған жағдайда басқа да қажетті заңға сәйкес амалдарды қолдану » .

6) Қазақстандық және Ресей ғалымдарының берген түсініктемелерінің негізгі ережелері сәйкес келеді. А.Ю.Шумиловтың, Я.В.Давыдовтың, В.А.Лукашовтың, А.С.Овчинскийдің, В.С.Овчинскийдің берген түсініктемелерінің айырмашылығы құқықтық негізі Ресейдің ЖІҚ арналған федералдық заңы негізделген. Бұл жағдай Ресей мемлекетінің, мемлекеттік құрылысымен байланыстыруға болады, РФ субъектілерінің жедел-іздестіру қызметіне арналған жеке заңдары бар және олар федералдық заңға сәйкес қабылданып федералдық заңға қайшы келмеуі тиісті. Қазақстан Республикасы унитарлық мемлекет болғандықтан Жедел іздестіру қызметіне арналған заңдары бір жүйеде болып ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес келіп және оған қайшы келмеуі керек.

Қазақстанда ЖІҚ түсініктемесі заңда көрсетілгендігі оны басқа заң тәжірибе түрлерінен ажырататын белгілерді қисындап мазмұндауға мүмкіншілік беретін негіз болып табылады.

ЖІҚ белгілері:

- 1) ЖІҚ – ол әлеуметтік пайдасы бар арнаулы қызмет;
- 2) ЖІҚ – ол заңды қызмет;
- 3) ЖІҚ – ол мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі;
- 4) ЖІҚ қылмыстық істер жүргізу құқығына қызметтік рөл атқарады, бірақ оған сәйкес келмейді;

- 5) ЖІҚ құқық қорғау органдардың жүйесіне кіретін арнаулы құзіреті бар органдар жүзеге асырады;
- 6) ЖІҚ қылмыспен күресу кезінде жалпы және арнаулы міндеттерді шешуге бағытталған, қажетті әрекеттерді қолдануға мүмкіншілік беретін барлау сипатында жүзеге асырылатын шара;
- 7) ЖІҚ көпшілігінде жасырын әдістерді қолданып жүзеге асырылады, бірақ жария жүргізілуі де жоққа шығарылмайды;
- 8) Жедел – іздестіру шаралары жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру амалы болып табылады;
- 9) Жедел –іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарының тізбесі тек заңмен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

ЖІҚ басқа да өзі тектес мемлекеттік қызмет жүйесінің түрлерінен ерекшеленетін белгілерінің тізімі екі топқа бөлінеді: объективтік белгілер және субъективтік белгілер болып. Объективтік белгілерге жататындар ЖІҚ ресми сипатта жүргізілетінін, ашық жүргізілетінін көрсететін белгілерге, 1.2 тармағында көрсетілген белгілердің барлығы жатқызылады.

Субъективтік белгілерге объективтік белгілердің жеке аспектілері жатқызылады. Бұл аспектілер ЖІҚ субъективтік құрамдарының заңмен шектелуімен байланысты.

К.В. Прониннің пікірі бойынша, «фактілік субъективтік белгілер жасанды шектеулер ретінде болады, олар жедел-іздестіру қызметінің кең алқабының объективтік түсінігінің жеке бір сигменті ретінде бөлініп қарастырылады (жедел іздестіру шараларының жүргізу арқылы жүзеге асырылатын кез келген мемлекеттік қызмет). Бұл жедел іздестіру қызметінің субъективтік құрамына және мақсаттық ұстанымдарына заңмен белгіленген тиімді шектеулермен жетілдіріледі».

ЖІҚ жеке құрамдық бөлімдері бар, олар келесі элементтер жиынтығымен түсіндіріледі:

- 1) Жалғамсыз нақты тәжірибелік қызмет (ол бұл саланың атауында, ұғымында көрініс тапқан);
- 2) Ақпараттық жұмыстың құрамдық бөлігі (бұл жұмыс ақпараттық қызметтің жалпы қағидалары бағынады, бірақ өзінің жеке қағидалары бар және ақпараттарды жинау тәртібі мен мақсаттылығымен байланысты ерекшеліктері бар);
- 3) Ұйымдастырушылық – басқарушылық қызмет;
- 4) Мемлекеттік идеологияның компоненті;
- 5) Ғылыми жұмыс;
- 6) Құқық қорғау қызметінің құрамдық бөлігі.

ЖІҚ мазмұны – ол жедел іздестіру қызметінің мақсаттарынан, міндеттерінен, құқықтық негізінен, құрамынан, жеке белгілерінен бөлек қарастыруға болмайтын күрделі, жанжақты және кең векторлық түсінік. Себебі іс жүзінде жедел-іздестіру қызметін арнаулы заң тұрғыдағы мемлекеттік қызмет екендігін сипаттайтын барлық белгілері өзінің жиынтығында оның мазмұнын құрайды.

Дегенмен жалпы алғанда жедел-іздестіру қызметінің мазмұнын оның пәндік тәжірибелік аспектідегі маңызын жалпылама бір бірімен байланысты, бір біріне міндеттері бар, бір бірінен тәуелді факультативтік элементтер, байланыстар және қатынастар деп түсіну керек.

Бұл байланыстардың және қатынастардың сипатын ЖІҚ жүзеге асырушы субъектілердің (ЖІҚ жүзеге асыруға құзіретті тұлғалар және органдар) және тұлғалардың жүйесі деп түсіну керек. Осыған орай ЖІҚ жүзеге асырушы субъектілердің қызметі ҚР Конституциясында бекітілген және қорғалуға жататын негізгі құндылықтарды қылмыстық қол сұғушылықтан сақтауға бағындырылады.

## 2 «Жедел іздестіру қызметі негіздері» оқу пәнінің әдістемелері.

«Жедел-іздестіру қызметінің» ұғымының жалпы мазмұнын толық ұғып алу, «Жеделіздестіру қызметі негіздері» арнаулы құрсының пәнін анықтауға мүмкіншілік береді.

Жедел – іздестіру қызметі жариялы және жасырын шараларды, әдістерді қолдану арқылы жүргізілетінін есепке алатын болсақ, «Жедел-іздестіру қызметі негіздері» пәнінің мазмұны оқушылардың құпиялы сипаттағы және жабық түрдегі нормативтік құқықтық актілермен және басқа да ақпараттық қайнар көздермен танысу мүмкіншіліктерімен ерекшеленеді. «Жедел іздестіру қызметі негіздері» оқу пәні бойынша сабақтар келесідей екі нысанда жүргізіледі: 1) жабық түрде; 2) ашық түрде.

*Жабық түрдегі оқу пәні* заңмен көзделген жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын субъектілерін дайындайтын, құқық қорғау органдарының мамандарын, тәжірибелік қызметкерлерін әзірлейтін арнаулы оқу орындарына арналған.

*Ашық түрдегі оқу пәні* арнаулы жедел-іздестіру мамандарын әзірлейтін орындардан тыс, жалпы заңгерлерді дайындайтын оқу орындарына арналған.

*Ашық түрдегі оқу курсының пәні* – ол адамдардың өмірін, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға арналған жедел-іздестіру органдарының арнаулы күштерін, амалдарын, әдістерін (жариялы және жасырын) пайдалану қажеттілігін негіздейтін объективтік заңдылықтар. *Ашық оқу пәнінің элементтері:*

- жедел-іздестіру теориясы;
- жедел-іздестіру қызметі органдарының тәжірибесі.

Оқу сабағының пәні, оның құрамы және жүйесі жедел-іздестіру қызметінің мемлекеттік қызметіне маңызы бар екі факторларға сәйкес жүргізіледі.

Бұл факторлар:

- құқықтық реттеуді қажет ететін ЖІҚ қоғамдық қатынастардың жағдайлары;
- құзыретті органдардың жүзеге асыратын жедел-іздестіру қызметінің қалыптасқан әдістемесі, тактикасы және ұйымдастыру тәжірибесі.

*Оқу пәнінің әдістемесі* – ол ЖІҚ саласындағы ғылыми танымның жалпы әдістемесінің бөліктік құрамы. Әдістеме санына кіретіндер:

- диалектикалық материализм;
- материалдарды логикалық өңдеу;
- тарихи-логикалық өңдеу;
- математикалық және статистикалық;
- социологиялық;
- психологиялық және әлеуметтік-психологиялық;
- жүйелі құрамдық;
- моделдеу;
- теоретикалық-эксперименталды; - бағдарламалық мақсатты.

ЖІҚ теориясының дамуына және оның тәжірибесінің ғылыми таным саласына тереңдетілуіне байланысты басқа әдістер пайдаланып, жаңа әдістер қалыптасуы мүмкін. ЖІҚ әр түрлі аспектілерін ғылыми тануда пайдалынатын барлық әдістері жиынтығында әдістемелік негізін құрайды.

Біріншіден, жедел-іздестіру қызметі қылмыскерлер ортасы, қылмысты дайындаған, жасаған, ойластырған қылмыс ортасының әрдайым және жасырын қақтығыстары сипат алады.

Жедел -іздестіру қызметі:

а) жасырын жүргізіледі;

б) Жедел-іздестіру қызметі рефлексті қызмет болып табылады, яғни зерттеліп, тексеріліп жатқан тұлғаға қатысты әрекет сипатталады;

в) Белгілі бір жағдайларда қылмыстық жағдайларды және оған қатысатын адамдар



туралы хабарлардың жеткіліксіздігінен туатын тәуекелділікпен, байқаусыздыққа байланысты;

г) кейбір жағдайларда жедел-іздігі шараларын жүргізу уақытында криминалдық құбылыстар, абайсыз шабуылдарға, қауіпті жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Екіншіден, жедел -іздігі қызметі:

а) Жедел-тактикалық шешімдерді тексеріп, қабылдап өндіру, шешімдерді имитациялау;

б) Әрдайым өзінің қызмет нәтижесін және криминалдық элементтер қызметін болжау және талдау;

в) Әр шараларды өткізгенде елеусіз болуды қамтамасыз ету үшін тексеріліп жатқан тұлғадан жедел - бағалы деректер алып, оны тиімді пайдалану үшін ойын ролдерін, әртүрлі дәлелдер келтіру;

г) Экстрималды жағдайларға әрдайым шұғыл дайын болу;

д) Эмоционалды-ерікті қатаң бақылау.

Үшіншіден, шұғыл-іздігі қызметі:

а) Нормативті құқықты негізде құрылады, яғни айналыстағы құқық және моралмен регламенттеледі;

б) Көп қуатты, қаражатты және әдісті қолданумен байланысты, яғни кешенді және ұжымды қызмет болып табылады;

в) Әр қашан шұғыл және жедел -тактикалық жағдайлармен келісіліп жасалынады;

г) Қызмет аясының өзгеріп тұруына байланысты жоғарғы динамизммен ерекшеленеді.

Жедел-іздігі қызметінің жоғарыда көрсетілген тізімдері спецификалық маңызды ерекшеліктері болып табылады.

### **3 «Жедел-іздігі қызметі негіздері» оқу пәнінің жүйесі. Оның міндеттері.**

Кез келген оқу пәнінің жүйесі құқықтық қатынастарды оқытатын құқықтық саланың жүйесіне және құрылымына бағынады, дегенмен оның дәлдігінде қайталамайды. Дәстүр бойынша кез келген оқу пәндерін зерттеуге кірістер алдында оқушы, оқылатын пән туралы ортақ түсінік алып алу керек. Бұл пәннің бөлімдері құқықтық қатынастардың тиісті саласының құрылымына кірмейді. Келесі кезеңде, заңды түрде оқытылатын оқу пәнінің мазмұнына, осы оқылатын оқу саласына тән болатын құрылымдық ерекшеліктері заңды түрде кіргізіледі.

«Жедел-іздігі қызметі негіздері» оқу пәнінің құрамы келесідей жүйелік мазмұндамадан тұрады:

1) жалпы ережелер; 2) ЖІҚ-нің жалпы бөлімі; 3) ЖІҚ-нің арнайы бөлімдері.

ЖІҚ-нің жалпы ережелерінде табиғатын анықтайтын негізгі заңды ережелер, мақсаттар және ЖІҚ-нің міндеттері, қағидалары тәуелділіктен тыс қарастырылады, сонымен қатар бұл бөлім ЖІҚ-нің жалпы бөлімімен дәл келмейді.

Осы берілген оқу пәнінің жүйесінің ерекшелігі, ол бастан-аяқ ресми құқықтық ұсыныстарының ұйғарымдарына сәйкес қарастырылған және мекемелік сипаттағы қайнар көздерін қамтымайтын болып табылады. Осы ерекшелік оқушыға құқықтық қатынастар туралы бүтіндік ұсыныс алу туралы міндеттерді шешуге, сонымен бірге оқушыға оқылатын пәннің мазмұны, міндеттері, қағидалары, жүйесі туралы толық түсінік алуға бөгет бола алмайды. Бұл келесі жағдайлармен байланысты, мекемелік нормативтік құқықтық актілер жедел-іздігі қызметі саласындағы арнаулы жасырын сипатта болатын, мүддесі бар көпшілік үшін қол жетпес құқықтық қатынастарды реттеуге арналған қайнар көз. Сонымен бірге, мекемелік ұйғарымдар қолданыстағы заңдардың ұйғарымдарына сәйкес келіп және ҚР-ның Конституциясының ережелеріне қайшы келмеуі керек.

«Жедел-ізвестіру қызметі негіздері» оқу пәнінің ең маңызды міндеттерінің бірі осы оқу пәніне берілген түсінігінен шығады. А.Ю.Шумиловтың пікірін негізге алатын болсақ «Жедел-ізвестіру қызметі оқу пәні ретінде заң саласындағы мамандарды оқыту мақсатына қызмет ететін, ғылыми теориялық зерттеулерге негізделген, ЖІҚ-нің мазмұны және мәні туралы мәліметтер беретін қалыптасқан білім жүйесі. (қарапайым түсінігі арнаулы жедел ізвестіру қызметтеріне және құқық қорғау органдарының тәжірибелі мамандарын, қызметкерлерін дайындау.).

Бұл берілген түсініктеменің негізінде бұл оқу пәнінің негізгі міндеттерінің бірі оқушының ЖІҚ пәнінің мазмұны және мәні туралы білімдерді толық жан-жақты меңгеріп алу және есептердің бағыты сияқты ЖІҚ-нің мазмұнынан шағатын білімдердің жүйелі бекіту мүмкіндігі туралы тұжырымдауға болады.

ЖІҚ арнайы сала екенін есепке алатын болсақ, бұл пәнді оқу кезінде жедел-ізвестіру қызметінің жалпы міндеттерімен қоса арнаулы міндеттерін шешу мақсатында, жеделізвестіру қызметінің жүзеге асыру арнаулы тәсілдерінің, амалдарының мазмұнын, әдістерінің сипатын белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің негізіне сүйену керек.

Сайып келгенде, «жедел-ізвестіру қызметі негіздері» оқу пәнінің сабақ берудің процесстерінде шешілетін міндеттер тізіміне кіреді:

- 1) Оқушылардың жедел-ізвестіру қызметінің мәні, ізвестіру қызметін жүзеге асыру әдістері және тәсілдері туралы бүтіндік түсінік алу;
- 2) ЖІҚ саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық ұсыныстардың құрамы және жүйесі туралы білімдерді меңгеру;
- 3) ЖІҚ механизмін құқықтық жабдықтаушы тетіктің негізіне жататын нақты заңдылықтардың мәнін меңгеру;
- 4) ЖІҚ ғылымының және тәжірибесінің өте маңызды мәселелер бойынша зерттеу жүргізген құқықтық – теориялық мектептермен таныстыру;
- 5) ЖІҚ теориясына және тәжірибесінің құрастырылу тенденциясына және дамуына ықпал ететін негізгі құқықтық институттардың ролін, орнын, жүйелік мазмұндамасын танып білу.

**4 «Жедел ізвестіру қызметі негіздері» оқу пәнінің басқа өзі тектес пәндерімен байланыстары**

Заң пәндерінің жалпы жүйесінде, пән аралық деп аталуға қабылданған, объективті түрде пайда болатын байланыстар бар болады. Бұл пән аралық байланыстар туынды сипаттың ғылыми байланыстарымен танысады. Сондықтан жедел ізвестіру қызметі туралы ғылым, заң ғылымының қай салаларымен неткен маңызды байланыстары бар екенін анықтап алған жөн.

ЖІҚ туралы ғылым мұндай заң ғылымының салаларымен: мемлекет және құқықтық теориясы, конституциялық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, қылмыстық-атқарушы құқығы, криминология, криминалистика, әкімшілік құқық пәндерімен байланысты. Осы жағдай ЖІҚ-нің анықтауында, мұндай ғылыми дәлелдік қасиеттерінің логикалық шағылысуы болып табылады.

ЖІҚ-нің Мемлекет және құқықтық теориясымен өзара байланысты келесіден тұрады, соңғы ЖІҚ туралы ғылымды негізге категориялармен және жан жақты сипаттағы түсініктермен қамтамасыз етеді. Осылай, ЖІҚ ғылымда және тәжірибеде мемлекеттің және құқық теориясының шегінде қалыптасқан ұғымдар қолданылады: қылмыс, жаза, құқық негіз, құқықтық норма, құқықтық қағидалар және олардың кепілдігі, құқықтық қатынастың қағидалары, құқықтық жауапкершілік, құқықтың жүйесі және құрылымы, құқық норманың құрылымы тағы сол сияқтылар.

Қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет және құқықтық теориясы заң ғылымының барлық саласын қамтитын әдістемелік бағытталғандықпен сипатталатын құқықтық ғылым. Өзара байланыстарында айтылғанды белгілегенде құқықтың белгілі теоретигінің Д.А.Керімовтың пікіріне жүгірген жөн: «Мемлекеттік және құқықтық теорияны зерттеу

қажеттілігі бұл әр түрлі ғылымдардың құралдарының күрделі жүйелері ретінде қарастыру жалпы мемлекет және құқықтың теориясына ғана емес, керісінше заң ғылымдарының барлығына маңызы бар. Демек, ол басқа ғылыми пәндерінің теориялық құндылықтарын байытуға қажетті, тікелей нақты шындығындағы мемлекеттің жұмыс жасауын және қоғамдық өмірді соның ішінде адамдардың күнделікті заңға сүйенген қатынастарын, сондай ақ құқықтық нысандағы көрістер».

ЖІҚ-нің Конституциялық құқықпен өзара байланысы мынада, ЖІҚ-нің құқықтық негізін, сонымен қатар құқықтың кез келген басқа саласының құқықтық негізі ҚР-ның Конституциясы болып табылады. ЖІҚ жүзеге асыру адам мен азаматтың конституциямен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарын қорғау жалпы және арнайы кепілдіктерінің кешенін қолдану қажеттілігімен тікелей байланысты.

Адамның ажырамас құқықтары және бостандықтары ешқандай жағдайда да бұзыла алмайды. Бұл құқықтар мен бостандықтардың қазақстандық қоғамның қызметіндегі рөлі мен орнын білу және түсіну, конституциялық заңдылықтың бүтіндігін қамтамасыз ететін ЖІҚ саласындағы қатынастарды объективті түрде орындауды болжайды.

Мұндай қоғамдық құндылықтардың: өмірсүру құқығы, бас бостандығы, тұрғын үйге, жеке өмірге және меншікке қолсұғылмаушылық, ұждан бостандығы, орнын айыстыру, тұратын жерінің таңдауы және адамдар мен азаматтардың басқа құқықтары мен бостандықтары конституциялық құқығымен терең зеттеледі және кез келген демократиялық мемлекеттің негізін құрайды. ЖІҚ туралы заңын дамыту, жедел-іздігіру саласындағы қатынастардағы құқықты қолдану сұрақтары бойынша ұсыныстарды өңдеп шығару, сонымен қатар әр түрлі ережелерді құқықтық теоретикалық негіздеу конституциялық құқықты толық білместен мүмкін емес.

Профессор А.Т.Ащеулов жоғарыда айтылғанды келесідей белгілейді: «Конституциялық құқық ғылымы – бұл Мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысандарын және механизмін, жеке адамның жағдайлары туралы ережелерін, мемлекетті, қоғамды ұйымдастыру негізін реттейтін және бекітетін конституциялық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру негізінде пайда болған конституциялық құқықтық нормалардың рөлі және мазмұны туралы ұсыныстардың, қағидаларының, категориялардың, ғылыми ұғымдардың жүйесі.

Қылмыстық құқық, Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылысын, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, меншіктерін, қоршаған ортаның басқа әлеуметтік маңызы бар құндылықтарын қорғау міндеттерін шешу кезінде, ЖІҚ-нің жалпы және арнайы міндеттерін шешуге ат салысады. ЖІҚ міндеттерін шешу қылмыстық құқық ғылымының өңделген ұғымдарды пайдалануды көздейді, олардың қатарына жататындар: қылмыстың құрамы, қажетті шектен шығу және өкіну, қылмыстық жауапкершіліктен босату, қылмыстық топтар, тағы сол сияқтылар.

ЖІҚ-нің теориясына келесідей қылмыстық құқықтық институттарының маңызы зор: қоғамның мүддесі, заңды және жеке бастың мүддесі, негізделген тәуекел, қылмысы саралау, қылмыстық жауапкершілік, ортақ және дербес ескерту, қылмысқа қатысу тағы басқалар.

Қылмыстық-құқықтық институттардың бір қатары жедел-іздігіру қызметінсіз жүзеге асырыла алмайды, сондықтан объективті түрде ЖІҚ саласында қылмыстық құқық ғылымына және тәжірибесіне бастапқы қызмет етуші ұғымдарды және категорияларды қолдануды қажет етеді.

Жедел іздігіру қызметі (ЖІҚ) мен қылмыс-процессуалдық құқық (ҚПК) құқығының араларында тығыз байланыс орын алады. Т.Б.Хведелидзенің пікірінше, жеделіздігіру қызметі туралы заңының салалық қатыстылығын анықтауға мүмкіндік беретін белгілердің кешендері, ол қылмыстық іс жүргізу заңдарына қарағанда қызметтік рөлді қамтып көрсететіні туралы куәландырады, сәйкесінше: жедел-іздігіру қызметі бұл уақытша қызметтердің бір түріне жататын қылмыстық процесске қарағанда қызметтік рөлді ойнайды.

ЖІҚ дербестілік маңызды қылмыстық процесстің мақсатынан және міндеттерінен тыс арнаулы мемлекеттік қызметтермен шектеледі (мысалы: мемлекеттік басқарудың бір функциясы әскери барлау), сонымен бірге әкімшілік сипаттағы жеке міндеттерді шешімімен. Сондықтан ЖІҚ қылмыстық іс жүргізуге қарағанда қызметтік рөлді беру ЖІҚ әдістері және тәсілдерімен шешілетін міндеттердің бөлігі қылмыстық іс жүргізудің тәжірибелік қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

ЖІҚ-нің және КҚ ҚПК міндеттердің қатарлары дәл келеді. Мысалы, мұндай қылмыстардың алдын алу, қылмыстарды анықтау, қылмыстарды ашу, болдырмау міндеттері ЖІҚ-де және КҚ ҚПК да бірдей маңызды. Сонымен қатар, бұл міндеттерді шешу әдістері және құқықтық амалдары өзгешеленеді.

Алдын ала тергеу органдарының тәжірибесінің көрсетуі бойынша, топтасып жасалатын қылмыстар жедел-ізвестіру қызметінің көмегісіз толық ашу, немесе толық жан жақты тергеу мүмкін емес. Бұл басқа деп қауіпті қылмыстардың іске асырудың жағдайларының анықтауына да жатады.

Қылмыстық-атқару құқығы ЖІҚ-мен байланыстығы бас бостандығынан айыруға қатысты жазалардың орындалуы қылмыстық-атқару құқықтың міндеттерін шешуге қажетті арнайы әдістермен амалдарды қолданусыз іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін емес. Я.В.Давыдовтың көрсетуі бойынша, қылмыстық-атқарушы саясаты – бұл мемлекеттің саясатының құрамдық бөлігі. Қылмыстық атқарушы саясаттың мақсаттары жіне міндеттері қылмыстық атқарушы құқығы арқылы іске асырылады. Сонымен бірге қылмыстық-атқарушы саясаттың міндеттерін шешудегі ЖІҚ, түзету мекемелерінде жеделізвестіру қызметін жүргізу тәртібін реттейтін қылмыстық-атқарушы кодексының ережелеріне негізделеді.

ЖІҚ қылмыстық мінез-құлықтың табиғаты туралы білімге негізделген жеделізвестіру қатынастарын орнатуға қажетті шарасында криминология ілімімен байланысты. Жедел мағыналы мәлеметтің алынуы қылмыстардың жеке түрлерін басқа түрлерінен ерекшелейтін криминалистикалық мағыналы белгілерінің кешенінен тәуелді болады. Бұдан, жедел мәлеметтің табуы бойынша қызметтің тиімділігі криминология ғылымының ғылыми негізделген жағдайларының тереңдігіне және сапасына тікелей пропорционалды болады.

Қылмыскерлердің типизациясы, қылмыстық жасалу себептері, қылмыстылықтың құрамы, және оның динамикалық қасиеттері типтелудің сұрақтары бойынша криминологияның төңірегіндегі білімдері, жалпы алғанда қылмыстылықпен күресуде жүзеге асырылатын жедел-ізвестіру шараларды ұштастырып пайдалану ұтымды тактикалық тәсілдерді өндіру негізіне жатады.

Криминалистика және ЖІҚ бір-бірімен генетикалық тұрғыдан байланысты. Бұл туралы сенімді, жеткілікті тұрғыда белгілі криминалист Н.П.Яблоков айтты: «Заң ғылымдарының теориялық және тәжірибелік мазмұны бойынша криминалистика және ЖІҚ теориясы өте жақын. Олар зерттеудің бір объектілерін аладыөір түрлі қылмыстық әрекеттердің түрлері және оларды ашу және тергеу қызыметтері. Олардың дамуының тарихында, тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасында, әдістемесінде және ЖІҚ көп бастапқы теориялық ережелері,әдістері және тәсілдері криминалистика ілімінің шеңберінде құрастырылады. Сәйкесінше көп ережелер және криминалистиканың ұсыныстары көрсетілген ғылыми пәнінің негіздеріне жатты» .

Жеке зерттеушілердің куәләндіру бойынша, ЖІҚ ғылым ретінде криминалистика ілімінен бөлініп шықты.Р.С.Белкинның және А.С.Соколованың пікірінше криминалистика ЖІҚ ғана емес, қылмыстық іс жүргізу қызыметіне де отрақ ғылыми негізболып табылады. Бұл пікірді авторлар өткен жүз жылдықтың

60- шы жылдарында қолданылған. Дегенмен кейінен Р.С.Белкин бұл пікірден бас тартты,бірақ әйтсе де ЖІҚ теориясы және криминалистика ғылымдарының өзара тығыз байланыстылығы туралы көзқараста қалды.

ЖІҚ арналған жоғары айтылған пән аралық байланыстардан тысқары бұл заңға

сүйенген ғылым және бағыттарымен өзара әрекеттесу мемлекеттік қызмет және дербес теорияның салаларына тән. Осылай, халықаралық құқықтық саласы, экономикалық теория, психология, педогогика, табиғи ғылымдар, жоғары технологиялар білімдері және сол сияқтылар ЖІҚ теориясының дамыту үшін өте маңызды.

#### **4. Жедел іздестіру қызметінің мақсаты, міндеттері мен қағидалары.**

Жедел-іздестіру қызметінің міндеттері: - адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті заңға қарсы қол сұғулардан қорғау; - қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу; - қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау және ашу; - жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жауаптылықтан жалтарған адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген реттерде басқа да адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ табылған танылмаған мәйіттерді сәйкестендіру; - шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің барлау- бүлдіру әрекетін анықтау, алдын алу және болдырмау;

- Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; - мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету; мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету; коммерциялық құпияны қорғауда ұйымдарға жәрдемдесу; - бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау; - жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін

Қағида (ол латын тілінде Principium негіз, бастапқы деген мағнаны береді), яғни біріншіден негізгі, бастапқы теориялау жағдайы, т.б. жетекші, негізгі қызметтің тәртібі. Екінші мағынада: ішкі сендіру, затқа көз қарас, норманың іс әрекетін аңқтау. ҫшінші мағынада: құрылу негізі, қандай болсын механизмнің әрекеті.

Философияда «қағиданың түсінігі заң көлемінен шықпайтын жалпы теорияны қамтитын, құқық саласының негізін, жағдайын танумен түсіндіріледі.

Ожегов С.И. сөздігінде қағидаға келесідей түсінік берілген:

- 1) негізгі бастапқы теорияның жағдайы.
- 2) сендіру, затқа көзқарас.
- 3) қандай да болсын құрылыстың негізгі ерекшелігі.

ЖІҚ-ң қағидаларын талдай отырып жедел іздестіру қызметінде құқықтық реттеудің жоқтығын, көптеген авторлар қағиданың нұсқауларын мәселенің көзқарасына қарамастан ұсынған. Тек 1990 жылы СССР кезінде «Ішкі істер органдарындағы жедел іздестіру қызметі туралы заңының 5 бабында құқықтық норманыбекітетін қағида көзделген. Жедел іздестіру қызметінің практикалық процесспен пайда болып, ал жалпыланған жедел іздестіру қызметі теориясы нормамен заңнамалық және ведомствалық құқықпен реттеліп, дамиды. Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы Заңды қабылдауда заң сиымдылығының нормасының мәртебесін көтеруді, қағиданыңмеханизмін реттеуді жүзеге асырады. Жедел іздестіру қызметі теориясында әртүрлі көзқарас туындайды. Сонымен қатар қағиданы Жедел іздестіру қызметі бастапқы, жетекші, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қоғамға деген көзқарасын құқықтық мемлекетте қылмыспен күресудің спецификалық мақсатының негізін қалаушы деп түсіндіріледі. Жедел іздестіру қызметі негізгі жағдайларда пайда болу құрамының қағидаларымен жіктеледі. Жедел іздестіру қызметінің жұмысы құқықты мемлекетте қылмыспен күресуді, әрбір субъектілерге белгіленген тәртіпті орндауды талап етеді. Бұл қағидалардың мазмұны жедел іздестіру қызметінің оюъективтік заңнамада қылмыспен күресуі, шпионат, кедендік тәртіппен мемлекеттің шекарасын қадағалауды, еңбектің күшін нығайтуды «Қазақстан Республикасының Жедел іздестіру қызметі туралы Заңының

2 бабы көздеген.

Жедел іздестіру қызметі қағидасы заң сиымдылығында объективтік анықтама, себебі, ол жедел іздестіру қызметін ұйымдастырудың жұмысына бағынатын процесс, ведомость сболып табылады. Осыған орай ЖІҚ принциптерінің жіктелуі .

а) құқық қорғау қызметі бастапқыда өзіне теңестірілген қоғамдық сапты тарихи-социалистік заң сиымдылықта, ЖІ шартында пайда болатын, ЖІҚ қылмыспен күресумен реттеліп қалыптасады.Әрбір ЖІҚ қағидасы қоғамдық өмірде заң сиымдылығының белгілерін құрамын, автономды белгілерін сипаттайды. Белгіленген қағидалар ЖІҚ -н жүйесін, социалистік маңызын, заңдық табиғатымен әр-түрлі аспектілермен мінезделеді.

ә) ЖІҚ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға заңдық міндеттерді орындауға кепілдік береді.

б) ЖІҚ әртүрлі кеңістікте қолданылатын аспектілерді, концепцияларды, толықтай жүйелерді құруға көмектеседі.

в) заң актілерінде тіркелген юрисдикциялық нормалар, ЖІҚ-н қоғамдық қатынастарының, практикада құқықтық норманың дұрыс қолдануымен заңның шегінен тыс шықпауын қадағалайды.Бұл жіктелген қағидаларға тіркеле отырып, қағиданың ережесіне сай келмейтін жайттардың көзделгеніне келесідей түсінік беруге болады ;

ЖІҚ қағидасы - қоғамның көз қарасында құқық қорғау органымен заңдылықта тұлғалардың көздеген мақсаты, спецификалық құқықтық мемлекеттегі қылмыспен күресуде, жедел аппараттарының процестің негізін қалаумен жетектеледі.ЖІҚ теориясы заңға қайшы келмейтін ілім болып табылады. ЖІҚ қағидасы құқықта қатаң көзделген және сонымен ілесіп жетекші ойларға ;

- ЖІҚ оның нысанының бастапқысында көзделгендей, заңмен бекітілген негізгі құрылымды қалайтын заңдылық болып табылады.

- ЖІҚ құқық қатынасының орындалу барысында ешқандай теориялық ой алдынала реттелмейді

- қағиданың өзінде жан-жақты тәртіп реттелмейді тек тұрақтылықты қамтиды.

- яғни ҚР ‘ЖІҚ’ туралы заңның өзінде құқықтық норма мен оқиғалар, қағидалар көзделген.

ҚР ‘ЖІҚ’ туралы заңының 3 бабына сәйкес жедел іздестіру қызметі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, ұлтына,теңдігіне қарамастан профессионалды әдепте дыбысты және дыбыссыз әдіспен көрініс табады. ЖІҚ қағиданың негізі жедел жұмысшы аппараттарының күнделікті қызметін қадағалау, қылмысты ашу, қылмыстан жалтарып жүрген адамдарды табуға, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу, арнайы әдістерді қолдану арқылы істің қарқынын дамыту. Бұл жағдайлар теорияда көп кездеседі. Бірақ олар практикада жедел аппараттарының маңызына тіркеліп, құқық қорғау органдары мен заң сиымдылықтарын еске алуды, арнайы күш қолдануды іске асырған абзал. Бұл қағидаларды дұрыс тану жедел аппараттарымен барлық жұмысшыларға практикада маңызы зор. Ол үшін қағида заңмен тиым салынған әрекетке жүгінбеуі, республикадағы күнделікті тәртіпті бұзбауды қадағалауды, қылмысты болдырмауды көздеуі қажет.

### **Жалпы және арнайы қағида.**

Жедел іздестіру қызметінің қағидасы жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы қағида құқық қорғау органдары жүйесінің құрылымын реттейді, қылмыспен күресуді және құқық бұзушылықты жүзеге асырады. Оның қатарына жататын қағида:

- ғылыми;

- заңдылықты сақтау;

- еңбек пен қоғам арасындағы күнделікті байланыс.

Ғылыми қағидасы қазіргі уақытта жедел іздестіру қызметін дұрыс ұйымдастыру үшін, қылмыстың талдауын анықтау, арнайы күн қолдануды жедел іздестіру аппараттарының қарқынын дамытуды қамтиды. Бұл жағдайды іске асыруға жедел

ізвестіру қызметінің маңызына сай, криминология, криминалистика, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу құқығы, психология ғылымдарының салаларынан бастау алады. Бұл қағида тактикалық аспектілердің ұйымдасқан арнайы күшін қолдану қосымша әдет-ғұрыпты жүзеге асыруға, практикада маңызды болып отырған жағдайларды, әдістерді қадағалаумен орын алады.

Әдістер, жағдайлар қазіргі техникалық жедел құралдарында терең бағыт береді, яғни қылмысты ашуға, нақты жедел бақылауға, ақпараттарды ұйымдастыру жүйесін, аналитикалық жұмысты, жедел техникалық жоспарларды жүзеге асырады. Ғылыми қағида жүйелік идеологиялық, кәсіптік жедел аппараттарын дайындау, өздеріне жүктелген міндеттерді реттейді. Тек осы жағдайларда ғана қылмыспен күресу әдістерін көздейді.

### **Заң қағидасын сақтау.**

Мемлекеттік аппараттың қызметі тек қана заңның талабы орындалғанда ғана жүзеге асырылады. Жедел ізвестіру қызметі қылмыстың болмауын, оған оқталуын, бағытын қадағалайды. Яғни жедел ізвестіру қызметі заңды бұзса, оларға ауыр зиян келтіреді. Жедел ізвестіру қызметі қылмыспен күресу қағидасында келесі заңдылықты сақтауды талап етеді, атап айтсақ жедел ізвестіру қылмыспен барысында арнайы күш қолдану, іске қатысты адамдарға қару жарақты бағыттауды болдырмауды жүзеге асырады. Жедел ізвестіру қызметінің алдына қояр басты мақсаты болып қоғамға қарсы істелінген, дайындалу үстіндегі қылмыстарды алдын алып, уақытылы ескерту. Сонымен қатар қылмысты орындаушылар мен қатысушыларға қатысты материалдарды жинастыру тәртібін күшейту.

Жедел ізвестіру шаралары нәтижесінде жиналған материалдар тұрақтандырылған жалпы құқықтық жария нормаларының негізінде, азаматтардың құқықтық жағдайын өзгертуге байланысты мәселелерді шешу үшін қолдану мүмкін. Қоғамдастық пен жұмысшылар арасындағы күнделікті байланыс қағидасы.

Жедел аппаратта жұмысшылармен байланыс елеулі әрі әртүрлі нысанды нәтижеге жетті. Бұл нысан жалпы және арнайы мазмұндамада көрініс алды.

Жалпы:

- қоғамдық және жұмыс ұжымдарын мақсатында жедел аппараттың жедел құрамын жиыстыру;

- штаттан тыс қызметкерлерді жалпы профилактикалық ізвестіру шаралары және материалдық құндылықтарды күзету үшін тарту;

- халыққа аса қауіпті қылмыстар туралы нұсқау жүргізу; Жедел ізвестіру қызметінің арнайы нысаны:

- халықты жедел аппаратқа жариялы емес қызметке тарту.

- жедел ізвестіру мүддесін білдіретін арнайы қоғам өкілдерінің көмегін және қоғам өкілдерінің көмегін жеке тұлғаларды анықтау мақсатында тұрғылықты орнына, жұмыс орнына, оқу орнына байланысты пайдалану.

- жедел ізвестіру қызметкерлерінің меңгеруімен қоғам өкілдерінің ішіндегі сенімді, тексерілген әрі шапшаң тұлғаларын арнайы нақты жедел-ізвестіру шарларына қатыстыру.

- сезімді әрі қылмысқа қатысы бар тұлғаларды жасырын түрде бақылау.

- олардың қылмыстық іс-әрекетін құжаттау.

- жедел қарау шараларын өткізу. Қоғам өкілдерін жедел ізвестіру шарларына қатыстыру кезінде міндетті шартбасып төмендегілер табылады:

1. Ерікті қатысуы.

2. Жедел-ізвестіру шараларының негізін жария жария етпеу.

3. Құралдар мен әдістер күшін нақты, тиімді пайдалану.

Жедел іздестіру шараларын өткізу барысында олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жедел аппарат міндеті болып табылады. Жергілікті жедел аппараттың орталық басқармасындағы шығармашылық ойлардың қалыптасуы мен үйлесімділік қағидасы.

Жедел іздестіру аппарат пен құрамға байланысты құрылуына қарамастан бір қағиданы негізгі бір мақсатты орындап соған жетуге негізделген міндетте құрылуы тиіс – ол қылмыспен күрес.

Сондықтан да заңды болып әр Қазақстан Республикасының жүйесіндегі құқық қорғау ведомстволарында орталық жедел іздестіру қызметін масштабты басқарылуын қамтамасыздандыру негіз болып табылады. Бұл мақсатқа жету негізінде құқық ұрғау және жедел аппарат ведомстволарындағы жалпы норманы сәйкестендірілген аспектілердің міндетін жетілдіру мақсаты.

Жедел іздестіру қызметінің тактикасын ұйымдасу тәртібі мен жағдайының негізі вемоствалық нормативтік актілерді тұрақтандыру және реттеу конституциялық қылмыстық-құқықтық және басқа да жалпы мазмұндалған негізде реттеліп басқарылады.

Бірақ көп жағдайда жедел іздестіру мүмкіндіктері нақты қалыптасқан жедел жағдай мен шартқа байланысты мүмкіндіктерімен реттеледі. Сондықтан олардың шығармашылық қолданулары жан-жақты жағдайға байланысты қалыптасады. Бұл жалпы құқықтық нормативтік актілердің, нұсқаулар мен ережелердің талаптарының заңдылық негізіндегі тәртібін сақтауды міндет етіп қана қоймай, сонымен қатар аумақтық құраммен жедел аппараттық шығармашылық ой пікірлерін жан-жақты жедел тактикалық әдістер мен тәсілдерді әр нысандағы құқық бұзушылықтар мен ұйымдасқан қылмыспен күресте тиімді әрі ұқыпты пайдалану негіз болады.

Жедел іздестіру қызметінің арнайы қағидасы.

Арнайы қағидалар жедел іздестіру қызметінің өзіне тән заңдық негізіндегі тәртіп пен нысандар қалыптасады. Сондықтан да мұндай қағидалар жедел аппараттың негізгі белгілері мен қызметінің қылмыспен күрес жүргізудегі арнайы құралдар мен әдістәсілдерді қолдану мақсатында ғана таратылып қызмет етеді:

Бұл қағидалар қатарына:

- жедел іздестіру шараларына әр уақытта жоғары жедел дайындықта болу; - жедел іздестіру қызметін жедел жағдайға байланысты бағалау.
- жариялы және жариялы емес тәсілдердің жоғары негізде сәйкестендіріліп үйлестіру.
- жұмысбарысында әдеп белгілерін сақтау.

#### **Жедел басып алу мен дайындық қағидасы.**

Жедел аппарат пен құқық қорғау органдарының жедел дайындығы дегеніміз - қылмыспен күрес мақсатында, жедел іздестіру қызметіндегі арнайы құралдар мен күштерді, әдістер мен тәсілдерді тез әрі ұйымдасқан тәртіпте қолдану іс әрекетін айтамыз. Жедел дайындық белгілеріне:

Жедел аппаратқа жедел мүдделілікті білдіретін тұлғалар мен фактлер жайлы ақпараттардың уақытылы түсуін қамтамасыз ету;

Жедел аппарат қызметкерлерін түскен ақпарат пен қылмысқа байланысты міндеттерін алдын ала бөлу және оларды жедел түрде жедел іздестіру және басқа шараларға қатысуларын белгілеу;

Жедел тактикалық шаралар туындаған жағдайда жедел аппарат құрамымен қызметкерлердің іс-әрекеттерін алдын-ала жедел жоспарлы түрде ұйымдастыру. (Қылмыстарды ашу, болдыртпау, қылмыскерді ұстау).

Жоғары нысанды жедел дайындық, жедел іздестіру қызметіндегі басып алу қызметімен тығыз байланысты. Бұл жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында қылмыскерлердің қылмысқа дайындық үстінде ұстауға, қылмыс істеуге, сонымен қатар қылмыстың ізін суытпауға мүмкіндік береді.



**Жедел іздестіру қызметін балжап-бағалау қағидасы.**

Берілген қағиданы орындау барысында жедел аппарат қызметкерлері мен бастықтарынан жедел іздестіру шаралары сәтті өту үшін келесідей талаптардың орындалуын міндеттейді:

- жедел тактикалық жағдайды терең әрі жүйелі түрде ұғыну;
- тактикалық шараларды өткізу барысында шығармашылық ой пікірлері мен жоспарларын алдына қойған мақсатты орындау барысында нақты топтың міндеттерін орындау;
- жедел аппарат қызметкерлерін жұмысты өздері орындап белгілеуіне тәрбиелеу.

Мұндай шараларды өткізу олардың ерікті түрде өз төтенше құқықтық басқарманы немесе жедел тактикалық шешім қабылдау кезінде құқықтық аспектілерді басшылыққа ала отырып шешіледі.

**Жариялы немесе жариялы емес әдістердің жедел үйлесімділік қағидасы.**

Тәжірибелік жұмыста мұндай қағиданы қолдану аспектілері болып жедел іздестіру қызметі мен қылмысты тергеу бірдей құқықтық режим нысаны емес, сондай-ақ қылмыстық сот өндірісін жүргізу тәртібін қамтамасыздандыру әр түрлі нысанда жүреді. Осылай етіп тергеуші мен жедел қызметкер арасындағы қолданатын әдістер мен тәсілдер жүйесін, іс жүргізу және іс жүргізу қатарына жатпайтын әдіс-тәсілдердің құқықтық жағдайының тәртібінің ерекшеліктерін реттеп басқарады.

Бір жағынан тергеу қызметі мен жедел іздестіру қызметі арасында тәжірибелік, әдістемелік аса маңызды бір мақсатты көздейтін белгі бар ол қылмысты ашу барысының аяқ соңында қоғамда әлеуметтік шындықпен ақиқатқа жету. Сондай-ақ көп жағдайда аса ауыр қылмыстарды ашуда әр саладағы қылмыстық-іс жүргізу қызметі мен жедел іздестіру қызметінің мүмкіншіліктерін біріктіріп пайдалану мақсатын көздейді. Мұндай мәселенің барлығы тергеуші мен жедел қызметкердің бірігіп жұмыс істеу тиімділігін көрсетеді.

Мұндай қарым-қатынас тәртібінің түп негізі болып :

- 1.Қылмысты анықтау үшін және ашу үшін қосылғанда әлде қайда кірмеуі.
- 2.Дәлелдемелер арқылы қылмыскердің іске қатыстылығын дәлелдеу маңыздылығы.
- 3.Қоғамға қарсы теріс-қылықтардың зардабын алдын-алып болдырмау немесе қоғамдық тәртіпті орнатып қоюды мақсат етіп қою.

Сонымен қатар жедел іздестіру қызметінің өзара байланыс құқықтық режимдегі іс жүргізудің негізгі талаптарына сай болуы тиіс. Ең бастысы болып тергеушінің қылмыстық іске қатысты шараларды жүргізудегі құқықтық қорытындыда алынған материалдарға баға беру. Ал жедел қызметкер берілген мәселені сәтті шешу мақсатында өз жұмысы барысында өзі жеке тәуелсіз кез-келген арнайы құралдармен күштерді сондай-ақ қажетті әдіс-тәсілдерді қолдану еркіндігі негіз болады.

**Конспирацияны сақтау қағидасы.**

Қандайда болмасын қылмысты немесе қылмыстық әрекетті алсақ ол өзінің құпиялылығымен, қылмыскерлердің жауаптылықтан қашуымен, қылмыс іздерін жасырумен және оларды анықтау мақсатындағы шаралардың жолын кесіп қиындату ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Мұндай кезде қылмыспен күресте әр түрлі жариялы арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады. Көп жағдайда мұндай жедел іздестіру шараларын жүргізудегі жариялы емес тәсілді қолдану қатал нысанды бүркемелікті талап етеді. Сондықтан да жедел аппарат бөлімшелері мен құралдары әр түрлі жедел іздестіру мүмкіншіліктерімен ұйымдастырылған әдіс-тәсілдерін құпиялы әрі жариялы емес негізде жүргізуді өз жұмысындағы бірден бір мақсат етіп қояды. Жедел іздестіру күштеріндегі әдістер мен тәсілдердің құпиялылығы аса қауіпті ауыр қылмыстарды ашудың, әшкерелеудің кепілі болып табылады. Ал керісінше жедел іздестіру шараларын жүргізу мен ұйымдастыру барысында бүркемелілікті сақтамау жедел

аппарат пен оның жедел қызметкерлерінің жұмысын ауырлатып қылмысты ашудағы іс шараларды тіпті жоққа шығаруға дейін апаруы мүмкін.

### **5 Жедел іздестіру қызметі курсының басқа қоғамдық, заң ғылымдарымен және арнайы пәндермен ара қатынасы.**

#### ***Жедел –іздестіру қызметі және криминалистика.***

Жедел-іздестіру қызметі басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста. Солардың бірі болып криминалистика саласы танылады. Жедел-іздестіру қызметтері теориясының құрылуы мен дамуы туралы айтқанда, ол басқа да ғылымдар сияқты біздің болмысымыздың нақты жағдайда дифференциация және интеграция сияқты, ғылыми бөлімге ортақ, жетелеуші әсерін өзінің басынан кешіретін міндетті түрде айтып өткен дұрыс. Бір уақыттары дифференциация және интеграция процесс қылмыстық -іс жүргізу ғылымдарында - криминалистиканың пайда болуына әкелді, сонымен криминалистикалық ғылымдардан жедел-іздестіру қызметтері бөлініп шықты.

Жедел-іздестіру қызметтерінің теориясы білімінің дербес саласы сияқты құрылуының неізгі кезеңі осы аймақтық мәселелерін зерттеумен арнайы шұғылданған ғалымдардың аркасында, 60-шы жылдарға келеді. Осы ғылымның дамуына қосқан Б.Е. Богданов, Д.В. Гребельский, А.Г. Лекарь, В.А. Лукашов, С.С. Овчинский, В.Г. Самойлов, Г.К. Синиловтардың еңбектеріне үлкен мән беріледі.

Ғалымдардың шығармашылық күш салуларымен, бөлек мәселелерді өңдеуден жеделіздестіру қызметтерінің теориясы пәнін құастыруға, олардың құрылымдық элементтерін анықтауға және қалыптасуының анықталған білім жүйесі сияқты етуге мүмкіндік берді.

Оның арасында, Қазақстандағы заң ғылымдары сияқты жедел-іздестіру қызметтерінің қалыптасуы және дамуына келсек, онда бүгінгі күнде күнде жедел- іздестіру қызметтері теориясының аумағындағы ғалымдардың саусақпен санарлық, екенін өкінішпен атап өтеміз. Соңғы екі он жылдықта Қазақстан Республикасының ІІМ оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелері жүйелерінде жедел-іздестіру қызметтерінің мәселелері бойынша:

С.Ж.Галиевпен, К.Ш.Укановпен, А.Д.Шаймухановпен,  
Б.А.Әбдрахмановпен, З.Г. Дазиевпен, Н.А.Әбдікановпен, Т.Б.Токаловпен,  
Е.Е.Дегтяревпен, О.Р.Бижттовпен, С.В.Паташковпен, Ж.М.Чокинмен,  
А.Н.Жумабековпен, Ж.Т.Оспановпен кандидаттық диссертациялар қорғалынды.

Бүгіндері жедел-іздестіру қызметтері теориясы дербес бөлімнің жүйесі сияқты орындалады. Сонымен бірге, ол заң ғылымдарының жүйесі астындағы, оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі заң ғылымдары араларында байланыстары бар көлемді сандарды және дәл сол уақытта бөлмнің дербес салаларын өзіне қосады. Әр қайсысы дербес ғылымды керсетеді және өз аймақтарында нақты-жеке заңдарды зерттейді.

Нақты-жеке заңдар жалпылық дәреже бойынша әр түрлі. Біреулері бүтіндей бір жүйелерді қамтиды және жалпы теориялық ғылымдарды зерттеу пәндерін құрады, басқалары - тек қана шын болмыстағы жекелеген, бөлек пәндерді зерттеп, қолданбалы және салалық ғылымдарды зерттеу пәндері ретінде шығады.

Ғылыми және басқа да ғылыми білімдердің жүйелеріндегі жедел-іздестіру қызметтері теориясының орнын қарастырудан бұрын, жедел-іздестіру қызметтерінің теориясының мәнін анықтау қажет.

Жедел-іздестіру қызметтерінің теориясы - бұл жедел-іздестіру шараларын тиімді ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті, ғылыми тұжырымдар және ұсыныстар жүйесімен қылмыспен күрес тәжірибемен құралдандыруға бейімді қылмыспен күресудегі жедел-іздестіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың нұрылымдары мен жедел-іздестіру қызметтерінің табысты жұмыс жасауы үшін, құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттың, әдістемелік, кадрлық және алғы шарттық ресурстар мен жағдайларын құрайтын ғылыми білімнің аймағы.

Жедел-іздестіру қызметтерінің қазіргі теориясын осы қызметтің ұйымдастыру үлгісі

туралы білім жүйесін заңда айқындалғандай және ҚР «Жедел-іздістіру қызметтері туралы» Заңының 2 бабында анықталған міндеттерді шешуге бағытталған, жеделіздістіру шараларды жүзеге асыру әдісінің негізделгені сияқты анықтауға болады.

ҚР «Жедел-іздіспру қызметтері туралы» Заңының 5 бабы заңда көрсетілген, міндеттер мен мақсаттардың жетістіктері үшін жедел-іздістіру қызметтерін іске асыруға жіберсе, онда нақ солардың өздері (міндеттер мен мақсаттары) жеделіздістіру қызметтері сферасындағы теоретикалық зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды.

Бұл зерттеулердің мақсатты бағыттары өмірді, денсаулықты, тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның меншігін, қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық қол сұғудан қорғау үшін жедел-іздістіру қызметтерін жүзеге асыру әдістері және ұйымдастыруды жетілдіретін, заңнамамен тұжырымдалған, атап айтқанда мыналардан тұрады:

- өмірді, денсаулықты, құқықты, бостандықты, азаматтардың құқықтық; мүдделеріне және меншіктеріне заңға қайшы қол сұғудан (түрлеріне байланыссыз) қорғау;

- мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін камтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуметтілік мен қорғаныс қабілеттілігін бекітуге жәрдемдесу;

- қылмысты ашу және тыю, алдын алу, табу;

- тексеру органдарынан, тергеуден және соттан жасырынушы, қылмыстық жазадан жалтарушы адамдарды, із-түзсіз жоғалып кеткен азаматтарды және заңда қаралған басқа да тұлғаларды іздістіру бойынша шараларды жүзеге асыру;

- халықаралық ұйымдар және шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтерінің барлау-қопарғыш жұмыстарына ескерту, тыю және ашу;

- Казакстан Республикасының Президентінің және басқа да қорғаудағы

тұлғалардың қауіпсіздігін камтамасыз ету;

- мемлекеттік шекараны қорғауды камтамасыз ету;

- мемлекеттік және басқа да заңның қорғауындағы құпияларды құрайтын мәліметтерді сақтаумен қамтамасыз ету; коммерциялық құпияларын қорғауда (меншіктің түрлерінен басқа), ұйымдарға, мекемелерге және кәсіпорындарға жәрдемдесу;

- бас бостандығынан айыру орындарында, қылмыстық-атқару заңнамасымен белгіленген режимді қорғау;

- жедел-іздістіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін камтамасыз ету.

Осындай түрде, жедел-іздістіру қызметтерінің теориясы заңдық параметрде нақты анықталып негізделеді.

Бұл бәрінен бұрын, «Жедел-іздістіру қызметтері туралы» Заңның 3 бабындағы заңнамамен тұжырымдалған жедел-іздістіру қызметтерінің кағидаттары ғылыми өңдеуге жатқызылынады: заңдылықты, бостандық пен құқықты сақтау, жеке тұлғаның абыройын сыйлау, заң алдында азаматтардың теңдігі, құлиа-сырды сақтау, жарияланған және жасырын тәсілдер, кәсіби этика, оның Заңның 4 бабында көрсетілген құқықтық негіздері, жедел-іздістіру қызметтерінің тізбесі, оларды еткізудің шаралары мен негіздері (Заңның 10, 11, 12 баптары), жедел-іздістіру қызметтершің қорытындыларын қолдану (Заңның 14 бабы) және т.б.

Жедел-іздістіру қызметтерін тәртіптеуші, заңнамалық нормалар және құқықтық негіздер жүйелік талдана отырып, жедел-іздістіру қызметтерін жүргізу тәсілдері мен оны ұйымдастыру сурақтарының тізімдегі нормативтік-құқықтық тәртібін белгілеу тәртібіне тең, бұл қызмет айқын көрсетілген құқықтық сипат қолданушы деп сендіреді, ал

жеделіздістіру қызметтерінің теориясы заң ғылымдарының жаңа келешектегі бағыттарының біреуінен келінеді.

Жедел-іздістіру ұызметтерінің теориясы өзінің гносеологиялық мәні бойынша, мақсаты мен ғылыми зерттеулердің тәсілдеріне және оның қорытындыларын тәжірибелік қолдану бойынша заң ғылымдары жүйесінде ерекше қурамдас бөлік болып табылады. Оның толықтай тәуелсіздік бар, ғылыми білім салаларының ешқайсысы қамтамасыз ете алмайтын, қылмыспен күрес тәжірибесін өзіндік мұқтаждық қажеттілікпен қамтамасыз етеді А.Г. Маркушин өзінің докторлық диссертациясында көрсеткендей, жедел- іздістіру қызметтерінің теориясы нақты аймақтың бүтіндей ғылыми жүйесіне тән, барлық жақтарына ие және заң ғылымдарының дербес қолданбалы түрінде орындайды.

Әрбір ғылымның заты болып тәжірибелік жұмыстарда қолдану мақсатымен зерттеуге және тануға жататын, заңдардың нақты объективті шеңбері болып табылады.

Жедел-іздістіру қызметтерінің әртүрлі сферасындағы тұрақты үрдістерді және заңдылықтарды зерттеу - қара бастың қамы емес, заңды қ; атаң сак; тай отырып, қылмыспен тиімді күресуді қамтамасыз ететін, жедел-іздістіру қ;ызметтерінің қазіргі ғылыми дәлелденген ұйымдастырушылық тәсілдері және түрлері туралы түрлі деңгейдегі бөліммен іскер қызметкерлерді құралдандырушы басты мақсатқа жеткізетін құрал.

ЖІҚ теориясының пәні объективті заңдылықты зерттеу сияқты, сонымен қатар өзіне оның негізінде қылмыспен күресудің артық пайдалы тәсілдерін өңдеуді енгізеді. Сондықтан жедел-іздістіру қызметі теориясының пәндік аса маңызды элементі қылмыспен күресудің міндетін шешуде оның тиімділігін арттыру шараларын өңдеу болып табылады.

Осы түрмен, жедел-іздістіру қызметтерінің теориясының пәніне және жеделіздістіру қызметтеріндегі құрылымдық-міндет қылмыспен күресудегі міндеттерді уақытында шешумен қамтамасыз етуге бекімді, жедел-іздістіру шаралары және ұйымдастырушылық-басқарушылықтың комплексті жүйесі секілді; мазмұнға тікелей түрде әсер ететін қылмыстың құқықтық, криминологиялық және криминалистикалық аспектілері, ішкі істер ортаның криминогендік және криминогенге қарсы жағдайлары мен жедел-іздістіру шараларының сипаты және оларды жүзеге асырудың тактикалық және ұйымдастырушылық түрлерін анықтау кезеңдерін кеңінен қоя;

- жедел-іздістіру қызметтері сферасындағы пайда болған құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық қатынастар;
- жедел-іздістіру қызметтерінің құқықтық негіздері;
- тактика және ұйымдастыру түрлерін дамытудың келешектегі шаралары, қылмыспен күресудегі жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру.

Жедел-іздістіру қызметтері теориясының пәнін белгілей отырып, зерттеуге жататын, нақты мәселелерді ашу үшін ерекше маңызды, қаралатын ғылыми пәннің міндеттерін де анықтауға болады.

Жедел-іздістіру қызметтері теориясының басты міндеттеріне мыналар жатады: ғылыми тәсілдермен әр алуан жедел-іздістіру тәжірибесінің процесін және құбылыстарының қайталанушы және тұрақты байланыстарын ашу және осы негізде бұл ерекше білім аймағының негізгілерін өңдеу жедел-іздістіру қызметтері институтының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу; шетел мемлекеттерінің полиция органдарының жедел-іздістіру қызметтерінің теориясы мен тәжірибесін зерттеу; жедел- іздістіру қызметтерін комплекстік дамыту жолын және құқық қорғау органдарының қызметтерінің басқа да байланысы бар бағыттарын өңдеу; жедел-іздістіру қызметтерінің ұйымдастырушылық-құрылымдық мәселелерін зерттеу, жедел-тактикалық және ұйымдастырушылық- басқарушылық шараларды тиімді үйлестірудің негізінде дамытудың оңтайлы жолдарын іздеу; озық жеделіздістіру тәжірибесін зерттеу және осы негізде түрлі жедел жағдайларда тәжірибелік жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыруды және ұйымдардың пәрменді тәсілдерін өңдеу; жедел-іздістіру қызметтерінің құқықтық аспектілерін зерттеу, ЖІҚ

нормативтік тәртіптеу әдістерін өңдеу және құқықтық негіздерді оқу; жедел-ізвестіру қызметтерінің ақпараттық аспектілерін зерттеу, қылмыспен күрес сферасында жасырын күш, құралдар және тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылатын, ақпараттық-ізвестіру жұмыстарының техникалары мен тәсілдерін, ұйымдастыру мәселелерін өңдеу; жедел-ізвестіру қызметтерінің психологиялық аспектілерін зерттеу, соның ішінде комплекстік жедел-ізвестіру шараларына қатысушылардың байланысқан (бірлескен) қызметтерінің психологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар, қылмыспен күресу міндеттерін шешу кезінде көңіл қоятын құқық бұзушының психологиялық мінездемесін зерттеу, жедел-ізвестіру тәжірибесі үшін психологиялық және тактикалық түрдегі лайықты мінездемелерді өңдеу; құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жоғары құқықтық санада тәрбиелеу, қылмысқа және құқық бұзушыларға төзбеушілік қатынастарын, қылмыспен күресте қойылған міндеттерді орындауда қоғамның алдында жауапкершілігін және қоғамдық борышын жоғары сезінуді тәрбиелеу. Жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы құқық қорғау органдарының, жедел аппараттардың және құрылымдардың басшыларын, жедел-басшылық құрамды тиімді және ғылыми дәлелденген ұсыныстармен қамтамасыз етуі, заңның талап етуіне жауап беретін, қылмыспен күресудің құралдары мен тәсілдерін, қолайлы мақсатқа сәйкес жедел-ізвестіру күштерін өңдеуде жәрдемдесуі қажет. Бұл жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясының тәжірибелік бағыттары теорияның және практиканың диалектикалық біртұтастығын қамтып көрсетеді. Соңғысы заңдылықты, принциптерді және теоретикалық түзілістерді ғылыми зерттеудің қорытындысында тұжырымдалған шыншылдық өлшеміне қызмет етуші ғана емес, теорияға, оның одан әрі дамуының негізгі бағыттары мен келешегін анықтай отырып, керісінше ықпал етеді.

#### ***Жедел-ізвестіру қызметінің қылмыстық құқықпен байланысы***

Жедел-ізвестіру қызметтері теориясының құқықтық сипаттамасы оның қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік құқық, қылмыстық-атқару құқығы, криминология, криминалистика және басқа да құқықтық және құқықтық емес ғылымдармен байланысын зерттеген кезде анық көрсетіледі.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің теориясы құқықтың бөлек салаларының қызметі мен мазмұнын зерттеу пәні болып табылатын, заң ғылымдарымен тығыз қарым-қатынаста екенін ерекше атап өткен дұрыс. Ол қылмыстық құқық ғылымымен тығыз байланыста.

Жедел-ізвестіру қызметінің қылмыстық құқықпен тығыз байланыстылығы, ол қылмыстық құқықсыз мағынасыз екенін ескерту. Қылмыстың не екенін, қылмыстың субъектілері болып кімдер табылатынын тек қана қылмыстық құқық қана анықтайды, былайша айтқанда, қылмыстың барлық белгілерін, оны жасайтын немесе дайындауға қатысы бар тұлғаларды анықтауға бағытталған жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыратын шеңбердегі бастапқы түсініктерді заңнамалық тұжырымдау және заңда қаралған жауапкершілікке тартумен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жедел-ізвестіру қызметтері үшін мақсатты көрсету мазмұны ашылады, былайша айтқанда, ҚР ҚК 6 бабында қылмыстың түсінігі келтіріледі («Жедел-ізвестіру қызметтері туралы» Заңының 1 бабына сәйкес, қылмыстық қол сұғу); қоғамдық қауіпті іс-әрекеттердің заңдық түрлері тізбеленеді (қылмыстың нақты құрамы).

Сол уақытта, қылмыстың алдын-алу, ескерту және ашу, сонымен қатар, тергеу органдарынан, соттан және тергеуден жасырынып жүрген, қылмыстық жазадан жалтарушы және із-түзсіз жоғалып кеткен тұлғаларды іздеу процесін қажетті ақпараттық және іспен қамтамасыз ету арқылы жететін жедел-ізвестіру қызметтерін жүргізбуге мүмкін емес оқиға қатарларында қылмыстық құқық нормаларын қолдану.

1998 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жедел жұмыстың құқықтық негіздерінің дамуына үлкен ықпалын тигізді.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің қылмыстық-құқықтық алғышарттары келісілген:

мақсат пен негізгі міндеттің бір тұтастығымен; жедел-іздігіру қызметтерін реттейтін нормативтік-құқықтық және қылмыстық заңның ережелерінің өзара байланысы; қылмыстық заңның жедел-іздігіру шараларының бағытындағы тығыз байланысымен тек қана қылмысты жасаушы немесе жасаған, дайындалушы, қылмыс жасауға ниеттенген адамдарға қарсы; қылмыстық құқықтың маңызды институттарымен және жедел-іздігіру қызметтерінің мазмұнымен, ішкі мазмұнның арасындағы қайшылықтардың жоқтығы; жедел-іздігіру қызметінің сапасы және қылмыстық заңның деңгейін толық және уақытында жүзеге асыруға ықпал етуімен.

Қылмыстық процестің және жедел-іздігіру қызметінің теориясының өзара қатынасына жүргізілген талдау, сонымен бірге ғалымдардың пікірлері заңмен белгіленген міндеттердің жалпылығын (қылмысты ашуда, ескертуде, бұлжартпауда және табуда) қылмыстың белгілерін көрсететін, жеткілікті мәліметтердің жоқтығы жағдайында, қылмыстық процесті ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздігіру шараларын жүзеге асыруды тергеу органдарын міндеттей отырып, бізге толық анықтауға мүмкіндік берді.

Жалпылықтың келесі элементі бұл тұлғаның үй-жайға қол сұқпаушылыққа, құпия хат-хабар алысуға, телефонмен сөйлесу құқықтарына шек қоюға байланысты, жедел-іздігіру шараларын жүргізу кезіндегі прокурордың қадағалауы. Қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына сәйкес бағалаулар және тексеруден кейін жедел-іздігіру шараларының қорытындысын айғақ ретінде қолдану мүмкіндігі жедел-іздігіру қызметтерінде белгіленетінін айтпай кетуге болмайды. 2000 жылы 5 шілдеде қабылданған ҚР «Қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңы қылмыстық процесс және жедел-іздігіру заңының тығыз ара қатынасын қамтамасыз ететін елеусіз емес аспект екенін көрсетеді. Қылмыстық-процессуалдық заңының және ҚР «Жедел-іздігіру қызметтері туралы» Заңының келтірілген жоғарыдағы және басқа да нормалары қылмыстық-процессуалдық ғылымының және жедел-іздігіру қызметтері теориясының арасындағы өзара қатынастарын зерттеу үшін жіберуші болып табылады, жеке жағдайларда жедел-іздігіруді құжаттандыру (процессуалдық дәлелдеу) кезінде және қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды қорғауды қамтамасыз ету қылмыстық сот жүргізу міндеттерін шешуде жедел-іздігіру шаралары және процессуалдық іс әрекеттің ғылыми негізделген үйлесімін қамтамасыз етеді. Даму жағынан жедел-іздігіру құқығы, қылмыстық-процессуалдық құқықтың одан әрі де ықпалын сезінетініне күмәніміз жоқ екендігін айтып өткіміз келеді.

Қылмыстық жұмыстар бойынша дәлелдеуде жедел-іздігіру ақпараттарын белсенді қолдану үшін көбірек дамыған қылмыстық-процессуалдық базаны құруға үмтылыс, жедел-іздігіру шараларын және оның қорытындыларының белгілеуді өткізу процедурасын дамыту туралы сұрақты шарасыздан қояды. Басқа жағынан, қылмыстық-процессуалдық құқық та, қылмыстық-процессуалдық сипаты бар, жедел-іздігіру заңында бар нормаларды еске түсіруді керексінеді.

Жедел-іздігіру қызметінің теориясы криминалистика ғылымымен тығыз байланысты. Бұл байланыстың жедел-іздігіру қызметінің теориясы криминалистика ғылымында алғаш рет пайда болып, өркендеуіне қарай өз тарихи сипаты бар. Ғылыми білімдердің интеграция мен дифференциация заңының ықпалының астында, жедел-іздігіру қызметінің теориясы криминалистикадан бөлініп шығып, өзінің ерекше методологиялық, құдықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздерімен пәндері бар дербес ғылымға айналды.

Қазіргі уақытта жедел-іздігіру қызметінің теориясы мен криминалистикалық ғылымын олардың қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық құқық, жедел-іздігіру мен криминалистика аппараттары қызметтеріндегі өзара келісушілік пен құрылымдық және функционалдық байланыс, қылмыспен күресуде криминалистік және жедел-іздігіру құралдары мен тәсілдерінің тұрақты байланыстырудың объективті қажеттілігі байланыстары бойынша қамтамасыз етуші

ролдері біріктіреді.

Сонымен, ҚР «Жедел-іздістіру қызметтері туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, жедел-іздістіру шараларының қатарына зерттеу, табу, жасырын белгілеу және заңға қарсы іс-әрекеттің іздерін алу, оларды алдын-ала тексеру үшін, сонымен бірге жедел және криминалистік есеп жүргізулер және қылмыстық тіркеулердің жүйесі бойынша үлгілер мен байқауларды сұрыптаулар енеді. Криминалистік құралдар мен тәсілдерді қолдана отырып, қылмыстық процестің шеңберінен тыс, жасырын және жария түрде жедел-іздістіру шаралары жүзеге асады. Соттық және криминалистік сараптама өңдеген, әдістемелердің көмегімен құжаттар мен құралдарды зерттеу және сұрыптау процесі кезінде заттарды, технологияларды, уақытты, дайындау орны, құжаттарды ұстау орны, оларды орындаушы адамдар, тираждау және көбейту құралдары және тәсілдері, олардың теңестірулері: биологиялық объектілері (қан, ұрық сұйығы, шаштар және т.б.) олардың керек-жарақтары, қылмыспен күресудің міндеттерін шешу қажеттілігімен анықталатын басқа да объектілерін белгілеу туралы ақпаратты алу міндеттері шешіледі.

Жасырын белгілеу және заңға қарсы іс-әрекеттің іздерін алу қорытындылары жедел-іздістіру мақсатында қолданылады, ал алда кесімді бір шараның болуы кезінде айғақ ретінде қылмыстық істе қолданылуы мүмкін.

Зерттеу үшін үлгілер мен байқауларды таңдап алу процесі кезінде, сондай-ақ заңға қарсы іс-әрекеттің іздерін алуды жасырын белгілеу кезінде суретке түсіру, дыбыс жазу, дактило көшірме және т.б. қолданылады. Тұлғаларды белгілері бойынша іздеу және бірдейлеу жедел-іздістіру шаралары сияқты, сондай-ақ қылмысты жасаушы немесе жасауға қатысты тұлғаларды анықтау мақсатында немесе іздеудегі тұлғалардың түрлері, дауыстары және басқа да белгілерін жасырын тану жолымен, іздістіру және криминалистік есепте, жедел-анықтамаларда ақпараттық іздістіру, сонымен қатар, криминалистикалық-сараптау топтамасында және картотекасында өтеді.

Жедел-іздістіру қызметтер теориясы анықтама және криминалистік тіркеулерде, жедел-іздістірудің біртұтас жүйесін құру мәселелерін ғылыми өңдеу кезінде көрсетілетін, криминалистикалық ғылыми жетістіктерді кеңінен қолданады.

Қылмыстық ақпараттардың банктері Қазақстан Республикасының күқық қорғау органдарының ортақ қолданулары үшін арналады.

Оған қоса, жедел-іздістіру қызметінің теориясы қылмыстың даму үрдісі және заңдылығын, оның себептері мен жағдайларын, латенттік, қылмыскерлердің жеке бастарын, детерминация механизмдерін және қылмыстық мінез-құлықты зерттейтін , криминология ғылымымен байланысты.

Республикада, оның аймағындағы қылмысты зерттеу жедел-іздістіру қызметтерін жүзеге асырушы органдарға қылмыстың құрылымында оның динамикасында дұрыс беттеуіне, қылмыс биік деңгейінің қатысты аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді; жеке меншік және мемлекеттік, басқа да меншіктің түрлері сферасында қылмыстық қол сұғу құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұның бәрі республикада және оның жеке облыстарында жедел-іздістіру жұмысын ұйымдастыруға, жедел-іздістіру қызметінің субъектісінің назарын топтауға және материалдық қаражатты жедел -іздістіру қызметінің өзекті бағыттарына, жергілікті жағдайларды зерттей келе, қылмыстың алдын алу және қылмысты ашуға мақсатты бағытта тиімді дифференциалды шара қолдануды қамтамасыз етеді.

Жедел -іздістіру қызметі қылмыстың криминологиялық суретін, оның құрылымын және динамикасын терең зерттемей, жекелеген аймақтарда, сол сияқты оның жекеленген бағыттарында (ұйымдасқан, дүниеқорлық-зорлық, тұрмыстық қылмыс, жасөспірімдер жасаған қылмыс және тағы басқалар) ғылыми түрде ұйымдастыру мүмкін емес.

Криминология мен жедел -іздістіру қызметінің арақатынасы көптеген ғалымдардың табанды және мақсатты ғылыми еңбегінің нәтижесінде нығайды, олар қылмысты тез жою туралы аңызды жоққа шығарды, кәсіптік қылмыстың жандануын мәлімдеу, ұйымдасқан қылмыстың ұлғаюын және барын дәлелдеу және оның жолын, бағытын көрсету, осы

әлеуметтік құбылыстың құралы мен әдісін, қылмыстық латенттік мәселесі, құқық бұзушылық және шұғыл-іздеу аппараттарын қылмыспен қарсы күресте кәсіптік табандылық қажеттігін негіздеді.

Соңғы кездегі криминологиялық зерттеулер жедел -іздестіру қызметі теориясы өндірісін қазіргі заман талабына сай құқықтық және ұйымдасқан -тактикалық негізде жедел -іздестіру арқылы қылмыстың алдын-алуға мүмкіндік берді.

Жедел-іздестірудің алдын-алу сипаты - жедел -іздестіру аппаратының қызметінің жабық түрдегі ерекшеліктері, тұлғаға қылмыс жасауға жол бермеуі, қылмыстың алдын алуы, оған тиісті шаралар қолдануы болып табылады. Жедел-іздестіру профилактикасының қағидалық ерекшелігі -жедел алдын-алу шаралары, ерекше хабарламалармен қамтамасыз ету, шұғыл есепте тұрған тұлғаға, яғни қылмыс жасауға дайындалған немесе жасаған күдікті адамға негізделеді.

Жедел-іздестіру профилактикасы өзінің мақсаты есебінде қылмыстың себебін және жағдайын, қылмысты және құқықбұзушылықты жасауға әсер ету себебін, жағдайын, қылмыстың ахуалын байқау, жедел-іздестіру хабарламалары туралы факторлардан тұрады. Солай бола тұра жедел-іздестіру профилактикасы жедел-іздестіру қызметінде жалпы және жеке дәрежеде әлеуметтік құқықбұзушылықтың алдын-алу жүйесінің ерекшелігі болып табылады. Сондықтан жедел-іздестіру қызметінің теориясы криминологиялық ғылыммен органикалық тығыз байланыста.

Арнайы әдебиеттерде жедел-іздестіру қызметі теориясының мемлекеттік және әкімшілік құқық ғылымдарымен байланысы көрсетілмеген. Бірақ тек құқық саласы осы оқылатын ғылымдарда Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделіп, олардың мақсаттары мен міндеттерін, жеке және заңды тұлғалардың өкілеттіктерін және әкімшілік құқық регламенттелген басқа сұрақтарға негізделіп, мемлекеттік-құқық органдарының сатусын, жүйесін анықтайды.

Жедел-іздестіру қызметі нормативтік-құқықтық сипаттағы жүйеде осы қызметті өзінің қызметтік компетенциясының аумағында, нормативтік актілер (бастамалар, ережелер, бұйрықтар және т.б) жедел-іздестіру шараларын атқару тактикасын және ұйымдастыру регламентін әкімшілік құқықта, заң шығару органдары арқылы жүзеге асырылады. Жедел-іздестіру қызметінде әкімшілік реттеу және әсер ету кең қолданылып ұйымдастырылуы керек. Бұл алдымен әкімшілік бақылауда тұрған және басқа әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға әкімшілік әсер ету немесе алдын алу мақсатында есепке алуынуы керек.

Жедел-іздеу шараларын жүргізгенде азаматтың күзет қызметімен айналысуына рұқсат берумен қатар, мемлекеттік құпия мәліметтерге рұқсат беруді жүргізу.

- Жедел-іздестіру қызметі теориясы және әкімшілік құқық ғылымы осы және басқа да көптеген ауқымында мәселелермен қатысып, олардың тығыз байланысы анықталады. Жедел-іздестіру қызметі теориясының ғылыми зерттеулері қылмыстық-атқару құқығы нәтижелерін қолданумен байланысты. Практикалық жағдайда бұл қылмыстық - атқару жүйесі Комитетінің шұғыл қызметі өзінің қызмет аймағында тек қана айқындау, әшкерелеу мақсаты ғана емес, алдын-алу, ескерту, тоқтату және қылмысты ашу, сол сияқты түзеу мекемелерінен қашқан сотталғандарды іздестіру, бірақ түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында белгіленген жедел-іздестіру режимдік талаптары белгіленген тәртіпте қамтамасыз етілуі тиіс.

Жоғарыда аталған қылмыстық-атқару заңдары, құқықтық және ұйымдастыру тактикалық күзеттің қамтамасыз ету қызметін атқаратын органдар бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, оларға осы бағытта ғалым мамандардың кешенді ғылыми зерттеулері қажеттілік тудырады.

Жедел-іздеу қызметі теориясы табиғатында заң ғылымдарына жатқанымен, басқа да ғылымдармен оның ішінде экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, этика, басқару, кибернетика, тектология және басқа да ғылымдардың нәтижелерін қолданады.



Жедел-ізвестіру қызметі теориясы мен экономикалық ғылымның ара- қатынасы Қазақстан Республикасы қылмыс заңдарында мемлекеттің қылмысқа қарсы саясатында көрініс тапқан. Экономикаға байланысты қылмысқа қарсы күресте Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында өзінің артықшылық бағытын тапқан. Және бұл бекер емес, өйткені қазіргі таңда экономикалық қылмысқа қарсы күресте құқықтық мемлекет құру және қоғамды жаңартуда, әлеуметтік экономиканың мақсаттарын шешуде маңызды шешімін табады.

Осындай жағдайларда экономикаға байланысты қылмысқа қарсы күресте жаңа заман талабына сай экономика ғылымын, нарықтық қатынасын теориялық және практикалық жағынан терең зерттелген ғылыми зерттеулер жедел-ізвестіру мәселесінің . теоретикалық тұғыры болып табылады. Экономикалық білімді түзеу мекемелерінде қылмыстық жазаны атқарып жатқан қаражатқа және өндірістік-шаруашылық қызметі органдарында түзе мекемелерінің шұғыл қызметі жұмысында қолданған көптеген маңызды болар еді.

Экономикалық қылмыстың түрлері салық айналымдарынан түскен пайданы жасыру, антимонопольды заңды бұзу, эмиссиялық құнды қағаздардың тәртібін бұзу, өтірік өндіріспен айналысу, өтірік банкрот жариялау және басқа да асыра пайдаланушылықпен айналысу үшін қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін.

Болашақта экономикалық қылмысқа қарсы күресте экономикалық ғылымның теоретикалық даму ролі өсетіні сөзсіз.

***Жедел-ізвестіру қызметі теориясы психология және педагогика ғылымдарымен тығыз байланысты.*** Психологиялық зерттеулердің нәтижелерін жедел-ізвестіру қызметімен қатынасы келесі ерекшеліктермен байланысты.

Біріншіден, жедел-ізвестіру қызметі қылмыскерлер ортасы, қылмысты дайындаған, жасаған, ойластырған қылмыс ортасының әрдайым және жасырын қақтығыстары сипат алады. Жедел -ізвестіру қызметі:

а) жасырын жүргізіледі;

б) Жедел-ізвестіру қызметі рефлексі қызмет болып табылады, яғни зерттеліп, тексеріліп жатқан тұлғаға қатысты әрекет сипатталады;

в) Белгілі бір жағдайларда қылмыстық жағдайларды және оған қатысатын адамдар туралы хабарлардың жеткіліксіздігінен туатын тәуекелділікпен, байқаусыздыққа байланысты;

г) кейбір жағдайларда жедел-ізвестіру шараларын жүргізу уақытында криминалдық құбылыстар, абайсыз шабуылдарға, қауіпті жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Екіншіден, жедел -ізвестіру қызметі:

а) Жедел-тактикалық шешімдерді тексеріп, қабылдап өндіру, шешімдерді имитациялау;

б) Әрдайым өзінің қызмет нәтижесін және криминалдық элементтер қызметін болжау және талдау;

в) Әр шараларды өткізгенде елеусіз болуды қамтамасыз ету үшін тексеріліп жатқан тұлғадан жедел - бағалы деректер алып, оны тиімді пайдалану үшін ойын ролдерін, әртүрлі дәлелдер келтіру;

г) Экстрималыды жағдайларға әрдайым шұғыл дайын болу;

д) Эмоционалды-ерікті қатаң бақылау.

ҫшіншіден, шұғыл-ізвестіру қызметі:

а) Нормативті құқықты негізде құрылады, яғни айналыстағы құқық және моралмен регламенттеледі;

б) Көп қуатты, қаражатты және әдісті қолданумен байланысты, яғни кешенді және ұжымды қызмет болып табылады;

в) Әрқашан шұғыл және жедел -тактикалық жағдайлармен келісіліп жасалынады;

г) Қызмет аясының өзгеріп тұруына байланысты жоғарғы динамизммен

ерекшеленеді.

Жедел-ізвестіру қызметінің жоғарыда көрсетілген тізімдері спецификалық маңызды ерекшеліктері болып табылады. Осы жартылай көрсетілген тізімдерден -ақ осы қызмет түрі басқа қызмет түрлері сияқты психологияның ерекше сипатты компоненті барын аңғаруға болады., ал адамзат психикасы әрдайым қажетті, динамитті элемент.

Бұдан жедел-ізвестіру қызметінің жалпы теориясының төңірегінде жедел-ізвестіру психологиясы туындайды және өзінің негізін алады. Оның пәні деп, адамдардың психикасының заңдылықтары және механизмі жедел-ізвестіру қызметінің субъектісі ретінде танылатын және оларға қарсы тұратын криминалды элементтер, яғни құқықбұзушылар және олардың айналасындағы адамдар деп есептеуге болады. Сонымен, бірге жедел-ізвестіру қызметінің пәніне біздің ойымызша, тек қана жеке индивидтің психикасының заңдылықтары емес, тағы да жедел-ізвестіру ұжымдарының психологиясын, қылмыстық топтардың және қылмыстық қауымдастықтардың психологиясымен, сонымен қатар олардың объективтік жағдайлардағы өзара шиеленісетін қарым-қатынасының психологиясын жатқызамыз.

Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы төңірегіндегі психологияның орнығуы және одан әрі дамуы тәжірибеде ұйымдастыру-басқару және шұғыл-тактикалық жеделізвестіру қызметі деңгейінде тиімді ұсыныстар дайындауға және енгізуге әсерін тигізеді. Жедел-ізвестіру қызметі теориясында психология ғылымымен қатар педагогикалық таным да қолданылады. Жедел-ізвестіру қызметінде құпия негізде ерікті түрде органдармен қарым-қатынас жасайтын азаматтарды тәрбиелеуде және оқытуда педагогикалық таным қолданылады. Педагогика ғылымы жедел-ізвестіру қызметі теориясында этика ғылым негіздері өзінің көрінісін табады. Этика -әр жедел-ізвестіру шараларын дайындағанда, жоспарлағанда, сол сияқты іске асырғанда үлкен рол атқарады. Моралдық көзқараспен қарағанда жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізгенде, егер олар зорлықты қолдану, зорлықпен қорқыту, имансыз қылық, мәдиенетсіздік, әр-түрлі діни көзқарас әрекеттері жедел-ізвестіру қызметі аясында, құқықбұзушылық және биморалды әрекеттер, сол сияқты азаматтық ар-ожданымның төмендететін әрекеттер, шұғыл-ізвестіру қызметі органдарының авторитетін түсіретін шаралар жіберілмеуі тиіс. Жедел-ізвестіру қызметі қағидасы заңдылықта, бірінші кезекте, заңи қағидасы, жедел-ізвестіру қызметі теориясында және дайындалған практикалық ұсыныстарда жеке азаматтың құқығы мен бостандығын жоғары құлықтық мазмұнмен сыйлауда өз көрінісін тауып, қалыптасқан.

Осылайша, жедел-ізвестіру қызметінің теориясын заң және басқа да ғылым түрлерінің арасындағы байланысты зерттей отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

- 1) Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы құқықтық салалық ғылым болып табылады, себебі оның қызмет функциясы оның шешетін мәселелері мемлекет органдарының құқықтық аясы қызметінде және де құқықтық процесстерге тиісті (қылмыстарды ашу және ескерту, іздеу жұмыстары және тағы басқа);
- 2) Жедел-ізвестіру қызметінің зерттелу теориясы ұсыныстарының көп бөлігі заңға негізделген, өмірді, денсаулықты, жеке бастың бостандығын және құқығын, жеке меншікті, қоғам қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық озбырлықтан қорғау туралы құқықтық сипат айқын көрсетілген;
- 3) Жедел-ізвестіру қызметі теориясыны көптеген ғылымдармен (қоғамдық, техникалық, табиғи) байланысты, бірақ негізгі ортасы хабарламалық, құқықтық ғылым болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендерді негіздей отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

біріншіден, жедел-ізвестіру қызметі теориясы қылмыстық іс, криминалистика және басқа да салалық процессуалдық ғылымдарға жатады; екіншіден, жедел-ізвестіру қызметі теориясы жоғарыдағы көрсетілген ғылымдармен тығыз қарым-қатынаста, солай бола тұра

ол жеке сипатта және әлеуметтік практиканың бір саласын атқарады- қылмысқа қарсы жедел-іздестіру шараларын қолдану; үшіншіден, жедел-іздестіру қызметі теориясы, басқа да салалық процессуалды ғылым сияқты бір жағынан, жалпы теориялық ғылымға және материалдық құқық ғылымына, екінші жағынан қолданбалы ғылымның жетістіктерін пайдаланады.

**"Жедел-іздестіру қызметі" қылмыстық іс жүргізу құқығымен байланысы**

Жедел-іздестіру қызметі пәні 2 бөлімнен тұрады: жалпы және ерекше. Жалпы бөлім курсына 9 тарау кіреді:

- 1) Жедел-іздестіру қызметінің негізгі жағдайы.
- 2) Жедел-іздестіру қызметін жүргізу субъектілері.
- 3) Жедел-іздестіру психологиясының негіздері.
- 4) Жедел-іздестіру қызметін атқаратын, қолданатын органдардың құралдары мен әдістері.
- 5) Жедел-іздестіру іс-шаралары.
- 6) Ішкі істер бөлімінің агенттік жұмыстары.
- 7) Жедел-іздестіру қызметінің формалары.
- 8) Жедел-іздестіру тактикасы.
- 9) Ішкі істер бөлімі жедел-іздестіру қызметін ұйымдастыру негіздері.

Жедел-іздестіру -іздестіру қызметінің ерекше бөлімі курсы і2 тараудан тұрады:

Ішкі істер бөлімі қылмысты піұғыл ашу бөлімшелері және қылмыстың алдын-алу негіздері;

- 1) Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі криминалды полиция қызметі бөлімшелерінің қылмыстың алдын алу, қылмысты ашуды ұйымдастыруы және тактикасы;
- 2) Экономикалық қылмыстарды ашу және олардың алдын алу тактикасы, ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 3) ұйымдасқан қылмысқа қарсы шұғыл бөлімшелердің қылмысты ашу, алдын алу тактикасы және ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 4) Транспорттағы ішкі істер органдары шұғыл бөлімшелерінің қылмысты ашуы және алдын алу тактикасы, ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 5) Әскери қылмыстарды ашу және олардың алдын алу ерекшеліктері;
- 6) Қылмыстық - атқару жүйесі шұғыл қызметіндегі қылмыстың алдын алу тактикасы, ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 9) Криминалдық шұғыл барлау бөлімшелерінің қылмысты ашуы және олардың алдын-алу тактикасы, ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 10) Шұғыл қызметтердің шұғыл бөлімшелерінде қылмысты ашу, олардың алдын-алу тактикасы, ұйымдастыру ерекшеліктері;
- 11) Ішкі істер қызметінің іздестіру жұмыстары;
- 12) Жедел-іздестіру қызметін бақылау және тексеру;
- 13) Жедел-іздестіру қызметін қазіргі заман талабына сай жетілдіру теориясы мен практикасы.

**3 Тақырып. Жедел іздестіру қызметінің құқықтық негізі (Ақпараттық дәріс)**

**Лекция жоспары (2сағ):**

1. Жедел-іздестіру қызметін реттейтін құқықтық нормалар оның сипаты мен

заңдылықты сақтаудағы ролі мен мазмұны.

2. Жедел-ізвестіру қызметінің конституциялық негіздері.
3. Жедел-ізвестіру қызметінің қылмыстық құқықтық негіздері.
4. Жедел-ізвестіру қызметінің қылмыстық іс жүргізу негіздері.

**Түйінді сөздер:** конституция, құқытық нормативтік актілер, қылмыстық құқық, қылмыстық атқару құқығы

### **1 . Жедел-ізвестіру қызметін реттейтін құқықтық нормалар оның сипаты мен заңдылықты сақтаудағы ролі мен мазмұны.**

Қазақстан Республикасының Ата заңы – Конституция мемлекеттің бірінші кезекте қылмыстық қол шұғушылықтан ғана емес, сондай-ақ құқықтық қолдану әрекеттерін жүзеге асыратын лауазымды және заңды тұлғалардан азаматтарды, оның өмірі мен бостандығын қорғайтындығын жария етеді. Жедел-ізвестіру қызметін пайдалы мақсаттарға жетуге бағыттай отырып, заң шығарушы адам мен азаматтың мүддесін - өміріне, денсаулығына, құқығы мен бостандығын ерекше бөліп қараған. «Жеделізвестіру қызметі туралы» Заңға сәйкес жедел-ізвестіру қызметі аталмыш заңның 3-ші бабында көрсетілген заңдылық; құқық пен бостандықты сақтау, жеке тұлғаның ар-ожданын сыйлау; азаматтардың заң алдында теңдігі сияқты жалпы құқықтық қағидаларға сәйкес жүргізіледі. Бұл қағидалар жедел-ізвестіру қызметі саласында, атап айтқанда қылмысты анықтау, алдын-алу және ашу барысында туындайтын жетекші идеялар мен негізін қалаушы бастамалар болып табылады. Жедел-ізвестіру қызметінің субъектілері азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзбау үшін жедел-ізвестіру қызметін де қандай шекте іске асыру керектігін нақты білуге тиіс. Яғни, «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңның 15-бабында конституциялық талаптардан туындайтын, жедел-ізвестіру қызметінде тікелей сақталуға тиіс шектеулер атап көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңының 25-бабының 2-тармағында прокурор жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында қадай да бір заң бұзушылық табылған жағдайда өз қаулысымен жедел-ізвестіру шараларын тоқтатқыза алатындығы тікелей көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңының 5-бабының «Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын сақтау» жөніндегі мазмұны жедел-ізвестіру шараларын және алынған ақпаратты Заңда қарастырылмаған басқа мақсатқа пайдалануға жол берілмейтіндігінің куәсі.

Жедел-ізвестіру қызметінің міндеттері азаматтардың өмірін, денсаулығын, заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан сақтауда; қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін және оның экономикалық әуелеттілігі мен қорғаныс мүмкіндігін қамтамасыз етуге көмектесуде, қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және ашуда көрініс береді.

Жедел-ізвестіру бөлімшелері қызметінің құқықтық негізі жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілерге қайшы келмейді, және де конституциялық ережесні орындау негізінде Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңы құралады. Аталмыш заңның «Жеделізвестіру қызметін бақылау және қадағалау» жөніндегі 6-тарау да субъектілерге олардың іс-қызметінің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етуді жүзеге асыруға және соның негізгі бағыттарына нұсқайды.

Сөйтіп, адам және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды заңды қамтамасыз ету және кепілдік беру мәселесіне деген оң көзқарас нақты сипатқа ие бола бастағандығы байқалады. Жеделізвестіру шараларын жүзеге асыру барысында адам және азаматтардың құқықтырын бұзу күнделікті практикадағы сирек жағдай болып табылмайды. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру барысында адам

және азаматтардың құқықтырын сақтау туралы, субъектілер мен басқа да құқық қорғау органдарымен өзара ықпалдастық маңызы туралы мәселені жанжақты қарауға тырысу қажет. Құқық қорғау органдары негізгі қағидалардың бірі - жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру барысында адам және азаматтардың құқықтырын сақтау қағидасын қамтамасыз етудегі өз мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланбайды.

Қолданыстағы нормативтік-құқықтық база Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жетілдіру мүмкіндігін, тіптен жетілдіру қажеттігін де жоққа шығармайды.

Әрбір қоғамдық қатынас күрделі және көпжақты қоғамдық мүдде мен мұқтаждықтың элементтерін қамтуы мүмкін. Сондықтан жалпы қоғамдық қатынастар жүйесінде ЖІҚ-н жүзеге асырудағы конституциялық құқықтық қатынастары қандай орын алатынын түсіну қажет. Құқықтық қатынас қоғамдық қатынас жүйесін құрайтын бөлігі бола отырып әлеуметтік реттеу механизмі ретінде маңызды орын алады. Олар заңдық нормалармен реттелетін нақтылы немесе фактілі қоғамдық қатынаспен қандай да бір өзара байланыста болады.

Құқықтық қатынас және нақтылы, фактілі қатынастар құқықтық реттеу үрдісінде әртүрлі әлеуметтік жағдайды көрсетеді.

Егер құқықтық қатынас құқықтық реттеу немесе құқықтық әсер ету құралы механизмінің элементі болса, онда фактілі қатынас құқықтық норма әсер ететін реттеу пәні болып табылады.

Ондай шектеу қоғамдық қатынасқа құқықтық әсер етудің негізгі кезеңін нақтылауға мүмкіндік береді. Және де әлеуметтік жағдайдың реттеу пәнін нақты бір топқа жатқызуын, ал басқасын оның механизмінің реттеу құралына жатқызуын көрсетеді.

Қазіргі құқықтану түсінігі мен негізгі категория жүйесінде құқықтық қатынас орталық орынға ие. Сонымен қатар ол өзіне зерттеушілердің назарын аударуда. Бұл қолданыстағы заңнамаларға және заңды қызмет сапасына Қазақстан Республикасы азаматтарының талаптарының жоғарлауына байланысты.

Құқықтық қатынасқа байланысты ғылымда шешілмеген мәселелер сақталып қалуда, сондай-ақ оны талдауда да бірыңғай түсінік жоқ.

Құқықтық, заңдық, қоғамдық қатынастар заң әдебиеттерінде заң нормасының жүзеге асыру әдісі, кезеңі немесе оның нәтижесі ретінде қарастырылады.

Құқықтық қатынас екі жақтың өзара қарым қатынастығын білдіреді.

Қоғамдық қатынастың құқықтық түрде туындайтын мүмкіндігі туралы пікірлер айтылған. Көбінесе заңдық қатынас мазмұны туралы кейбір ғалымдар қолданыстағы заңнамадан алынған құқық пен міндет деп түсіндірсе, басқалары құқықтар мен міндеттерді қолданушы және атқарушы субъектілердің әрекеті деп, ал үшінші біреулері құқықтық қатынасқа қатысушыларының құқығы, міндеттері және олардың әрекеттерінің өзіндік модификациясы деп түсіндіреді.

Осыдан қоғамдық қатынастардың барлығы да және толық көлемде заңды үлгіде бола бермейтіндігін байқаймыз. Құқықтық құқық нормаларымен анықталатын адамдар арасындағы нақты өмірлік қатынастар аспектісінен көрініс береді.

Сонымен құқықтық қатынас бұл – өзара қатынастардың заңдылығын реттестіру. Құқықтық қатынас – бұл өмірдегі құқықты жүзеге асыру үлгісінің бірі.

Бұрындыры рим заңгерлері, кейіннен орыстың құқықтанушылары құқық субъективтік мағынада құқықтылық және міндеттіліктен туындайтындығын, сонымен қатар бір тұлғаның құқығы басқа тұлғаның нақты бір міндетіне қашанда сәйкес келетінін атап көрсеткен.

Бір тұлғаның заңды бостандығы басқа тұлғаға қатысты талаптан, яғни бұл бостандықты сыйлаудан тұрады. Бұл пікірді “міндетсіз құқық жоқ, сондай-ақ құқықсыз міндет жоқ” деп К.Маркс өз сөзінде нақты айтып көрсеткен.

Конституциялық құқық қатынастарын жедел іздестіру қызметі саласында емес, сонымен қатар басқа да құқық саласымен де қатынасын қарастырып өтейік.

Қылмыстың заң нормаларында көрсетілген әрбір құқық бұзушылық, яғни қылмыс жасау

қылмыстық құқықтық қатынастың пайда болуына алып келеді.

Қылмыстық-құқықтық қатынас қылмыстық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастан тұрады.

Жедел іздестіру қызметін жүргізуші органдар қызметі көптеген нақты факторларға үнемі бағынышты.

Қылмыстық құқықтық қатынастың мәні қоғамға қауіпті, қылмысты жазаланатын әрекет жасаған тұлғаны жауапқа тартуда қалыптасады.

Қылмыстық жауапкершілік осы қатынастар шеңберінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықтық қатынасты қорғалатын құқықтық қатынастарға жатқызуға болады, яғни олар қорғаушы нормалар негізінен және де заңды жауапкершілік шараларын жүзеге асыратын құқықтық қатынастан тұрады.

Алайда қылмыстық құқықтық қатынастар қандайда бір дәрежеде реттеуші құқық қатынастары болып табылады. Сондықтан тек қана қорғаушы ғана емес, сонымен қатар реттеуші функцияларды атқарады, яғни туындаған құқықтық қатынасқа қатысушылардың заңды міндеттері мен құқықтарын бекітеді.

Мемлекет қылмыстық құқықтық тыйым салған жағдайда қоғамдық тәртіпті қорғап қана қоймай субъектілердің міндетті әрекеттерін де бекітеді, яғни оларға заңды міндеттерін жүктейді және олардың субъективті құқықтарын анықтайды.

Басқа сөзбен айтқанда тұлғаны жауапқа тартатын құқал ретінде болады.

Қылмыстық құқықтық қатынастың жедел іздестіру қызметін жүргізуші органдармен қатынасы субъект қылмыс жасаған кезде пайда болады.

Қылмыс жасаған уақыттан бастап жасалған әрекетке заңды жауаптылық туындайды. Осыдан бастап мемлекетке заң талаптарына сәйкес кінәліні жауапқа тарту міндеті жүктеледі.

Қылмыстық құқықтық қатынастың пайда болуы мен әрекет етуінің процессуалдық тәртіппен рәсімделгендігіне байланысты емес.

Қылмыстың ашылған немесе ашылмағандығына қарамастан қылмыс жасаған мезеттен бастап оны жасаушы мен мемлекет арасында қылмыстық құқықтық қатынас пайда болады.

Қылмыстық жазаланытын әрекетті жасаған тұлға қылмыстық құқықтық қатынастың субъектісі болып табылады.

Алайда бұған байланысты түрлі пікірлер бар (бір автор мұндай субъект ретінде сотталғанды, екіншісі – айыпталушыны, ал үшіншісі – қылмыс жасағандығы үшін кінәлі тұлғаны атап көрсетеді).

Қылмыстық құқықтық қатынастың екінші субъектісі туралы мәселе әлі де пікір талас түрінде қалып отыр.

Бір авторлардың айтуынша, қылмыскерге қарсы субъект ретінде мемлекетті, екіншісінің айтуынша – мемлекеттік органдарын, тағы біреулердің пікірінше – мемлекеттік органдар арқылы мемлекетті айтуға болады.

Жалпы мемлекет - қылмыстық құқықтық қатынастардың екінші субъектісі болып табылады деген пікір дұрыс болып саналады.

Мемлекет қылмыстық заңдарды шығару арқылы өзінің қылмыстылық пен қылмыс жасаушы тұлғаларға қарсы екендігін білдіреді.

Қылмыстық құқықтық қатынастың ерекшелігі – азаматтық, еңбектік қатынастарда мемлекет субъектілердің құқығына қол сұғылмаушылық кепілі бола отырып заңды міндеттемелердің орындалуын қадағалайды, бірақ осы аталған құқықтық қатынастарға қатыспайды, ал қылмыстық құқықтық қатынаста мемлекет субъект болып табылады.

Қылмыскер қылмыстық жауапкершілікті әрекет жасай отырып өздерін мемлекеттік органдармен емес, мемлекетпен қылмыстық құқықтық қатынасқа түсуіне әкеп соқтырады.

Алайда жедел іздестіру қызметін атқарушы органдар мемлекет атынан әрекет ететіндіктен қылмыстық құқықтық қатынаста мемлекет құқық субъектісінің ауыртпалығы соларға жүктеледі.

Әдебиеттерді көрсетілгендей «... мемлекетті қылмыстық құқықтық қатынас субъектісі ретінде тану – оның осы құқықтық қатынастардың жүзеге асырылуының кепілі екендігін тану болып табылады, ал оның атынан осы құқықтық қатынастарды жүзеге асырып жүрген органдар оның қылмыстық заңдармен көрсетілген мүдделерін немесе талаптарын жүзеге асырады».

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың мемлекет атынан қатысушы ретінде қылмыстық құқықтық қатынасқа түсетіндіктен олардың сипаттары мен осы қатынастардың дамуын ерекше көңіл бөлінеді.

Қылмыстық құқықтық қатынасты жалпы қорғаушы құқықтық қатынас ретінде алуға болады, яғни ол қылмыстық құқық негізінде қылмыстың жасалуына байланысты туындап, дамып немесе тоқтатылып отырады немесе мемлекет (оның атынан жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар) пен қылмыс жасаған тұлғаның және жәбірленушінің арасында туындайды.

Қылмыстық құқықтық қатынас объектісі құрылымның басқа да элементтері сияқты пікірталасқа негіз болады. Кейбір ғалымдар объектіні қылмыстық құқықтық құрылым элементі емес деп санайды. Басқа біреулері қылмыстық құқықтық қатынас объектісі ретінде нақты қылмыс құрамын алады.

Үшіншіден сараланып отырған құқықтық қатынас объектісі ретінде «заңды жауапкершіліктің бір түрі ретінде қылмыстық жауапкершілікті» айтуға болады. Заңмен көрсетілген нақты субъектінің әрекеттерін объект ретінде алу жөн болар.

Сонымен қатар объект ретінде әрекет қана емес, әрекетсіздік те бола алады. Мемлекеттің атынан және оның тапсырмасымен қылмыстық заңмен көделген құқықтар мен міндеттерді, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар заңдылық қағидасын қатаң сақтай отырып қылмыстылықпен барынша қарқынды күрес жүргізеді.

Қылмыстық құқықтық қатынастардың спецификасы төмендегідей:

А) егер заматтық, еңбектік құқықтық қатынастарда мемлекет субъектінің құқығына қол сұғылмаушылығына мен заңи міндеттердің орындалуының кепілі болып, бірақ өзі аталған қатынастарға қатыспаса, ал қылмыстық құқықтық қатынаста мемлекет оның субъектісі болады; Ә) мемлекет аталмыш қатынастың субъектісі бола отырып жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға нақты шараларды жүзеге асыруды тапсырады;

Б) қылмыстық құқықтық қатынастар қылмыс жасалған мезеттен бастап пайда болып, сот үрдісі тоқтатылған немесе аяқталған кезден бастап тоқтайды.

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын құқықтық қатынаста қылмыстық үрдіс мәнін құрайтын, бірақ құқықтық қатынастың жалпы теориясын дамыту үшін нақты база құратын қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынасының алатын орны зор. Қылмыстық-процессуалдық құқықтық қатынастар – қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелетін, қылмыстық сот өндірісі саласында туындап, дамып және тоқтайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстық-процессуалдық нормалар тек құқықтық қатынастар арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық-процессуалдық құқықтың материалдық сияқты басты ерекшелігі – оның нормаларының тек заңда бекітілуінде.

Аталмыш факт жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы құқық қолдану қызметінде ерекше таңба қалдырады.

Жедел іздестіру қызметін атқарушы тұлғаға мемлекеттік билік құзыреті беріледі. Яғни, олар мемлекеттік орган өкілі ретінде нақты заңды факт болған жағдайда заңда көрсетілген әрекеттерін жүзеге асыруға, өзінің құзіретін пайдалануға міндетті.

Жедел іздестіру қызметінің құқықтық қатынасы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында қалыптасқан.

Аталған қатынастарды саралайтын болсақ, жедел іздестіру қызметінің нәтижесінде қатысушылар арасында құқықтық нормаларды жүзеге асыру, құқықтық қатынастардың

негізгі белгілерін көрсетеді. Олардың ішінен мыналарды атауға болады:

- аталған қатынастар құқықтық норманың негізінде пайда болатын қоғамдық қатынастың бір түрі;
- субъективті құқықтыр мен тараптардың міндеттері арқылы жүзеге асырылады;
- заңды фактілер негізінде туындайды, өзгерді және тоқталады; - мемлекеттің қорғауында болады.

Жедел іздестіру қызметі басқа да мемлекеттік қызметтер секілді ең бастысы қлмысты анықтауға, алдын алуға және ескертуге бағытталған.

Мұнда басқа мемлекеттік қызметтер секілді жедел іздестіру қызметі жүзеге асырушы органдарда – тереңдетілген қатынастармен байланысты.

Жедел іздестіру қызметі жүргізген органдар және оның өкілдері жедел іздестіру қызметінің субъектілері (қатысушылары) болып табылады.

Сонымен бірге жедел істер жүргізуге қатысушы және нақты құқықтар мен міндеттер жүктелген басқа да тұлғалар (конфиденттер және мамандар, бір жағынан тексерушілер және іздеудегілер) жедел іздестірудің құқықтық қатынасының субъектілері болып табылады.

Жедел іздестірудің құқықтық қатынасы жедел іздестіру үрдісінде туындайды.

Оның міндеттері тұлғаны жазалаумен қортындаланбайды, олар келесіден тұрады:

- арнайы әдістермен және құралдармен қылмыс оқиғаларын анықтау және алдын алу;
- соттан бой тасалап жүрген немесе із түзсіз жоғалған тұлғаларды іздестіру;
- анықтау және тергеу органдарына көмек көрсету және жедел іздестіру қызметінің ерекше әдіс тәсілдерін қолдана отырып қылмысты ашу.

Аталмыш ереже Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңының 1 және 2 бабында бекітілген.

Осыған сәйкес жедел іздестіру қызметі бір тараптан тұрады, яғни арнайы субъектілердің құқықтары мен міндеттерді жүзеге асырады, екіншіден жедел іздестіру қызметінің басқа да субъектілерінің (көбінесе тексеруші тұлғалар) құқықтарын пайдалану және өз міндеттерін орындауынан туындайды.

Аталған жағдай тек қана заңдық құқық қатынастарды ғана емес, сонымен бірге жедел іздестіру қызметіндегі қатынастарды реттейді.

Жедел іздестіру қызметі құқықтық қатынасының субъектілері - мемлекеттік орган, оның лаузымды тұлғалары мен жеке тұлғалары, мемлекеттік заңшығарушы лауазымен қамтамасыз етілген тұлғалар және жедел іздестіру шараларын жүргізуге басшылық жасайтын тұлғалар және т.б.

Жедел іздестіру қызметі субъектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- жедел іздестіру органдары және оның лаузымды тұлғалары;
- жедел іздестіру қызметіне тартылған тұлғалар;
- жедел іздестіру органдары қызығушылық танытқан тұлғалар; - жедел іздестіру қызметін қадағалайушы органдар.

Жоғарыда көрсетілген жедел іздестіру қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңының 7 және 8 бабында көрсетілген. Аталмыш баптар оларды қадағалаушы тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын қарастырмайды.

Жедел-іздестіру қызметінің нысандары жедел-іздестіру қызметінің конституциялық құқықтық қатынастарына мағналық, мақсатқа бағыттылық беріп, оның қатынасушыларының арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Бұл конституциялық-құқықтық қатынастардың қажетті құрылымдық элементі болып табылады.

**Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында жеке өмірдің құпияларын**



**сақтауға құқықтық кепілдік беру**

Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың іс-қызметін Заңмен бекітілген тәртіп бойынша жоғарғы тұрған органдарға, прокуратураға немесе сотқа шағымдалады.

Қазақстан Республикасы Ұкіметі мен Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысынан мемлекеттік және қоғамдық өмірдің, қылмыспен күрестің, құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға түрткі болатын себептерді жоюдың құқықтық негізін нығайту міндеттерін шешуде маңызды рөл атқаратын құқық орғау органдарын деген нақты талаптарды көруге болады. Бұл біздің қоғамымызда болып жатқан өзгерістерге, яғни: тереңдетілген бірігу және әлеуметтік-экономикалық процесстердің кешеніне, мемлекеттік аппараттың жұмыс істеуінің демократиялық негізінің одан әрі дамуына, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, олардың саяси және әлеуметтік белсенділіктерінің артуына толықтай сәйкес келеді.

Заңды мүлтіксіз сақтауды, азаматтардың құқықтық кепілдіктері мен олардың заңды мүдделерін мемлекеттілікті әдеттегі қажетті даму жағдайыретінде қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар барлық құқық қорғау органдарының іс-қызметіндегі заңдылықты нығайтуда белсенділікке ие болды.

Сонымен қатар тұлғаның құқығы мен бостандығын бұзу жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын жедел аппарат органдарының жұмысында бой көрсетеді. Жедел аппараттарды алыптастыру жағдайында мекемелік бақылау кеңінен тараған. Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңының 24-бабына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның жетекшісі жедел-ізвестіру шараларын ұйымдастыру мен жүргізу барысындағы заңдылыққа бақылау жасайды, ал жоғарыда тұрған мекемелік орган өзінің қарамағындағы органның жедел-ізвестіру қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Бақылау функциясы қарамағындағы қызметтердің жұмыстарын күнделікті басқару процессіне де, жедел-ізвестіру қызметіндегі заңдылықтың бұзылуының алдын алу мен анықтауға бағытталған арнайы форма ретінде де, сондай-ақ жол берілген заң бұзушылықтар фактісі бойынша қабылданған шаралар арқылы да жүргізіледі.

Практика соңғы бағыт мекемелік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруда негізгі болып табылатындығын көрсетіп отыр.

Жедел-ізвестіру қызметіндегі заңдылық жағдайын анықтайтын маңызды фактор оның қылмыспен күрестегі тиімділігінің жоғарғы дәрежелілігі болып табылады. Күнделікті практика көрсетіп отырғандай, жедел-ізвестіру қызметіне жүгінбей, тек процессуалдық және криминалистикалық құралдарды ғана падалана отырып қылмыстың алдын алу немесе ашу қиындықтарға әкеп соқтырады.

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмайды, ал оларды сақтау заңдылықтың мазмұнды негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 15-қыркүйегіндегі «Жеделізвестіру қызметі туралы» заңының 3-бабында адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастырудың негізін қалаушы қағида болып табылады. Отызыншыелуінші жылдардағы дәстүрлі құқық қорғау органдарының тарапынан озбырлық көрсетілетін кезеңдегі мемлекетіміздің даму тарихын ескере отырып, жоғарғыда көрсетілген заңда қосымша құқықтық норманы енгізген. Атап айтсақаталмыш заңның «жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды» қарастыратын 5-бабында құқық пен бостандықты толығырақ реттейді. **Аталмыш бапта жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын құқылы органның іс-қызметінің белгілі бір кепілдігі мен шектеулігі бекітілген.** Бұл:

- жедел-ізвестіру қызметін жүргізу барысында алынған ақпараттарды заңда қарастырылмаған мақсаттар мен міндеттерге пайдалануға тыйым салу;
- жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның іс-қызметі жоғарғы

органдарға, прокурорға немесе сотқа шағымдалынады;

- тұлғаның жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органнан мәліметтерді тексеру үшін және де оған қатысты мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын құпия мәліметтерден басқа ақпараттардың сипаты туралы білу үшін талап ету құқығы;

- жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын орган осы сипаттағы мәліметтерді ұсынуға міндетті;

- жедел-ізвестіру қызметінің нәтижесінде алынған тұлғаның жеке өміріне, ар-ожданы мен беделіне қатысты нәтиже, егер онда заңда тыйым салынған іс-әрекеттерді жасау туралы ақпарат болмаса, сақталынбайды және де жойылады;

Сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында адамның құқығы мен бостандығын сақтаудың маңызды тұсы осы заңның «Жеделізвестіру шараларын жүргізу шарты» атты 12-бабында бекітілген. Адамның Конституцияда бекітілген құқығы мен бостандығына қатысты ішараларды жүргізу тек прокурордық санкциясы арқылы, және де оның тікелей қадағалауы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңына қарастырылған құқықтық нормалардың енгізілуінің өзі заңшығарушының адам құқығы мен бостандығын сақтаудың, жалпы Заңның гуманистикалық бағыттылығының фундаментальдық негізінің маңыздылығын түсінгендігінің куәсі. **2 . Жедел-ізвестіру қызметінің конституциялық негіздері.** Жедел-ізвестіру қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының

Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Республика Бас Прокурорының келісімі бойынша жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар өз құзыреті шегінде осы Заң негізінде жедел-ізвестіру шараларын ұйымдастыру мен жүргізу тактикасын реттейтін нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жедел-ізвестіру қызметтері үшін мақсатты көрсету мазмұны ашылады, былайша айтқанда, ҚР ҚК 6 бабында қылмыстың түсінігі келтіріледі («Жедел-ізвестіру қызметтері туралы» Заңының 1 бабына сәйкес, қылмыстық қол сұғу); қоғамдық қауіпті іс-әрекеттердің заңдық түрлері тізбеленеді (қылмыстың нақты құрамы).

Сол уақытта, қылмыстың алдын-алу, ескерту және ашу, сонымен қатар, тергеу органдарынан, соттан және тергеуден жасырынып жүрген, қылмыстық жазадан жалтарушы және із-түзсіз жоғалып кеткен тұлғаларды іздеу процесін қажетті ақпараттық және іспен қамтамасыз ету арқылы жететін жедел-ізвестіру қызметтерін жүргізбуге мүмкін емес оқиға қатарларында қылмыстық құқық нормаларын қолдану. 1998 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жедел жұмыстың құқықтық негіздерінің дамуына үлкен ықпалын тигізді.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің қылмыстық-құқықтық алғышарттары келісілген: мақсат пен негізгі міндеттің бір тұтастығымен; жедел-ізвестіру қызметтерін реттейтін нормативтік-құқықтық және қылмыстық заңның ережелерінің өзара байланысы; қылмыстық заңның жедел-ізвестіру шараларының бағытындағы тығыз байланысымен тек қана қылмысты жасаушы немесе жасаған, дайындалушы, қылмыс жасауға ниеттенген адамдарға қарсы; қылмыстық құқықтың маңызды институттарымен және жедел-ізвестіру қызметтерінің мазмұнымен, ішкі мазмұнның арасындағы қайшылықтардың жоқтығы; жедел-ізвестіру қызметінің сапасы және қылмыстық заңның деңгейін толық және уақытында жүзеге асыруға ықпал етуімен.

Қылмыстық процестің және жедел-ізвестіру қызметінің теориясының өзара қатынасына жүргізілген талдау, сонымен бірге ғалымдардың пікірлері заңмен белгіленген міндеттердің жалпылығын (қылмысты ашуда, ескертуде, бұлтартпауда және табуда) қылмыстың белгілерін көрсететін, жеткілікті мәліметтердің жоқтығы жағдайында,

қылмыстық процесті ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздігірушараларын жүзеге асыруды тергеу органдарын міндеттей отырып, бізге толық анықтауғамүмкіндік берді. **3 . Жедел-іздігіру қызметінің қылмыстық құқықтық негіздері.**

Қылмысты ашу мен анықтау, сондай-ақ тұлғаларды қылмыс жасаған тұлғаларды анықтау ЖІҚ - ін басты тапсырмасы болып табылады. Бұл тапсырмалардың негізі қылмыстың статистикасымен негізделеді.

Қылмысты анықтаудың мәні — қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде қирсетілген, қылмыс жасаған адамның (тұлғаның) қылмыс әрекетінің құрамын, белгілерін, жағдайды анықтауды айтамыз. Органдардың тапсырмасы ЖІҚ - де қылмыс құрамының элементін құрамайды, бул тергеушінің тапсырмасы болып табылады.

Қылмыс әрекеттің аяқталуы немесе қылмысқа қарсылық жедел іздігіру шарасында негізгі тұрпатын құрайды.

Қылмысқа тыйым салу және ескерту, яғни ол қоғамға қауіпсіздік тудырмау, қылмысты болдырмау шарттары ЖІҚ шартының тапсырмасы.

Бұл бағыттың негізгі қызметі:

- жедел аппараттың жалпы профилактикалық шараларда қатысуы;
- ұйымдармен және бағыты бар жеке профилактикалық шаралардың тұлғалардың қатынасына байланысты қоғамға қарсы әрекет, яғни қылмыстың туындауы;
- ЖІШ-ры, ұйымдар қасақана қылмысты, қылмысқа оқталуды болдырмау, яғни тыйым салу. ЖІҚ - де қылмысқа тыйым салу бұл қасақана қылмыстарды, қылмысқа оқталуды, оларды алдын алуды болдырмау, қылмыс стадиясына қатынастың жіктелуін айтамыз.

Тыйым салу әртүрлі болуы мүмкін. Қылмысқа дайындалу сатысында ұстау, қылмыстық қатынасқа байланысты дәлелдемелерді табу, қылмыс құралдардың дайындалуын алдын алу, т.б. айтамыз.

Жедел іздігіруде күш, құрал және әдісті қолдану:

- Латентті қылмысты табу, уақыттың созылуы белгісіз болуы мүмкін;
- Қайталанған қылмыстарды ашу;
- Қылмыс жасаған тұлғаларды табу және оларға шара қолдану.

ЖІҚ өзіндік спецификалық тапсырмасы тұлғаларды анықтау, органнан қашып жүрген тұлғаларды табу, қылмыстық жауаптылықтан жалтарғандарды жүзеге асырады. Іздігірудің ұйымшыл, процессуалдық, жедел іздігіру және арнайы шара тергеу органының жиынтығы болып табылады. Жалпы іздігіру жоспары бойынша қылмыстан жалтарғандар - бұл нақты айыпталушыға бағытталған қызметті көрсету. Айыпталушының бет тұрғысы белгісіз болса, іздігіру түсінігіне кірмейді, ал керісінше қылмыстық іс жүргізу мен процессуалдық ізге түсудің құрамын құрайды.

#### **4 .Жедел-іздігіру қызметінің қылмыстық іс жүргізу негіздері.**

Қылмыстық процестің және жедел-іздігіру қызметінің теориясының өзара қатынасына жүргізілген талдау, сонымен бірге ғалымдардың пікірлері заңмен белгіленген міндеттердің жалпылығын (қылмысты ашуда, ескертуде, бұлтартпауда және табуда) қылмыстың белгілерін көрсететін, жеткілікті мәліметтердің жоқтығы жағдайында, қылмыстық процесті ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жедел-іздігірушараларын жүзеге асыруды тергеу органдарын міндеттей отырып, бізге толық анықтауғамүмкіндік берді.

Жалпылықтың келесі элементі бұл тұлғаның үй-жайға қол сүкпаушылыққа, құпия хат-хабар алысуға, телефонмен сөйлесу құқықтарына шек қоюға байланысты, жедел- іздігіру шараларын жүргізу кезіндегі прокурордың қадағалауы. Қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына сәйкес бағалаулар және тексеруден кейін жедел-іздігіру шараларының қорытындысын айғақ ретінде қолдану мүмкіндігі жедел-іздігіру қызметтерінде

белгіленетінін айтпай кетуге болмайды. 2000 жылы 5 шілдеде қабылданған ҚР «Қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңы қылмыстық процесс және жедел-іздістіру заңының тығыз ара қатынасын қамтамасыз ететін елеусіз емес аспект екенін көрсетеді. Қылмыстық-процессуалдық заңының және ҚР«Жедел-іздістіру қызметтері туралы» Заңының келтірілген жоғарыдағы және басқа да нормалары қылмыстық-процессуалдық ғылымының және жедел-іздістіру қызметтері теориясының арасындағы өзара қатынастарын зерттеу үшін жіберуші болып табылады, жеке жағдайларда жедел-іздістіруді құжаттандыру (процессуалдық дәлелдеу) кезінде және қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды қорғауды қамтамасыз ету қылмыстық сот жүргізу міндеттерін шешуде жедел-іздістіру шаралары және процессуалдық іс әрекеттің ғылыми негізделген үйлесімін қамтамасыз етеді. Даму жағынан жедел-іздістіру құқығы, қылмыстық-процессуалдық құқықтың одан әрі де ықпалын сезінетініне күмәніміз жоқ екендігін айтып өткіміз келеді.

Қылмыстық жұмыстар бойынша дәлелдеуде жедел-іздістіру ақпараттарын белсенді қолдану үшін көбірек дамыған қылмыстық-процессуалдық базаны құруға үмтылыс, жедел-іздістіру шараларын және оның қорытындыларының белгілеуді өткізу процедурасын дамыту туралы сұрақты шарасыздан қояды. Басқа жағынан, қылмыстық-процессуалдық құқық та, қылмыстық-процессуалдық сипаты бар, жедел-іздістіру заңында бар нормаларды еске түсіруді керексінеді.

Жедел-іздістіру қызметінің теориясы криминалистика ғылымымен тығыз байланысты. Бұл байланыстың жедел-іздістіру қызметінің теориясы криминалистика ғылымында алғаш рет пайда болып, өркендеуіне қарай өз тарихи сипаты бар. Ғылыми білімдердің интеграция мен дифференциация заңының ықпалының астында, жедел-іздістіру қызметінің теориясы криминалистикадан бөлініп шығып, өзінің ерекше методологиялық, құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздерімен пәндері бар дербес ғылымға айналды.

#### **4 Тақырып. Жедел іздістіру қызметінің субъектілері (Өзекті дәріс) Лекция жоспары (4 сағ):**

1. Жедел-іздістіру органдарына қатысатын тұлғалардың түсінігі мен классификациялануы.
2. ҚР нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жедел іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары мен міндеттері және жауаптылық мәселелері.
3. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдарының өзара ісқимылы. Құпия көмекшілер. Штаттағы жасырын қызметкер.

**Түйінді сөздер:** құқық қорғау органдары. Құқықтыр, міндеттері, жауапкершіліктері.

#### **1. Жедел-іздістіру органдарына қатысатын тұлғалардың түсінігі мен классификациялануы.**

Қазақстан Республикасының ЖІҚ заңында жедел жүзеге асырушы органдар толығымен көрсетілген. Қазақстан Республикасының аумағында жедел қызметін: Ішкі істер органдары. ұлттық қауіпсіздік органы. Қорғаныс министрлігінің барлау орындары. Қаржы министрлігінің қаржы полициясы. ҚР президентінің күзет қызметі. Жедел іздістіру қызметін жүргізуші органдар тізімі тек қана заңмен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. ЖІҚ өзінің алдына қойған міндеттерімен ҚР ЖІҚ -нің заңы арнайы бабында көрсетілген мақсаттарды орындауға бағытталған. Алайда барлау-іздеу жұмыстарын әрбір органдар өздерінің алдына қойған міндеттеріне байланысты

орындайды. ҚР ЖІҚ-нің заңында жетінші бапта жедел іздестіру қызметі осы Заңмен белгіленген міндеттерін орындайды: яғни жедел-іздестіруге қызметін жүзеге асыруға өкілдік берілген органдар:

а) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын - құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, меншікті, қоғамдық меншікті мүдделерін мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және саяси күйіретін нығайту үшін өз құзыретіне сөйкес қажетті шараларды қолдануға.

б) өздерінің қарауындағы қылмыстық істер бойыша жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру жөнінде тапсырмаларын, прокурордың нұсқауын сондай-ақ ұйғарымын орындауға.

в) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін өзгеше белгілі болған жағдайлар мен деректерді; Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлауға.

г) құқықтық көмек туралы шарттар негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының өтініштерін орындауға.

д) жедел іздестіру шараларын жүргізу кезінде асырылатын қамтамасыз ету және хабарлама көздері құпиясының ашылуы бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы құқықтары:

а) өз құзыреті шегінде осы Заңның бабында көрсетілген жедел іздестіру шараларын жария және жасырын жүргізуге

б) жедел іздестіру қызметін асырушы органдарға құпия қызмет көрсетуге келісім беген адамдармен тегін немесе ақылы ынтымақтастық қатынас орнатуға.

в) жедел іздестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел-іздестіру үшін есептер және хабарламалар жүйелерін қажеттігінше дұрыс пайдалануға.

г) жедел іздестіру шаралары барысында жазбаша немесе ауызша келісім бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың немесе бөлімдердің қызмет жайларын, көлік және өзге де құралдарын, мүліктерін, сондай-ақ, залал келтірген залалды, шығындарын да жедел іздестіруді жүзеге асырушылардың есебінен иелеріне өтей отырып, азаматтардың тұрғын жайын пайдалануға: д) астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құруға, осы

мақсаттарда лауазымды адамдарды, бөлімшелердің, ұйымдардың ведомствалық бағыныштылығын, жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың үй- жайлары мен көлік құралдарын, қажетті құқық қорғау органдарымен құпия негізінде қызмет істейтін азаматтардың жеке басын құпияландыратын құжаттарды пайдалануға.

е) қажетті ғылыми техникалық немесе өзге де арнаулы мамандармен белгілі бір анықталған лауазымды адамдармен мамандардың, көмегін пайдаланып жүзеге асыру;

ж) меншік нысандарына қарамастан басқа да мемлекеттік ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың жедел іздестіру қызметінің міндеттерін шешу қажетті мәні бар хабарламаларды тегін алуға және пайдалануға;

з) ҚР аумағында жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар басқа органдармен келісе отырып жекелеген шараларды жүргізу. Осы органдардың күші мен қаражатын тартуға;

и) осы заңның 11-бабында көзделген жедел-іздестіру шараларын жүргізу мақсатымен ғана тәуліктің кез-келген кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жек тұрғындардың үй- жайларына, ал әскер бөлімшелершің және басқа объектілердің аумақтарына олардың басшыларының ұрықсаты бойынша кедергісіз кіруге;

к) қылмысты топқа жедел іздестіру қызметін жүзеге

асыратын органның қызметкерші немесе жеке өздеріне қатысты деректерді құпия сақтай отырып онымен ынтымақтастықта жүрген адамды енгізуге.

л) қылмысты іс-әрекетке еліктеуінің мінез-құлықты адамдарды анықтау;

м) қылмыстардың алдын алуда сондай-ақ оған қатысты қылмыстардың алдын-алу және оларды болдырмау мақсатында қылмыстық әрекеттерді әшкерлеу. Тауарлардың, заттардың және өзге де материалдық құндылықтардың жеткізілуіне жедел бақылау жасауға құқылы.

2) Ведомстволардың және басқа да ұйымдардың осы ақы көрсетілген органдарға өздерінің құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруына кедергі жасауға құқығы жоқ. ЖІҚ субъектілерінде жедел іздестіру бөліміне өзіне қойылған тиісті міндеттерді орындайды. Жедел іздестіру бөлімдері жедел қызметті жүзеге асыру барысында ішкі бөлімдерге бөлінеді, яғни, жалпы жедел іздестіру қызметін атқарып отырады, сонымен қатар өзіне тән міндеттерді атқарады. ІІМ-ҚР арнайы мемлекеттік органы, олар заңға анықтау, алдын-ала тергеу, жедел іздестіру қызметін атқарады ІІМ-одан басқа да орындау міндеттері:

ІІМ-нің міндеттері:

-Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету осы жағдайды төтенше, әскери уақытында қамтамасыз осы Заң жүзінде көрсетілгендей тергеу және анықтау жүргізу, шаралар қолдану.

- Мемлекеттік байланысты қамтамасыз ету, яғни ІІМ-не қатысты: міндеттері байланысты.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерге өзгерістер енгізіледі. ІІМ-нің жедел бөлімдері:

Криминалдық полиция. ұйымдасқан қылмыспен күресу бөлімі.

Есірткімен күресу тобы. Экономикалық қылмыспен күресу бөлімі. Осыған байланысты криминалдық полицияның міндеттермен қарайық: анықтау және тергеу жүргізу, қылмыстың алдын-алу, ашу, қылмыскерлерді анықтау. Ескерту шаралары, яғни полиция қызметкерлері жедел іздестіру шараларын қолдана отырып, есепте тұрған қылмыскерлермен бағытта жұмыс атқаруы. Тергеу және анықтама істерін жүргізу яғни ашылған қылмысты істер бойынша полиция органы өз құзыреті басшылыққа ала отырып анықтама және тергеу амалдарын бойынша жүргізе отырып істің мән жәйін анықтап, айыптау қорытындымен қылмыстық істі сот қарауына шешім қабылдауға жолдайды. Қылмыстың алдын-алу, қылмысты ашу дегеніміз - яғни жасаған және дайындап жатқан қылмыскерлерді анықтап, оларға тыңшылар арқылы әсер ету.

Жедел іздестіру Қызметінің ескерту кезегіндегі тапсырмасы, қылмыстан жалтарып жүрген қылмыскерлерді, тұлғаларды, хабар ошарсыз жоғалған адамдарды іздестіру, табу.

Қылмысты ашу мен анықтау, сондай-ақ тұлғаларды қылмыс жасаған тұлғаларды анықтау ЖІҚ - іні басты тапсырмасы болып табылады. Бұл тапсырмаларды негізгі қылмыстың статистикасымен негізделеді.

Қылмысты анықтаудың мәні — қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде көрсетілген, қылмыс жасаған адамның (тұлғаның) қылмыс әрекетінің құрамын, белгілерін, жағдайды анықтауды айтамыз. Органдардың тапсырмасы ЖІҚ - де қылмыс құрамының элементін құрамайды, бұл тергеушінің тапсырмасы болып табылады.

Қылмыс әрекетті аяқталуы немесе қылмысқа қарсылық жедел іздестіру шарасында негізгі тұрпатын құрайды.

Қылмысқа тыйым салу және ескерту, яғни ол қоғамға қауіпсіздік тудырмау, қылмысты болдырмау шарттары ЖІҚ шартының тапсырмасы.

Бұл бағыттың негізгі қызметі:

- жедел аппараттың жалпы профилактикалық шараларда қатысуы;

- ұйымдармен және бағыты бар жеке профилактикалық шаралардың тұлғалардың қатынасына байланысты қоғамға қарсы әрекет, яғни қылмыстың туындауы;

- ЖІШ-ры, ұйымдар қасақана қылмысты, қылмысқа оқталуды болдырмау, яғни тыйым салу. ЖІҚ - де қылмысқа тыйым салу бұл қасақана қылмыстарды, қылмысқа оқталуды, оларды алдын алуды болдырмау, қылмыс стадиясына қатынастың жіктелуін айтамыз.

Тыйым салу әртүрлі болуы мүмкін. Қылмысқа дайындалу сатысында ұстау, қылмыстың қатынасқа байланысты дәлелдемелерді табу, қылмыс құралдардың дайындалуын алдын алу, т.б. айтамыз.

## **2.ҚР нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың құқықтары мен міндеттері және жауаптылық мәселелері.**

Практика көрсетіп отырғандай, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру процесі кезінде, атап айтқанда арнайы жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында жедел-іздестіру ақпараттарын алуда, қылмыс жасады деген күдіктіні құрықтауда заңдылықтар бұзылып жатады, соның салдарынан құқық қорғау органдарының іс-қызтөнідегі конституциялық қағиалар бұзылып, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру саласындағы заңдардың заңды құқықтары мен мүдделері іс жүзінде қамтамасыз етілмейді. Құқық қорғау органдары үкіметтің жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында барлық жедел қызметтердің маңызды бағыттары ретінде азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақтау туралы талаптарын қарастыратыны.

Арнайы-жедел-іздестіру шараларын пайдалану бір жағынан ең қауіпті және жасырын ылмыстардың алдын алу мен ашудағы тиімділігі, екінші жағынан жасырын жүзе асатындығымен қандай да бір дәрежеде азаматтардың конституциялық құқықтарына әсер етеді. Жедел мүмкіндіктер қылмыспен күрес және оны жасауға қатысы бар деген күдіктілерге қатысты қолданылуға тиіс. Оларды басқа да шешімдерді шешу үшін, соның ішінде қызметтің міндеттерден тыс пайдалану тұлғаның құқығы мен бостандығын дөрекі бұзу болып табылады.

Қылмысты жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру жолымен ашу барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету проблемасы оның мәні мен маңыздылығына, мазмұнының ерекшеліктеріне негізделген бірқатар ерекшеліктерге ие және де құқықтық іс-қызмет саласында одан әрі зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігінің 2002 жылдың 14 -маусымында «Полиция қызметкерлерінің азаматтармен сыпайы және мұқият қатынасуы туралы» № 424 бұйрығы қабылданды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері өздерін жүктелген міндетті орындау барысында Қазақстан Республикасының ең жоғарғы құндылығы адам мен азаматтардың мүддесі болып табылатындығы туралы ережені ұстануға міндетті. Сондықтан да құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен, соның ішінде жедел- іздестіру қызметі сияқты өте ерекше іс-қызмет саласындағы қызметкерлерден заңдылықты, қызметтік тәртіпті, іс-қимыл мәдениетін сақтау талап етіледі.

Жалпы жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру барысында азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын сақтау сияқты құқықтық қағидалар тікелей практикалық іс-қызметте жан-жақты болып келеді. Олар жедел-іздестіру қызметін реттейтін барлық нормативтік актілерде орын тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңының 34бабында (2002 жылдың 9-тамызындағы № 346-шы толықтырулар мен өзгертулерді ескере отырып) қадағалау пәні жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында, жедел-іздестіру шараларын жүргізуде адам және азаматтың құқықтары мен бостандығын, сонымен қатар қолданылатын нормативтік актілер мен

жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен тұлғалардың іс-әрекеттерінің заңдылығын сақтау болып табылады.

Жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін орындау кезінде оны жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың: өз құзыреті шегінде көрсетілген жедел-ізвестіру іс-шараларын жария және жасырын жүргізуге; жеделізвестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есепке алуларды және ақпараттық жүйелерді құруға және пайдалануға; жеделізвестіру іс-шаралары барысында жазбаша немесе ауызша шарт бойынша жеке және заңды тұлғалардың, әскери бөлімдердің тұрғын үй-жайлары мен тұрғын емес үй-жайларын, көлік құралдарын, сондай-ақ өзге де мүлкін, залал келтірілген жағдайда оны, сондай-ақ шығыстарды иелеріне жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар есебінен өтей отырып пайдалануға; астыртын ұйымдар құру мақсатында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметкерлерін, бөлімшелерінің, ұйымдарының, үйжайлары мен көлік құралдарының ведомстволық бағыныстылығын, сондайақ құпия көмекшілердің жеке басын құпияландыратын құжаттарды пайдалануға; қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнаулы танымбілімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалануға; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, басқа ұйымдардан жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешу үшін маңызы бар ақпаратты өтеусіз алуға және пайдалануға; Қазақстан Республикасының аумағында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар басқа да органдардың келісімі бойынша осы органдардың күші мен қаражатын

жекелеген іс-шаралар жүргізуге тартуға; Заңда көзделген жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсатында ғана тәуліктің кез-келген уақытында ұйымдардың аумақтарына және үй-жайларына, ал әскери бөлімшелердің және басқа да режимдік объектілердің аумақтарына олардың басшыларының келісімі бойынша кедергісіз кіруге; қылмыстық процесте пайдалану үшін жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізудің нәтижелерін көрсететін материалдарды беруге құқығы бар.

Жедел-ізвестіру шараларын жүргізу кезінде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар іс-әрекеттерімен келтірген залалды өздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтейді.

### **3. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру барысында жеке өмірдің құпияларын сақтауға құқықтық кепілдік беру**

«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Жарлығында

жедел ізвестіру қызметін қадағалауға өзіндік

жеке тарауберілген. Аталмыш тараудың 34-бабында «Қадағалау пәні ЖІШ жүргізуде, ЖІҚ жүзеге асыру барысында адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтау, сонымен қатар ЖІҚ жүзеге асыруға құқылы органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен актілердің заңдылығы болып табылмақ» деп көрсетілген. Ал, 35-бап жедел ізвестіру қызметінде заңдылықты қамтамасыз етудегі прокурор өкілдігін бекітеді. Осы құқықтық норманы талдау прокурорлық қадағалаудың шегін ашып айтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында конституциялық заңдылық қағидасы тура айтылмаған. Конституциялық заңдылық - бұл конституциялық нормалар мен барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар және олардың одақтарының ережелерін нақты және міндетті түрде және Қазақстан территориясында жалпыға бірдей қолдану. Конституциялық заңдылық пікірі бүкіл Конституцияда баяндалған. Ол көбінесе қоғамдық бірлестіктер қызметін ұйымдастыру туралы, азаматтардың құқығы мен міндеттері туралы айтылғын нормаларда анық байқалады. Прокурор жұмысының бір бағыты қылмыстың тез және толық ашылуымен қорытындыланатын заңдылықты қадағалау болып табылады. Прокурор



мемлекет атынан заңдардың дұрыс орындалуына жоғарғы қадағалауды іске асыратындықтан және бұл күрестің ұйымдастырушысы ретінде шығатындықтан ол қылмыспен күресте құқық қорғау органдарының іс-әрекетін үйлестіретіндігін де естен шығармауымыз керек.

## **5 Тақырып: Жедел іздестіру шараларының объектілері (Ақпараттық дәріс)**

### **Лекция жоспары (2сағ):**

1. Жедел-іздестіру шараларының жүргізу және тоқтату негіздері.
2. Жедел-іздестіру іс- шараларының түрлері.
3. Жедел-іздестіру шараларының тактикасы

**Түйінді сөздер:** шаралар, іс шаралар, заң, тәртіп, негіздер.

### **1 Жедел-іздестіру шараларының жүргізу және тоқтату негіздері.**

Жедел іздестіру заңының талаптарына сәйкес келесі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды жүргізу барысында алынған хабарламаларды пайдалануға жол берілмейді. Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органның іс-әрекеті жөнінде жоғары тұрған органға, не прокуратураға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Қылмысты әзірледі немесе жасады деген кінәсі заңмен белгіленген тәртіпте дәлелденбеген адам жедел-іздестіру қызметін жүргізуші органнан мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны жария етуге жол бермейтін шекте өзін тексеру үшін негіз болған және өзіне қатысы бар хабарламалардың сипаты туралы мағлұматтарды талап етуге құқылы. Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органның арызданушыға қажетті мағлұматтарды беруден бас тартуы туралы шешімін негізсіз деп таныған ретте, сот өзінің дәлелді шешімімен, ал прокурор - ескертуімен аталған органды көзделген мағлұматтарды арызданушыға беруге міндеттей алады. Шағымды толық және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету мақсатында прокурордың немесе судьяның талап етуі бойынша құпия көмекшілердің және штаттық жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мағлұматтардан басқа барлық жедел-қызметтік құжаттар беріледі. Жедел-іздестіру қызметі нәтижесінде алынған, адамның жеке өміріне, ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтер, егер оларда заңмен тыйым салынған іс-әрекеттер жасағаны туралы ақпарат болмаса, сақталуға жатпайды және жойылады. Қылмыс жасаған кінәсі заңда белгіленген тәртіппен дәлелденбеген, сондай-ақ оларға қатысты қылмыстық іс қозғалмаған адамдарға қатысты жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде алынған материалдар тиісті жедел есепке алу ісі тоқтатылған кезден бастап бір жыл сақталып, содан соң жойылады. Өздеріне қатысты қылмыстық іс қозғалмаған адамдардың телефон арқылы және өзге де сөйлесулерін тыңдау нәтижесінде алынған фонограммалар мен басқа да материалдар тиісті жедел есепке алу ісі тоқтатылған кезден бастап алты ай ішінде жойылады, ол жөнінде хаттама жасалады. Прокурордың санкциясы негізінде жүргізілген жедел-іздестіру іс- шараларының нәтижелерін көрсететін материалдар жойылатын күннен үш ай бұрын ол жөнінде тиісті прокурорға хабар беріледі. Барлау және қарсы барлау қызметі процесінде, сондай-ақ халықаралық терроризмге қарсы іс-қимыл саласында алынған жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижелерін сақтау мен жоюдың тәртібі және мерзімдері ведомстволық нормативтік актілерде белгіленеді

### **2. Жедел-іздестіру іс- шараларының түрлері.**

Жедел-іздестіру іс-шаралары жалпы және арнаулы болып бөлінеді.

Жалпы жедел-іздестіру іс-шаралары мыналар болып табылады: адамдарға сауал қою; азаматтармен жария және жасырын қатынастар орнату, оларды жедел-іздестіру қызметіне пайдалану; енгізу; қылмыстық іс-әрекетті имитациялайтын мінез-құлық

таныту; астыртын кәсіпорындар мен ұйымдар құру; бақыланатын өнім беру; заңмен қорғалатын жеке өмірге, тұрғын үйге қол сұғылмауын, өзінің және отбасының құпиясын, сондай-ақ жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа да жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығын қозғамайтын мәліметтер алу үшін техникалық құралдарды қолдану; анықтамалар алу; үлгілерді алу; жедел сатып алу; іздеу-қызмет иттерін пайдалану; жеке адамды белгілері бойынша іздеу және ұқсастыру; ақпаратты заңсыз алып тастау қондырғыларын іздеу; құқыққа қарсы әрекеттер іздерін табу, жасырын орнықтыру және алып қою, оларды алдын ала зерттеу; қылмысты әзірлеуші, жасаушы немесе жасаған адамның ізіне түсу және оны ұстау; ұсталған адамдарды жеке тексеруді, олардың жанында болатын, қылмыстық әрекетке қатысты болуы мүмкін заттар мен құжаттарды қарауды және алып қоюды, сондай-ақ тұрғын жайларды, жұмыс орындары мен өзге де орындарды тексеруді, көлік құралдарын тексеруді куәгерлердің қатысуымен жүзеге асыру.

Терроризмге қарсы операцияны жүзеге асыру барысында жеке тексеру және жеке тұлғаның жанында болатын заттарды тексеру, көлік құралдарын тексеру, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып тексеру куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін; қарулы қылмыскерлерді қолға түсіру жөніндегі операцияларды жүргізу; байқау.

Арнаулы жедел-іздігіру іс-шаралары мыналар болып табылады: почта телеграф жөнелтілімдерін бақылау; байланыс желілеріндегі жедел іздеу; бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу; байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге де техникалық құралдардан ақпаратты алып тастау; жедел кіру.

### **3 Жалпы және арнаулы жедел-іздігіруді жүргізудің шарттары.**

Адамдардың азаматтығы, жынысы, ұлты, тұрғылықты жері, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, қандай қоғамдық бірлестіктерге жататындығы, дінге қатынасы мен саяси сенімі, егер заңмен өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының аумағында оларға қатысты жеделіздігіру шараларын жүргізуге кедергі бола алмайды. Жалпы және арнаулы жедел-іздігіру іс-шараларын жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы барлық органдар өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес жүргізеді. Жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жедел-іздігіру іс-шараларын қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органымен немесе оның аумақтық бөлімшесімен өзара іс-қимыл жасаса отырып жүргізуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің жедел қамтамасыз ету объектілеріндегі және күзет іс-шараларын жүргізу аймағындағы жеделіздігіру іс-шаралары Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен келісім бойынша жүзеге асырылады. Жедел-іздігіру шараларын жүргізуге құқығы бар қызметтердің, бөлімшелердің және қызметкерлер санаттарының тізбесін жедел-іздігіру қызметін жүргізуші органдардың басшылары белгілейді.

Арнаулы

жедел-іздігіру

іс-шаралары:

1) егер күдікті, айыпталушы үшінші бір адамның телефонын немесе өзге де сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса немесе егер үшінші бір адам күдіктіге, айыпталушыға арналған не басқа адамдарға беру үшін күдіктіден, айыпталушыдан ақпарат алады деген мәліметтер болса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 237-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша күдіктіге, айыпталушыға не үшінші бір адамға қатысты; тергеуден, анықтаудан, соттан жасырынып жүрген және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 237-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жүрген, сондай-ақ хабарсыз кеткен

адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін тек қана прокурордың санкциясымен жүргізіледі. Ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтар, қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар) әзірлеп және жасап жатқан қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және ашу мақсатында арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары көрсетілген санаттағы қылмыстарға қатысы бар тексерілетін адамдарға қатысты прокурордың санкциясымен жүргізіледі.

Мұндай іс-шараларды жүргізуге санкцияны жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар береді. Көрсетілген барлық органдардың міндеттерді шешуі үшін байланыс желісін пайдаланумен байланысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын техникалық жағынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады, бұл үшін оларға қажетті күш пен қаражат бөлінеді. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Қазақстан Республикасының аумағында байланыс қызметтері мен құралдарын беретін жеке және заңды тұлғалардың стационарлық аппаратурасына қосылуды болғызбайтын телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыруға құқылы.

Барлау ақпаратын алу мақсатында байланыс желілерін пайдаланумен байланысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын техникалық жағынан сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шет мемлекеттер мен шетел ұйымдарының арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру мақсатында қол сұғушылықтарын, сондай-ақ халықаралық терроризмді анықтау, алдын алу және болдырмау мақсатында тек қана барлау және қарсы барлау ақпаратын алу үшін арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары Қазақстан Республикасының бас прокурорымен келісілген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Жекелеген адамдардың өміріне, денсаулығына, меншігіне қауіп төнген жағдайда олардың өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша жедел-іздестіру қызметін жүргізуші орган басшысы бекіткен қаулы негізінде, 24 сағаттың ішінде міндетті түрде прокурорды хабардар ете отырып, қаулы шығарылған кезден бастап олардың телефондары немесе басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдауға және жазып алуға рұқсат етіледі. Кейінге қалдыруға болмайтын әрі ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы тиісті орган басшыларының біреуінің дәлелді қаулысы негізінде прокурорды хабардар ете отырып және қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде кейіннен санкция ала отырып, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге жол беріледі. Бұл ереже судьяларға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу кезінде қолданылмайды. Судьяға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары прокурордың санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін.

Арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге санкция алу кезінде прокурорға құпия көмекшілер мен штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтердің құпиясын ашуға мүмкіндік бермейтін нысанда және мазмұнда оларды жүргізу үшін негіздеме материалдар табыс етіледі. Арнаулы жедел-іздестіру іс-шарасының нәтижесі туралы оны жүргізуге санкция берген прокурор хабардар етіледі. Жасырын жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру және оларды жүргізу тактикасы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Құпияландыруға жататын мағлұматтар тізбесіне сәйкес қызметтік, әскери және мемлекеттік құпияны құрауы мүмкін.

#### **4. Жедел-іздестіру шараларының тактикасы**

**Жедел-іздестіру шараларының тактикасы** қылмыстылықпен күрес міндеттеріне ең тиімді және оңтайлы қол жеткізуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген заңды амалдар жүйесін негізделді. Жедел тактикалық амалдарды қолдану жағдайлары ең

маңыздылары олардың қолданылуының ұйғарындығын айқындайтын заңдылық болып табылатын бірқатар талаптарға міндетті түрде сәйкесқажет.

Ұйғарындық жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың тактикалық амалдары мен ұсыныстарын қолдану принципі ретінде өзінің сипаты, мазмұны мен мақсаттылығы бойынша бұл амалдар мен ұсыныстар заңнамаға сәйкес келуі тиіс, ал олардың қолданылуы заңдылықтың талаптарына жауап беруі тиіс дегеннен тұрады.

Жедел-ізвестіру қызметіндегі тактикалық амалдар мен ғылымитехникалық құралдардың ұйғарындығын олардың қолданылуының мүмкіндігін шешу кезіндегі негізгі принцип деп есептеген жөн.

Р.С.Белкин жедел-тактикалық амалдарға толық сәйкес келетін тактикалық-криминалды амалдарға қойылатын бірқатар негізгі талаптарды тұжырымдап берді. Олардың қатарына келісілер жатады: 1) ұйғарындық, яғни заңнамалар мен моральдық-этикалық нормалар тұрғысынан заңдылық;

2) ғылыми негізделгендік;

3) тактикалық амалдың мақсатқа лайықтылығы, яғни оның нақтылы тергеу немесе оперативті жағдайға тәуелділігі, нақтылы мақсатпен қамтамасыз етілуі;

4) тиімділік. Және де оның қолданылуының нәтижесінде белгілі нәтижесіз қол жеткізіледі деген сенім болған жағдайда ғана ұсынылып қолданылуы мүмкін.

5) үнемділік. Және де мақсатқа күш пен құралдардың күтімді жұмсалуды қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Бұған ЖІҚ туралы Заңынан шығатын тағы бір маңызды талапты қосқан жөн: тактикалық амалдың ұйғарындығы заңдармен көзделген жағдайлардан басқа, нақты жедел-ізвестіру шараларымен жүргізу тактикасы, мемлекеттік және өзгеше заңмен қорғаулы құпияны құрайтын ақпарат алу көздері мен әдістері жөніндегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтінін ұйғарады. Атап көрсетілген барлық талаптар тұтас алғанда жүйені құрайды және жағдайда бір-бірімен қайшы келмеуге тиіс.

Пікір таластыратын мәселенің бірін қозғап кетейік. Кейде мақсатқа лайықты жедел-тактикалық амал мен қылмысқа қатыстылығы бар деп ұйғарылған оперативті жағынан қызықты болып көрінетін адамды болдырмайтын алдап-арбау арасында айқын шекара өткізу қиын. Сонымен бірге оперативті құлық элементсіз кейде қылмыскерлердің ниеттері мен іс-әрекеттерін біліп-түсіну мүмкін емес. Сондықтан бұл жерде құқық пен мораль мәселелері тығыз тұтасады, ал оперативті қызметкерден жоғары кәсіби шеберлік талап етіледі.

Жедел-тактикалық амалдарды жүргізу кезінде құлыққа жол берілу жайында сөз еткенде, біз осы сөзбен адам ақыл-ойын теріс қана емес, сондайақ жағымды қасиеттерінің және іс-әрекеттерінің де белгіленетініне негізделеміз. "Қу" деген сөз басқалардың қатарында өзінің шынайы ниеттерін жасыратын, ойлап тапқыш, бір нәрседе шебер деген мағына береді. Мысалы, ЖІҚ туралы Заң қызметкерлердің, қылмысты ортаға енуін белгілейді. Шынайы ниетін жасырмай, тапқырлық, құлық көрсетпей осыған қол жеткізуге болады ма екен. Тағы бірнеше мысалдар бар.

Бопсалаушыларды қылмыс үстінде ұстау бойынша операция жүргізу кезінде оперативті қызметкер жәбірленушіге қылмыскерлермен кездесу орнына келіп, оларға талап еткен ақшаны немесе мүлжиды тапсыруға тапсырма береді. Осы сәтте ұстау тобы тұтқындау жүргізуге тиіс. Сонымен, операцияның осы бөлігі егер қылмыскер оперативті қызметкерлердің ниетін біле алмаса табысты болады. Жедел-ізвестіру шараларының міндеттеріне қол жеткізу, қамтамасыз ететін осы секілді құлыққа заң тұрғысынан да, мораль тұрғысынан да жол беріледі.

Бұл орайда өткенде белгілі болған тыңшы А.Ф. Кошконың пікіріне көңіл бөлмеуге болмас. 1917 жылғы төңкеріске дейін ол Рига, Мәскеу, Ресей тыншылық полициясын басқарған. 1920 жылдан кейін Парижге қоныс аударып, онда полициясының криминалды бөліміне кеңесшілік жасады. Өзінің "Пинкерто құрбандары" (Таллин, 1990 ж.) атты кітабында автор өз естеліктерінде оқырмандарға қылмысты әлсмің ойлап тапқыштығын сол сияқты "... менің бейшара кейіпкерлерімнің қылмысты құмарлықтарын кетіру" үшін

иек артуға мәжбүр болған амалдарды көрсететін бірқатар үлгілер беретіндігін жазады.

А.Ф. Кошконың өзі болса, тыңшылық жұмыста қолданылатын кейбір амалдардың этикалық жақтарын бағалауға өзара сын жолымен келеді. Көпшілік мақұлдаған тәжірибені ақтау үшін ол "... кейінгісі үшін өлім қауіпкәтерімен жиі кездесетін қылмыстық әлеммен күрес онда тең болмаса да, бірақ "қарсыласына" сай келетін қаруды қолданылуы жағдайында ғана жемісті болатынын еске сала кетейін деп жазады. Дұрысынайтқанда, - дейді автор өзінің бойында моральдың ең қарапайым көріністерін ұмыт кылып, зұлымдықты барлықжәксұрындық көріністерімен табынуға мадақтағандарға қатал этика талаптарын қолдану жайында анық айтуға болар ма?"

Әрине заңдылық бәрінен де жоғары. Және ең алдымен заңд болатын нәрсеге ғана мақсатқа лайық. Біз этиканың "қос стандартың жөнiнде де әңгіме қылмаймыз. Сонымен бiрге көптеген тактикалық амалдар, тактикалық комбинациялар мен операциялар кейде мысалы, қылмысты ойластырып жатқан адамды, сезiктiнi, айыпкердi бағыттан адастыруға бағытталған амалдар жиынтығынан тұратын, формальдi түсiндiру тұрғысынан қатал этиканың бұзылуы деп қарастырылуы мүмкiн екендiгiн тура айту керек. Аманаттарды ұстап алған адаммен келiссөздер жүрiп жатқан жағдайды көз алдымызға елестетейiк. Бiртiндеп оның талаптары қанағаттандырылады: ақша, қару-жарақ беру және т.б. Сонымен бiрге жасырын түрде аманаттағы адамды босату және күш арқылы қылмыскердi снайпердiң оқ атуымен өлтiруге шейiн қолға түсiру бойынша операция дайындалып жатыр. Бұл жағдайда әдiл сот органдары тарапынан нистiн жасыру этикаға жатады ма жоқ па Келiп түскен өтiнiш негiзiнде аса iрi көлемдегi параны бопсалаушының әрскеттерiн жедел жолмен бақылай отырып, қылмыскердi қылмыс үстiнде ұстау үшiн оған қажеттi ақша жинай алмағандықтан қуыршақ яғни боялмағандықтан ақша көлемiн тапсыруды дайындау этикаға жата ма?

Мысал үшiн қылмыскердi, сезiктiнi, айыпкердi ұстау кезiнде торуыл секiлдi тактикалық амалды пайдалану жағдайын тағы да қарастырайық. Торуыл — бұл қылмыс жасады деп сезiктi болған тұлғаны немесе айыпкердi кенеттен ұстап алу мақсатында күштер құралдардың жасырын орналасуы. Торуыл — қылмыскер үшiн хабардар болмауына, септеуде жiберген қателiктерiне. Жүрiс-тұрысындағы қателiктерiне көзделген қақпанның дәл өзi. Этикаға ф о р м а л ь д ы абстрактілі көзқарас тұрғысынан торуыл этикалық нормалардың қатал әлемiмен толық үйлес бермейдi.

Осы сұраққа бiр мағыналы жауап беруге болатын секiлдi. Бұл жағдайдағы iс-әрекеттер заңды, сондай-ақ этикаға сай, өйткенi құқық қорғау органының Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам, оның өмiрi, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын асыл қазынаны қорғауға бағытталған.

Жедел-iздестiру шараларын жүргiзу кезiнде моральдiк нормалардың көрiнiс беруiнiң өзiне тән ерекшелiгi олардың сапасы өзгертпейдi, оларды жедел-iздестiру қызметi субъектiлерiнiң ерекше өнегелi нормаларына айналдырмайды.

Жедел-iздестiру шаралары азаматтардың құқықтары мен мүдделерiнiң шектелуiмен, осы құқықтарға қол сұғумен шарасы кездесуiне байланысты заң шығарушы оларға қашан жол берiлсiн жағдайларды дәлме-дәл анықтайды, осы шаралардың көлемi мен шегiн белгiлейдi.

ЖИҚ туралы Заңында жедел-iздестiру шараларына таралаты жалпы жедел-iздестiру қызметiндегi шектеулер айтарлықтай айқын баяндалған. Заңмен :

- аса қажет және қорғаныс қажет болған жағдайдан басқа реттерде азаматтардың өмiрiне, денсаулығына мен мүлкiне нақтылы қатер төндiретiн iс-әрекеттер жасауға;
- қандай да бiр саяси партияның, сондай-ақ қоғамдық жөнiндегi дiни бiрлестiктiң мүддесi үшiн әрекет етуге;
- азаматтарды құқық бұзушылыққа итермелеуге және арандатуға;
- азаматтар мен лауазымды адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерiн шектесiтiн зорлық-зомбылық жасауға, қатер төндiруге, бопсалауға және өзге де заңсыз әрекетте жасауға;

-жедел-ізвестіру материалдарын бұрмалауға, сол сияқты көрінсу күмәнді не жалған мағлұматтарды пайдалануға тыйым салынады (ЖІҚ туралы Заңының 15 бабы).

Криминалистика мен жедел-ізвестіру қызмстінде "жедел тактикалық, комбинациялары" мен тактикалық операциялар секілді ұғымдар зерттеліп дайындалған.

**Тактикалық комбинациялар** — бұл қылмысты ашу, тергеу және болдырмаудың нақты міндетін шешу мақсатында жүргізілетін белгілі бір тактикалық амалдардың үйлестірілуі. Тактикалық комбинациялар жекелеген проблемаларды ғана емес, сондай-ақ тергеу әрекеттерін, жедел-ізвестіру шараларын үйлестіре отырып күрделі болуы мүмкін. Жедел-тактикалық комбинациялар деп сол мақсатпен жүргізілетін тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шараларының үйлестірілуі түсіндіріледі. Оларды жүргізу кезінде тергеушілер мен оперативті қызметкерлердің тығыз өзара әрекеттесуі жүзеге асады. Мысалы қылмыскерлер тобын ұстауға және тінту жүргізу алдында оперативті қызметкерлер жүзеге асыратын олардың үстінен бақылау болуы мүмкін. Ал мұндай жағдайда, одан арғы тергеу әрекеттері **тергеу және** жедел-ізвестіру шараларының бірыңғай жоспары негізінде өткізілетін болады.

**Жедел тактикалық операция** — бұл қылмыстарды ашу, тергеу және болдырмауға бағытталған күрделі міндетті шешу үшін елеулі күштер мен құралдарды қолданумен бір мақсатпен біріктірілген, **тергеу әрекеттерімен** үйлестірілген және жоспарланған жедел-ізвестіру шаралары. Мысалы, автокөлікті пайдаланумен қауіпті қылмыстың жасалынғаны туралы хабар алу үшін ішкі істер органдары ұстап алу операциясының жоспарын енгізеді, оны дәлелдемелер жинауға бағытталған тергеу әрекеттерімен үйлестіре жүргізеді.

Тактикалық операциялар орман алабында, тауларда, жабайы өсетін сора жайылған жерлерде және т.б. жүргізілуі мүмкін.

Тактикалық амалдармен қатар **жедел-тактикалық ұсыныстар жасалынады**. Олар дайындалып **жатқан** немесе жасалынған **қылмыстар** жөніндегі нақты мәліметтерді оларды ашу және болдырмау үшін анықтау, бекіту, зерттеу және пайдалану мақсатында техникалық құралдар мен тактикалық амалдарды таңдау және қолдануға ғылыми негізделген және тәжірибемен мақұлданған кеңес болып табылады.

**Ұсыныстар жалпы және арнаулы болып бөлінеді**. Жалпы ұсыныстар қатарына жедел-ізвестіру қызметінің кез келген қатысушыларына сондай-ақ кез **келген** жағдайда қолданыла **алатындар жатады**. Арнайы ұсыныстар белгілі бір **адресатқа**, мысалы экономикалық қылмыстарды тергеу аппаратының немесе салық полициясының және т.б. оперативті қызметкерлеріне көзделген.

Әрбір жедел-ізвестіру ұсынысы келесі негізгі элементтерден: оперативті қызметкердің іс-әрекеттерінің айқын көрсетілген алгоритмінен (мысалы, болған оқиға орнын қарау, азаматтарды сұрау және т.б. кезінде); ұсыныстың қолданылуы мүмкін жағдайды көрсетуден; оның жүзеге асырылуы үшін қажетті күштер мен құралдардан ұсынысты жүзеге асыру үшін қажетті уақыттан; күтілетін әсерден теріс салдарға жол бермеу бойынша болуы мүмкін қауіптен тұруы қажет.

Зерделі оқырман бұл анықтамалардан криминалистика терминологиясымен ұқсастықты байқайтын болар. Бұл кездейсоқ сәйкестік емес, өйткені криминалистика мен ЖІҚ, тсориясының арақатынасы мен байланыстары жоғарыда айтылғандай өтсе жақын.

## **6 Тақырып. Қылмыстарды тергеу барысында жедел ізвестіру қызметінде қоданылатын техникалық құралдар (Ақпараттық дәріс) Лекция жоспары (2сағ):**

1. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтерді қолдану.
2. Қылмыстық істерді тергеу барысында жедел ізвестіру қызметінің нәтижелерін пайдалану.
3. Ақпарат түсінігі және оның түрлері

## **1. Жедел-ізвестіру шараларын жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтерді қолдану.**

1994 жылы қабылданған ҚР “Жедел ізвестіру қызметі туралы” Заңының негізгі айырмашылық белгісі болып жедел ізвестіру қызметін жүргізіп орындау барысында азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын қорғау институттары болып табылады. Заң қабылдаушы 3 бапта ЖІҚ-нің қағидаларын бере тұра жоғары құқықтық нысанда бір қағиданы қатал тәртіпте ұстауды ұсынды. Ол - еке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтау қағидасы. Өйткені жедел ізвестіру қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрлі нысаны бола тұра, жоғары дәрежеде максималды негізде жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтап қарауды талап етіп, міндет жүктейді.

“Жедел ізвестіру қызметі туралы” Заңның 5-бабында жедел ізвестіру шараларын жүргізу барысында жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының жалпы негіздегі механизмін көрсетіп белгіледі. Жедел ізвестіру шараларын жүргізу барысында берілген мақсатқа жетуде Заңға қайшы түрде алынған ақпараттардың заңды күші болмайды. Жедел ізвестіру қызметін жүргізуші органның әрекеттер жоғары тұрған органға, сотқа немесе прокуратураға шағымдануға жатады. Бұндай жағдай Заң мәтінінде көрініс тапқан, яғни Конституцияның 13 бабына негізделе ҚР-ның әр азаматы өз құқығы мен бостандықтарын қорғау мақсатында сотқа шағымдана алады. Жедел ізвестіру қызметін жүргізуші органдарға немесе қызметшілерге шағымдану олардың Конституциямен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарына келесідей нұсқан келтірген кезде, яғни жеке басына қол сұқпушылық, отбасы құпиясына, ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу, жеке жинақтар мен қорларының құпиялығын бұзу, хат, телеграф, телефон байланыстарын оқып тыңдау, жеке тұрғын үйіне қол сұқпаушылық және басқа да көптеген құқыққа, заңға қайшы іс-әрекеттер орын алған кезде жүзеге асырылады.

Осындай көптеген негіздерге байланысты ҚР Президентінің 1994 жылдың 26 қазанында қабылдаған “Азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі” туралы жарлығына сәйкес, сонымен қатар “ҚР ПМ-нің бөлімшелерінде, оқу орындарында, ұйымдар мен мекемелерде азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі туралы” жарлығына сәйкес сонымен қатар ҚР ПМ бөлімшелерінде оқу орындарында ұйымдар мен мекемелерде азаматтардың арыздар мен шағымдарын қарау мен қабылдау туралы нұсқау қабылданды.

Бұл нұсқаудың мәнәне қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және басқа әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамаларының нормативтік-құқықтық акттерінің арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі үшін қолданылмайды. Барлық келіп түскен хаттар сол күні рәсімделіп, тіркеу туралы нөмір берілді. 5 күнен кешіктірілмей әр хатқа байланысты белгілі бір шешім қабылдануы тиіс, ал өз өндірісіне туралы, басқа құқық қорғау органдарының лауазымына жататын ведомстваға немесе басқа ІО қарамағына беру. Азаматтардың арыздары мен шағымдары бір ай ішінде қаралып шешіледі. Егер берілген шағымдар мен арыздар негізінде материалдарды қосымша арнайы тексеріс қажет деп тапса, бұл мерзім қосымша бір айдан артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін. Хаттарға жауапты ІО бастықтары жазбаша түрде жауап берген тілге байланысты қабылданған шешімге, сонымен қатар арызды мақұлдау туралы жауап қайтарады.

Азаматтардың сұрауы, өтініші бойынша қабылданған шешімнің қортындысының тәртібі түсіндіріледі. Нормативтік-құқықтық акттердің және ҚР ПМ алқалы коллегиясының жедел ізвестіру қызметіндегі қолданатын және реттеп басқарылатын тәжірибелік мағнасының қортындысы нормативті Конституциялық, халықаралық-құқықтық қағидаларының негізінде тұрақты негізінде келесідей мүмкіндік қағидаларын жүзеге асырады:

1. Жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты жедел ізвестіру шараларын жоғары түрде қолдануды реттеу;

2. Жедел іздестіру шараларын әр түрлі субъектілерге байланысты тәртібі мен ережелерін анықтап бекіту (кәмлетке жасы толмағандар, шет ел азаматтары, депутаттар және т.б.);
3. Жедел іздестіру шаралары өткізіліп жатқан тұлғаларға қатысты әділ негізде сұхбаттасу әрекеттерін қамтамасыз ету;
4. Келешекте тек заңды негізде жедел іздестіру шараларын өткізу барысында жеке тұлғаларға байланысты құқықтары мен бостандықтары бұзылған кезде іс жүргізудің құрамдық жүйесін логикалық тәртіпте қалыптастырып дамыту;
5. Жедел іздестіру заңдылықтарының әділдігі.

## **2. Жедел-іздестіру ақпарын жедел және тергеу қызметінде жүзеге асырылуы.**

Қылмыстық істер бойынша алдын-ала тергеуді Ұлттық Қауыпсіздік комитетінің тергеушілері, Ішкі істер органдарының тергеушілері және саполициясының тергеушілері ғана жүзеге асыра алады. Жоғарыда аталған органдардың тергеушілері өз процессуалдық әрекеттерін белгілі заңдылықтар мен алдын-ала тергеудің қағидаларының негізінде қызметін жүзеге асырады. Алдын-ала тергеу органдарының бұл стадияда негізгі мақсаттары болып: болған қылмыс оқиғасын тез және толық, жан-жақты ашып кінәліні заңда белгіленген тәртіп бойынша жазаға тарту үшін әртүрлі тергеу және жеделіздестіру әрекеттерін жүргізу. Сонымен қатар қылмыстың алдын-алу оның себебтері мен мән-жайларын анықтап, келешекте мұндай қылмыс түрін болдырмау, меншік иесіне келтірілген материалдық шығынды айыпкерден өндіру.

Тергеуші алдын-ала тергеуде процессуалдық әрекеттерін жүзеге асырған кезде белгілі бір қағидаларды басшылыққа алады. Ең алдымен қағида ұғымына тоқталғанымыз жөн. Алдын-ала тергеудің қағидалары деп: қылмыстық іс жүргізудегі алдын-ала тергеудің міндеттері мен сипаттарын анықтайтын негізгі ережелері жатады. Бұл аталған ережелер қылмыстық іс жүргізудің басты қағидаларынан туындайтын ережелер. Дәлірек тоқталатын болсақ, алдын-ала тергеу жүргізудің қағидалары мыналар болады: Алдын-алатергеудің объективтілігі толықтылығы жылдамдылығы белсенділігі тергеу бойынша жиналған мәліметтерді жарияламау. Іс бойынша алдын-ала тергеуді жоспарлау.

1) Алдын-ала тергеудің объективтілігі: тергеуші алдын-ала тергеу барысында айыпталушыны кінәләйтін мән-жайларды оны анықтайтын мәнжайларды да қарастыруы қажет, сонымен бірге бір кезеңде кінәлә тұлғаға қатысты айыптауды жоққа шығаратын дәлелдемелерді де жинауы керек, жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайларды анықтау қажет. Алдын-ала тергеуде процессуалдық кепілдіктің объективтілігі болып, тергеуші тарапынан айыпталушының заңмен тыйым салынбаған әрекеттермен қорғануға байланысты құқықтарын шектемеу. Алдын-ала тергеу органдарға жүктелген міндеттемелерді орындау. Егер де іс үшін маңызы болған жағдайда, айыптаушының өтініші мен арызын қанағаттандыру қажет.

2) Алдын-ала тергеудің толықтылығы: бұл қағида алдын-ала тергеудің объективтілігі қағидасымен тығыз байланысты. Бұл қағида бойынша істің барлық мән-жайын толығымен зерттелуге тиіс. Бұл жерде қылмыстық орны, оған тән барлық қасиеттер және айыпталушының жеке басы туралы мәліметтер анықталады. Жасалған әрекеттердің мақсаты қарастырылады. Егерде тергеушінің болжауында іс бойынша қалыптасқан қарама-қайшы версиялар жоққа шығарылып, қылмыстың сүреті нақты ашылып және қылмысқа қатысушы тұлғалардың рөлі белгілі болған жағдайда алдын-ала тергеуде толық және жан-жақты мәселелері шешілді деп пайымдайға болады.

3) Алдын-ала тергеудің жылдамдығы. Алдын-ала тергеудің жылдамдығы заңда бекітілген алдын-ала тергеумен анықтама жүргізудің уақытымен байланысты болады.



Алдын-ала тергеудің жылдамдығы бұл тергеудің белсенділігі мен уақытысында тергеу әрекеттерінің жасалуы болып табылады. Тергеуде тез және оперативті әрекеттердің нәтижесінде көптеген іс үшін маңызды заттай және басқа да дәлелдемелерді алуға болады.

4) Алдын-ала тергеудің белсенділігі. Бұл қағида бойынша: тергеуші өзінің бастамасымен қылмыстық істі қозғайды. Барлық дәлелдемелерді жинап, қылмысты ашу үшін барлық заңмен тыйым салынбаған шараларды қолданады. Сонымен қатар тергеуші іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы керек.

5) Алдын-ала тергеу бойынша жиналған мәліметтерді жарияламау. Бұл қағида жүргізіліп жатқан қылмыстық істің мәнін толық № жан-жақты ашу үшін маңызды роль атқарады. Кез келген іс бойынша жиналған мәліметтер тек қана тергеу жүргізіп жатқан органның рұқсатымен ғана жариялауға болады. Қылмыстық іс бойынша мәліметтерді алдын-ала хабарлау, тергеуге теріс әсерін тигізеді. Қылмыс жасаған тұлға тергеу әрекеттері сәтті жүріп жатқанын біліп, жасаған қылмыстың іздерін тергеу жүргізіп жатқан органдардан жасырылуы мүмкін. Өзінің кінәсіздігі туралы жасанды дәлелдемелер әзірлеуі мүмкін. Сонымен қатар тергеу бойынша көзделген уақыттап алдын-ала жариялау айыпталушының мүддесіне теріс әсерін тигізу мүмкін. Жеткілікті негіздерсіз азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамдағы беделіне теріс әсерін немесе зиян келтіруі мүмкін. Тіпті тергеу кезінде тұлғаның қылмыстық іске қатысы жоқ екендігі де анықталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Алдын-ала тергеу бойынша жарияламау қағидасының маңызы осында байқалады. Жоғарыда айтылған мәліметтерді ескере отырып, алдын-ала тергеу бойынша мәліметтерді тергеушінің немесе прокурордың рұқсат етілген көлемінде ғана жариялауға болады. Қажет болған жағдайда тергеуші куәлардың, жәбірленушіден, азаматтық талапкер мен жауапкерден, аудармашыдан, эксперттен, айғақтардан және басқа да тергеуге қатысушы тұлғалардан болған мәліметтерді жарияламау туралы подписка алады. Бұндай ережені бұзған тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Подписка процессуалдық рәсімдеу жағынан тергеу әрекетінің тиісті хаттамасында немесе ерекше процессуалдық құжат түрінде толтырылуы мүмкін.

б) Іс бойынша алдын-ала тергеуді жоспарлау.

Алдын-ала тергеу әрекеттері нәтижелі өту үшін тергеуші тергеу әрекеттерін жоспарлы түрде жүргізу керек. Алдын-ала тергеуді жүргізу кезінде жоспарлаудың нәтижесінде, жедел-іздістіру органның көмегімен қылмысты тез және толық ашуға көмектеседі. Тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдағаннан кейін тергеудің жалпы жоспарын құрады. Практика жүзінде тергеушіге белгілі мәліметтер бойынша жоспар құрудың 2 варианты болуы мүмкін.

**1 вариант.** Алдын-ала тергеуді жүргізу алдында нақты фактілік мәліметтер жеткілікті болған жағдайда іс бойынша ашық жоспар құрастырылады. Мысалы: ревизия материалдары бойынша қозғалған іс немесе анықтау органдармен алғашқы тергеу әрекеттері жүргізілген жағдайда.

**2 вариант.** Алдын-ала тергеуді жүргізу кезінде нақты мәліметтер жоқ. Бұндай жағдайда тергеуші алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізуін жоспарлайды, содан кейін ашық жоспар құрады. Бұл қағида істі дұрыс, жылдам ашуға көмектеседі.

**2 Қылмыстық істерді тергеу барысында жедел іздістіру қызметінің нәтижелерін пайдалану. Ақпар түсінігі және оның түрлері** Жедел-іздістіру қызметі процесінде алынған материалдар тергеу жұмыстарын әзірлеу мен жүзеге асыру және қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және ашу жөніндегі жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу үшін, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының қылмыстық іс

жүргізу заңнамасының айғақтарды жинауды, зерттеуді және бағалауды регламенттейтін ережелеріне сәйкес тексерілген жағдайда қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінде пайдаланылуы мүмкін. Жедел-іздігіру қызметінің материалдары барлау және қарсы барлау қызметі барысында алынған, оларды пайдалану тәртібі ведомстволық нормативтік актілерде белгіленген нәтижелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексерілгеннен кейін ЖІҚ заңының 2бабында көзделген басқа да міндеттерді орындау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Жедел-іздігіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде алынған материалдар оларға Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген сипат берілгенге дейін не оларды қылмыстық процеске енгізуге мүмкіндік болмағандажеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеуге негіз болып табылмайды. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жедел-іздігіру қызметін ұйымдастыру туралы, нақты жедел-іздігіру іс-шаралары туралы, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат көздері және оларды алу тәсілдері туралы мәліметтер, сондай-ақ адам мен азаматтың жеке өміріне, аrojданы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтер жария етуге жатпайды. Кәсіби міндеттерін орындау нәтижесінде жедел-іздігіру қызметі туралы өзіне белгіліболған мәліметтерді жария еткен адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапты болады. Осы Заңда көзделген міндеттерді шешу үшін жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдар жедел есепке алулар мен ақпараттық жүйелерді құруы және пайдалануы, сондай-ақ жедел есепке алу істерін ашуы мүмкін. Жедел есепке алулар мен ақпараттық жүйелерде мәліметтер жинақтау, сондай-ақ жедел есепке алу істерін ашу ЖІҚ заңнда көзделген негіздер болған кезде, мәліметтерді жинау мен жүйеге келтіру, жедел-іздігіру қызметінің нәтижелерін тексеру және бағалау, сондай-ақ солардың негізінде жеделіздігіру қызметін жүзеге асырушы органдардың тиісті шешімдер қабылдауы мақсатында жүзеге асырылады. Жедел есепке алулар мен ақпараттық жүйелерді қалыптастырудың және пайдаланудың, сондай-ақ жедел есепке алуларды жүргізудің тәртібі жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдардың нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

## **7 Тақырып. Жедел іздігіру қызметінің жалпы шаралары (Өзекті дәріс)**

### **Лекция жоспары ( 6 сағ):**

1. Жедел іздігіру заңына сәйкес жалпы жедел іздігіру шараларыныңтүсінігі.
2. Жалпы іздігіру шараларының түсінігі және жүйелігі.
3. Жалпы іздігіру шараларын жүргізудің тәртібі мен шарттары

#### **1. Жедел іздігіру заңына сәйкес арнайы жедел іздігіру шараларының түсінігі.**

Жедел-іздігіру шараларын жүргізу үшін: қозғалған қылмысты істің болуы;жедел- іздігіру қызметін жүзеге асырушы органдарға келіп түскен: - әзірленіп жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық - жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып немесе қылмыстық жазадан жалтарып жүрген адамдар; азаматтардың хабарсыз кетуі және танылмаған мәйіттердің табылуы;шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнайы қызметтерінің барлау-бүлдіру әрекеттері туралы хабарламалар; тергеушінің өзі тергейтін қылмыстық істер бойынша жазбаша тапсырмалары; Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оның

орынбасарларының, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың қаулылары, сондай-ақ прокурордың жедел-іздігіне қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру барысында берген жазбаша нұсқаулары; қылмыстық іс бойынша сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді іздестіру туралы сот актілері;

құқықтық көмек туралы шартқа (келісімге) сәйкес халықаралық құқық қорғау ұйымдарының және шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының сауал салулары; қоғам, мемлекет мүддесі мен оның экономикалық және қорғаныс әлуетін нығайту мүддесіне орай барлау және қарсы барлау ақпараттарын алу қажеттігі жөніндегі хабарламалар негіз болады.

Жедел-іздігіне қызметін жүзеге асыратын органдар өз құзыреті шегінде өзінің не өзге мемлекеттік органдардың бастамасы бойынша азаматтардың жеке басын сипаттайтын және шешімдер қабылдау үшін қажетті: жедел-іздігіне қызметін жүзеге асырушы органдарға жұмысқа немесе қызметке қабылдау туралы; жеке және заңды тұлғалардың стратегиялық және күзетілетін объектілерді күзету және оларға қызмет көрсету жөніндегі, сондай-ақ күзетілетін адамдардың төңірегіндегі жұмыстарды істеуіне рұқсат беру туралы. Стратегиялық және күзетілетін объектілердің, сондай-ақ күзетілетін адамдардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады; жедел-іздігіне қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде; мемлекеттік құпия болып табылатын мағлұматтарға немесе тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін апат немесе экологиялық қауіп аса жоғары объектілер мен ғимараттарды пайдалануға байланысты жұмыстарға рұқсат беру туралы; жедел-іздігіне қызметіне қатысуға рұқсат беру немесе оны жүзеге асыру нәтижесінде алынған материалдарды пайдалануға рұқсат беру туралы; күзет қызметімен айналысуға лицензиялар берілгені туралы деректер жинауға құқылы.

Көрсетілген негіздер түпкілікті болып табылады және тек заңмен ғана толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

## **2 Арнайы іздестіру шараларының түсінігі және жүйелігі.**

Пошталық жөнелтілулерді бақылау жағдайға байланысты бір жолғы немесе ұзартылған сипатта болуы мүмкін.

Пошталық жөнелтілулерге ұзартылған бақылау ЖІШ жүзеге асыратын органдардың жедел-техникалық құрылымдарымен жүргізіледі. Оның қорытындыларын жүргізудің және рәсімдеудің тәртібі арнайы тізімдік нормативтік актілерімен белгіленеді.

Пошталық жөнелтілулерге бір жолғы бақылау ЖІШ жүзеге асыратын органдардың басшыларының дәлелденген қаулысы бойынша бекітілген тәртіпте, тергеушінің жазбаша тапсырмасымен жүзеге асырылады.

Пошталық жөнелтілулерге бір жолғы бақылау құқық қорғау органдарының жасырын түрде жәрдемдесуге қатыстырылған байланыс кәсіпорынының қызметкерлерінің көмегімен жедел-іздігіне шараларын жүргізетін қызметкерімен іске асырылады.

*прокурордың рұқсатымен жүзеге асырылатын арнайы жедел-іздігіне шаралары.*

Басқа сөйлесулер болып, селектор арқылы, сым арқылы, радио және басқа да техникалық сөйлесу ақпараттар құралдарының көмегімен абоненттер арасындағы жүргізілетін сөйлесулер болып түсіндіріледі.

Жеке азаматтардың телефондарынан немесе басқа сөйлесу құралдарынан жүргізілген телефондық және басқа да сөйлесулерді тындау, олардың өздерінің жазбаша түрдегі келісімдерімен немесе арыздары бойынша, өзінің денсаулығына, өмірлеріне қауіп тудырған жағдайда, сонымен қатар қышмысты ашу үшін маңызды мәліметтер алынатын жағдайларда, немесе ЖІШ-ның басқа міндеттерін шешу үшін қажетті болған жағдайда жүргізіледі.

Берілген жедел-іздігіне шараларын жүзеге асыру үшін негіз болып ЖІШ жүргізетін органдардың қарауында мемлекет үшін маңызды мүддеге қол сұғуға немесе нақты бір тұлғаның қылмыспен байланысы туралы негізделген мәліметтердің бар болуы саналады.

Сөйлесуді тыңдау прокурордың міндетті түрде хабардар етуімен, жеделіздістіру органының басшысымен бекітілген қаулы негізінде 24 сағат ішінде жүргізіледі.

Берілген іс-шараның өзгешелігі тергеу жұмысы және жедел-іздістіру шаралары мәртебесі бар болуында.

Телефондық және басқа да сөйлесулерді тыңдау «Жедел-іздістіру шаралары туралы» ҚР Заңының 11 бабына сәйкес, сонымен бірге ҚР ҚЖК 237 бабында айтылған, «сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сонымен қатар күдіктінің, айыпталушының және қылмыс туралы мәліметтері бар басқа да тұлғалардың телефондарынан, басқа да сөйлесу құралдарынан жүргізілетін сөйлесуді тыңдау қорытындысында іс үшін маңызы бар жеткілікті негіздің бар болуын жорамалдау» ауыр және аса ауыр қылмыс туралы іс бойынша сөйлесуді тыңдау кезінде жұмысқа мәні бар мәліметтер алынатын жеткілікті негіздің болуын жорамалдау негізінде прокурордың рұқсатымен, тергеушінің қаулысының негізінде жүргізіледі», сонымен қатар «зәбірленушіге, куәгерге немесе оның жанұясының мүшелеріне зорлық жасау қаупін туғызу, қорқыту кезінде прокурордың рұқсатымен, тергеушінің қаулысымен олардың телефондарынан немесе басқа да сөйлесу құралдарынан сөйлесуді тыңдап, жазып алу жүргізілуі мүмкін».

Бұл іс-шара техникалық құралдарды және арнайы құрылғыларды қолданумен іске асады.

Байланыс кәсіпорынының телефондық коммуникациясын қолдануға байланысты телефондық және басқа да сөйлесулерді тыңдау бойынша жеделіздістірудің арнайы шаралары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен жүзеге асырылады.

Байланыстың техникалық жолдарынан, компьютерлік жүйелерден және басқа да техникалық құралдарынан алынатын ақпараттар - бұл қылмыстық іске күдікті тұлғамен берілетін (телефакс, телетайп, компьютердік жүйе, ұялы, транктік және пейджинг байланысы және т.б. байланыстар арқылы) хабарларды жасырын түрде алу.

Ақпараттарды алуды ведомствалық нұсқауларға қатаң байланысты және арнайы техникалық құралдар жинақтарының көмегімен жеделтехникалық құрылымдар жүзеге асырады.

Жедел іздістіру жұмысын жүзеге асырушы қызметкер берілген ЖПП-ні жүргізу кезінде талдау жолымен және табылған іздердің пайда болуы туралы сұрақтарды салыстыру үшін (химиялық, технологиялық, тауартанушы, криминалистік, биологиялық және т.с.с.) жасырын тексеруге мүмкіндігі бар.

Берілген іс-шараларды өткізу кезіндегі басқа бір жағдайларды зерттеуді жүргізуге ұйғарылған жердегі жағдайды анықтау маңыздырақ.

Тексерудің қорытындысынан алынған ақпараттардың артықшылықтары, бәрінен бұрын, осының негізінде нақты жәйттердің заңды бағасын (жіктеуін) тез арада жүзеге асырып және оның қылмыстық-құқықтық мәнін анықтау. Сонымен қатар бұл ақпарат заңды бұзушылықты жоюға, уақытты, күшті және заттарды үнемдеуге, оның үстіне қылмыспен күресуде шабуыл принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу қылмыстық оқиғалар туралы мәліметтер сенімді айғақтарЦЫ жинау және дұрыс бағалауға және қылмыстық-іс жүргізу мен криминалистік заттар және тәсілдер әлсіз болса да, оның бөлек бір элементтері туралы шамамен ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу құқық қорғау органдары аппараттарының жедел жұмыстарының тәжірибесінде қылмыспен күрестегі шынайы қару болып саналады, жедел-іздістіру жұмыстарының қызметкерін тапсырылған міндеттерді шешуде творчестволық түрде жақындауын мәжбүр етеді.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу тергеу-тексеру жұмыстарымен ұқсастықтары бар. Бұл ұқсастық, екі жағдайда да жағдаятты тексерушілер

жүзеге асыратын, қылмыстық оқиғаға байланысты, қылмысты ашу және алдын алу үшін мағынасы бар заттар мен құжаттарға өзіндік қабылдау. Бұл қабылдаудың зерттеулік сипаты бар (жағдайды алуға және талдауға бағытталған, іздерді табу және белгілеу, басқа да шынайы мәліметтерді белгілеу).

Сонымен қатар, тексеру - тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуден тергеу жұмыстары сияқты өзгешеленеді.

Тергеу жұмыстары: тергеу жүргізуге құқығы бар тұлғамен куәгерлердің қатыстырылуымен оқиға болған жерді тексеру, іздерді іс жүргізуде бекіту және тергеу міндеттерін шешуге қажетті басқа да нақты мәліметтерді бекіту мақсатында жүргізеді; тергеуші қарау кезінде жедел жұмыс қызметкерін, айыпталушыны, күдіктіні, жәбірленушіні қатыстыруға, маманды шақыруға құқылы; тергеу жұмыстарында алынған мәліметтер іс жүргізу құжатында оқиға болған жерде жасалған хаттамада баяндалады және айғақ көздері болып табылады.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу

- Қазақстан Республикасының «Жедел-іздігіру жұмыстары туралы» Заңында ескертілген, іс жүргізу түріндегі емес жедел-іздігіру шаралары; ол жедел шаралар жүргізу қызметкерімен немесе оның

тапсырмасымен басқа да тұлғалармен тәртіпке қарап, іс қозғауға дейін де, қылмыстық істі тексеру кезінде де жүргізіледі және өзіндік көмекші сипаты бар; ЖІШ жүзеге асырушы қызметкер астыртындықты қатаң түрде сақтай отырып, басқа бір жағдайларда штаттық және штаттан тыс қызметкерлерді, мамандарды көмекке шақыруы мүмкін; тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіруде табылған қылмыстың құралдары мен заттары, құжаттар мен бағалы заттарды зерттеу куәгерлерсіз өткізіледі.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу тексеру сияқты жұмыспен ұқсас, бірақ оларды келесі себептермен шатастыруға болмайды. Айрымашылық құқықтық тәртіп белгілеуде, оларға қатысушы адамдарда, шешілуші міндеттерде, жүргізудің жағдайлары мен нысандарында түр.

Тексеру тергеу жұмысы сияқты ашық түрде, мәжбүрлеу түрінде жүргізіледі, және жазбаша мен заттық айғақ бөлатын қылмыстың құралдары және іздерді табу, жер участоктерін, тұрғын үй, қызметті және басқа да ғимараттарды тексеруге ғана арналған емес, сонымен қатар қылмыстық істің мәліметтеріне қосу мақсатында, нақты бір объектіні алу үшін де жүргізіледі. Ол ҚР ҚЖК сәйкес тергеушінің (прокурордың рұқсатымен жауап алуды жүргізетін тұлғаның) дәлелденген қаулысы бойынша өткізіледі. Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуді қолдануда біреуді мәжбүрлеу есептелмейді. Тексеруден кейін табылған заттар мен құжаттар, тәртіпке байланысты, алынып тасталмайды, егер бұндай әрекет болса, онда олар эрине, қылмыстық іске айғақ ретінде заңдастырусыз қосыла алмайды. Оған қоса тексеру кезінде міндетті түрде куәгерлердің қатысулары қажет. Оның қорытындыларымен тиісті хаттама жасалынады.

## **2 Арнайы іздігіру шараларын жүргізудің тәртібі мен шарттары.**

Арнаулы жедел-іздігіру іс-шаралары: егер күдікті, айыпталушы үшінші бір адамның телефонын немесе өзге де сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса немесе егер үшінші бір адам күдіктіге, айыпталушыға арналған не басқа адамдарға беру үшін күдіктіден, айыпталушыдан ақпарат алады деген мәліметтер болса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 237-бабының бірінші бөлігінде

көрсетілген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша күдіктіге, айыпталушыға не үшінші бір адамға қатысты; тергеуден, анықтаудан, соттан жасырынып жүрген және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 237-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жүрген, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін тек қана прокурордың санкциясымен жүргізіледі. Ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтар, қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар) әзірлеп және жасап жатқан қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және ашу мақсатында арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары көрсетілген санаттағы қылмыстарға қатысы бар тексерілетін адамдарға қатысты прокурордың санкциясымен жүргізіледі. Мұндай іс-шараларды жүргізуге санкцияны жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар береді.

ЖІҚ заңында көрсетілген барлық органдардың міндеттерді шешуі үшін байланыс желісін пайдаланумен байланысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын техникалық жағынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады, бұл үшін оларға қажетті күш пен қаражат бөлінеді.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Қазақстан Республикасының аумағында байланыс қызметтері мен құралдарын беретін жеке және заңды тұлғалардың стационарлық аппаратурасына қосылуды болғызбайтын телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыруға құқылы. Барлау ақпаратын алу мақсатында байланыс желілерін пайдаланумен байланысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын техникалық жағынан сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шет мемлекеттер мен шетел ұйымдарының арнаулы қызметтерінің барлау-бүлдіру мақсатында қол сұғушылықтарын, сондай-ақ халықаралық терроризмді анықтау, алдын алу және болдырмау мақсатында тек қана барлау және қарсы барлау ақпаратын алу үшін арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары Қазақстан Республикасының бас прокурорымен келісілген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.

Жекелеген адамдардың өміріне, денсаулығына, меншігіне қауіп төнген жағдайда олардың өтініші немесе жазбаша келісімі бойынша жедел-іздестіру қызметін жүргізуші орган басшысы бекіткен қаулы негізінде, 24 сағаттың ішінде міндетті түрде прокурорды хабардар ете отырып, қаулы шығарылған кезден бастап олардың телефондары немесе басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдауға және жазып алуға рұқсат етіледі. Кейінге қалдыруға болмайтын әрі ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы тиісті орган басшыларының біреуінің дәлелді қаулысы негізінде прокурорды хабардар ете отырып және қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде кейіннен санкция ала отырып, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге жол беріледі. Бұл ереже судьяларға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу кезінде қолданылмайды. Судьяға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары прокурордың санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін.

Арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге санкция алу кезінде прокурорға құпия көмекшілер мен штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтердің құпиясын ашуға мүмкіндік бермейтін нысанда және мазмұнда оларды жүргізу үшін негіздеме материалдар табыс етіледі. Арнаулы жедел-іздестіру іс-шарасының нәтижесі туралы оны жүргізуге санкция берген прокурор хабардар етіледі.

Жасырын жедел-іздігіру шараларын ұйымдастыру және оларды жүргізу тактикасы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Құпияландыруға жататын мағлұматтар тізбесіне сәйкес қызметтік, әскери және мемлекеттік құпияны құрауы мүмкін.

## **8 Тақырып. Жедел іздігіру қызметінің арнайы шаралары (Өзекті дәріс)**

### **Лекция жоспары (4 сағ):**

- 1 Жедел іздігіру заңына сәйкес арнайы жедел іздігіру шараларының түсінігі.
- 2 Арнайы іздігіру шараларының түсінігі және жүйелігі.
- 3 Арнайы іздігіру шараларын жүргізудің тәртібі мен шарттары.

### **1. Жедел іздігіру заңына сәйкес арнайы жедел іздігіру шараларының түсінігі.**

#### **Азаматтардан және лауазымды тұлғалардан жауап алу**

Құқық қорғау органдарының жедел құрамы күнделікті жұмыс барысында жасалынған немесе дайындалған қылмыстар туралы, қылмыстық элементтердің шоғырланған немесе қолды болған заттарды сату орындары туралы, іздеудегі қылмыскер туралы және т.с.с өртүрлі ақпараттар мәлім кең көлемдегі тұлғалармен соқтығысады. Сондықтан жедел іздеу қызметкерлер азаматтармен, лауазымды тұлғалармен мақсаттарына сай әнгіме жүргізеді. Құқық қорғау органдары үшін жедел қызығушылық танытып отырған фактлер, оқиғалар, жағдайлар мен азаматтар туралы маңызды ақпараттар алу мақсатында азаматтармен арнайы әнгіме жүргізу азаматтардан лауазымды тұлғалардан ақпарат алу мақсатында жауап алады деп аталады.

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу түсінігінің жедел іздігіру қызметінің шаралары ретінде қарастыра отырып, нақты анықтама бере аламыз.

**Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу — бұл факті мен оқиғадан хабардар тұлғалармен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қылмыспен күресу міндеттерін шешуде мәні бар ақпараттарды алу мақсатында арнайы әнгіме жүргізуінен тұратын құқық қорғау органдарының жедел іздігіру қызметінің өзіндік шаралары.**

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу — бұл құқық қорғау органдарының барлық жедел аппараттарының жұмысында жетісті қолданыс тауып жүрген ең кең тараған жедел іздігіру

шаралары. Жауап алу субъектісі, бірінші ретте құқық қорғау қызметінің жедел жұмысшылары болып табылмақ. Олар бұл шараны өздерінің жедел іздігіру қызметінде жүйелі түрде қолданады.

Жауап алу объектісі жедел қызығушылық танытып отырған тұлғалар жайлы, факті мен оқиғалар дайлы хабардар болуы мүмкін азаматтар мен лауазымды тұлғалар болып табылмақ.

Біріншіден, бұлар қылмыс жасауға бейім, сондай-ақ, қылмыстық ортамен тығыз байланыстағы тұлғалар, соның ішінде:

- күдіктілікке негізді немесе қылмыс жасағанға күдікті;
- бұрын сотталған, түзелу жолына түспеген, сонымен қатар әкімшілік бақылауда тұрған;
- тұрғылықты тұрағы жоқ тұлға;
- үстінен қылмыс жасағаны немесе оған дайындалуы туралы мәліметтер түскен тұлғалар;

- ұрланған заттарды жүйелі түрде сатып алуыш, тұрғылықты тұрғыны жоқ тұлғаларды, келуші қылмыскерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуші, сонымен қатар қылмыс жасауды жеңілдететін жағдайлар туғызушы тұлғалар;

- тексерудегі азаматтардың 'қоғамға қарсы әрекеттерінен хабардар тұлғалар.

Екіншіден, құқық бұзушылармен байланысы жоқ бола тура, әртүрлі жағдайларға байланысты күдікті тұлғалар мен фактілер туралы қызығушылық танытарлық ақпараттармен хабардар тұлғалар, атап айтсақ:

- құқық қорғау қызметінің жедел қызметтік міндеттерін табысты атқаруға қажетті ақпараттар беретін қандайда бір құқыққа қарсы немесе басқа да әрекеттерге, фактілерге кездейсоқ

куә болған тұлғалар;

- аталмыш мәліметтермен өзінің лауазымдық жағдайында соқтығысуы (экономистер, бухгалтерлер және т.с.с).

Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан жауап алу нәтижесінде алынған ақпараттар қылмыстың алдын алу, ескерту, және ашу, бой тасалаушы қылмыскерлерді, заңда қаралған жағдайда із түзссіз жоғалған және т.б. тұлғаларды іздеу сияқты жедел іздестіру қызметінің жалпы міндеттерін шешу мақсатында қолданылады. Сонымен қатар, түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың бекітілген тәртіпті бұзуымен күресу бірге жедел іздестіру қызметкерлерінің алдынан туындаған жекелеген мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Жауап алу нәтижесінде келесідей әртүрлі жедел-әдістемелік мәселелер шешілуі мүмкін:

- қылмыстың орын алуы себебі мен оған мүмьсіндік жасайтын жағдайды анықтау;
- жедел қызығушылық танытатын тұлғаны анықтау;
- қылмысқа немесе басқа да құқық бұзушылыққа дайындық немесе оның жасалу фактісін анықтау;
- басқа да дерек көздерінен алынған мәліметтердің ақиқаттығын тексеру;
- қылмыстық іс бойынша дәлелдер табу үшін жоба мәліметтерге қол жеткізу;
- қылмыстық жолдағы бағалы заттар мен мүліктерді жасырған орынды табу, сонымен қатар, іздеудегі тұлғаның бой тасалаған орнын анықтау.

**Азаматтармен жария және жария емес қатынастар орнату, оны жедел іздестіру қызметінде қолдану.**

Құқық қорғау қызметінің жедел бөлімшелері әртүрлі жедел іздестіру шараларын қолдана отырып әрқашан азаматтардың көмегін қолданған және қолданады. Азаматтармен ынтымақтастық құпиялылық негізінде белгісіз сырт көзден сақтана жария емес жағдайда жүзеге асырылады. Жедел іздестіру жұмысының көпғасырлық тәжірибесі дәл осындай көмектің арқасында қоғамның мүддесін, оның азаматтарының заңды құқықтарын қорғаудағы ең қиын мәселелерді жетісті шепгуге мүмкін екендігін көрсетіп отыр.

Қылмыстылықпен күрестің осындай институтының қажеттілігі, әлеуметтік пайдалылығы келесі жағдайларға негізделген:

- құқық қорғау органдарының жедел қызметкері кримогенді ортада болып жатқан процесс туралы, атап айтқанда, қылмыстардың айтарлықтай бөлігі жасырын түрде дайындалатынын және жасалытынын, іздерін мүқият түрде жасырып отыратындығы туралы үнемі толық мағдүмат алып тұрады;

- дайындық үстіндегі қылмыстарды бақылау арқылы немесе арнайы құралдарды қолдана отырып алдын ала анықтау тек қиындық қана тудырып қоймай, көптеген себептерге байланысты мүмкін емес болып отыр ;



- азаматтармен жариясыз байланыс орнату арқылы жедел іздеу жұмысы ылмыстық әрекеттерге дайындық үстіндегі тұлғаға қатысты бақылау қоюдың жалғыз әдісі болып табылмақ;
- өте шұғыл болған жағдайда тек осы жариясыз байланыс орнатылған тұлғалар арқылы қылмыстық ортаға тез еніп, ауыр салдар әкелетін қылмыстардың алдын алу үшін тиімді шара қолдануға болады.

ЖІҚ теориясы мен практикасында жария емес байланыс орнатылған тұлға төжірибелі жедел қызметкердің тиімді қару деген ортақ көзқарас туындаған. Қазіргі уақытта жария емес байланыс орнатылған азаматтармен жұмыс істеудің рөлі күннен күнге өсуде. Сондай-ақ, оны дамытудың қажеттілігі арта түсуде.

Қауіпті қылмыстардың өсуіне негіз болып отырған факторды атап көрсетсек:

- қылмыстық белсенділіктің туындау кеңістігінің кеңеюі;
- қылмыс жасаудың және ізін жасырудың жаңа әдістерінің пайда болуы;
- жаңа заңнамалардың қабылдануына байланысты құқық қорғау қызметі көлемінің айтарлықтай өсуі;
- жасырын қылмыстардың өсу туралы жобалау мәліметтері;
- көрсетілген және басқа да жағдайларға байланысты жедел жағдайдың өзгеруі (нашарлауы).

Жария емес байланыс орнатылған азаматтармен жұмыс істеудің жалпы түсінігін азаматтарды ынтымақтастыққа шақыру және оларды қылмыстылықпен күресте пайдалану деуге болады. Бірақ, бұл жұмыстың мәнән ашу үшін өзекті болғанмен, бұл анықтама көптеген маңызды жақтарды қамтымайды.

Құқық қорғау органдары азаматтармен жария емес байланыс орната отырып өз қызметтері барысында республикадағы заңдылық пен тәртіпті нығайтып, мекемелер, ұйымдықтар, кәсіпорындар мен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғайды.

Өзіндік мемлекеттік қызметінің түрі құқық қорғау органдарының құпия жұмысы қазіргі жедел іздеу теориясы мен тәжірибесіне, философия, құқық және мемлекеттің теориясы ғылымы, ғылым аралық пәндер қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу, криминалистика, жалпы және әлеуметтік психологияға байланысты құрылады.

Ең бастысы жедел қызметкер және конфидент арасында қалыптасқан көптеген қатынастар нормативті реттеумен қамтылмайды, моралдықәдептілік сипаттау алады.

Осы жағдайды және жұмыстың жария еместігін, сонымен қатар қатаң түрде дараланғандығын, қылмыстылықпен күрес мақсатында тек ел аппараттардың жүзеге асыратындығын ескере отырып келесідей қортындыға келуге болады. Жария және жария емес байланыс орнату - бұл нормативтікқұқықтық, этикалық және ғылыми негізге негізделген жекелеген түрде өз еркімен бастауған және тексерілген азаматтарды конфидент ретінде тарту бойынша жедел құрамның құпиялықты қатаң сақтайтын қызметі. Құқық қорғау органдарының жария емес байланыс орнатылған азаматтармен жұмыс жасау барысындағы басты міндеттері:

- қылмысты дер кезінде анықтап, алдын алу, оларды тез және толық ағу;
- мүлікті (оның үлгісіне қатыссыз) және азаматтардың өмірін, денсаулығын құқығын, бостандығын, заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау;
- алдын ала анықтау, тергеу, сот органдарынан бой тасалап, қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жүрген, заң бойынша із түзсіз жоғалған және басқа да тұлғаларды іздестіру;

- бас бостандығын шектеу және уақытша тергеу орындарындағы қылмыстық атқарушы заңнамамен бекітілген тәртіпті қолдау.

**Қызметкерлерді қылмыстық ортаға енгізу. Қылмыстық әрекетті бейнелейтін жүріс тұрыс моделдерін қолдану.**

**ЖІҚ** теориясы мен практикасындағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде қылмыс жасалуының себебі мен оның шарттарын анықтау үшін қажетті шаралар қолдану үшін криминогенді ортада болып жатқан құбылыстар мен үрдістер жайлы жедел маңызы бар ақпараттар алу екенін атап айтқан жөн. Жоғарыда айтылған өзекті мәселелерді шешу негізінен құпия негізде ынтымақтасқан тұлғаларды қылмыстық ортаға енгізу көмегімен жүзеге асырылады. Бірақ аталмыш мәселелерге осындай шешімдер қабылдау тікелеужедел іздесу қызметкерлеріне тікелей жедел қызығушылық тудыратын ақпараттарды алу мүмкіндігін шектейтін біржақты және тар көлемде болмақ. Операцияға қызметкерлерді енгізу жедел аппараттар үшін құпия жұмыстың тиімділігін төмендететін бірқатар қиыншылықтар тудырады. Аталмыш мәселенің өзектілігі құпиялылықты пайдаланудың қандайда бір жағымсыз сәттер туғызатындығына негізделген.

Құпия жұмыстың тиімділігін факторлардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- кериминогенді ортаның айтарлықтай бөлігінің ПО жария емес жұмыстары туралы таныс болуы, сондықтан да қылмыскерлердің адастыру шараларын қолдануы;
- қылмыстық профессионализмнің дамуы жекеменшік ұйымдық құрылымдардың құрылуы;
- жасырын тұлғаларды (құрылым элементі ретінде) оқыту деңгейінің төмендігі;
- құпиялы ынтымақтастық жағдайын тудыратын материалдық және моралдық әрекеттердің жоқтығы;
- құпия ынтымақтастықтағы азаматтардың екі жүзділігі мен жалған ақпараттар беру сияқты фактлардың орын алуы.

Ұйымдасқын қылмыстық топтарды жедел іздеу жағдайларында осы жөне басқа да себептер жедел қызметкерлер алдына шешілуі қиын мәселелер тудырады. Дәл осындай жағдайда құпия тұлға рөлін дайындалған жедел қызметкер атқарады.

Аталмыш жедел іздестіру шараларының негізгі мақсаттары келесідей болуы мүмкін:

- қылмыскерлерді және олардың қылмыстық ниеттерін ішінде жүріп бақылау;
- құқық бұзушыларды бекіту және олардың ашылмаған қылмыстарға қатысының бар-жоғын тексеру;
- контрабандалық тауарлардың үлгілеріне қол жеткізу;
- қылмыстың зардаптарын анықтау;
- қылмыстың алдын алу және ашу шараларын әзірлеу;
- котрабандыны тарату немесе қару және есірткі заттарын заңсыз тарату;
- келешектегі басты куәгерлерді анықтау;
- ұстауғы және тінту жүргізуге қаулы алуға негіз болатын анықтама;
- құпия азаматтың сенімділігін тексеру;
- куәгерлердің көрсетісіншітерін растау;
- қылмысты тергеу үшін ақпараттар жинау;
- бақылаудағы тұлғаның алған заттары мен шығындары бойынша мәліметтер жинау;
- жасырын түрде қылмыстық әрекеттермен айналысып жүрген тұлғаның ізіне түсуге қажетті дәлелдер алу;

- қылмыстық сыбайластықтың ұйымдастырушылық деңгейін анықтау;
- лауазымды тұлғаның ақпараттарды растау;
- қылмыскерлерді ұстау, дәлелдерді алу және т.с.с. қолайлы уақытты анықтау.

Қылмыстық ортаға ПО қызметкерлерін енгізуге дайындық барысында жоғарыда көрсетілген мақсаттарды шешу үшін мыналарға аса назар аудару қажет: - енгізуге ұсынылғын кандидатқа деген талапты жоғарлату;

- оқиғаларға негізделген өтірікті әзірлеу;
- өтірікті растауға бағытталған қамтамасыз ету шараларын әзірлеу; өтірікті материалдық қамтамасыз ету;
- енгізіліп отырған қызметкердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- құпиялылықтың жоғарғы деңгейлілігін қамтамасыз ету;
- енгізу аймағын таңдау барысында әлеуметтік- демографиялық, ұлттық, этникалық, діни факторларды есепке алу;
- қызметкерді қайта шығарып алу әдісін анықтау;
- енгізіліп отырған қызметкердің әлеуметтік-құқықтық қорғанысын қамтамасыз ету.

#### **Құпиялылықты сақтайтын кәсіпорын мен ұйымдық құру.**

Құпиялылықты сақтау кәсіпорындары мен ұйымдықтарды құру — бұл қылмыстылықтың ұйымдасқан үлгісімен және сыбайлас жемқорлықпен күрес мақсатында қылмыстық ортаға ұзақ уақыттық, жетістікке жететін жедел позиция құру бойынша жедел іздестіру шаралары.

Құпиялылықты сақтау кәсіпорындары мен ұйымдықтарды құру - құқық қорғау органдарының жедел жұмысының тиімділігін арттырудың нақты жолы болып табылмақ.

Оларды құру қызмет ететін территориядағы жедел жағдайды терең және жан-жақты сараптаумен сипатталатын алдын ала дайындықты талап ететін күрделі және жауапты іс.

Құпиялылықты сақтау кәсіпорын мен ұйымдық құру жұмыстарын жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер жүзеге асырады.

Құпиялылықты сақтау кәсіпорындары мен ұйымдықтарын алға қойылған міндеттеріне байланысты жедел іздестіру қызметін атқарушы құқық қорғау органдары құрады. Осындай кәсіпорындар мен ұйымдықтар келесі міндеттерді шешу мақсатында құрылады:

- экономикалық қылмыс кеңістігінде жедел ақпараттар алу үшін;
- қылмысқа дайындалуына немесе жасауға күдікті тұлғаға қатысты ақпараттар алу үшін;
- іздеудегі тұлғаға қатысты ақпараттар алу үшін және т.б. Кәсіпорын қысқа уақытты және ұзақ уақытты құрылым болуы мүмкін.

Құпиялылықты сақтайтын кәсіпорындар мен ұйымдықтар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жалпы негізде құрылады.

#### **Жеткізуді жедел бақылауды жүзеге асыру**

Жеткізуді жедел бақылау — бұл еркін өткізуге тиым салынған немесе айналымы шектеулі заттар мен құралдарды алу, сату және тасымалдауға бақылау қою жолымен ақпараттар алу үшін жүргізілетін жедел іздеу шаралары.

Мұндай құралдар мен заттарға жататындар:

- арнайы экспорттық бақылау қойылған қаруларды құру барысында қолданатын материалдар, , қондырғылар, шикі заттар мен биологиялық қару жарақтар;
- жасанды ақша және құнды қағаздар;
- валюттік құндылықтар;

- сапасыз тауарлар;
- үй жағдайында жасалған ащы спирттік сусындар;
- мемлекет меншігіне жататын бағалы жануарлардың терілірі;
- табиғиалтын, бағалы металдар мен бағалы тастар;
- табиғи және қайта өңделмеген янтарь;
- орден және медалдар;
- жасанды құжаттар, таңба, штамп және т.б.;
- қылмыстық золиен табылған мүлік;
- қару-жарақ, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар;
- радиоактивті материалдар;
- есірткі заттары;
- күшті әсер ететін және улы заттар; - порнографиялық өнімдер.

Көрсетілген шараларды жүргізу негізі құжаттандыру жолымен бетестіруді талап ететін дәлелдеу базасының жедел ақпарат алуы болып табылмақ.

Аталмыш жедел іздестіру шараларын жүргізуге дайындық барысында жоспар жан-жақты қаралады.

#### **Арнайы құралдарды қолдану.**

**ЖІШ** ішінде қылмыстылықпен күресте қолданылатын жедел іздестіру шараларында арнайы техникалық құралдардың алатын орыны айтарлықтай.

Қоғамның дамуына және ғылым мен техниканың жетістіктерімен бірге тұрғындардың техникалық біліктілігі де өсуде, сонымен қатар күнделікті өмірде қолданылатын техника саны да күрт өсуде. Бұл жетістіктердің белгілі бір бөлігі қылмыстық мақсаттарға қолданылуда.

Қазіргі уақытта құқық қорғау органдарында техникалық құралдардың әртүрі бар.

**Арнайы техникалық құралдар — бұл қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыстылықпен күрес мақсатындағы заңдылықты қатаң сақтау барысында құқық қорғау органдары қолданылатын техникалық құралдар, құрылғылар және сәйкес тактикалық-техникалық қабылдау жүйесі.**

Оның материалдық бөлігін құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінің талаптары бойынша арнайы құрастырылған немесе арнайы мүмкіндігі бар криминалистикалық, радиотехникалық, кино, фото, аудио, дыбыс, бейне жазушы, химиялық, оптикалық және т.б. құралдар құрайды.

Арнайы техникалық құралдар негізгі, яғни жедел іздестіру қызметінде арнайы нормативтік реттеуді талап ететін және қосымша болып бөлінеді. Қосымша құралдар бұл қызметте жалпы және құқық қорғау органдарының басқа да нормативтік актілерімен реттелетін қағидалар негізінде қолданылады.

Негізгі техникалық құралдарға көзбен көру және ақпараттық ақпараттар, бақылау, дактилокошіру, арнайы химиялық заттар, іздеу құрылғылары және басқалар жатады.

Негізінен қосымша арнайы техникалық құралдар жиі қолданылады.

Қосымша арнайы техникалық құралдар — бұл байланыс, көлік, сигнализация, жеке құрамды белсенді және пассивті қорғайтын және т.б. құралдар. сонымен қатар олардың қатарына факсималды апаратураны, телевизиялық, ақпараттық, арнайы көлік құралдарын жатқызуға болады.

#### **Мекеме, кәсіпорын және ұйымдық есебі бойынша тексеру және сұрау жүргізу.**

Қылмыстың алдын алу, оларды толық және тез ашу, бой тасалап жүрген, заңды түрде із-түзсіз жоғалған және басқа да категориядағы тұлғаларды іздеп табу тек құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінде ЖІШ кешенді түрде қолдану негізінде ғана өз нәтижесін бермек.

Құқық қорғау органдарының жедел аппараттары жұмысының көп жылдық тәжірибелері ЖІШ-ның мекеме, кәсіпорын және ұйымдық есебі бойынша тексеру және сұрау жүргізу сияқты түрлерінің маңызды рөл атқаратындығын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізу қылмыстың алдын алу және ашу, бой тасалап жүрген, заңды түрде із-түзсіз жоғалған тұлғаларды іздеу сияқты маңызды және күрделі мәселелерді шешудегі ең тиімді ЖІШ болып табылмақ.

**Кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізу — әртүрлі бастаулардан егер құқық қорғау органдарының жедел құрамы кұпия жағдайда немес қаралу үстіндегі мәселенің күрделілігіне байланысты, бұл мәселені шешу қиын немесе мүмкін болмаған жағдайда жедел қызығушылық тудырып отырған тұлға туралы олардың тұрғылықты жерінен, бұрынғы, немесе уақытша тұрған жерлері бойынша, бұрынғы және қазіргі уақыттағы жұмыс орны бойынша жариялы, жария емес және кұпия түрде мәліметтер жинау.**

Мұндай жағдайда аталмыш ЖІШ жедел жұмысқа жіберілген құқық қорғау органдарының жедел-басқару құрамының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізу құқық қорғау органдарының басқа ЖІШ сияқты белгілер қатарымен сипатталады:

- алға қойылған міндетті шешуге бағытталған жедел қызметкердің нақты бір кешенді әрекеті;
- аталмыш әрекеттер кешенін бір уақытта жүзеге асыру; - ұқсас жағдайларда осы сияқты міндеттерді шешу үшін аталмыш әрекет кешенін қолдану мүмкіндігі;
- оның нәтижелілігі;
- құқық қорғау органдарының жедел аппараттарының қызметкерлерін осы әдісті қолдануға үйрету мүмкіндігі.

Кәсіпорын және ұйымдық мекемелерін есеп бойынша тексеру және сұрау жүргізудің негізгі міндеттері:

- алдын ала тексеру материалы бойынша тексерудегі тұлғалар тарапынан қылмысқа дайындық немесе қылмыстың жасауына байланысты байланысты фактілер мен жағдайларды бекіту;
- әкімшілік бақылауда тұрған тұлғаның өмір сүру жағдайы туралы мәліметтер алу;
- мемлекеттік және қоғамдық ұйымдықтың лауазымды тұлғаларынан жариялы түрде алынған мәліметтерді тексеру және нақтылау;
- тергеу әрекеттерінің жетісті жүргізу үшін қажетті (тінту, мүлікті тәркілеу, іздеудегі қылмыскерді ұстау), сонымен қатар жедел іздестіру шараларын жүргізуге қажетті мәліметтерді нақтылау.

## **2 Жедел-іздестіру шараларының тактикасы**

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу — бұл қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі ретіндегі қылмыс пен қылмыскердің ізі қалуы мүмкін заттарды және де қылмыс пен оған қатысты тұлғаны табу құралы болуы мүмкін барлық заттарды табу мен алуға бағытталған жедел іздестіру шаралары.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу адамның өмір сүруіне байланыстылардан тұрады. Атап айтсақ, саусақ таңбасы, аяқ киім ізі, шашы, қаны, иісі, қол жазуы, даусы, көлік құралының ізі, ұрланған мүлік, шикізат, жартылайфабрикаттар, дайын өнім, азаматтық айналымнан алынған заттар, қару-жарақ, есірткілер, жарылғыш заттар және т.б. Қылмыстық іс қозғағанға дейінгі жедел іздестіру қызметі барсында үлгілер мен бүтіннің

бір бөлігін зерттеуге алу күдікті (тұлғаның жеке басын ұқсастыру және олардың жасалынған қылмысқа қатысы бар жоғын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу процессуалды түрде жүзеге асу мүмкін және де жедел іздестіру шараларын жүргізу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Соныменқатар, процессуалдық әрекеттер үшін үлгі алуда ведомствалық нормативтік актілерде көрсетілген және криминалистикалық әдебиеттерде ұсынылған тәртіптер қадағаланады және де үлгі алудың тактикалық әдістері қолданылады.

Үлгілер мен бүтіннің бір бөлігін зерттеуге алу мыналарға бағытталады:

- қылмыстық әрекетке дәлел ретінде үлгі алу;
- салыстырмалы материал ретінде үлгі алу;
- әрекет фактісін бекіту үшін үлгі алу;
- сапалық және сандық сипаттама алу және олардың құрамын, сонымен қатар қажетті шикізат, технологиялар мен құрылғыларды анықтау үшін үлгі алу;
- криминалистикалық есеп бойынша тексері үшін үлгі алу; - басқа да ЖІҚ мен процессуалдық әрекеттерде жүргізу туралы шешімдер қабылдау үшін үлгі алу.

үлгілер мен пробаларды зерттеуге алу жариялы, жариялы емес және шифрленген түрде жүзеге асырылады.

Жариялы түрде үлгілер мен пробаларды зерттеуге алу қажетті үлгі алынатын тұлғаның өз еркімен келісімін берген кезде жүргізіледі.

Жария емес түрде үлгілер мен пробаларды зерттеуге алу тексеру үстіндегі тұлғадан жасырын түрде алынады.

#### **Бақылау үшін сатып алу**

Бақылау үшін сатып алу - заңға қарсы әрекеттерге күдікті тұлғамен ұсақ алып-сатуды жасаумен қортындыланатын (алушыларды алдау, тиым салынған тауарларды сату) жедел іздестіру шаралары.

Бақылау үшін сатып алу құралы ретінде замаматтық айналымдағы заттарменқатар қару-жарақ, оқ-дәрелерғ есірткі заттары болуы мүмкін.

Бақылаудағы сатып алу шифрланып жариялы түрде жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда сатып алу мақсаты сатушыға күпия болуы мүмкін. Бақылаудағы сатып алуды жүргізу барысында алып-сату фактілерін тіркейтін, ақпіа және басқа да заттарға белгі салатын арнайы техникалық құралдар пайдалануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Жедел іздеу қызметі туралы» Заңында бақылаудағы сатып алуға нақты анықтама берілмегендігі оны талдауда әртүрлі пікірлер тууына әкеп соқтырмақ. Мысалы, С.Ж.Галиев пен О.Е.Сапарин өздерінің заңға берген түсінігінде аталмыш шараны «1. Бақылаудағы сатып алу - сауда және халыққа күнделікті қызмет көрсетуде (асхана, кафе, магазин және тағы басқалар) жекеменшік үлгісіне байланыссыз жасалатын қылмыстар туралы мәліметтер алудың тиімді әдісі» деп тек экономикалық қылмыстарымен күресумен байланыстырады.

Осыған ұқсас анықтаманы А.К.Молдахметов пен А.Ч.Оразалиев былай деп береді: «Бақылаудағы сатып алу — сатушыны тауар мен тағам алуда алдау фактісін алудың тактикалықәдісі». Көрсетілген мысалдар тек экономикалық қылмыстарға қолданылады. Бірақ біз бақылаудағы сатып алу өзінің мақсаты мен міндеттерін толық ашып көрсететін кең талдауды қажет етеді деген пікірдеміз.

#### **Қызметтік иісшіл іздеу иттерін пайдалану**

Құқық қорғау органдары қылмыстылықпен күресте әртүрлі жедел іздеу шараларын қолданады. Осындай шаралардың бірі ретінде арнайы дайындалған қызметтік -іздеу иттерін айтуға болады. Құқық қорғау органдарының іздеу иттері қызметі қылмыстың алдын алу және ашу, қылмыскерлерді және де заңда қаралған жағдайда басқа да тұлғаларды іздеу және ұстау сияқты істерде қолданылатын арнайы дайындалған іздеу иттерін қолдануды

ұйымдастыруға арналған бір құралы болып саналады.

Иісшіл іздеу иттер қызметі негізгі міндеттері келесідей:

- қылмыстың алдын алу және ашу, қылмыскерлерді іздеу және ұстау, есірткі және жарылғыш заттарды іздеу, қылмыскерлердің бой тасалауы мүмкін жерлерді шолу және өліктерді, заттай дәлел болуы мүмкін заттар мен құралдарды тыққан (қомген) жерлерді табуға негізделген жедел іздестіру және алдын алу шараларына белсенді қатысуы, сонымен қатар кинологтар мен олардың иттерінің қызметтік міндеттерді шешуге үнемі дайын болуын қамтамасыз ету;
- жұмысшыларды тандау, оларды орналастыру, оқыту және тәрбиелеу, олардың кәсіптік біліктіліктерін ұдайы жетілдіріп отыру, әрқайсысының жоғары моралдық сапаларын, қырақтылығын, жылдамдылығын, қызметтік парызын атқарудағы жеке басының жауапкершілігін сезінуін қалыптастыру;
- қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып аталмыш қызметтің негізгі бағытын жоспарлау;
- иісшіл иттерді өсіруді, жетілдіруді ұйымдастыру және оларды қылмыстылықпен күреске дайындау және пайдалану;
- иісшіл иттер қызметінің жұмыс нәтижелерін толық есепке алу және сараптауды қамтамасыз ету;
- құқық қорғау органдарының басқа да бөлімдерімен, сонымен қатар сәгасес ведомствалар, мекеме және қоғамдық ұйымдықтармен иісшіл иттер қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- кинологтардың және осы бөлімшені техникалық қамтамасыздандырудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оған тікелей қатысу, сонымен қатар ғылым мен техниканың жетістіктерін олардың қызметтеріне енгізу;
- қылмыстылықпен күресте және қоғамдық тәртіпті қорғауда иісшіл иттерді қолданудың тактикалары мен дайындау әдістерін дамыту;
- бұрынғы тәжірибелерді зерделеу, тарату және оларды практикаға енгізу.

Қызметтік іздеу иттер жақсы есту және көруімен ерекшеленді. Әсіресе олардың иісттерді айыруы және оларды есіне сақтап арнайы жаттықтырудан кейін адамды, заттарды, жануарларды жазбай тану қасиеті ерекше дамыған.

Адам иісі жалпы және жеке болып жіктеледі. Жалпы, яғни күнделікті өмірде соқтығысатын әртүрлі заттардың иісі.

Жеке — бұл адамның терінің, май т.б. иістері. Әр адам денесінен бөлінетін заттардың иісі және химиялық құрамы әртүрлі. Ол зат алмасуға, жекелеген мүшелердің физикалық жағдайына, қабылдаған тамаққа және басқа да факторларқатарына тікелей байланысты.

### **Белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеу**

Жедел іздестіру қызметінің субъектісі болып табылатын құқық қорғау органдарының жедел аппараттарының қызметі дайындық үстіндегі қылмыстың алдын алуға, ескертуге және жасалған қылмысты ашуға, сондай-ақ, қылмыскерлер мен із-түзссіз жоғалған тұлғаларды іздеуге бағытталған.

Қазіргі уақытта белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеу құқық қорғау органдарының ЖІШ ең кең тараған түрі. Белгілері бойынша жеке басын айқындау және іздеу сияқты ЖІШ оқытуғы құзырлы ұйымдықтардың тәжірибелері құқық қорғау органдарының қызметкерлері бірнеше рет сотталған, қылмыс жасауда қалыптасқан тәжірибелері сақталған, түзету мекемелерінде жазасын өтеген тұлғаларды жеке

белгілеріне қарап тиімді анықтайтындығын, сондай-ақ, әртүрлі қылмыстар жасаған тұлғаларды жазбай танып оларды ұстауға болатындығын көрсетіп отыр.

Құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметінің жан жақты ЖІШ-ның бірі ретінде белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеуді атап айтуға болады.

Белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеу құқық қорғау органдары қызығушылық танытып отырған тұлғалар мен фактлерді жедел анықтау үрдісінде жиі қолданылады. Белгілері бойынша адамдарды ұқсастыру және іздеудің мәні көптеген объектілердің ішінен тек жедел қызығушылық танытып отырған тұлғаны айқындауда.

Іздеу белгілерін негізгі екі топқа бөлуге болады: объектіні нақты бір топқа жатқызу белгілері топтық белгілер, мысалы, жедел қызығушылық танытып отырған тұлғаны жалпы жүріс-тұрысы бойынша ұрлық жасаған, нашақор және т.б. қатарына жатқызу);

- ұқсастықты бекітетін белгілер (жеке белгілер бойынша). Сонымен қатар, үшінші топты бөліп шығаруға болады, яғни бұл топтағылар жағдайлық белгілерді айқындаудың және тоқталған

пікірлерді жүзеге асырудың негізі болып табылады:

- құқық бұзушылық дайындық үстінде, ойластырылады, жасалады немесе асырылады;

- қылмыстық жолмен табылған заттар сатылады, сақталынады немесе әкетіледі. Жағдайлық белгілердің ерекшелігі келесіде, яғни олар өз алдауына жеке болып, пайда болған ахуалдарға еш қатысы жоқ болмайды. Сондықтан құқық қорғау органдарының олар үшін маңызы жоқ.

Тек белгілердің жиынтығы (сыртқы көрініс, байланыстар, әрекеттер, тәжірибелік, және т.б.) құқық қорғау органдары үшін қызығушылық танытатын объектілерді айқындаудың негізі ретінде қызмет етеді.

Аталған ЖІШ жүзеге асырушылар белгілі мақсатқа жету үшін оның келесі түрлерін өрсетеді:

- тар мақсатты (алдын ала анықтау органдарынан, тергеу сотынан бой тасалап жүрген алаяқтарды, есірткі тұтынушылар мен тасымалдаушыларды анықтап, ұстау);

- көп мақсатты (кешенді операциялар жүргізу барысында қылмыстық элементтердің шоғырланған орындарына іздеу жұмысын жүргізу);

- еркін іздеу үлгісі бойынша (қызмет ететін аумақтың жедел жағдайымен танысу және объектілердің криминогендік ақуалын анықтау, т.б.).

Жоғарыдағыларды көрсете келе келесідей қортынды жасауға болады, яғни тұлғаны жеке және ұқсастыру белгілері бойынша іздеу - қылмыстылықпен күресу мақсатында белгілі бір мақсатқа жету үшін қызығушылық танытып отырған немесе олардың қылмыстық әрекетке күдік тудырған тұлғалардың бой көрсетуі мүмкін орындарда көзбен көріп тану әдісі бойынша белгілі әрекеттерді жүзеге асырудан тұратын құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тікелей жүзеге асыратын жедел іздестіру қызметінің шаралары болып табылады.

Тұлғаларды жеке белгілері бойынша және ұқсастыру бойынша іздестіру келесі мәселелерді шешуде қолданылады:

- тұлғаның қылмыстық әрекеттерін және қылмыс жасайтын тұлғаларды жасырын әдіспен тану, айқындау және анықтау;

- қылмыс жасауға сезіктілер туралы, олардың өмірі туралы жасырын мәліметтер жинастыру;

- қоғамға жат қылықтарымен көзге түскен, өмір сүру көрнісі күдікті, сыртқы келбетіне сәйкес қылмыстық әрекетке бейім тұлғаларды айқындау;

- қылмыстылықпен күресуде маңызы бар әрекеттерді фиксациялау, қылмысқа



дайындалып, жоспалап жатқан тұлғаларды анықтау;

- қылмыстық элементтің пайда болуы мүмкін жерлерді айқындау, қызығушылық танытатын тұлғалардың жүру бағытын және қылмыстық жолмен қолды болған мүліктерді табу;
- қылмыстың жасалуына, пайда болуына әсер ететін себептерді анықтау;
- анықтау органдарынан, сот, тергеуден бой тасалап жүрген тұлғаларды анықтау және ұстау.

**Құқыққа қайшы әрекеттердің іздерін анықтау, жасырын белгілеу және алу, оларды алдын ала зерттеу.**

Құқыққа қайшы әрекеттерді анықтауды, жасарын алуды және бекітуді алдын-ала зерттеудің мазмұны қылмыстың алдын алу, ашу және де бой тасалап жүрген қылмыскерлерді іздеу мақсатында жедел қызығушылық танытатын құқыққа қайшы әрекеттердің іздерін жасырын түрде алуды қамтамасыз ететін жедел іздестіру шаралары болып табылады.

Олар мына жағдайларды қолданылады:

- оқиға орнынан табылған саусақ іздерін табу арқылы тұлғаның қылмысқа қатысын анықтау;
- қылмыскерлерді қол саусақ таңбалары бойынша анықтау;
- тексерілушілерді жедел дактилоскопиялық есепке қою; - тұлғаны қылмысқа қатысушы ретінде, сезікті ретінде тексеру; - ізделінушіні қол саусақ ізі бойынша.

Бұл шаралар тек қақпан көмегімен жүзеге асырылады. құқыққа қарсы әрекеттерді анықтау, іздерді жасырын түрде белгілеу және алу, оларды алдын ала зерттеу жұмыстары қақпан түріне қарай екі бағытқа бөлінеді:

а) шараларды жүргізу орындарындағы қолданылатын құралдар: ә) арнайы дайындалған қақпан-құралдарын пайдалану. Жұмыс аяқталысымен құқық қорғау органдарының қызметкерлері жүргізілген ЖІШ бойынша дактилокарталар, фотокестелер және фотоуреттерді дайындайды.

**Қылмыс жасаған немесе жасау үстіндегі тұлғалардың ізіне түсу және оларды ұстау. Қаруланған қылмыскерлерді тұтқындау барысында операция жүргізу.**

Ауыр қылмыстардың ішінде жоғары орынға қару қолданып 1- жасалатын қылмыстар жасатады. Қарулы қылмыскерлер әрқашанда адам құрбанымен байланысты ауыр қылмыстар жасайды.

Қарулы қылмыскерлердің өте қауіпті, белсенді әрекеттері олар топ болып жүзеге асыратындығында болып отыр. Жоспаланып, дайындалған қауіпті құқық бұзушылықтардың алдын алудың, бой тасалап жүрген қылмыскерлерді анықтаудың нәтижелі болуы қаруланған қылмыскерді дер кезінде ұстауына тікелей байланысты.

Қылмыскерлерді ұстау қылмыстық-құқықтық заңнамада реттеледі.

ҚР ҚК бабына сәйкес,

1. Қылмыс жасаған тұлғаны мемлекеттік органға әкелу үшін ұстау барысында немес бұл тұлғаны ұстау мүмкін болмаған кезде және де шектен шығу болмаған жағдайда зиян әкелінсе бұл қылмыс болып саналмайды.

2. Қылмыскерлерді ұстау құқығына құқық органдарымен қатар жай азаматтармен жәбірленушілерге де уәкілеттілік беріледі.

Қаруланған қылмыскерлерді ұстау операциясын жүргізудің басты мақсаты олардың қылмыстық әрекеттерінің алдын алу, азаматтардың өмірі мен денсаулықтарының қаушсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

**Қылмыс жасаған немесе жасау үстіндегі тұлғаны аңду және оны ұстау — бұл**

**жедел іздестіру қызметі қызметкерлерінің қылмыс жасаған немесе қылмыс жасау үстіндегі және ұсталып қалмау мақсатында бой тасалаған тұлғалардың ізіне түсуімен қортындыланатын жедел іздестіру шарасы.**

Қылмыстың жасалуы туралы мәлімет алғаннан бастап, егер оқиға болған жерде тікелей жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер бірінші келген жағдайда, олардың міндеті:

- қылмыстың жолын кесуге шаралар қабылдау;
- қылмыскерлерді ұстау мен ізін кесуді ұйымдастыру;
- жәбірленушілерге көмек көрсету;
- оқиға туралы кезекші бөлімге хабарлау, оның нұсқауы бойынша әрекет ету;
- көрген адамдарды, куәлерді анықтау;
- оқиға болған жердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жедел іздестіру шараларының жүргізу барысындағы әрекеттердің кезектілігі жасалған қылмыстың жағдайы мен сипатына байланысты. Қылмыскерлерді, қылмыс жасауға сезікті тұлғаларды ұстау ізге түсуші қызметкерлер тобынан жоғары біліктілікті, ұстамдылықты және әрбір жағдайда қатаң заңдылықтың сақталуын талап етеді. Азаматты ұстау үшін шешім қабылдап, оны кезекші бөлімге жеткізу барысында қызметкер өз әрекетінің заңға сай екенін толық анықтап алуы қажет. Бұл шараларды жүргізу алдында мына жағдайларды анықтап алуы тиіс:

- ұсталушының жеке басын анықтап және ол бостандықта қалдырылған жағдайда келтіретін қауіпті зардаптарын түсіру мүмкінділігі;
- оны ұстау барысында пайда болатын қиындықтар, өз тарапынан немесе қасындағы қатысушылардан;
- қарулы шабуыл жасау қаупі;
- қажеттілік туғанда қару қолдану жағдайы.

ұстаудан кейін ыңғайлы жағдайда ұсталушы тұлғаның киімдеріне, заттарына басқа полиция күштерінің көмегімен тез арада тінту жүргізу. Қарсылық көрсетуге, шабуыл жасауға қолдануы мүмкін қарулар немесе басқада құралдар табылған тез арада алынады. ұсталған тұлғаларды кезекші бөлімге жеткізілуі арнайы көліктермен немесе қызметкерлердің жеке автокөліктерімен жүзеге асырылады. Қызметкер ұсталған тұлғаны кезекші бөлімге жеткізу барысында оның басқа ұсталған тұлғаларға немесе қатысушыларына заттай дәлелдемелерді бермеуін, күпітеп қашып кетпеуін бақылауы тиіс. Қаруды қылмыскерлерді ұстау операциясын жүргізудің мазмұны бодып-уақыты менорны бойындіа бірлесіп кешенді жедел іздестіру, әскери тактикалық және қылмыстық-процессуалдық әрекеттерді басшылыққа ада отырып, жедел органдар мен басқа да күштердің бірігіп қаруды қарсыдық керсетудің жодын кесу мен ескерту мақсатында заңменбедгіденш жүргізілетін шаралардың бірі.

Қарулы қылмыскерлерді ұстауда жүргізілетін операциялардың негізі болып олардың орналасқан - жері бойынша анықтау болып табылады. Қарулы қылмыскерлерді ұстау барысында жүргізілетін операциялар бірбірінен ерекшеленіп қағидаларға сәйкес қалыптасады.

- операцияға барлық қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қылмыскерге мүмкіндігінше нақты жағдайда аз мөлшерде зиян келтіруге тырысу.
- операцияны жүргізу барысында барынша күш пен құралдарды аз пайдалану.

ұсталғандарға жеке тінту жүргізу, олардың қылмыстық әрекеттеріне қатысы бар құжаттарды, заттарды, алу немесе тұрғылықты жеріне, авто көліктеріне қарау жүргізу. ұсталғандарды жеке тінту, олардың меншігіндегі заттарды қарау мен алу жүргізу- қылмыстың жасалуына құрал болып табылатын заттарды, құжаттарды тұлғаларды

анықтау арқылы заңда көзделген мақсатты шешуге бағыттталып жүргізілетін жедел іздестіру шараларының жиынтығы.

Жеке қарау, заттарды алу мен қарау қылмыстық рәкетке тікелей байланысы болғандықтан, уәкілетті қызметкерлермен орындалады:

- ЖІШ-ын жүзеге асыру барысында жолаушылардың заттарын, әуе кемелерінің экипаж мүшелерінің жеке заттарын, жүктерді, почта жөнелімідерін тексеру;
- қылмыс жасауға сезікті тұлғаларды ұстау барысында ҚР-ның ҚПК арнайыбабын басшылыққа ала отырып жүзеге асыру.

Жеке қарау жүргізіледі:

- азаматтың өзінде, миімдерінде құқық бұзушылықтың белгілерінің болуына байланысты;-көргендер арқылы тұлғаны нақты орнату; егер қарау тікелей заңнамамен көрсетілсе.

Тексерме уәкілетті тұлғаның қызметіне сай болуы тиіс, яғни соған қатысты заңмен бекітілген дәлелдемелердің, құқық бұзу объектісі құжаттар, басқа да заттар. Жеке тексерме тексерілушімен бір жыныстағы тұлғалармен, екі куәгердің қатысуымен, басқа тұлғалармен кедергі келтірмейтін орындарда, мекемелерде жүргізіледі. Жеке тексермені жүргізу барысында тексерілушінің қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, оның денсаулығына, құқықтары мен ар-намысына нұқсан келтірілмеуін, тексеру барысында белгілі болған мәліметтердің сыртқа шығып кетпеуін қамтамасыз етілуі тиіс.

#### **Жедел криминалистік есеп бойынша және қылмыстық тіркеу есебі бойынша тексеру**

Құқық қорғау органдарының жедел аппараттарына әртүрлі қайнар көздерден, қылмысқа дайындалып жатқан немесе жасалғалы жатқан қылмыс туралы немесе олардың қоғамға жат қылықтарымен көзге түсіп қызығушылық танытқан тұлғалар туралы мәліметтері.

Кейбір түскен материалдарды жедел аппараттар кейінге қалдырмай, қылмысты тез арада ашуға тырысады, яғни басқа материалдардың негізінде жедел өндеуді жүзеге асырып аталған тұлғалардың өмір сүру қалпына бақылау жүргізеді. Әр түрлі көздерден түскен мәліметтерді жедел аппараттар мен құқық қорғау органдарының ақпарат орталықтары анализдеу арқылы қылмыс күресінде алынған мәліметтерді жүйелі түрде қолданылады. Есептің салттық түсінігі тәжірибеде өте ертеде пайда болған. Оны өте ерте уақытта (Қытай, Жапония, Үндістан - жасаған қылмыстар үшін тілдерін, аяқтарын, қолдарын кескен) қолданған. Ресейде патша Иван жарлығында былай деп жазылған - "Клеймить воров - дабы они были знатны". 18 ғасырдың басында таңбалар алынып, оның орнына сотталғандарға арнайы куәліктер берілді.

1892 жылы француз ғалымы Бертильон тіркеудің антропологиялық әдісін ұсынды.1894 жылы бірінші рет француз ғалымы Гамильтонмен тіркеудің қылмыс жасағандарға дактилоскопиялық әдісі енгізілді. Бұл әдіс қазіргі уақытқа дейін қолданылып келеді. 1913 жылы антропологиялық әдіс болған. Бізде олардың екі әдісі бар (бойы, фотосуреті, сөздік портреті, және т.б. -дактилоскопиялық салыстырмалық).

Криминалистикалық, жедел есеп және қылмыстық тіркеу жүйесі бойынша тексеру — ол жедел іздестіру қызметінің тіркеу жүйесін қосатын, тұлғалар туралы криминалдық белгілері бойынша жедел іздестіру қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету.

Осы аталған түсініктен келесі мақсат пайда болады. Ол мақсаттар болып:

- тіркеу;
- зейін салу;
- жіктелу;
- мәліметтер сақтау; тұлғалар туралы; оқиғалар - олардың криминалдық белгілері;
- жедел іздестіру қызметінің ақпаратпен қамтамасыз ету орталығы Тіркеудің

қолдану мақсаты:

1. Қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларды анықтау, олардың өмір қалпын ұғыну.
2. Қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларды анықтау
3. Қылмыс жасаған немесе жасағалы жатқан, қылмыстық жауаптылықтан немесе жазасын өтеуден бой тасалаған тұлғаларды анықтауға байланысты жедел іздестіру шараларын жүргізу.
4. Қылмыстық әрекеттің салдарынан келтірілген зардаптың орнын толтыруға байланысты шаралар.
5. Құқық органдарының жедел жұмыстары бойынша анализдеу.

**9 тақырып. Жедел-іздестіру қызметінің құжаттау оның нәтижелерін қылмыстық істер бойынша дәлелдеме ретінде пайдалану**  
**Лекция жоспары (2 сағ)**

1. Жедел-іздестіру шараларын жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтерді қолдану.
2. Қылмыстық істерді тергеу барысында жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдалану.
3. Ақпар түсінігі және оның түрлері

**1 Жедел-іздестіру шараларын жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтерді қолдану.**

1994 жылы қабылданған ҚР “Жедел іздестіру қызметі туралы” Заңының негізгі айырмашылық белгісі болып жедел іздестіру қызметін жүргізіп орындау барысында азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын қорғау институттары болып табылады. Заң қабылдаушы 3 бапта ЖІҚ-нің қағидаларын бере тұра жоғары құқықтық нысанда бір қағиданы қатал тәртіпте ұстауды ұсынды. Ол - еке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтау қағидасы. Өйткені жедел іздестіру қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрлі нысаны бола тұра, жоғары дәрежеде максималды негізде жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтап қарауды талап етіп, міндет жүктейді.

“Жедел іздестіру қызметі туралы” Заңның 5-бабында жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының жалпы негіздегі механизмін көрсетіп белгіледі. Жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында берілген мақсатқа жетуде Заңға қайшы түрде алынған ақпараттардың заңды күші болмайды. Жедел іздестіру қызметін жүргізуші органның әрекеттер жоғары тұрған органға, сотқа немесе прокуратураға шағымдануға жатады. Бұндай жағдай Заң мәтінінде көрініс тапқан, яғни Конституцияның 13 бабына негізделі ҚР-ның әр азаматы өз құқығы мен бостандықтарын қорғау мақсатында сотқа шағымдана алады. Жедел іздестіру қызметін жүргізуші органдарға немесе қызметшілерге шағымдану олардың Конституциямен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарына келесідей нұсқан келтірген кезде, яғни жеке басына қол сұқпушылық, отбасы құпиясына, ар-ожданы мен қадір-қасиетін құрметтеу, жеке жинақтар мен қорларының құпиялығын бұзу, хат, телеграф, телефон байланыстарын оқып тыңдау, жеке тұрғын үйіне қол сұқпаушылық және басқа да көптеген құқыққа, заңға қайшы іс-әрекеттер орын алған кезде жүзеге асырылады.

Осындай көптеген негіздерге байланысты ҚР Президентінің 1994 жылдың 26 қазанында қабылдаған “Азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі” туралы жарлығына сәйкес, сонымен қатар “ҚР ПМ-нің бөлімшелерінде, оқу орындарында, ұйымдар мен мекемелерде азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі туралы” жарлығына сәйкес сонымен қатар ҚР ПМ бөлімшелерінде оқу орындарында ұйымдар мен мекемелерде азаматтардың арыздар мен шағымдарын қарау мен қабылдау туралы нұсқау қабылданды.

Бұл нұсқаудың мәнәне қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және басқа әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамаларының нормативтік-құқықтық актілерінің арыздары мен шағымдарын

қарау тәртібі үшін қолданылмайды. Барлық келіп түскен хаттар сол күні рәсімделіп, тіркеу туралы нөмір берілді. 5 күнен кешіктірілмей әр хатқа байланысты белгілі бір шешім қабылдануы тиіс, ал өз өндірісіне туралы, басқа құқық қорғау органдарының лауазымына жататын ведомстваға немесе басқа ПО қарамағына беру. Азаматтардың арыздары мен шағымдары бір ай ішінде қаралып шешіледі. Егер берілген шағымдар мен арыздар негізінде материалдарды қосымша арнайы тексеріс қажет деп тапса, бұл мерзім қосымша бір айдан артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін. Хаттарға жауапты ПО бастықтары жазбаша түрде жауап берген тілге байланысты қабылданған шешімге, сонымен қатар арызды мақұлдамау туралы жауап қайтарады.

Азаматтардың сұрауы, өтініші бойынша қабылданған шешімнің қортындысының тәртібі түсіндіріледі. Нормативтік-құқықтық актілердің және ҚР ПМ алқалы коллегиясының жедел іздеміру қызметіндегі қолданатын және реттеп басқарылатын тәжірибелік мағнасының қортындысы нормативті Конституциялық, халықаралық-құқықтық қағидаларының негізінде тұрақты негізінде келесідей мүмкіндік қағидаларын жүзеге асырады:

Жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты жедел іздестіру шараларын жоғары түрде қолдануды реттеу;

Жедел іздестіру шараларын әр түрлі субъектілерге байланысты тәртібі мен ережелерін анықтап бекіту (кәмлетке жасы толмағандар, шет ел азаматтары, депудаттар және т.б.);

Жедел іздестіру шаралары өткізіліп жатқан тұлғаларға қатысты әділ негізде сұхбаттасу әрекеттерін қамтамасыз ету;

Келешекте тек заңды негізде жедел іздестіру шараларын өткізу барысында жеке тұлғаларға байланысты құқықтары мен бостандықтары бұзылған кезде іс жүргізудің құрамдық жүйесін логикалық тәртіпте қалыптастырып дамыту;

Жедел іздестіру заңдылықтарының әділдігі.

## **2 Жедел-іздестіру акпарын жедел және тергеу қызметінде жүзеге асырылуы.**

Тергеуші алдын-ала тергеуде процессуалдық әрекеттерін жүзеге асырған кезде белгілі бір қағидаларды басшылыққа алады. Ең алдымен қағида ұғымына тоқталғанымыз жөн. Алдын-ала тергеудің қағидалары деп: қылмыстық іс жүргізудегі алдын-ала тергеудің міндеттері мен сипаттарын анықтайтын негізгі ережелері жатады. Бұл аталған ережелер қылмыстық іс жүргізудің басты қағидаларынан туындайтын ережелер. Дәлірек тоқталатын болсақ, алдын-ала тергеу жүргізудің қағидалары мыналар болады: Алдын-ала тергеудің объективтілігі толықтылығы жылдамдылығы белсенділігі тергеу бойынша жиналған мәліметтерді жарияламау. Іс бойынша алдын-ала тергеуді жоспарлау.

1) Алдын-ала тергеудің объективтілігі: тергеуші алдын-ала тергеу барысында айыпталушыны кінәләйтін мән-жайларды оны анықтайтын мән-жайларды да қарастыруы қажет, сонымен бірге бір кезеңде кінәлә тұлғаға қатысты айыптауды жоққа шығаратын дәлелдемелерді де жинауы керек, жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайларды анықтау қажет. Алдын-ала тергеуде процессуалдық кепілдіктің объективтілігі болып, тергеуші тарапынан айыпталушының заңмен тыйым салынбаған әрекеттермен қорғануға байланысты құқықтарын шектемеу. Алдын-ала тергеу органдарға жүктелген міндеттемелерді орындау. Егер де іс үшін маңызы болған жағдайда, айыптаушының өтініші мен арызын қанағаттандыру қажет.

2) Алдын-ала тергеудің толықтылығы: бұл қағида алдын-ала тергеудің объективтілігі қағидасымен тығыз байланысты. Бұл қағида бойынша істің барлық мән-жайын толығымен зерттелуге тиіс. Бұл жерде қылмыстық орны, оған тән барлық қасиеттер және айыпталушының жеке басы туралы мәліметтер анықталады. Жасалған әрекеттердің мақсаты қарастырылады. Егерде тергеушінің болжауында іс бойынша қалыптасқан қарама-қайшы версиялар жоққа шығарылып, қылмыстың сүреті нақты ашылып және қылмысқа қатысушы тұлғалардың рөлі белгілі болған жағдайда алдын-ала тергеуде толық және жан-жақты мәселелері шешілді деп пайымдайға болады.

3) Алдын-ала тергеудің жылдамдығы. Алдын-ала тергеудің жылдамдығы заңда бекітілген алдын-ала тергеумен анықтама жүргізудің уақытымен байланысты болады. Алдын-ала тергеудің жылдамдығы бұл тергеудің белсенділігі мен уақытысында тергеу әрекеттерінің

жасалуы болып табылады. Тергеуде тез және оперативті әрекеттердің нәтижесінде көптеген іс үшін маңызды заттай және басқа да дәлелдемелерді алуға болады.

4) Алдын-ала тергеудің белсенділігі. Бұл қағида бойынша: тергеуші өзінің бастамасымен қылмыстық істі қозғайды. Барлық дәлелдемелерді жинап, қылмысты ашу үшін барлық заңмен тыйым салынбаған шараларды қолданады. Сонымен қатар тергеуші іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы керек.

5) Алдын-ала тергеу бойынша жиналған мәліметтерді жарияламау. Бұл қағида жүргізіліп жатқан қылмыстық істің мәнін толық № жан-жақты ашу үшін маңызды роль атқарады. Кез келген іс бойынша жиналған мәліметтер тек қана тергеу жүргізіп жатқан органның рұқсатымен ғана жариялауға болады. Қылмыстық іс бойынша мәліметтерді алдын-ала хабарлау, тергеуге теріс әсерін тигізеді. Қылмыс жасаған тұлға тергеу әрекеттері сәтті жүріп жатқанын біліп, жасаған қылмыстың іздерін тергеу жүргізіп жатқан органдардан жасырылуы мүмкін. Өзінің кінәсіздігі туралы жасанды дәлелдемелер әзірлеуі мүмкін. Сонымен қатар тергеу бойынша көзделген уақыттап алдын-ала жариялау айыпталушының мүддесіне теріс әсерін тигізу мүмкін. Жеткілікті негіздерсіз азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамдағы беделіне теріс әсерін немесе зиян келтіруі мүмкін. Тіпті тергеу кезінде тұлғаның қылмыстық іске қатысуы жоқ екендігі де анықталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Алдын-ала тергеу бойынша жарияламау қағидасының маңызы осында байқалады. Жоғарыда айтылған мәліметтерді ескере отырып, алдын-ала тергеу бойынша мәліметтерді тергеушінің немесе прокурордың рұқсат етілген көлемінде ғана жариялауға болады. Қажет болған жағдайда тергеуші куәлардың, жәбірленушіден, азаматтық талапкер мен жауапкерден, аудармашыдан, эксперттен, айғақтардан және басқа да тергеуге қатысушы тұлғалардан болған мәліметтерді жарияламау туралы подписка алады. Бұндай ережені бұзған тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Подписка процессуалдық рәсімдеу жағынан тергеу әрекетінің тиісті хаттамасында немесе ерекше процессуалдық құжат түрінде толтырылуы мүмкін.

б) Іс бойынша алдын-ала тергеуді жоспарлау. Алдын-ала тергеу әрекеттері нәтижелі өту үшін тергеуші тергеу әрекеттерін жоспарлы түрде жүргізу керек. Алдын-ала тергеуді жүргізу кезінде жоспарлаудың нәтижесінде, жедел-ізвестіру органның көмегімен қылмысты тез және толық ашуға көмектеседі. Тергеуші қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдағаннан кейін тергеудің жалпы жоспарын құрады. Практика жүзінде тергеушіге белгілі мәліметтер бойынша жоспар құрудың 2 варианты болуы мүмкін.

**1 вариант.** Алдын-ала тергеуді жүргізу алдында нақты фактілік мәліметтер жеткілікті болған жағдайда іс бойынша ашық жоспар құрастырылады. Мысалы: ревизия материалдары бойынша қозғалған іс немесе анықтау органдармен алғашқы тергеу әрекеттері жүргізілген жағдайда.

**2 вариант.** Алдын-ала тергеуді жүргізу кезінде нақты мәліметтер жоқ. Бұндай жағдайда тергеуші алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізуін жоспарлайды, содан кейін ашық жоспар құрады. Бұл қағида істі дұрыс, жылдам ашыға көмектеседі.

## **2 Қылмыстық істерді тергеу барысында жедел ізестіру қызметінің нәтижелерін пайдалану. Ақпар түсінігі және оның түрлері**

Жедел-ізвестіру қызметі процесінде алынған материалдар тергеу жұмыстарын әзірлеу мен жүзеге асыру және қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және ашу жөніндегі жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу үшін, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының айғақтарды жинауды, зерттеуді және бағалауды регламенттейтін ережелеріне сәйкес тексерілген жағдайда қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінде пайдаланылуы мүмкін. Жедел-ізвестіру қызметінің материалдары барлау және қарсы барлау қызметі барысында алынған, оларды пайдалану тәртібі ведомстволық нормативтік актілерде белгіленген нәтижелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексерілгеннен кейін ЖІҚ заңының 2-бабында көзделген басқа да міндеттерді орындау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде алынған материалдар оларға Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген сипат берілгенге дейін не оларды қылмыстық процеске енгізуге мүмкіндік

болмағанда жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеуге негіз болып табылмайды. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастыру туралы, нақты жедел-ізвестіру іс-шаралары туралы, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат көздері және оларды алу тәсілдері туралы мәліметтер, сондай-ақ адам мен азаматтың жеке өміріне, ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтер жария етуге жатпайды. Кәсіби міндеттерін орындау нәтижесінде жедел-ізвестіру қызметі туралы өзіне белгілі болған мәліметтерді жария еткен адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапты болады. Осы Заңда көзделген міндеттерді шешу үшін жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар жедел есепке алулар мен ақпараттық жүйелерді құруы және пайдалануы, сондай-ақ жедел есепке алу істерін ашуы мүмкін. Жедел есепке алулар мен ақпараттық жүйелерде мәліметтер жинақтау, сондай-ақ жедел есепке алу істерін ашу ЖІҚ заңда көзделген негіздер болған кезде, мәліметтерді жинау мен жүйеге келтіру, жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін тексеру және бағалау, сондай-ақ солардың негізінде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың тиісті шешімдер қабылдауы мақсатында жүзеге асырылады.

## **10 Тақырып. Жедел-ізвестіру қызметінің ұйымдасқан қылмыспен күресудегі атқаратын рөлі (Өзекті дәріс)**

### **Лекция жоспары (2сағ):**

1. Ұйымдасқан қылмыстардың түсінігі.
2. Ұйымдасқан қылмыстармен күресдің ұйымдастырылуы.
3. Қылмыстылықтың алдын алу.
4. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын алудың ерекшеліктері
5. Пайдақорлық-зорлық қылмыстармен күресудің құқытық негіздері.

### **1 Ұйымдасқан қылмыстардың түсінігі.**

«Ұйымдасқан қылмыстылық» ұғымы «ұйымдасқан қылмыс», «ұйымдасқан топ», «ұйымдасқан қылмыстық әрекет», «ұйымдасқан қоғамдастық» сияқты басқа ұғымдармен байланысты. Барлық жерде «ұйым», «ұйымдасқан» сөздері пайдаланылады. Бұрындары «ұйымдасқан қылмыс» және «ұйымдасқан қылмыстық әрекет» жайында айтылатын. Оның субъектілері жекелеген адамдар және адамдар тобы, оның ішінде ұйымдасқан құрамалар: ұйымдасқан топтар, бандалар, қылмыстық ұйымдар мен қылмыстық қоғамдастық болуы мүмкін.

Ұйымдасқан топтар бірнеше адам қылмысты, тіптен аса ауыр қылмысты жасағанда емес, оны жасау үшін алдын ала бірігіп, соған жан-жақты дайындалғанда пайда болады: олар жоспар жасай-ды, барлық күш-жігерін сол жоспарға бағындырады, жоспарды жүзеге асыру барысында туындаған проблемаларды бірлесіп шешеді, нақты жағдайға қарай оған түзетулер енгізеді. Ұйымдасқан топ бір қылмысты жасау үшін де құрылуы мүмкін. Мысалы, банк-тен ақшаның ірі сомасын ұрлау немесе инкассатор машинасын тонау үшін. Қылмыстық кодексте ұйымдасқан қылмысқа бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін алдына ала біріккен адамдардың тұрақты тобы деп анықтама берілген, ал банда — адамдарға немесе ұйымға шабуыл жасау үшін құрылатын тұрақты қарулы топ.

Қылмыстық әрекеттің ауқымын кеңейту оған неғұрлым көп әртүрлі субъектілерді тартумен байланысты.

Іс жүзінде олар жеке тұлғалар да, әр түрлі қылмыстар жасауға маманданған бұрыннан келе жатқан ұйымдасқан топ та, заңды тұлғалар да, мысалы, солар арқылы қылмыстықтабыс заңдастан-дырылған және молаятын заңды тұлғалар болуы мүмкін. Кең ауқымды қылмыстық әрекетке қатысушы әртүрлі субъектілердің жұмысын үйлестіру

қажеттігі туындайды. Саны едәуір әр түрлі қылмыстық субъектілердің күрделі, көп аспектілі ұйымдасқан қылмыстық әрекетін басқарғанда ұйымдасқан қылмыстық құрамаларды тұтас организм ретінде басқаратын арнайы құрылымдар құрылады. Бұл ретте таза атқарушы функциялармен және Қыл-мыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген нақты қылмыс-тарды тікелей жасаушы құрылымдарымен қатар басқарушы функ-циялар мен құрылымдар (ұйымдастырушылар, жетекшілер); қылмыстық ұйымның өзіне тән мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін функциялар, құрылымдар (таздау бөлімшелері, өзінің «кдуіпсіздік қызметі»), қылмыстық табысты заңдастыру және т.б.) бөлініп алы-нады. Қылмыстық ұйымдарды құрудың негізі осындай.

Мұндай ұйымның қоғамдық кдуіптілігі совда, ол тек аса ауыр қылмыс жасап қана қоймайды (бұл тұрғышан алғанда оның қоғамға қауіптілігі ауыр қылмыстың қоғамдық қауіптілігіндей-ақ), соны-мен қатар өзін басқаратын субъектілердің сылтауларына және сырт-қы жағдайларға байланысты кең ұйымдасқан қылмыстық әрекетті оның әр түрлі варианттарында қамтамасыз ете алатын құрылым болып саналады. Қылмыстық, әрекетті дамыту және жасыру, алы-натын табысты заңдастыру және молайту, қылмыстық құраманы сол қалпында сақтап қалу логикасы итермелейтін әр түрлі қылмыстар жасайды.

«Ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы» федералдық заңның жобасында қылмыстық ұйымға мынадай аныққама берілген: «Қылмыстық ұйым — а) қылмыстық ұйым не оның басшылығын құру;

ә) Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген қылмыстарды тікелей жасау; в) қылмыстық ұйым құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етудің өзге де формалары бойын-ша қатысушылар арасында міндет бөлінген, бірлесіп қылмыстық. әрекет жасайтын адамдар, не ұйымдасқан топтар, не бандалар».

Қылмыстық ұйымдар, өздерінің қылмыстық әрекетін қорғау мақсатында мемлекеттік құрылымдармен және азаматтық қоғам-ның институттарымен, олардың алдына қойылған міндеттерін теріс арнаға бағыттап, өзара қатынас орнатуға әрекеттенеді. Осы-дан барып мемлекеттік органдар жүйесінде және кәсіподақтар, шығармашылық одақтар, қауымдастықтар сияқты мемлекеттік емес салада сыбайлас жемқорлық кең етек алады.

Бұл жердемынадай тужырым жасауға болады: егер жай қытыс-керлік қоғамға, оның институттарына, оның ішіндеметекетке қарсы әрекет ететін болса, ұйымдасқан қылмыс-мемлекеттік институт-тарға және қоғамға сүйенуге, оларды өз мақсатында пайдалануға тырысады.

Қылмыстық әрекет заңды кәсіпкерлікпен, басқа да қоғам жол берген, тіптен қолдайтын қызметпен тығыз айқасып жатады, бұл — халықтың наразылығын тудырмай олардың қылмыстық, әрекетін әшкерелеуге едәуір қиындықтудырады. Олар мұқият жасырынады, заң шығарушының алдын орағытады, олардың қателіктерін жақсы пайдаланады, қолайсыз құқықтықшешімдерден ертерексақтанады.

Мұның бәрі, егер мемлекеттік жүйе тарапынан қателіктер бол-са, ұйым болып сақталып қалуға, тіптен, белгілі бір кезевдерде мемлекетпен жекпежекте жеңіске жетуге көмектеседі.

Қылмыстық ұйымдардың мынадай өзіне тән сипаттары бар: акпараттар жинау және оларды беру; құқық қорғау институтта-рының әрекеттерін бейтараптандыру, негізгі әлеуметтік-эконо-микалық қызметтерді пайдалану, ішкі құрылымдардың болуы, әрекеттерінің сырттай «заңды» керінуі.

Ұйымдасқан қылмыстық құрамалар саны көбейсе олардың өзара әрекеттесуінде ықпал ету өрісін бөлісу, мемлекетке бірлесіп қарсы тұру және т.б. проблемалар туындайды.

Ұйымдасқан топтардың, бандалардың, қылмыстық ұйымдардың бұл өзара әрекеттестігін, акпарат алмасуды, құқық қорғау жүйелерін, өзге мемлекеттік құрылымдарды және азаматтық қоғамның институттарын бейтараптандыру және пайдалану үшін, қылмыстық ұйымдардың мұқтаждықтағы функционерлеріне көмек көрсетуде күш жігердің біріктірілуі қамтамасыз ететін қылмыстық қауымдастықтар пайда



болады.

Қылмыстық қауымдастықтың құрылу негізінде бірлескен ұйымдасқан қылмыстық әрекет негізінде құрылатын қылмыстық ұйымдарға карағанда басқа сипат бар.

Қылмыстық қауымдастыққа өзара қарым-қатынасты қылмыс-тық ұйымдар мен оның элементі болып табылатын қылмыстық топтар жасамайды, осы құрамалардың өкілдері немесе тіптен, өзінше жұмыс істейтін кәсіби қылмыскерлер жасайды.

Қылмыстық қауымдастық, ол — басқа қылмыстық құрамалар үшін жоғары тұрған саты емес, ол өзінше үйлестіруші орган, кәсіби қылмыскерлер үшін онда «қылмыстық кәсіподақтар» кейпі, ал, елдегі саяси процестерге ықпал ете бастаса — партия кейпі бар. Қазақстанда қазіргі кезде бірнеше қылмыстық қауымдастық бар, олар бірімен-бірі қиянкесті соғыс жүргізуде (өртеп, өлтіріп кетеді, кепе-көрінеу атысады және т.б.) немесе өзара мәмілеге келеді.

«Қылмыстық қауымдастық» термині қылмыстық құқықта бас-қа мәнде қолданылады. Жаңа Қылмыстық кодексте қылмыстық қауымдастыққа мүшелері бірлесіп қылмыс жасайтын ұйымдас-қан қылмыстық топтың бір түрі деп түсініктеме берілген: «Қылмысты қылмыстық қауымдастық жасаған деп танылады, егер оны ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін құрылған ұйымдақан топ (ұйым) жасаған болса». Бұл - қылмыстық заңның криминалдык шындықты дәл керсете алмауының мысалы.«Ұйымдасқан қылмыспен күрес туралы» федералдық заңның жобасында мынадай анықтама берілген: «Қылмыстық қауымдастық — ұйымдастырушылардың немесе басшылардың немесе қылмыстық ұйымдардың басқа мүшелерінің, немесе ұйымдасқан топтардың, немесе бандалардың немесе тиісті құрамалардың немесе адам- дардың қылмыстық әрекетін үйлестіру, кодцау, дамыту жөніндегі шараларды бірлесіп дайындайтын не іске асыратын адашардың немесе қылмыстық әрекетпен айналысатын адамдарға, ұйымдасқан топтарға, бандаларға, қылмыстық ұйымдарға қолайлы жағдай тудыратын, сондай-ак көрсетілген мақсатта ауыр қылмыстар жасауды ұйымдастыратын адамдардың бірлестігі».

Қылмыстық қауымдастық қылмыстық ұйымға толықтай айна-луы немесе оның кейбір сипаттарын иемденуі мүмкін.

Ұйымдасқан қылмыстылық — кең ауқымдыа қылмыстық әрекеті бар және ондай әрекет үшін қолайлы жағдай жасалған, осы құрамаларға, олардың әрекегіне және сыртқы өзара әрекетгестіктеріне қызмет етуде басқарушылық және басқа функциялары бар өз құрылымдарын да, мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғамның институттарын да пайдаланатын ұйымдасқан қылмыстық қызметтің күрделі жүйесі.

«Жүйе» ұғымы ұйымдасқан құрамалардың жай көптігін ғана білдірмейді, сонымен қатар олардың органикалық бүтіндігін, олар-дың арасындағы әр сипаттағы тұрақты өзара байланыстың, оның дамуы, қылмыстық табыстың заңдастырылуы және молаюы үшін неғұрлым қолайлы жағдайдың бар екендігін де көрсетеді.

Ұйымдасқан қылмыстылық өзінің экономикасы, әлеуметтік және рухани саласы бар, өзінің басқару, қауіпсіздік, жас ұрпақты қалыптастыру жүйесі, юстициясы, өзінің ішкі және сыртқы саясаты бар балама қоғам. Ол, шын мәнінде, мемлекет, азаматтық қоғамның билеуші институттары, дін ресми таныған және қолда-ған жүйеде орын тепкен балама болғандықтан, іс жузінде, жалпы адам қоғамы құрылымдарының бірі болып табылады, тиісінше, «ресми» қоғам дегенмен өзара әрекеттеседі. Олардың арасында нақты да қатаң шекара жоқ: ұйымдасқан қылмыстылық өзінің заңдастырылған тұлғалары арқылы әр түрлі заңды қатынастар жасайды; өз қатарына тарту, өз қатарын толықтыру мақсатында халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының мұқтаждығымен және мүддесімен санасады; қылмыстық әрекеттің тұрақты және белсенді мүшелерімен кей кездері немесе бір-ак рет қарым-қатынас жа-сайтындарда болады;

Мұндай жағдайларда әр түрлі жеке және заңы тұлғалар «кезжұмбаылық» жасайды, олар бір «сүйкімді» адамдарға қызмет көрсетгік деп ойлайды, бұл адамдардың қылмыстық құрылымдарда тұратындығын немесе оларға байланысты екендігін білмейді.

## **2Ұйымдасқан қылмыстармен күресдің ұйымдастырылуы.**

Қылмыстылықпен күрес дегеніміз жүйелік-құрылымдық қызмет, ол үш жүйенің жиынтығынан тұрады: 1) күресті жалпы ұйым-дастыру; 2) қылмыстылықтен сақтандыру; 3) құқық қорғау қызметі. Бұл әлеуметтік басқару салаларының бірі және мыналарға ықпал етеді: а) қылмыс және қылмыстылық тудыратын себептер мен жағдайларға; ә) қылмыстылықтің өз бетімен детерминациялануынан сақтандыру және оны тыю мақсатында оның өзіне.

«Қылмыстылықпен күрес» термині құқықтық, және басқа рес-ми құжаттарда, сондай-ақ ғылыми еңбектерде кеңінен қолданылады.

«Қылмыстылықпен кесімді күрес жүргізудің маңызы Қазақ-стан Республикасында құқықтық, тәртіп орнатуда ғана емес, со-нымен қатар тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда да зор. Соңғы жылдары тек қана жеке адамдардың еміріне, бостандығына, мүлкіне т.б. құндылықтарына қол сұғу қылмыстарының саны ғана өскен жоқ, сонымен қоса қазіргі күні ұйымдасқан қылмыстылық, жемқорлық, тапсырыспен кісі өлтіру т.б. сияқты жаңа қылмыс түрлері пайда болды».

Біріккен Ұлттар Ұйымы қылмыстылықпен күрес және құқық бұзушылардың күтімі жөнінде Конгресс өткізіп тұрады. Соны-мен қатар бірқатар жұмыстарда «бақылау», «қарсы әрекет», кей-де «қылмыстылықпен соғыс» сияқты ұғымдарды пайдалану керек деген ұсыныстар бар. Бірақ бұл терминдер қаралып отырған мәселенің мәнін толықтай аша алмайды.

«Күрес» — дегеніміз біріне-бірі үстемдік етуді мақсат тұтқан қарама қарсы мүдделердің, топтардың, пікірлердің белсенді қақтығысы. Бұл — әр уақытта қандай да бір мақсатты кездейтін қызмет. Заң қорғайтындармен бітіспес қайшылықта болатын мүдделер, құндылықтар, мақсаттар қылмыстылықпен өз көрінісін табады. Мұндай жағдайдағы мақсат — бәрінен бұрын қылмыстылықтің де-терминация және себептілік процесіне, оның өзіне ықпал ете отырып қылмыстық заңның жаппай бұзылуына жол бермеу, ал ол бұзыла қалған жағдайда — айыптылардың қылмыстық, іс-қимыл-дан бас тартуына қол жеткізу және қылмыстылықті тыю үшін айыпкерлерге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану. Мемлекет те, қоғам да ешқандай ымыраға жол бермейді. Сонымен, қылмыскерлікпен күрес дегеніміз — қоғамның қылмыстылықпен белсенді қақтығысы.

«Бақылау» деген сөз біреуді, бірдемені тексеруді, біреуді, бірдемені байқауды білдіреді.

Бұл ұғымды криминологияда пайдалану әлі күнге дейін көңілге қонарлықтай болған жоқ, себебі әңгіме бұл жерде қылмыстылықті «байқау» жайында емес.

«Қарсы әрекет» басқа әрекетті жою, «бірдемеге қарама-қарсы жүру, оған кедергі келтіру» дегенді білдіреді. Ал, біріншіден, тек мемлекет қылмыстылықке кедергі келтірмейді, қайта қылмыс-керлік мемлекетке, қоғамға кедергі келтіреді. Екіншіден, күрделі себептік-салдарлық кешені бар, оның ішінде қылмыстық заңның бұзылуына жол бермеуді, ол бұзыла қалғанда — айыптыға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды қарастыратын әлеуметтік құбылыс ретіндегі, қылмыстылықке ықпал ету шараларының барлық жиынтығын қамтымайды.

«Ықпал ету», бұл — бірдемеге қол жеткізу мақсатында біреуге немесе бірдемеге бағытталған біржақты әрекет. «Қылмыстылықпен күрес» — екі қарама-қарсы тараптың өзара әрекеттестігінің айрықша түрі.

«Қылмыстылықпен күрес» терминін қолданғанда қоғамның өнегелік, құқықтық негіздері мен қылмыстылық арасындағы бітіспес қарамақайшылыққа ғана бола назар аударылатын сияқты. Егер бұл соғысты өмір үшін емес, өлім үшін соғыспен теңдестіретін болсақ, онда ол соңғының шеңберіне сыйыспайды. Қылмыстылықпен күрестегі басты мақсат — оның алдын алу, адам-ды қылмыс жасаудан сақтандыру, ал егер оның қылмыстық әрекеті айқындалса — ондай әрекеттің сылтауы мен себептерін білу, оған қолданылатын қылмыстық, жазаны басқа шарамен алмастыру мүмкіндігін

қарастыру, қажетті әлеуметтік көмек көрсету.

Қылмыстылықпен күресті жалпы ұйымдастыруға мыналар жатады:

1. Ақпараттық-талдау қызметі. 2. Криминологиялық болжаулау. 3. Қылмыстылықпен күрес стратегиясын анықтау. 4. Қылмыскерлікпен күреске бағдарлама жасау. 5. Қылмыстылықпен күрес саласында заң шығарушылық. 6. Қылмыстылықпен күрес бағдарламасын жүзеге асыру, оған түзету енгізу және қылмыс-керлікпен күрес жөніндегі қызметті үйлестіру. 7. Қылмыскерлікпен күресті ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және дамыту.

Ақпараттық-талдау қызметі — бұл көрініс тапқан қыл-мыскерлікті тіркеу, ол көріністерді, олардың себептілігін және детерминациясын, қылмыстылықпен күрестің өткен кезеңдегі нәтижелерін зерделеу және тиісті мәліметтерді бағалау жөніндегі қызмет.

Ол: қылмыстылықті, статистикалық есептерді есепке алу жүйелерін құру; қылмыстылықпен күрес жүргізуші органдардың ағымдағы талдаушылық қызметін; криминологиялық зерттеулерді дамыту, алынатын деректердің теориялық қорытпаларын пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

2. Криминологиялық болжаулау — қылмыстылықтің болашақ жайына және қандай да бір басқарушылық шешімдердің крими-нологиялық маңыздылығы бар өзге салдарларына баға беру.

Болжаулау қылмыстылықтің заңдылықтарын, оның детерминациясын, себептілігін білуге, қылмыспен күрестің әр түрлі шараларына әсерлік заңдылықтарына негізделген.

Бұл функцияның іске асырылуы қылмыстылықтің оперативтік талдамасы мен оның заңдылықтарын зерттеудегі үйлесім-ділікті қажет етеді. Сондықтан да арнаулы криминологиялық қызмет құру керек.

Болжаулаудың екінші тарауда сөз болған әдістері кең пайдаланылады. Маман-криминологгердің қылмыстылықтің өзгеру болашағын ұжымдық талқылауы және тұжырымдарын баяндауы айрықша тәсіл болып табылады. Мұндай қылмыстылық проблемалары талқыланатын форумдар да болады. Проблемаларды жан-жақты талқылау үшін басқа мамандардың да шақырылуы мүмкін. 3. Қылмыстылықпен күрес стратегиясын анықтау. Криминологиялық ситуацияны (қылмыстылықті, оның себептілігін, детерминациясын және онымен күрестің жайын), криминологиялық болжамшы және мамандардың қылмыстылықпен ары қарай күрес жөніндегі ұсыныстарын бағалау негізінде оның стратегиясы анықталады. Бұл — мемлекетті қылмыстылықпен күресті ұйымдастыратын негізгі субъект жасайды.

Стратегия дегеніміз — қылмыстылықпен күрес жүргізудің өнері сияқты, ол бұл күресте жеңіскер болу үшін негізгі соққыны қай бағытта жасау керектігін анықтайды.

Сақтандыру шараларының - қылмыстылықтің себептері мен жағдайларына ықпал етудің басымдылығы стратегиялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Тек сол ғана қылмыстық іс-қимылдың жаппай еріс алуына тосқауыл бола алады.

Ал ұйымдасқан қылмыс неғұрлым ауырлау қылмыстардың жасалуын, тұрақты қылмыстық әрекетті және қылмыстылықтің қоғамға қарсы бағытталған ықпалын анықтайды.

Ұйымдасқан қылмыстың дамуына кәсіби қылмыстылық едәуір «үлесін» қосуда.

Стратегия — жалпы қылмыстылықпен күресті ғана емес, оның жекелеген түрлерімен күрес жүргізу өнері (олардың қылмыс-керліктің жалпы жүйесіндегі орны ескеріліп).

Криминолог пен қылмыстылықпен күрес жүргізуші мемлекеттік қызметкердің өнері сонда, олар қаражат тапшылығына қарамай жақсы идеяларды емірге алып келіп, олардан нақты он нәтижелер алуға тиіс.

Стратегия шеңберінде қытыскерлікпен күрестің тактикасы жасалады, онда нақты мақсаттар және сол жағдайларда оларға қол жеткізудің оңтайлы әдістері анықталады. Тактика — стратегияның бір бөлігі. Мәселенің тактикалық шешімі әрқашанда кадрлардың жетіспейтіндігін, материалдық тапшылықты, қылмыс-керлікпен күреске

қаржының аз бөлінетінін ескеріп, нақты жағ-дайға тиісінше бағдар алуды талап етеді. Бірақ, «қанша бере аласындар, сол бергендерінді қайда жаратуын өзіміз білеміз» деген ұстаныммен де келісуге болмайды. Тактикалық шешімдердің кри-минологиялық тұрғыдан негізделген есептері болуға тиіс, олар кейін, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін тиісінше түзетіліп тұрады.

Жекелеген операцияларды жүргізуде де өнер керек. Стратегия мен тактика Қылмыстылықпен күрес бағдарламасында іске асырылады.

Қылмыстылықпен күреске бағдарлама жасау. Ол: ұзақ мерзімді (қылмыстылықпен күрес стратегиясын то-лықтай қамтиды), орташа мерзімді (әдетте, 2 жылға) және қысқа мерзімді (тоқсанға, жартыжылдыққа) болып бөлінеді.

Бағдарлама жасау (бұрын — жоспарлау) қоғамның, мемле-кеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына бағдарла-ма жасаумен байланыстырылады.

Мұнымен қатар қылмыстылықпен күрестің жекелеген бағдар-ламалары жасалып қабылданады. Және де қылмыстылықтің же-келеген көріністерімен күрес бағдарламалары да болады.

Бағдарлама жасауда мақсаттық сипат болуға тиіс, яғни алды-мен нақты мақсаттар баяндалады, одан соң оларға қол жеткізу жолдары анықталады, орындаушылар, мерзімдері және оларды ресурстық қамтамасыз етудің сипаты керсетіледі (кадрлар, қаржы қаражаты, материалдытехникалыққамтамасыз ету жәнет.б.).

Қылмыстылықтан сақтандыруға ғана қатысты бағдарламалар-ға (немесе бағдарлама бөлімдеріне) қарағанда қылмыстылықпен күрес бағдарламалары, мысалы, ақпараттық-талдама қызметін жетілдіру, жаңа заңдарды немесе жаңа құқықтық нормаларды толықтай және ретімен қолдану сияқты мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Егер анықтаушылар мен тергеушілердің санын, уақыт-ша ұстау изоляторларындағы орындарды көбейту керек болса — ондай шаралар бағдарламада керініс табады.

Қылмыстылықпен күрес саласындағы зағ шығарушылық. Қылмыстылықпен күреске бағдарлама жасау заң шығарушы-лық жұмысымен тығыз байланысты. Егер қолданыстағы заң елдегі кримналдық және криминогендік ситуацияның жаңа сипаттама-ларымен күресті қамтамасыз ете алмаса, онда қолданыстағы заң-дарды өзгерту немесе жаңа құқықтық актілер жасау жөнінде тың-ғылықты әрі мақсатты жұмыс жүргізу керек.

### **3 Қылмыстылықтың алдын алу.**

«Қылмыстылықтің алдын алу» дегеніміз, бұл — мемлекеттің, қоғамның, жеке және заңды тұлғалардың қылмыстылықке жаңа адамдардыңтартылуына, жана қылмыстық іс-әрекеттердің жаса-луына, қоғамдық қатынастардың. ары қарай криминалдануына жол бермеу мақсатында қылмыстылықтің детерминация және себеп-тілік процесіне мақсатты ықпал етуі.

Қылмыстылық - бұл салыстырмалы жаппай, тарихи өзгермелі әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратын таптық қоғамның құбылысы. Осындай анықтаманы алпысыншы жылдары Н.Ф.Кузнецова берген болатын. Одан бері де осы анықтаманың мұрты қисайған жоқ.

Оның өзіндік себептері де бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей қылмыстар жинақтала келгенде жаңа бір сапаға ие болады, ол - қылмыстылық. Осыған байланысты теңіз бен тамшыны, клетка мен организмді мысал қып келтіре кеттік. Қылмыстылық - әлеуметтік құбылыс, өзінше бір организм, қоғамның өзіне бағытталған сырқаты. Сырқат демекші, қылмыстылықтың сыртқа көрінетін көрсеткіштері оның симптомы сияқты екендігін айта кету керек, себебі кейбір сырқат түрлерінің симптомы бірдей болғанымен диагнозы және емдеу жолдары әр түрлі болатыны аян. Мысалға, тұмау мен сібір жарасының сыртқы симптомдары бірдей болғандықтан АҚШ-та 2001 жылы сырқаттанғандарды тұмаудың дәрісімен емдегендіктен бернеше адам қайтыс болды. Сол сияқты ұрлық пен кісі өлтірудің немесе, тіпті, ұрлық пен алаяқтықтың алдын алу жолдары да әр қилы болу керек

екендігі хақ.

Жоғарыдағы анықтамадан қылмыстылықтың мынандай белгілерін анақтауға болады:

- оның салыстырмалы-жаппайлығы. Жалпы жаппай емес салыстырмалы жаппай болатын себебі - қоғамның бәрі қылмыстылық атты сырқатпен ауырмайды, тек белгілі бір бөлшегі ғана қылмыстылық құбылысына үлес қосады, ал тұмау эпидемиясы жаппай құбылыс, өйткені ол кездерде жұрттың бәрі тұмауратып шығады. Ал салыстырмалы жаппай болмаса да ол қылмыстылық емес, бар болғаны бірді-екілі немесе жүз-екі жүз қылмыстардың жиынтығы ғана болып қалады.

- тарихи өзгермелі болатындығы қоғамның қылмысқа деген көзқарасы үнемі өзгеріп отыратындығында. Бір уақыттарда қылмыс боп есептелген әрекеттер басқа бір кезде қылмыс емес немесе керісінше. Мысалға, Кеңес дәуірінде алып-сатарлық әрекеті қылмыс боп, қылмыстылықты құрап тұрса, қазір ол қылмыс болмақ түгілі экономиканы дамытушы факторлардың бірі (бизнес). Не болмаса сол уақытта компьютерлік қылмыстардың атын да білмеген болса, қазір ол дүниежүзінде кең тараған қылмыс түрі. Яки құл иеленушілік құрылыс кезіндегі құлды өлтіру мен осы күнгі адам (кез келген) өлтіруді, ортағасырдағы еуропа елдеріндегі ‘‘алғашқы түн’’ құқығын атауға да болады.

- жоғарыдағы белгімен сабақтас қылмыстылықтың қылмыстыққұқықтық сипатқа ие құбылыс екендігі. Әлбетте, қылмыстылық өзі сырттай қарағанда жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұрады, ал әрекетті қылмыс деп тек қана қылмыстық құқыққа сүйене отырып тани аламыз.

- оның белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратындығын кез келген құбылыстың кеңістік пен уақыт параметрлеріне бағыныштылығымен түсіндіруге болады.

- оның әлеуметтік құбылыс екендігі қылмыс тек қана адамдар қоғамында орын алатындығымен ерекшеленеді.

- оның таптық қоғамның құбылысы екендігі бір қарағанда дау туғызуы да мүмкін, өйткені бұл белгіден социалистік көлеңке іздеушілер де табылады. Бірақ олармен келісе қою да қиын. Барлық қылмыстылықтың бәріне ортақ бір ғана себебі бар ма? - деген сұраққа жауап табылуы екіталай. Десек те бір факторды ортақ деп айтуға әбден болады. Ол - қайшылық, мүдделердің, мұқтаждықтардың, көзқарастардың қайшылығы. Ал осы ойды індетсек, қайшылық қай жерде болады? Тек тап бар жерде, әлеуметтік тап жоқ жерде қайшылық та (антогонистік қайшылықтарды қоса алғанда) болмайды. Демек, қылмыстылықтың табы бар қоғамға тән құбылыс екендігі мың мәрте шындық.

«Қылмыстылықтың алдын алу» термині даусыз деп саналмай-ды, себебі орын алған бар нәрсенің алдын алу мүмкін емес. Ал қылмыстылық, ол — бар нәрсе. Бұл тұрғыдан алғанда оған дау ай-туға болады, бірақ ол ғылыми айналымға кіріп кеткендіктен қалып- тасқан ұғымды өзгертіп жатқанның қажеті болмас. Мұндағы бас-ты мақсат — қылмыстылықтың себептілігі мен детерминациясына баса көңіл аудару, адамдарды қылмысқа жібермеу.

Бұл терминмен қатар «сактандыру» термині де колданылады&i Кейбір авторлар бұл екі ұғымды синонимдер дейді, кейбіреулерг олардың арасында айырмашылық бар дейді. «Сактандыру» тура-лы, көбіне, нақты қылмыстардың жолын кесуге катысты айтады, бұл ретте қылмыстың ойластырылуы, оны жасауға дайындалу фактісін дер кезінде ашу және ол фактіге шара колдану жайында сөз болады. Бұл тұрғыдан алғанда «сактандыру» жоғарыда көрсетілген «классикалық» мәндегі қылмыстылықтың алдын алу мен құқық қорғау қызметінің ортасындағы көпір іспетті, тіптен соңғысына жақын тұрған сияқты.

Адам көп жыл бұрын босануға тиіс еді немесе жана қылмыс бұрынғымен байланысты емес /бұрынғысы — лауазымдық, ал екіншісі — зорлықпайдақорлық

кылмыс/, бұл жай адамның жеке 1 басының бағыттылығын көрсетпейді, ал бас бостандығынан айы- ,1 ру түріндегі жазаны өтеу фактісінің езі оған қатаң режим тағай-1 ындауға негіз болады. Қдтаң режимдегі колонияны тағайындау 1 туралы мәселені шешуге ықпал ететін маңызды фактор — бұрын- | ғы жазадан босанғаннан бергі өткен уақыт мерзімі.

Егер одан бері неше жылдар өтіп, сол кезеңде адам дұрыс өмір салтын құрса, онда жаңа кылмыс кездейсоқ мән-жайлардың сал-дары деп есептелінеді, ол бұрынғы кылмыспен байланыстырыл-майды.

Қылмыстылықтің адцын алу жүйесінде үш түр бөлініп алына-ды: жалпы, арнаулы және жеке дара алдын алу. Бұлай бөлуге ал-дын алу қызметінің ауқымы негіз болған.

Қылмыстылықтің жалпы алдын алу дегеніміз — қылмыскерліісгін барлық халыққа немесе оның топтарына ықпал ететін, жалпы экономикалық, әлеуметтік және өзге критерийлер бойынша бөлініп алынатын және бұл ретте ондай әлеуметтік топтардың іс жүзінде барлық. өкілдеріне қылмыстық іс-кимыл мүмкіндігін жасайтын детерминация және себептілік процестерін жою жөніндегі шара-лар жүйесі. Жалпы алдын алуға қатысты алатын болсақ, әңгіме бұл жерде — халықтың басым көпшілігінің қайыршылыққа ұшы-рау, ал ат төбеліндей адамдардың тікелей қылмыстық іс-әрекет-тер жасап байып кету процесін тыйып тастау жайында; адал кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау және қылмыстық жолмен түскен табысты заңдастыру (жуып -шаю) әрекетіне қарсы қатаң шара қолдану жайында болып отыр. Бұл аса мұқгаждықтан немесе қолы жүріп тұрғандар қатарына қосылсам ба деп криминалдық әрекет-ке ниеттенушілергетосқауыл болады. Мысалға мынандай жалпы алдын-алу шаралары жүзеге асу керек:

1. Ұтымды экономика, меншік нысанының көптүрлілігі, адамдардың іскерлік белсенділігі мен ынтасын көтерудің негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру.
2. Жас адамдардың әлеуметтік, экономикалық және басқадай жағдайларын жақсартуға, олардың өз бетімен еңбекке және қоғамдықсаяси өмірге араласуы үшін мемлекеттік жастар саясатын қаржымен, заңмен қамтамасыз етуге шаралар қарастырып, оны жүзеге асыру.
3. Оқу орындарында «Мемлекет және құқық, негіздері» және «Құқықтану» пәндерін оқытудың сапасын жақсарту. Оқылатын сағат санын 60 %-ға дейін кебейтіп, курс аяғында емтихан алуды қарастыру.
4. Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының алдын алуды жалпы қоғамдықдеңгейде қарастырғанда Қазақстан үшін өзекті проблема адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қажет.

## **11 Тақырып. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында заңдылықты қамтамасыз ету**

### **Лекция жоспары (2сағ):**

1. Жедел-іздестіру қызметін прокурорлық қадағалауға алудың түсінігі мен міндеттері
2. Жедел-іздестіру қызметін ведомствалық бақылауға алынуының түсінігі мен маңызы.
3. Жедел-іздестіру қызметін ведомствалық бақылауға алынудағы субъектілер.

1. **Жедел-іздестіру қызметін прокурорлық қадағалауға алудың түсінігі мен міндеттері**

Прокурор қызметінің нормативті-құқықтық негізі ЖІҚ субъектісі ретінде 1994 жылдың 15 қыркүйегінде қабылданған «ЖІҚ туралы» Заңы мен 1995 жылдың 21 желтоқсанында қабылданған прокуратура туралы заңында баяндалған.

ЖІҚ туралы Заңын орындаудағы прокурор өкілеттілігі кіріспе бұйымының және өзара байланысты, лайықты борыштар мен құқықтардың өрісінен тұрады.

Ал прокуратура туралы Заң негізінде ЖІО заңды орындауын *қадағалау себебі* адам және азаматтар құқықтары мен бостандықтарын қорғау, жасалған және дайындық үстіндегі қылмыс туралы арыздар мен хабарларды бекітілген тәртіп бойынша шешу, ЖІШ атқару және тергеу жүргізу, сонымен қатар ЖІҚ жүзеге асырушы органдардың қабылдаған шешімдерінің заңдылығы болып табылады. Оларға көбінесе ЖІО келіп түскен шағымдарды қарау, ЖІҚ жүзеге асырушы органдардың лауазымды тұлғаларының қабылдаған шешімдерінің негізділігі мен заңдылығы жатады.

Қадағалау қызметіне заңда қаралған әсер ету шараларын қолдану (ұсыныс енгізу, наразылық жасау, заңсыз қаулыларды жою, қылмыстық іс қозғау) кіреді. Сонымен қатар прокурор құқылы:

жедел іздестіру органдары басшыларының шешімдері ЖІҚ заңына қайшы келсе қарсылық көрсетуге; қылмыстық және

әкімшілік құқық бұзушылық туралы (жеткілікті негіз болған жағдайда) іс қозғауға дәлелді қаулы енгізуге;

ЖІҚ туралы заңды бұзған тұлғаларды басқа да заңдық жауапкершілікке тартылуын талап етуге. Азаматтардың бұзылған құқығы мен еркіндігін қалпына келтіру, конституциялық кепілдіктерді ЖІҚ-ін іске асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан бұзылуынан қорғау және басқа да себептермен тексеру жүргізгенде прокурор заңмен бекітілген *прокурорлық қадағалау тәсілдерін* қолдана алады. Мысалы :

- ЖІҚ-нің қылмыстық істерін іске асыру және оның кешенін ұлғайту немесе олардың тоқтатылуын талап ету туралы жазбаша жарлық беру;

- ЖІҚ-ін орындайтын және ЖІҚ өткізу кезінде заң бұзылуына жол берген лауазымды тұлғалардан жазбаша түсініктеме талап ету;

- ЖІҚ-ін іске асыратын органдар басшыларының заңға қайшы ведомстволық құқықтық актілерін, сонымен қатар аталмыш басшылардың заңсыз және негізсіз қаулыларын, соның ішінде бұл қызмет нәтижесін тергеушіге, алдын-ала анықтау органына, сотқа беруіне қарсылық білдіру;

- ЖІҚ-ін іске асырудағы лауазымды тұлғалар жіберген заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізу;

- жедел іздестіру органдарының басшыларынан оларға бағынышты шұғыл қызметкерлер тарапынан заң бұзылған жағдайда олардың одан арғы шұғыл тексеру жұмысынан шеттетілуін талап ету.

Сонымен бірге, *прокурор талаптары тек гана жазбаша түрде берілуі қажет* екендігін айта кету керек.

Прокурорлық қадағалау 2 себеппен айқындалады:

Шұғыл бөлімшенің (оның лауазымды тұлғасының) заң бұзғандығы жөнінде прокуратураға мәлімет (арыз, азаматтардың өтініші және т.б.) келіп түсуіне байланысты.

Прокурор ықыласымен. Мұның екеуі де заңды және шұғыл қызметкерлер жағынан тиісті көңіл бөлінуін қажет етеді. Негізінен прокуратураның ведомстволық актісімен ЖІҚ-ін іске асырудың белгіленген тәртібін және осының барысында қабылданған шешімнің заңдылығын тексеру жүзеге асырылады: азаматтар шағымы және лауазымды тұлғалардың өтініші бойынша; ашылмаған қылмыс туралы қылмыстық іс материалдарын зерттеу нәтижесі немесе

олардың тексерілуінде тұрған қылмыстық істер бойынша алдын-ала анықтау органына, тергеушіге және сотқа тапсыру үшін- жедел іздестіру органдарының басшыларынан оларға бағынышты шұғыл қызметкерлер тарапынан заң бұзылған жағдайда олардың одан арғы шұғыл тексеру жұмысынан шеттетілуін талап ету.

Сонымен бірге, *прокурор талаптары тек ғана жазбаша түрде берілуі қажет* екендігін айта кету керек. Прокурорлық қадағалау 2 себеппен айқындалады:

Шұғыл бөлімшенің (оның лауазымды тұлғасының) заң бұзғандығы жөнінде прокуратураға мәлімет (арыз, азаматтардың өтініші және т.б.) келіп түсуіне байланысты.

Прокурор ықыласымен.

Мұның екеуі де заңды және шұғыл қызметкерлер жағынан тиісті көңіл бөлінуін қажет етеді. Негізінен прокуратураның ведомстволық актісімен ЖІҚ-ін іске асырудың белгіленген тәртібін және осының барысында қабылданған шешімнің заңдылығын тексеру жүзеге асырылады:

азаматтар шағымы және лауазымды тұлғалардың өтініші бойынша; ашылмаған қылмыс туралы қылмыстық іс материалдарын зерттеу нәтижесі немесе олардың тексерілуінде тұрған қылмыстық істер бойынша алдын-ала анықтау органына, тергеушіге және сотқа тапсыру үшін уақыт күттірмейтін әсер ету жайында ақпарат келіп түскенде, сонымен қатар прокурордың уақыт күттірмейтін жарлықтарын орындауға байланысты;

- жоспар кестесімен, соның ішінде жоғары лауазымды прокурор жарлығы бойынша;
- бұл қызмет аумағындағы заңдылық жағдайын және дайындық жасалу үстіндегі немесе жасалған қылмыстарды, қылмысты ашу, қылмыстық іс бойынша айыпталушы немесе күдіктілерді және із-түзсіз жоғалған адамдарды анықтау нәтижесі бойынша жағымдылықтың жоқтығын ескерген басқа да жағдайларда.

Осылайша, іс жүзінде прокурорлық қадағалаудың ЖІҚ-не қол сұғудың себептері айқындалды. ЖІҚ-дегі прокуратураның қызметі және ұымдастыру қағидалары Прокуратураның ұйымдасу және қызмет қағидалары дегеніміз Конституцияда, 1995 жылдың 21 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заңдық күші бар «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Жарлығында және басқа да прокуратураның мемлекеттік нышанын көрсететін, прокурорлардың тапсырмасын және өкілдігін анықтайтын, сонымен қатар мемлекетте заңның нақты және бірқалыпты орындалуын қадағалауды іске асырудағы құқықтық амалдардың және тәсілдердің өзгешелігін және мөлшерін білдіретін негізгі талаптағы нормативтік актілерде бекітілген. Сонымен қатар прокуратураны басқа мемлекеттік органдардан, соның ішінде құқық қорғау органдарынан ерекшелейтін белгілерден және сападан тұрады.

«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Жарлығында

жедел іздестіру қызметін қадағалауға өзіндік

жеке тарау берілген. Аталмыш тараудың 34-бабында «Қадағалау пәні ЖІШ жүргізуде, ЖІҚ жүзеге асыру барысында адам және азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтау, сонымен қатар ЖІҚ жүзеге асыруға құқылы органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен актілердің заңдылығы болып табылмақ» деп көрсетілген. Ал, 35-бап жедел іздестіру қызметінде заңдылықты қамтамасыз етудегі прокурор өкілдігін бекітеді. Осы құқықтық норманы талдау прокурорлық қадағалаудың шегін ашып айтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында конституциялық заңдылық қағидасы тура айтылмаған. Конституциялық заңдылық - бұл конституциялық нормалар мен барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар,



азаматтар және олардың одақтарының ережелерін нақты және міндетті түрде және Қазақстан территориясында жалпыға бірдей қолдану. Конституциялық заңдылық пікірі бүкіл Конституцияда баяндалған. Ол көбінесе қоғамдық бірлестіріктер қызметін ұйымдастыру туралы, азаматтардың құқығы мен міндеттері туралы айтылғын нормаларда анық байқалады. Прокурор жұмысының бір бағыты қылмыстың тез және толық ашылуымен қорытындыланатын заңдылықты қадағалау болып табылады. Прокурор мемлекет атынан заңдардың дұрыс орындалуына жоғарғы қадағалауды іске асыратындықтан және бұл күрестің ұйымдастырушысы ретінде шығатындықтан ол қылмыспен күресте құқық қорғау органдарының іс-әрекетін үйлестіретіндігін де естен шығармауымыз керек.

## **2. Жедел-ізвестіру қызметін ведомствалық бақылауға алынуының түсінігі мен маңызы.**

Қоршаған ортаға және жеке тұлғаның денсаулығына, өміріне зиян келтірмейтін заттар мен құралдарды, арнайы техникалық құралдарды қолдана отырып бақылау, Құқық қорғау органдарының жедел-ізвестіру жұмысы қылмысты ашу және бұлтартпау үшін, алдын-ала ескерту үшін, сонымен қатар іздеудегі тығылып жүрген қылмыскерді және хабар-ошарсыз кеткендер және басқа санаттағы тұлғаларға заңмен қаралған жағдайда қолданатын бақылау тәжірибеде айтарлықтай өріс алды.

Бақылауды жүзеге асыра отырып, жедел аппараттар өздерінің жрыыстарын Қазақстан Республикасының Конституциясына және ҚР іс жүзіндегі заңнамасына, Қазақ стан Республикасының «Жедел-ізвестіру ісі туралы» Заңына сәйкес ұйымдастырады.

*Бақылау - бұл қылмыс жасаушы немесе қылмысқа дайындалушы күдікті адамға, немесе жедел ықыластағы басқа да объектілерге, қылмысты ашуга және алдын алуға мүмкіндік тугызатын, мәліметтерді келесіде баяндау үшін және іздестірілудегі қылмыскерлерді табу үшін, немесе олардың тұрған жерлерін белгілеу, осы мәліметтерді басқа жедел-ізвестіру тәсілдерімен алу қиындық тугызатын және мүмкін емес кезде жүргізілетін ішкі бақылау.*

Бақылау жедел ықылас танытқан тұлғалардың белгілі бір жерлерде жүрулері (көше жағдайында), көлікте жүруі және қоғамдық орындарға баруын қадағалуда жасалады.

Бақылаудың көмегімен келесі негізгі міндеттер шешіледі:

- бақылаудағы тұлғалардың және олардың байланыстары жағынан қылмысын бұлтартпауға алдын-ала ескерту;
- әкімшіліктің қадағалауында тұрған тұлғаларды, қылмыстық іс бойышпа айыпталушыларды және күдіктілерді, қылмысы бар адамдарды табу;
- соттан және тергеуден, жауап алу органдарынан жасырынып жүрген нақты қылмыскерлердің, жазадан жалтарып жүрген жаза кесілген адамдардың, хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың жүрген жерлерін белгілеу;
- бейне- және ұнтаспаға жазылған, жасырын суретке түсіріп алудың көмегімен өңделген іс-әрекеттің жеке оқиғаларын жазып алу;
- тергеу және жеке жедел-ізвестіру жұмыстарын ойдағыдай өткізуді қамтамасыз ету.

Бақылаудың объектілері болып:

- әкмшіліктің қадағалауында тұрған, қылмыстық іс бойынша айыпталушы немесе күдікті, олардың қылмыстық істері туралы негізделген деректері бар тұлғалар;
- қылмыскерлермен қатынасы бар немесе дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы мәліметтер туралы білетін азаматтар;
- егер де оларға бақылау қойғанда іздестірілудегі қылмыскерді табуына немесе оның жүрген жері туралы деректерді алуына жетерліктей негіз болатынын жорамалдаса,

онда іздестірілудегі қылмыскердің таныстары немесе туыстары;

Бақылау қылмыспен күрестегі жедел-іздестіру жұмыстарының жалпы құқықтық негіздеріне сәйкес, заңды бұлжытпай қамсыздандырудың арқасында жүзеге асады. Бұл тек қана қылмыспен күрес мақсатында құқық қорғау органдарының жедел аппараттарының тапсырмаларына сәйкес бақылаудың жүргізілуін білдіреді.

Қылмыстан алдын-ала сақтандыру бойынша жұмысы кезінде мүмкіндік туғызады:

- қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайлар мен себептерді пайдалану мүмкіндіктерін шығарып тастау;
- дайындалып жатқан қылмыстары мен белгіленген объектілерге қылмыстық қол сұғулар туралы мәліметтерді жинау;
- қылмыстық топтардың немесе олардың құрамдары, пиғылдары, рөлдерін тарату, топтардың мүшелершің арасындағы келіспеушіліктер және қайшылықтар, олардың бытырап кетулері сонымен қатар қылмыс жасаудан бас тартуға бейімділігін немесе басқа да жедел мақсаттарда (жасырын .бірлесе қызмет істеугетарту және т.б.) бойынша шараларға қолданулары туралы мәліметтер жинау;

Қылмыстың алдын алу сатысында бақылау қылмыстық пиғылды жүзеге асыруға және аяқталған қылмыстық іс-әрекетті жүзеге асыруды жібермеуге мүмкіндік береді, қылмыс жасауға қастандық немесе дайындық әрекеттерін аяқтау кезінде қылмыскерлерді ұстауды қамтамасыз етеді.

Қылмысты ашу және жасырынып жүрген қылмыскерлерді іздестіру бойынша жұмыстарда бақылау мүмкіндік береді:

- қылмыскерлерді табу және оларды эшкерелеу үшін мәліметтер алу;
- жедел жұмыста осы мәліметтерді пайдалану мақсатында, тексерудегілердің тұрмыс қалыптарын және мінездерін, олардың әдеттерін және бейімділіктерін зерттеу;
- тексерудегілер қарым-қатынаста болған адамдарды, қылмыстың басы қасында болған адамдарды және басқа да жедел ықыласта көрінген, ақпараттары бар тұлғаларды, сонымен қатар ұрланған заттар топтастырылған және өткізілген жерлерді табу;
- заттық айғақ болуы мүмкін, құжаттар мен құралдарды табу;
- құпия орынды табу арқылы қылмыстық жолмен келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру, басқа да қылмыстық жолмен жиналған, құлды заттарды өткізген жерлер мен сақтау орындарын, мүлікті тәркілеуге және тізімге жататындарды жасырып қалу бойынша іс-әрекеттер немесе пиғылдар туралы мәліметтерді алу;
- заңмен ескертілген жағдайда, іздестірілудегі қылмыскерлердің, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен және басқа да адамдардың тұрған жерлерін анықтау;
- қылмыскерлерді ұстауға мүмкіндік туғызу.

Бақылау ең маңызды және күрделі істерде, басқа жедел-іздестіру шаралармен талап етілген мәліметтерді алуға болмайтын немесе қиыншылық туғызатын кезде, тек қана қылмыстық істері және пиғылдары туралы тексерілген мәліметтері жеткілікті тұлғаның қатынасында қолданылады. Төтенше жағдайда ғана, дайындалып жатқан аса ауыр қылмыстың алдын алу үшін кідіріссіз шаралар қолдану, қауіпті қылмыскерді іздеуде, бастапқы мәліметтер бойынша бақылауды қолдануға жол бәршеді.

Бақылаудың қажеттілігі туралы сұ-рақтарды шешу кезінде анықтаушы мәнді жайлар

болуы мүмкін:

- бақылауды қолдану қажеттілігін ерекшелейтін, анықталған жағдаяттар мен деректердің жедел маңыздылығы;
- заңды сақтай отырып қамтамасыз ететін, бақылауды қолдану турапы шешімді қабылдау үшін негіз болып саналатын мәліметтердің айқындылығы;
- бақылаудың көмегімен қажетті қорытындыларды нақты алу мүмкіншілігі;
- басқа көмегімен оларды ұйымдастыру бойынша тәсілдерді пайдаланудың көмегімен осы қорытындыларға жетпеу мүмкіншілігі;

Дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстардың сипаттарын есептей отырып, жедел мәліметтердің анықтылығы және дәлелділігі, тұлға туралы мәліметтердің мазмұлы барынша көбірек қорытынды беретін бақылаудың оңтайлы түрі іске қосылады.

Тексерілген тұлғалардың санынан объектіні таңдап алу туралы сұрақты шешер кезде, қылмыстық топқа қатысушылар туралы, олардың ішінен қайсысына бақылау жасағанда жедел қатынасқа (ұйымдастырушы, жақындатылған тұлға, орындаушы және т.б.) толық және құнды мәліметтерді көбірек алуға болатынын тексеріп, барлық қолда бар мәліметтер мұқият сарапталынады.

Тексерудің сипаты мен нақты жағдайы кейбір кезде бақылау объектісі қылып нақты бір тұлғаны таңдау емес, ал белгілі бір жерді (көніе, аландар, сақтау камерасы, мекемені) таңдау қажеттілігі туады. Бұндай объекті болып белгілі бір тұрақты жері жоқ және жұмыссыз күдікті адамның, жолаушы- қылмыскер, іздестірудегі қылмыскердің тұрған жері, қылмыс құралының тұрған жері немесе ұрланған затты сақтау орны. Белгіленген жерлерге бақылау қою, құқық қорғау органдары көңіл қойған тұлғаның пайда болуын мәлім ету мүмкіншілігін береді, осының негізінде оны ұстауға, қылмыстық топтың байланысын ашу және т.с.с. шаралар өткізуді ұйымдастырады.

Бұл шараларды өткізу басталуының (сәтінің) уақытын дұрыс анықтау, бақылау қоятын объектісін таңдаудан да маңыздырақ. Бақылауды іске қосу уақытын белгілеуде кеткен қателік бақылауды жүргізу кезінде алынатын ақпараттарды босқа шығынға ұшыратады.

Бірінші кезекте, бақылаудың уақытын таңдау кезінде тексерудегі тұлғаға бақылау қою жолымен оның қандай да бір қылмыстық іске қатысы бар екендігін (қылмысқа үлкейген дайындық жұмыстары, ұрланған заттарды өткізу, істес адамдармен кездесу), нақты бір уақытта қылмыскер қылмыстық істі жасауы туралы мәліметтер бар болған жағдайда айқындалу сәті болып табылады.

Ерекше жағдайларда (қоғамдық тәртіпті топтық бұзу, қоғамға айтарлықтай қауіп туғызатын, аса қауіпті қашқан қылмыскерлерді іздеу) бақылау тапсырмасын бекітуге құқылы, одан кейін міндетті түрде тапсырманы берілген тәртіпте бекітетін және дайындайтын лауазымды бір тұлғаның ауызшы қаулысымен тез арада жүзеге асуы мүмкін. Бақылаудың құралдары (фотосуреттер, бейне, дыбысжазбалар т.с.с.) жедел-іздістіру шараларында және ескерту үшін алдын ала тергеу жұмыстарына, қылмысты зерттеу және ашу, оны жасауға және дайындалуда кінәсі бар адамдарды эшкерелеуде көптеп қолданылады.

ЖІШ жүзеге асыратын органдар бақылау құжаттарын алғаннан кейін алынған мәліметтерді талдап және басқа да құжаттармен (мәліметтермен) салыстыра отырып, анықтайды:

- тексерудегілердің қылмыстық істерін, олардың өткізілу орны және уақытын алдын ала ескерту бойынша шаралар;
- бар мәліметтерді айғақ ретінде пайдалануды заңды түрде қамтамасыз ету жағдайы, ерекше жағдайда, негіздер анықтайтыш іс жүргізу жолымен алынуы мүмкін.
- Мақсатқа лайықтылық, тергеу жұмыстарының орны мен уақыты және басқа да

жедел мүмкіндіктерді пайдалана отырып қосымша жедел-ізвестіру шаралары.

Берілген бақылауды іс-шараларды аяқтағаннан кейін мақсатты пайдалану, және тек кейінге қалдыруға төзбейтін жағдайлар кезінде ғана оны өткізу жұмысы кезінде есте ұстаған жөн. Өзінің жұмысы кезінде жіберілген кішкене абайсыздық, ойланбағандық тексерудегілерге оған құқық қорғау органдары көңіл аударды деген күдік тудыруы мүмкін. Осыған байланысты бақылау пайдасыз, тіпті күрделі, ал басқа жағдайларда тексерушілермен ашышуы мүмкін.

Бақылау кезінде алынған ақпараттар іс жүргізу жолымен алынбағандықтан, айғақ ретінде пайдаланыла алмайтынын есте міндетті түрде сақтаған жөн.

Өзінің қасиеті бойынша ол құқық қорғау органдарының ЖІД жеделізвестіру жұмыстарының көмегімен алынған мәліметтерге ұқсас. Сондықтан оны қолдану кезінде жедел-ізвестіру жұмыстарының негізгі қағидалары бұзылмауы міндетті түрде қажет, солардың ішінде:

- заңды бұлжытпай сақтау;
- барлық бар мәліметтердің тұтастығындағы толықтық және әділдік; - құпиялылықты қатаң сақтау.

Соңғы жағдай бақылау мәліметтерін қолданумен өтетін шараларға мұқият дайындалудың ерекше қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Бақылау барысында алынған мәліметтер, қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында қаралған, істің жасалу жолымен рәсімделген және расталғаннан кейін ғана, қылмыстық іс бойынша тергеу жұмыстарына қолдануға болады. Осыған байланысты жедел-ізвестіру қызметкері дәл уақытында олардың ішнен қайсысы тергеу жұмыстарын жүргізуге дейінгі мерзімге дейін сақталынуы мүмкін, ал қайсысын жедел эзірлеу жұмысында жазып, белгілеп алуға шара қолданудың қажеттілігін анықтайды.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу.

*Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеу - бұл жедел-ізвестіру жұмысының жария және жасырын түрде жедел қызығушылық көрсетуші тұлғалардың жұмыс орындары немесе тұратын жерлері бойынша және басқа да орындарда жағдаймен танысу және табу, сонымен қатар жасырынып жүрген қылмыскерлерді және тұлғаларды, хабар-ошарсыз кеткендерді және басқа да заңда қаралған жағдайда ізвестіру жүргізетін дербес шаралар.*

Осы қалыпта, тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеудің мәні жедел-ізвестіру қызметкерімен немесе оның тапсырмасы бойынша басқа адамның арнайы зерттеуімен қылмыс жасайтын (жасаған), дайындалушы, ізвестірудегі адамдарды, жерлерді, ғимараттарды, жағдаяттарды, заттарды және құжаттарды жедел-ізвестіру міндеттерін шешуге қажетті, негізделген мәліметтерді алу мақсатында арнайы іздеуде қорытындыланады.

Берілген ЖІШ өткізу жұмысы кезінде басқа бір жағдайларда және жедел әрекет қолданудан басқа кезде күштемейді, алынған құжаттар мен заттар алынып тасталмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында қылмыстық жауапкершілікке тартудың ерекше тәртібінде бекітілгендей, қаралып отырған ЖІШ азаматтардың қызметтік ғимаратында жүргізуге тыйым салынады.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуде бір ғимаратта немесе басқа бір жерде, белгілі бір адамда қылмысты ашу немесе ескерту, табу үшін мәні бар, құралдармен құжаттар, іздер бар екендігіне, сонымен қатар қылмыскерді және хабар-ошарсыз кеткен адамды табуға жетерліктей негіз беретін жедел және басқа да мәліметтер негізінде зерттеу жүргізілуі мүмкін.

Тұрғын үй және басқа да ғимараттарға, құрылыстарға, жер участогына, көліктік және басқа да техникалық жабдықтарға кіру және оларды зерттеуді тексеруде келесі негізгі міндеттер шешіледі:

- жасалған қылмыстың ізін табу және белгілеу;
- жасырынып жүрген қылмыскердің жасырынған орнын, зерттелушілердің қылмыстық байланыстарын, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдардың тұрған жерлерін табу;
- объектінің орналасқан жерімен, механизм құрылымдарымен, ғимараттың жоспарларымен танысу;
- қылмыстың жасалғандығын куәландыратын жерлердегі, жағдаяттардағы, заттардағы, құжаттардағы, киімдегі, денедегі және т.б. өзгерулерді табу;
- қылмыстық жолмен алынған құнды заттарды, қылмыс жасауға қолданған құралдар мен заттарды табу;
- құпия жолмен суретке түсіруді, ауыстыруды, көшірмені және т.с.с. орналастыру; қылмыс жасаушы немесе қылмысқа дайындалудың белгіленген белгілерінің керек-жарақтарын, қылмыс жасауға немесе дайындалуға қатысы бар нақты бір тұлғалардың құжаттарын және құралдарын, заттары мен құрал-саймандарын анықтау;
- іздестірілудегі адамның нақты бір жерде мекендеуі туралы куәландыратын белгілерді табу;
- құқық бұзушылардың қылмыстық іс-әрекеттерін, іздерін жасыруларын, бүркемелулерін және тәсілдерін анықтау;
- тергеу жұмысына айғақ болулары мүмкін құралдардың, заттардың және құжаттардың тұрған жерлерін белгілеу және оның сақтауды қамтамасыз ету;
- қылмысқа дайындалушы немесе жасалған қылмыстың белгілерін көрсететін құралдар мен құжаттардағы өзгерген жағдайларды жедел техниканың көмегімен жазып алу;
- бухгалтерлік үстеме құжаттарға жасырын түрде салыстыру жүргізу, сонымен қатар ұрлық жасағанға күдікті деген тұлғалардың ресми есептерінен олардың мөлшері мен жасыру тәсілдерін табу үшін жедел мәліметтер жүргізу;
- қалмысқа дайындалудың немесе жасалған қылмыстың табылған іздерін жасырын тексеру және құралдар мен құжаттарды нақты бір оқиғаға және тұлғаларға қатысы бар екендігін тексеру;
- қылмыс жасауға дайындалған құралдар мен заттарды іске жарамсыз қылу (алмастыру жолымен, іске жарамсыз қылу т.б.);
- химиялық тұзақ құру;
- қылмыс жасаушы немесе оған дайындалушыны көрсететін айқын белгілері бар тұлғаларды, сонымен қатар іздестірілудегі қылмыскерлерді ұстауға жағдай жасау;
- алынған ақпараттар негізінде «ізін суытпай» және т.с.с. бақылау жасау мүмкіндігі.

**Жедел-іздестіру қызметін ведомствалық бақылауға алынудағы субъектілер.**

Ведомстволардың және басқа да ұйымдардың осы ақы көрсетілген органдарға өздерінің құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруына кедергі жасауға құқығы жоқ. ЖІҚ субъектілерінде жедел іздестіру бөлімері өзіне қойылған тиісті

міндеттерді орындайды.

Жедел іздестіру бөлімдері жедел қызметті жүзеге асыру барысында ішкі бөлімдерге бөлінеді, яғни, жалпы жедел іздестіру қызметін атқарып отырады, сонымен қатар өзіне тән міндеттерді атқарады. ІІМ-ҚР арнайы мемлекеттік органы, олар заңға анықтау, алдын-ала тергеу, жедел іздестіру қызметін атқарады ІІМ-одан басқа да орындау міндеттері:

ІІМ-нің міндеттері:

-Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету осы жағдайды төтенше, әскери уақытында қамтамасыз осы Заң жүзінде көрсетілгендей тергеу және анықтау жүргізу, шаралар қолдану.

- Мемлекеттік байланысты қамтамасыз ету, яғни ІІМ-не қатысты: міндеттері байланысты.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерге өзгерістер енгізіледі. ІІМ-нің жедел бөлімдері:

Криминалдық полиция. ұйымдасқан қылмыспен күресу бөлімі.

Есірткімен күресу тобы. Экономикалық қылмыспен күресу бөлімі. Осыған байланысты криминалдық полицияның міндеттермен қарайық: анықтау және тергеу жүргізу, қылмыстың алдын-алу, ашу, қылмыскерлерді анықтау. Ескерту шаралары, яғни полиция қызметкерлері жедел іздестіру шараларын қолдана отырып, есепте тұрған қылмыскерлермен бағытта жұмыс атқаруы. Тергеу және анықтама істерін жүргізу яғни ашылған қылмысты істер бойынша полиция органы өз құзыреті басшылыққа ала отырып анықтама және тергеу амалдарын бойынша жүргізе отырып істің мән жәйін анықтап, айыптау қорытындымен қылмыстық істі сот қарауына шешім қабылдауға жолдайды. Қылмыстың алдын-алу, қылмысты ашу дегеніміз - яғни жасаған және дайындап жатқан қылмыскерлерді анықтап, оларға тыңшылар арқылы әсер ету.

Жедел Іздестіру Қызметінің ескерту кезегіндегі тапсырмасы, қылмыстан жалтарып жүрген қылмыскерлерді, тұлғаларды, хабар ошарсыз жоғалған адамдарды іздестіру, табу. Жедел іздестіру қызметін түсінікпен маңызды танып, ғылыми дисциплиналық қарастырылған тапсырмаларды нақты проблемаларын шешуге "ЖІҚ" туралы ҚР заңының 2 бабында тапсырмалары, яғни бағыттары қызделген:

- адамдардың құқықтық бостандығын, өмірін, денсаулығын, заңдық құқығын қорғау;

- мемлекеттік және экономикалық потенциалды жан-жақты қабілеттілігін қоғаммен қамтамасыз ету;

- Қылмысты анықтау, алдын-алу, тыйым салу, ескерту, зерттеу; анықтау органан, тергеуден, соттан жалтарып жүрген тұлғаларды табу, хабар - ошарсыз кеткен адамдарды және тағы басқа заңмен көзделетін жағдайларды қарастыру;

- бағдарлаушылық қызметтерді шетел мемлекетінің халықаралық ұйымның арнайы қызметін анықтау, ескерту, тыйым салу;

- бағдарлаушылық қызметтерді шетел мемлекетінің халықаралық ұйымның арнайы қызметін анықтау, ескерту, тыйым салу;

- мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету;

- мемлекет пен т.б. заңымен құпия жарияланған ұйымдардың, мекеменің, коммерциялық тұлғалардың құпиялылығы мен мәліметті қоғам сақтауды қамтамасыз ету;

- қылмысты орындау заң сыйымдылығында бостандықтарына шектеуде құмек көрсету режимі қамтамасыз ету;

- ЖІҚ жүзеге асыру органының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қылмысты ашу мен анықтау, сондай-ақ тұлғаларды қылмыс жасаған тұлғаларды анықтау ЖІҚ

- ін басты тапсырмасы болып табылады. Бұл тапсырмалардың негізі қылмыстың

статистикасымен негізделеді.

Қылмысты анықтаудың мәні — қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде қирсетілген, қылмыс жасаған адамның (тұлғаның) қылмыс әрекетінің құрамын, белгілерін, жағдайды анықтауды айтамыз. Органдардың тапсырмасы ЖІҚ - де қылмыс құрамының элементін құрамайды, бұл тергеушінің тапсырмасы болып табылады.

Қылмыс әрекеттің аяқталуы немесе қылмысқа қарсылық жедел іздестіру шарасында негізгі тұрпатын құрайды.

Қылмысқа тыйым салу және ескерту, яғни ол қоғамға қауіпсіздік тудырмау, қылмысты болдырмау шарттары ЖІҚ шартының тапсырмасы.

Бұл бағыттың негізгі қызметі:

- жедел аппараттың жалпы профилактикалық шараларда қатысуы;
- ұйымдармен және бағыты бар жеке профилактикалық шаралардың тұлғалардың қатынасына байланысты қоғамға қарсы әрекет, яғни қылмыстың туындауы;
- ЖІШ-ры, ұйымдар қасақана қылмысты, қылмысқа оқталуды болдырмау, яғни тыйым салу. ЖІҚ - де қылмысқа тыйым салу бұл қасақана қылмыстарды, қылмысқа оқталуды, оларды алдын алуды болдырмау, қылмыс стадиясына қатынастың жіктелуін айтамыз.

Тыйым салу әртүрлі болуы мүмкін. Қылмысқа дайындалу сатысында ұстау, қылмыстық қатынасқа байланысты дәлелдемелерді табу, қылмыс құралдардың дайындалуын алдын алу, т.б. айтамыз.

Жедел іздестіруде күш, құрал және әдісті қолдану:

- Латентті қылмысты табу, уақыттың созылуы белгісіз болуы мүмкін;
- Қайталанған қылмыстарды ашу;
- Қылмыс жасаған тұлғаларды табу және оларға шара қолдану.

ЖІҚ өзіндік спецификалық тапсырмасы тұлғаларды анықтау, органнан қашып жүрген тұлғаларды табу, қылмыстық жауаптылықтан жалтарғандарды жүзеге асырады. Іздестірудің ұйымшыл, процессуалдық, жедел іздестіру және арнайы шара тергеу органының жиынтығы болып табылады. Жалпы іздестіру жоспары бойынша қылмыстан жалтарғандар - бұл нақты айыпталушыға бағытталған қызметті көрсету. Айыпталушының бет тұрғысы белгісіз болса, іздестіру тұсінігіне кірмейді, ал керісінше қылмыстық іс жүргізу мен процессуалдық ізге түсудің құрамын құрайды.

ІМ іздестіру бөлімінің жұмысы қылмыстық іздестірумен топтастырылады. Міндеттері процесте ішкі органның қызметі жедел аппаратына шарттарды қолдану, іс жүргізуді қамтамасыз ету шегін, жауапкершілікті тағайындау, қылмыс жасап жалтарып жүрген тұлғалар белгіленген кезде қылмыстық жауаптылықты тағайындау ЖІҚ - нің басты тапсырмасы:

- жедел іздестіру тәжірибесінде орасан зор процестермен қайталанатын тұрақты ғылыми әдістерді негізгі спецификалық білімді қамтамасыз етеді.
- ЖІҚ - ң пайда болу институтын және тарихты оқып үйретуді қамтамасыз ету.
- ЖІҚ органдарының полициялары шетел мемлекеттер теориясын, тәжірибесін танып білу.
- ЖІҚ құқық қорғау органының қызметімен және т.б. бағытпен орналасуын үйрету.
- ЖІҚ-гі ұйымдық құрылымдардың проблемасын, олардың негізінде рационалды жүзеге асыру барысында ұйымдық бағыттары және жедел тактикалық шараларды тергеу.
- Жедел іздестіру тәжірибесінде және ұйымдасқан негізде әрекет етуші ұйымның, тәжірибеде орындалуы ЖІШ әр түрлі аялдамасын алдын алуды оқыту.

Қазақстан Республикасы аумағында жедел-іздестіру қызметін: а)

Ішкі істер органдары;

б) Ұлттық қауіпсіздік органдары; б-1) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган;

в) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;

г) қаржы полициясының органдары;

д) Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі;

и) Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары;

к) кеден органдары жүзеге асырады.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру органдарының тізбесі тек қана заңмен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.